

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ**

**АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ МУЗЕОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ**

**8D02207 – МУЗЕЙ ІСІ ЖӘНЕ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ҚОРҒАУ мамандығының**

**«MEMESMM 7302 - Материалдық емес мәдениет ескерткіштерін сақтау және  
музеефикациялау мәселелері» пәнінен**

(1 курс, к/б, күзгі семестр)

**ДӘРІСТЕР**

**Оқытушының аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы, қызметі:**

Картаева Тәттігүл Ерсайынқызы. т.ғ.к., профессор.

Телефон: 12-85.

e-mail: [kartaeva07@gmail.com](mailto:kartaeva07@gmail.com)

каб.: 4-5

**Алматы, 2021 ж.**

## «MEMESMM 7302 - Материалдық емес мәдениет ескерткіштерін сақтау және музеефикациялау мәселелері» пәнінен дәрістер

**1-2 Дәріс. Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдамасы.**

**Мақсаты:** докторанттардың материалдық емес мәдениет мұралары нысандарын сақтау және қолдану, оларды музейлендіру ерекшеліктерін, әдістерін, талаптарын оқыту.

**Кілт сөздер:** материалдық емес мәдениет, мәдени мұра, рухани мәдениет, музеефикация, конвенция, тұжырымдама.

**Қысқаша құрылымы:**

### **1. Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны дамытудың пайымы**

Қазақстан Республикасы халқының материалдық емес мәдени мұрасы ұлттық мәдениеттің аса маңызды құрамдас бөлігі, ұрпақтардың рухани байланысын нығайтатын ұлттық сана-сезімнің негізі бола отырып, Қазақстан мәдениетін қалыптастыруда басты рөл атқарады.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы Заңымен ратификацияланған 2003 жылғы 17 қазандағы «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы» Халықаралық конвенцияға (бұдан әрі – Конвенция) Қазақстан Республикасының қосылуы Қазақстан халқының материалдық емес мәдени құндылықтарын қорғау, танымал ету және дамыту жөніндегі қызметтің тиімділігі үшін негіз болады.

Материалдық емес мәдени мұра деп қоғамдастықтар, топтар және кейбір жағдайларда жекелеген адамдар өздерінің мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде таныған әдет-ғұрыптарды, орындау мен айту нысандарын, білім мен дағдыларды, сондай-ақ олармен байланысты құралдарды, заттарды, артефактілерді және мәдени кеңістіктерді айтамыз. Ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалатын осындай материалдық емес мәдени мұраны қоғамдастықтар мен топтар оларды қоршаған ортаға, олардың табиғатпен өзара іс-қимылына және тарихына байланысты үнемі жаңадан жасап отырады және мұндай мұралар олардың бойында өзіндік ерекшелік пен сабақтастық сезімін қалыптастыру арқылы мәдени әртүрлілік пен адам шығармашылығын құрметтеуге ықпал етеді. Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдаманың (бұдан әрі – Тұжырымдама) мақсаттары үшін қолданыстағы адам құқықтары жөніндегі халықаралық құқықтық актілерге және қоғамдастықтар, топтар мен жекелеген адамдар арасындағы өзара құрмет көрсету талаптарына, сондай-ақ Конвенцияның ережелеріне сәйкес келетін материалдық емес мәдени мұра ғана назарға алынады.

Материалдық емес мәдени мұраны қорғау қызметін қазақстандық қоғамның өзін-өзі айқындауына, ұлттық және мемлекеттік сана-сезімнің нығаюына, білімділік пен мәдениетаралық түсіністіктің нығаюына терең әсер еткен «Мәдени мұра» бағдарламасының жалғасы ретінде жүзеге асырған жөн. Бұл бағдарлама аясында белгілі тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін зерттеу және қайта жаңғырту, Қожа Ахмет Яссауи кесенесін, Таңбалы археологиялық ландшафтының петроглифтерін ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұралар тізіміне енгізу бойынша айтарлықтай жұмыстар жүргізілді. Ендігі кезекте материалдық емес мәдени мұраларды қорғау бағытында да осы тәріздес жұмыстар жүргізудің уақыты келді.

Бұл Тұжырымдамада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) материалдық емес мәдени мұра элементтері– қоғамдастықтар мен топтар, және кейбір жағдайларда жеке адамдар өздерінің мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде санайтын, тарихи және мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұра элементтері тізбесіне енген әдет-ғұрыптар, орындау және айту нысандары, білім мен дағдылар, сондай-ақ солармен байланысты құралдар мен заттар, артефактілер мен мәдени кеңістіктер;

2) Қазақстан Республикасы материалдық емес мәдени мұра элементтерінің тізбесі– Қазақстан халқының материалдық емес мәдени мұралары туралы деректер банкін қамтитын ақпараттық жүйе;

3) материалдық емес мәдени мұраны қорғау – осы мұраның өміршеңдігін қамтамасыз ету мақсатында оны анықтау, құжаттау, зерттеу, сақтау, қорғау, дәріптеу, оның рөлін арттыру, ең бастысы формалды және формалды емес білім беру арқылы мәдени құндылықтарды жеткізу, сондай-ақ осы мұраның түрлі аспектілерін қайта жаңғырту;

4) материалдық емес мәдени мұраны сақтаушылар – Қазақстанның материалдық емес мәдени мұраларын жасауда, сақтауда және қайта жаңғыртуда маңызды рөл атқаратын, мәдени әртүрлілікті байытатын және адамдардың шығармашылық қабілетін дамытатын жергілікті және этникалық қоғамдастықтар, топтар және кейбір жағдайда жекелеген адамдар;

5) материалдық емес мәдени мұра көрініс табатын салалар – материалдық емес мұраның тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары; орындаушылық өнер; әдет-ғұрыптар, салттар, мейрамдар; табиғат пен әлемге қатысты білім мен әдет-ғұрыптар; дәстүрлі кәсіптермен байланысты білім мен дағдылар.

#### **Ағымдағы жағдайды талдау**

2004 – 2011 жылдар кезеңінде табысты іске асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан тарихындағы теңдессіз жемісті гуманитарлық акция болды. Халқымыздың аса бай әлеуеті паш етіліп, отандық мәдениет пен ғылымды жаңа деңгейге көтеретін баға жетпейтін тәжірибесі жинақталды.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында 73 тарихи және мәдени объектіні реставрациялау жұмыстары аяқталды, ата-баба тарихы жөнінде білімімізді байыта түскен Қазақстан аумағындағы 37 кентке, қоныстарға, мекендерге, обалар мен қорғандарға маусымдық археологиялық зерттеулер жүргізілді. Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Египет, Өзбекстан, Армения, АҚШ пен Батыс Еуропа мемлекеттеріне ғылыми-іздістіру экспедициялары ұйымдастырылып, соның арқасында елдегі ғылыми ортаға бұрын беймәлім болып келген Қазақстан тарихы, этнографиясы мен өнері жөнінде өз елімізде және шет елдерде 5 мыңға жуық қолжазба мен баспа басылымдары табылды және сатып алынды. Қазақстанның тарихы, археологиясы мен этнографиясы бойынша ұлттық мәдениет үшін айрықша маңызға ие 30-дан аса ғылыми-қолданбалы зерттеу жүргізілді.

Бағдарлама аясында Қазақстанның тарихы, археологиясы, этнографиясы мен мәдениеті бойынша 600-ге жуық кітап түрлері бір жарым миллион данадан астам таралыммен басып шығарылды. Олардың арасында «Бабалар сөзі», «Әлемдік философиялық мұра», «Әлем әдебиеті кітапханасы», «Ежелгі уақыттан біздің күнімізге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы», «Қазақ әдебиетінің тарихы» тәрізді еңбектер бар.

Алғаш рет отандық ескерткіштерді түгендеу жүргізіліп, республикалық және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімдері бекітілді. Осылайша, Қазақстанның бірнеше облысының (Алматы, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар т.б.) және Алматы қаласының тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы басып шығарылды.

2010 жылы Мәдениет министрлігі «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» және «Қазақтың дәстүрлі 1000 әні» деген бірегей жобалардың тұсаукесерлерін табысты өткізді. Бұл – қазақтың дәстүрлі әуендері дәлме-дәл орындалған туындылардың CD дискілерін жинау, дайындау (өңдеу, жаңғырту, цифрлау) және басып шығару бойынша ауқымды жұмыс болды.

«Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру ұлттық сана-сезім мен танымның сұрауына, қалыптасуына және нығаюына жауап болып, елімізде жаңа мәдени-тарихи

ландшафтының құрылуына және қазақстандықтардың өз тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығының артуына үлкен ықпал етті.

Алайда, бүгінде рухани мұраларымызды зерттеу, жинақтау, дәріптеуге байланысты мәселелер өз шешімін толық таппай отыр. Мысалы, Қазақстанның тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімі тәрізді материалдық емес мәдени мұралардың тізімі де жасалуы тиіс. Сонда ғана олардың нақты санын, қазіргі сақталу жағдайын, материалдық емес мәдени мұраның қандай түріне жоғалу қаупі төніп тұрғанын анықтауға болады.

САСА-ның (Орта Азия қолөнерді қолдау қауымдастығы) 2005 жылғы деректері бойынша Қазақстан дәстүрлі халықтық қолөнерді дамыту және қорғау жөнінде Орталық Азия елдері арасында ең соңғы орын алды. Осы ретте мына жағдайларға тоқталып өткен жөн. XX ғасырдың ортасына дейін Қазақстанның ауылдық жерлері халқының көбі киіз басу, кілем тоқу тәрізді дәстүрлі қолөнермен шұғылданды, бүгінде бұл мұраларымызды сақтаушылар саусақпен санарлық қана қалды. Урбанизация процесінің қарқынды жүруіне, жастардың жаппай қалаға ағылуына, түрлі себептермен қолөнер бұйымдарына деген сұраныстың азаюына байланысты дәстүрлі қолөнерді жалғастырушылар саны едәуір кеміді. Қолөнер бұйымдарына деген сұраныс көп жағдайда шетелдік қонақтар тарапынан туындап отыр. Өткен ғасырдың аяғында бірегей қазақ кілемдерін шетелдіктер сатып алып, кейін сыртқа әкеткен. Бұрын мұндай кілемдерді әр үйдің жиһазы қатарынан кездестірсек, бүгінде оларды негізінен мұражайлардан ғана табуға болады. Қазақстанның негізінен оңтүстік өңірлерінде сақталған дәстүрлі кілем тоқумен айналысатын әйелдердің жасы 60-70 жастан асып кеткен.

Дәстүрлі музыкалық аспаптарда күй орындау қазақ халқының материалдық емес мәдени мұрасы болып табылады. Қазақстан аумағында бірнеше күйшілік мектептің бар екені белгілі. Ғалымдардың айтуынша, бұрын түрлі себептерге байланысты күйшілік мектептердің жойылып кеткен жағдайлары болған. Бүгінде Қазақстанда дәстүрлі күйшілік мектептердің бірді-екілі өкілдері ғана қалған. Олар – Арқа күйшілік мектебінің өкілі Ф. Тұтқабеков пен Қ. Сәдуақасов, Маңғыстау күйшілік мектебінің өкілі Ә. Өскенбаев және т.б. Осындай материалдық емес мәдени мұраны сақтаушылардың өмірден озуы Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасының кейбір түрлерінің жойылуына әкелуі мүмкін. Сақталған күйшілік мектептердің дәстүрін жалғастыру мақсатында аталған күйшілердің ізбасарларын дайындау үшін жағдайлар жасалуы қажет.

Сонымен қатар, бүгінде фольклорлық экспедицияларды ұйымдастыруға қаржының жеткілікті деңгейде бөлінбеуіне байланысты ұлттық шығармашылық ұжымдар өз репертуарларында жұтандықты сезінуде. Фольклортанушылардың қолда бар зерттеулері, халықтық хореография, ауыз әдебиеті мен музыка мұрасы және сәнді-қолданбалы өнер мамандарының еңбектері жеткілікті деңгейде қайта басылған жоқ. Қаржыландырудың жетіспеуіне байланысты жергілікті атқарушы органдардың мәдениет басқармалары жанындағы көркемөнер шығармашылық ұжымдарын ұйымдастыру төл мәдениет үшін күрделі мәселе болып табылады.

Тағы бір маңызды мәселелердің бірі – кадр дайындау. Бүгінде елімізде фольклортанушылардың, дәстүрлі халық музыкасын зерттеушілердің жетіспеушілігі қатты байқалады. Бұл мамандықтарға жоғары оқу орындарында мемлекеттік гранттар аз бөлінуде, ал ақылы оқудың құны жыл сайын өсуде.

Қазақстан халқының материалдық емес мәдени мұрасын насихаттау мәселесіне баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары ерекше көңіл бөлуі қажет. Бұл сала БАҚ қызметінің басым бағыттарының біріне айналуы тиіс.

Осыған орай, материалдық емес мәдени мұраларымызды қайта жаңғырту, қорғау және дамыту мақсатында осы Тұжырымдаманы қабылдаудың қажеттілігі туды. Тұжырымдамада материалдық емес мәдени мұраларымызды қорғау және дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері мен оларды жүзеге асырудың механизмдері көрсетілген.

### **Шетел тәжірибесі**

Бүгінгі күнде жүз қырық тоғыз мемлекет Конвенцияны ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу арқылы материалдық емес мәдени мұраны қорғау бойынша міндеттеме алды.

Осыған байланысты аталған мемлекеттер материалдық емес мәдени мұраны қорғау, есепке алу, анықтау, құжаттау, зерттеу, оның рөлін арттыру мақсатында тиісті заңдар қабылдады.

Мысалы, Қытайда 2011 жылы 1 қаңтарда «Материалдық емес мәдени мұра туралы» Заң күшіне енді. Осы Заңда материалдық емес мәдени мұра әртүрлі ұлт өкілдерінің ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде беретін және олардың мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде саналатын түрлі мәдени көріністердің үлгілері ретінде қарастырылады. Олар: дәстүрлі ауыз әдебиеті мен тіл; дәстүрлі өнер, каллиграфия, музыка, би, драма, халықтық өнер мен акробатика; дәстүрлі технологиялар, медицина, күнтізбе; дәстүрлі ғұрыптар, фестивальдар және өзге де халықтық салт-дәстүрлер; дәстүрлі халықтық спорт түрлері мен сауықтар. Сонымен қатар, заңда материалдық емес мәдени мұраларды зерттеу, «материалдық емес мәдени мұралар каталогын» қалыптастыру тәртіптері регламенттелген, сондай-ақ азаматтардың, заңды тұлғалардың, шетелдік ұйымдардың материалдық емес мәдени мұра саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілігі белгіленген.

Кейбір мемлекеттер материалдық емес мәдени мұра мәселелерін реттеуді қолданыстағы тиісті саладағы, соның ішінде мәдениет саласындағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы жүзеге асырды.

Мысалы, «Мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» 2001 жылы 30 тамызда қабылданған Өзбекстан Республикасының Заңында «мәдени мұра объектілері» – материалдық және материалдық емес мәдени мұра объектілері, «материалдық емес мәдени мұра объектілері» – тарихи, ғылыми, көркем және өзге де мәдени құндылықтар: салт-дәстүрлер, халық шығармашылығы (сөз өнері, би, музыка, көрсетілімдер), сондай-ақ олармен, халықтық көркемдік кәсіптермен және қолданбалы өнермен байланысты білімдер, дағдылар, құралдар, артефактілер, мәдени кеңістіктер ұғымы енгізілген. Сонымен бірге, Өзбекстанда материалдық емес мәдени мұраларды түгендеу жұмыстары көп жылдардан бері жүргізіліп келеді, материалдық емес мәдени мұралардың ұлттық және өңірлік тізімдері жасалуда. Бұл шараға Өзбекстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі, Өзбекстан Республикасының ЮНЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясы, Өзбекстан Республикасының Ғылым Академиясы және өзге де мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар тартылған. Бүгінде Өзбекстанда материалдық емес мәдени мұраны дамытуға арналған Мемлекеттік бағдарлама дайындалуда.

Материалдық емес мұраны сақтау бойынша Қырғызстанда да айтарлықтай жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, мұнда Қырғызстанның рухани игілігі болып саналатын «Манас» эпосы туралы Заң қабылданса, 2012 жылы «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы» Заң қабылданды. Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізбесіне Қырғызстанның материалдық емес мәдени мұрасының үш теңдессіз туындысы енгізілген.

Ресейде 2008 жылы «Ресей Федерациясы халықтарының 2015 жылдарға арналған материалдық емес мәдени мұраларын сақтау мен дамыту тұжырымдамасы» қабылданған, оған сәйкес Ресейде тұратын халықтардың мұралары мемлекет тарапынан ерекше қамқорлыққа алынып, материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөнінде түрлі шаралар жүзеге асырылуда. Сондай-ақ, мұнда материалдық емес мәдени мұраға арналған веб-портал жұмыс істейді.

Әлемде материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту мәселесінде Латын Америкасы мен Азия елдері бай тәжірибесімен ерекшеленеді. Мысалы, Венесуэла Конвенция қабылданбас бұрын, 2003 жылдан бастап материалдық және материалдық емес мәдени мұралардың тізбесін жасауды қолға алған. Бүгінде бұл тізбеге аталған мұраның 100 мыңнан астам элементтері енгізілген. Венесуэланың Жоғарғы соты осы тізбедегі

барлық элементтердің заңмен қорғалатынын жариялаған. Ең алдымен, бұл жоғалу қаупі төніп тұрған мәдени мұраларға қатысты.

Ал, Латын Америкасындағы материалдық емес мәдени мұра объектілеріне ең бай ел саналатын Колумбияда жыл сайын 700-дей дәстүрлі мейрамдар мен карнавалдар өтеді. 2002 жылдан бастап Колумбия үкіметі ЮНЕСКО-мен бірлесіп ел тұрғындарына материалдық емес мәдени мұраның маңызын түсіндіру мақсатында ауқымды шаралар ұйымдастыруды қолға алған. Осы жұмыстың нәтижесінде материалдық емес мәдени мұраның деректер базасы жасалды, материалдық емес мәдени мұраларға қатысты сюжеттер мен бағдарламалар дайындалып, телеарналарда көрсетілді, семинарлар мен кездесулер өткізілді.

Азия елдеріне келетін болсақ, мұнда материалдық емес мәдени мұраны қорғау мен дамыту мәселелері бойынша Оңтүстік Корея үздік болып тұр. Оңтүстік Кореяда ЮНЕСКО-ның қамқорлығымен қызмет ететін Азия мен Тынық мұхиты елдерінің материалдық емес мәдени мұрасын құжаттаумен айналысатын өңірлік орталық жұмыс жасайды. Бұл орталық Азияның көптеген елдерінде материалдық емес мәдени мұраларды арнайы тізбеге қосу бағытында белсенді қызмет етуде. Сондай-ақ, Оңтүстік Кореяда осы саланы зерттеу жөнінде бірнеше ғылыми-зерттеу институты құрылған.

#### **Тұжырымдаманың мақсаттары мен міндеттері**

Тұжырымдаманың мақсаты – Қазақстан халқының материалдық емес мәдени мұрасын қорғау, дамыту және насихаттау үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Тұжырымдаманың міндеттері:

- 1) материалдық емес мәдени мұраны анықтау, құжаттау, зерттеу;
- 2) Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасын сақтаумен айналысатын мәдениет ұйымдары мен сақтаушыларға қолдау көрсету;
- 3) жоғалу қаупі төнген материалдық емес мәдени мұраларды сақтау және қайта жаңғырту;
- 4) материалдық емес мәдени мұраны қорғау саласында жұмыс істейтін мамандардың кәсіби біліктілігін жоғарылату;
- 5) материалдық емес мәдени мұраны елімізде және шет елдерде кеңінен жария ету;
- 6) материалдық емес мәдени мұра саласында халықаралық ынтымақтастықты кеңейту.

#### **Тұжырымдаманы іске асыру кезеңдері**

Тұжырымдаманы іске асырудың бірінші кезеңінде (2013 – 2014 жж.) мынадай шараларды өткізу жоспарланады:

- 1) Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасының Ұлттық тізбесін жасау үшін критерийлерді анықтау;
- 2) Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасының Ұлттық және өңірлік тізілімдерін жасау;
- 3) Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасын зерттеу мақсатында ғылыми экспедициялар ұйымдастыру;
- 4) материалдық емес мәдени мұра тақырыбында дөңгелек үстелдер, семинарлар және басқа да іс-шараларды ұйымдастыру;
- 5) дәстүрлі музыканы сақтауға және насихаттауға арналған халықаралық, республикалық конкурстар мен фестивальдар ұйымдастыру;
- 6) Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасына арналған веб-сайттың қызметін іске асыру;
- 7) Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасының таңдаулы үлгілерін ЮНЕСКО тізбелеріне ұсыну;
- 8) материалдық емес мәдени мұраны қорғау саласындағы мамандардың кәсіби біліктілігін жоғарылату;
- 9) материалдық емес мәдени мұра саласында баспа өнімдерін шығару;

10) бұқаралық ақпарат құралдарында материалдық емес мәдени мұраны жан-жақты жария ету;

11) Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасын сақтауға бағытталған жобаларға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдардың жобаларына қолдау көрсету.

Тұжырымдаманы іске асырудың екінші кезеңінде (2015 – 2016 жж.) мынадай шаралар іске асырылады:

1) мемлекеттің стратегиялық жобаларына материалдық емес мәдени мұраны сақтау және дамытудың сынақтан өткен тетіктері мен түрлерін ықпалдастыру;

2) материалдық емес мәдени мұраны сақтауға бағытталған мәдениет ұйымдарының әлеуметтік мәртебесін көтеру;

3) материалдық емес мәдени мұраны анықтауға, сақтауға және дамытуға бағытталған мемлекеттік мәдениет ұйымдарының материалдық-техникалық базасын күшейту және олардың ғылыми, әдістемелік және кадрмен қамтамасыз етілуін жетілдіру;

4) материалдық емес мәдени мұраны қорғауға және дамытуға бағытталған іс-шараларға қолдау көрсету.

### **Тұжырымдаманы іске асырудан күтілетін нәтижелер**

Тұжырымдаманы енгізуден күтілетін негізгі нәтижелер мынадай болуы тиіс:

1) ауылдық жерлерді дамыту, дәстүрлі мәдениетке қолдау көрсету арқылы ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз ету;

2) Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасын ЮНЕСКО тізімдеріне енгізу және оларды халықаралық деңгейде танымал ету;

3) түрлі әлеуметтік топтардың материалдық емес мәдени мұраға кеңінен қол жетімділігін қамтамасыз ету;

4) Қазақстанның халық шығармашылығының өңірлік дәстүрлерін анықтау және жүйеге келтіру;

5) жойылу қаупі төнген материалдық емес мәдени мұраны анықтау және сақтау;

6) жұмыстарын көрсету және оларды сатуға мүмкіндік жасау мақсатында дәстүрлі қолөнермен айналысатын қолөнершілерді көрмелерге қатысуға тарту;

7) халықтың қоғамдық-мәдени іс-шараларға қатысуын жандандыру;

8) тиімді мәдениет инфрақұрылымын жасау, дәстүрлі ұлттық мәдениетпен, халық шығармашылығымен айналысатын ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайту;

9) Қазақстан халқының материалдық емес мәдени мұрасын сақтау және дамыту саласында білікті мамандардың әлеуетін қалыптастыру.

Сонымен қатар, Тұжырымдаманы іске асыру нәтижесінде рухани құндылықтарды қайта жаңғырту арқылы ұлттық мәдениетке қауіп төндіріп отырған жаһандану мен «бұқаралық мәдениетке» тосқауыл қоюға, жастарды жағымсыз әлеуметтік құбылыстардың, радикалды діни ағымдардың ықпалынан сақтауға, олардың бойында патриоттық, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға, отбасылық және қоғамдық қатынастарды тұрақтандыруға қол жеткізуге болады.

Осыған байланысты Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасын сақтау және дамыту саласында қалыптасқан кешенді проблемаларды осы процеске қатысушылардың, оның ішінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың, мәдениет, білім беру, ғылыми ұйымдардың, шығармашылық одақтардың, қоғамдық бірлестіктердің қызметін үйлестіру арқылы шешудің мүмкін екеніне назар аудару қажет.

### **2. Материалдық емес мәдени мұраны дамытудың негізгі қағидаттары мен жалпы тәсілдері**

Материалдық емес мәдени мұраны дамытудың негізгі қағидаттары мыналар:

1) мемлекеттік саясатты жүзеге асыру барысында жүйелілікті және сабақтастықты қамтамасыз ету;

2) материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту саласында әлемдік тәжірибені пайдалану;

3) материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту саласына осы заманғы инновациялық және ақпараттық технологияларды енгізу;

4) материалдық емес мәдени мұра саласындағы ғылыми-зерттеу және іздестіру жобаларының жалпыға бірдей қол жетімділігін қамтамасыз ету;

5) мемлекеттік органдармен, шығармашылық одақтармен, қоғамдық және ғылыми ұйымдармен ынтымақтасу.

Материалдық емес мәдени мұраны дамытудың негізгі бағыттарын Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат, Білім және ғылым министрліктері, Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясы және Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясы жанында жұмыс істейтін Қазақстанның материалдық емес мәдени мұраларын қорғау жөніндегі ұлттық комитеті үйлестіреді.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тізбеге кіретін материалдық емес мәдени мұра элементтерін сақтауды және дамытуды қамтамасыз етеді және оларды құжаттамалық қамтамасыз етуді жүргізеді; материалдық емес мәдени мұра элементтерінің жағдайына бақылауды (мониторингті) жүзеге асырады; материалдық емес мәдени мұраларды қорғау және дамыту саласында кадрларды даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға ықпал етеді; Конвенцияны жүзеге асыру жөнінде ЮНЕСКО-ға есеп дайындап ұсынады.

Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясы Қазақстан атынан ЮНЕСКО тізімдеріне жолданатын өтініштердің дайындалу және ұсынылу процесін үйлестіреді, Конвенцияның ұлттық және өңірлік деңгейде іске асуына халықаралық және ұлттық сарапшыларды қатыстыруға жәрдемдеседі; Қазақстанның материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Ұлттық комитетінің қызметін үйлестіреді.

Қазақстанның материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Ұлттық комитетінің негізгі функцияларына Конвенцияның мақсаттарына жетуге ықпал ету, Тұжырымдаманы дайындау мен іске асыруға қатысу, материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөнінде шаралар қабылдау үшін ұсынымдар әзірлеу, осы саладағы озық халықаралық тәжірибеге қатысты консультациялар беру, ЮНЕСКО тізімдеріне және материалдық емес мәдени мұраның ұлттық тізбесіне материалдық емес мәдени мұра элементтерін қосуға өтінім берген бастамашыл топтар мен қоғамдастықтардың өтініштерін қарау жатады. Өз қызметі аясында Ұлттық комитет материалдық емес мәдени мұраны қорғауға осындай мұраны жасаумен, сақтаумен және жеткізумен айналысатын қоғамдастықтардың, топтардың және кейбір жағдайларда жеке адамдардың кеңінен қатысуын қамтамасыз етеді.

Материалдық емес мәдени мұраны дамытудың құралдары:

1) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары;

2) «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы;

3) бұқаралық ақпарат құралдары.

Тұжырымдаманың іске асырылуын қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады.

### **3. Тұжырымдаманы іске асыру көзделетін нормативтік-құқықтық актілердің тізбесі**

1. «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы.

2. «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияны ратификациялау туралы» 2011 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы.



3. «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 96 қаулысы.

### Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұрасының ҰЛТТЫҚ ТІЗІМІ

Бейсенбі, 25 шілде 2013

№	Элемент атауы	Материалдық емес мәдени мұра (МЕММ) элементінің категориясы
1	<b>Наурыз</b>	Әдет-ғұрыптар, салттар, мейрамдар
2	<b>Құсбегілік</b> (бүркіт, сұңқар т.б.)	Табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
3	<b>Айтыс</b>	МЕММ-ның таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары
4	<b>Киіз үй мен оның бұйымдарын жасау дәстүрі</b>	Дәстүрлі кәсіпке қатысты білімдер мен дағдылар
5	<b>Қазақтың дәстүрлі домбыра күй өнері</b>	Орындаушылық өнер
6	<b>Қобызда орындау өнері</b>	Орындаушылық өнер
7	<b>Қазақтың дәстүрлі ән өнері</b>	Орындаушылық өнер
8	<b>Батырлар жыры:</b> - Алпамыс батыр - Қобыланды батыр - Ер тарғын - Ер Едіге - Қамбар батыр - Қарабек батыр - Көкше батыр - Көкшенің ұлы Ер Қосай - Айсаның ұлы Ахмет батыр - Алау батыр - Тама батыр - Қарасай-Қазі - Ер Жәнібек - Еңсегей бойлы ер Есім - Айдос батыр - Жетіген батыр - Сабалақ Абылай хан - Олжаш батыр - Қабылан батыр - Мырза Сәтбек батыр - Орақты батыр - Бөгенбай батыр - Қисса ер Қабанбай - Ер Жасыбай - Жидебай батыр - Олжабай батыр - Өтеген батыр - Райымбек батыр - Жәнібек батыр - Мырқы батыр - Барақ батыр - Көкжарлы Барақ батыр	МЕММ-ның таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Базар батыр</li> <li>- Бердіқожа батыр</li> <li>- Жантай батыр</li> <li>- Сырым батыр</li> <li>- Ер Әжібай</li> <li>- Арқалық батыр</li> <li>- Ер Кенесары</li> <li>- Ағыбай бытар</li> <li>- Есенкелді батыр</li> <li>- Иман батыр</li> <li>- Жанқожа батыр</li> <li>- Саурық батыр</li> <li>- Сұраншы батыр</li> <li>- Байсейіт батыр</li> <li>- Мырзаш батыр</li> <li>- Шаян батыр</li> <li>- Қожеке батыр</li> <li>- Бекет батыр</li> </ul>	
9	<b>Қыз Жібек</b>	МЕММ-ның таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары
10	<b>Қорқыт Ата кітабы</b>	МЕММ-ның таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары
11	<b>Қазақтың зергерлік өнері</b>	Дәстүрлі қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар
12	<b>Көкпар</b>	Табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен әдет
13	<b>Қазақ күресі</b>	Табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен әдет
14	<b>Киіз басу</b>	Дәстүрлі қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар
15	<b>Бесікті жасау және пайдалану дәстүрі</b>	Дәстүрлі қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар
16	<b>Қымызды дайындау дәстүрі</b>	Табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
17	<b>Қозы Көрпеш – Баян сұлу</b>	МЕММ-ның таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары
18	<b>Жетігенде орындау өнері</b>	Орындаушылық өнер
19	<b>Сыбызғыда орындау өнері</b>	Орындаушылық өнер
20	<b>Шаңқобызда орындау өнері</b>	Орындаушылық өнер
21	<b>Ортеке</b>	Орындаушылық өнер
22	<b>Қара жорға биі</b>	Орындаушылық өнер
23	<b>Терме</b>	МЕММ-ның таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары
24	<b>Көмей</b>	Орындаушылық өнер
25	<b>Тоғызқұмалақ</b>	Табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
26	<b>Қазақтың дәстүрлі кілем тоқу өнері</b>	Дәстүрлі қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар
27	<b>Шұбатты дайындау дәстүрі</b>	Табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
28	<b>Қара өлең</b>	МЕММ-ның таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары
29	<b>Бақсы сарыны</b>	МЕММ-ның таратушысы ретінде тілді қоса алғанда,

		ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары
30	<b>Кесте</b>	Дәстүрлі қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар
31	<b>Текемет жасау дәстүрі</b>	Дәстүрлі қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар
32	<b>Тері өндеу дәстүрі</b>	Дәстүрлі қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар
33	<b>Ер-тұрман жасау</b>	Дәстүрлі қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар
34	<b>Асық ойыны</b>	Табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен әдет
35	<b>Қазақ ұлттық тағамдары</b>	Табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен әдет
36	<b>Шілдехана:</b> - бесік тойы - қырқынан шығару - тұсау кесу - ашамайға мінгізу	Әдет-ғұрыптар, салттар, мейрамдар
37	<b>Беташар:</b> - қоштасу - сынсу - беташар - тойбастар - жар-жар	Әдет-ғұрыптар, салттар, мейрамдар
38	<b>Жоқтау:</b> - естірту - көңіл айту - көрісу - жоқтау - арыздасу	Әдет-ғұрыптар, салттар, мейрамдар
39	<b>Сайыс:</b> - аударыспақ - қыз қуу - теңге алу - жамбы ату - жорға жарыс	Табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
40	<b>Шешендік сөздер</b>	МЕММ-ның таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары
41	<b>Қазақтың ұлттық киімдері:</b> - сәукеле - кимешек - тақия - шапан т.б.	Дәстүрлі қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар
42	<b>Қазақтың жылнамасы</b>	Табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
43	<b>Қожанасырдың әзіл әнгімелері</b>	МЕММ-ның таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу
44	<b>Көрұғлы эпосы</b>	МЕММ-ның таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу
45	<b>Дәстүрлі балалар және жасөспірімдер ойындары</b> («Бес тас» «Тымпи», «Соқыр теке», «Ақсүйек»,	Әдет-ғұрыптар, салттар, мейрамдар

### Әдебиеттер

- 1 Қартаева Т., Бексейтов Ф. Музей ісі және ескерткіштану. Қазақ университеті, 2018.
- 2 Қартаева Т., Бейсеғұлова А. Этнологиялық танымдар сөздігі. Алматы: Қазақ университеті, 2017. 108 б.
- 3 Омаров Ф., Қартаева Т. Музей нысандарын реставрациялау және консервациялау. Алматы: Қазақ университеті, 2017.
- 4 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 5-томдық. Алматы: Алем Даму Интеграция, 2017.
- 5 Авторлардың экспедициялық материалдарынан – АЭМ.

### 3-5 Дәрістер. Музейлік затын пәнаралық байланыста, МЕММ тұрғысынан зерттеу және музейлік далалық экспедицияның маңызы.

**Мақсаты:** докторанттардың материалдық емес мәдениет мұралары нысандарын сақтау және қолдану, оларды музейлендіру ерекшеліктерін, әдістерін, талаптарын оқыту.

**Кілт сөздер:** материалдық емес мәдениет, мәдени мұра, рухани мәдениет, музеефикация, конвенция, тұжырымдама, далалық экспедиция.

#### **Қысқаша құрылымы:**

Қазіргі заманғы ғылымның өскелең талабы музей мекемесі мен музей құзыретіне жаңа инновациялық көзқарастардың болуын талап етеді. Әлемдік музейлер кеңістігіндегі қазіргі заманғы өзекті мәселелердің бірі – музейдің қоғамдық, мәдени қызметімен қатар, оның ғылыми-зерттеу мекемесі ретіндегі қызметіне деген сұраныстың артуы. Музейдің музейлік құндылықтарды камералық өңдеу, оларды ғылыми есепке алу, атрибуциялау, ғылыми паспорттарын, ғылыми каталогтарын жасау сияқты түрлі дәстүрлі жұмыстарының функциясына қазіргі таңда заман талаптарына сай сұраныс өзгерген. Музей академиялық ғылыми-зерттеу мекемелері сияқты өңірлерге археологиялық, этнографиялық, археографиялық, фольклорлық және т.б. ғылыми экспедициялар ұйымдастырып тұрады. Музейлік далалық экспедиция, бір жағынан, музейлік қорды толықтырып отырудың ұтымды жолы болса, екінші жағынан, музей қызметкерлерін ғылыми шындайтын «далалық мектеп», яғни, музейлік мамандарының методологиялық мәдениетін көтеретін тиімді дәстүр болып табылады. Әлемдік озық тәжірибелі музейлер алыс және жақын шетелдерге Халықаралық экспедициялар ұйымдастырып, нәтижелерін әлемдік ғылым деңгейіне көтерген. Лувр, Метрополитен, т.б. ірі музейлердің археологиялық коллекциясы Халықаралық археологиялық экспедиция нәтижесінде қалыптасқаны белгілі.

Музейлік экспедиция музей қызметінің негізгі бағыттарының бірі. Кеңестік дәуірде экспедиция ұйымдастыру музей қорын толықтыруға бағытталса, қазіргі таңда музей қорын толықтырумен қатар, музейдің музейден тыс қорының «*мәліметтер банкісін*» (*банк информации*) қалыптастыруға, музей затының, дәстүрлі мұралардың қолданыс аясын, ескерткіштердің халық қолында сақталу деңгейін, дәстүрлі мұраларға қазіргі ортаның көзқарасын, қарым қатынасын анықтауға қоса бағытталады. Сондай-ақ музейлік экспедициялардың қазіргі таңдағы негізгі мақсатының бірі материалдық мұралар нысанын, тарихи-мәдени мұраны қолдану, сақтау, олардың қолданыс аясын анықтау ғана емес, материалдық мәдениет мұраларын қорғау, сақтау мәселесі хақында далалық зерттеу жүргізу болып табылады.

Музейлік далалық экспедиция ұйымдастырудың нәтижесінде музейдің музейден тыс қоры, мәліметтер қоры, ашық экспозиция маршруты қалыптасады.

Музейлік экспедиция ұйымдастыру келесідей кезеңдерден тұрады: экспедицияға дайындық (экспедиция қаражаты, техникалық жабдықтар, жоспары, сұрақтар) ұйымдастыру кезеңі (экспедиция баратын аймақпен келісім жүргізу, экспедиция

мүшелерін нақтылау, мерзімін анықтау, жол бағытын анықтау, жолсерік), алға қойған міндетті іс жүзінде орындау, яғни далалық экспедицияда жүзеге асыруға міндеттелген шараларды орындау (мәліметтер жинау, салыстыру, музейден тыс қор жасақтау, күнделік жазу), қорытынды есеп дайындау (аудио, видео жазбаны қағаз бетіне түсіру, күнделік жазбаларын, мәлімет берушілер дерегін өңдеу, экспедиция нәтижесін ғылыми айналымға ендіру). Экспедиция құрамы алдын ала ұйымдастыру кезеңінде баратын өңір басшысы атына хат түсіріп, экспедиция мерзімін, мақсатын хабардар етеді [1].

Музейлік маңызы бар затты атрибуциялау далалық экспедиция кезінде-ақ басталады. Музейлік қызметкер нысанның өмір сүру ортасынан шыққан мәліметті ала отырып, оның сол өмір сүру ортасында алатын орнын анықтайды.

Музейлік экспедицияға дайындық пен оны ұйымдастыру кезеңінде келесідей шаралар атқарылады: баратын өңірді алдын ала анықтап, мұрағат қоры немесе арнайы зерттеулер, кітаптар негізінде оны сырттай зерттеп алу керек; баратын аймақтың тарихи этнографиялық ортасымен интернет желісінендегі ақпараттық парақшалардан, әдебиеттер арқылы танысып алу керек; экспедиция тақырыбы сай мерзімдік басылымдардағы мәліметтерді оқып шығу; баратын өңірдегі құзырлы мекемелерге сұраныс хат түсіру; жергілік өлкетанушыларды анықтап, олармен сол өңір жайында пікір алмасу жүргізу; жергілікті тұрғындар үшін сұрақ, сауалнама дайындау; баратын жердің ауа райын, жер суының жайын алдын ала білу; экспедиция үшін құрал жабдақтар алу; экспедиция кезінде фото, видео, аудио басылымдар жасау үшін жауапты адамды анықтау, міндетті жүктеу.

Экспедицияның нәтижелі өтуінің негізгі талаптары келесідей: заттың қолданыс аясын, өмір сүру ортасын, нысанның тарихи, әлеуметтік маңыздылығын зерттеу; музей қорын ұйымдастыру, толықтыру үшін алғашқы мәліметті тіркеу; аймақтың тарихи дамуына қанық жергілікті өлкетанушылаһ, зерттеушілер, жергілікті ғалымдармен байланыс орнату; жергілікті халықтың рухани әлеуетін, демографиясын, этникалық ерекшелігін, жай күйін анықтау, тіркеуге алу; жергілікті халықпен тіл табысу, этикалық мәдениетті ұстану, аймақтық ерекшелікпен таныс болу, оған құрметпен қарау. Сондай-ақ, музейлік далалық экспедицияның нәтижелі өтуі экспедиция мүшелерінің көңіл күйімен, ынта жегіремін де байланысты.

Музейлік экспедиция өтетін жер «далалық лагерь» деп танылады. Далалық лагерь этнографиялық, экологиялық, геологиялық т.б. бағыттар бойынша таңдалады. Біздің мамандығымызда далалық лагерьге дәстүрлі орта сақталған «*этнографиялық аймақ*» таңдалады. Далалық лагерьдегі жұмыстың бірінші кезеңіне информаторлармен пікір алмасу, олардан мәлімет алу, этнографиялық ортадан музейлік маңызы бар затты, ескерткішті, ашық аспан асты этнографиялық ескерткішін анықтау жатады [2].

2018 жылғы этнографиялық экспедиция «*Қазақстанның аридтік аймақтарын сумен қамтамасыз етудің дәстүрлі әдістері*» тақырыбына, нақтырақ айтқанда дәстүрлі құдық түрлерін анықтауға, тіркеуге алуға, ашық аспан асты ескерткіші ретінде тануға бағытталып, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда облыстарында жүргізілді. Нәтижесінде құдық қазу мен құдық шегендеу жергілікті жердің топырағына, суына, ландшафына байланысты қалыптасқаны анықталды. Құдық шегендеу үшін Қызылқұмда сексеуіл, жыңғыл, тораңғыл; Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы ежелгі қала өркениеті дамыған қоныстарда, Қазалы, Қызылорда қалаларында күйдірілген қыш; Арқадан әкелінген емен; Батыс Қазақстан Нарын құмдарында, Хан Ордасында тал; Батыс Қазақстан Жаңақала өңірінде жыңғыл; Аралдың Қарақұм, Тоқабай, Шижаға, Сазды өңірлерінде дүзген, көкбұта, шағыр, көкқасқа; Аралдың Ақирек, Ақбай, Жалаңаш (бұрынғы Бірлестік) өңірінде тас, Арал мен Каспий аралығында тас қолданған [АЭМ].

Музейлік заттың қолданыс аясын, адам өміріндегі маңызының сан алуан қырларын ашу үшін пәнаралық байланыстар тоғысында зерттеуді, яғни сараптау және саралау жұмыстарын жүргізген кезеңде гуманитарлық, әлеуметтік, экономикалық ғылымдар

саласында абстрактылы ойлау және синтездеуді, музей затының түрі мен сипатына қарай жаратылыстану ғылымдарының әдістерін қолдануды қажет етеді.

«Қазақстанның аридтік аймақтарын сумен қамтамасыз етудің дәстүрлі әдістері» тақырыбымен ұйымдастырылған экспедиция нысандарының атрибуциясын жасау пәнаралық байланыста зерттеуді талап етеді. Байырғы кезеңде қолданыста болып көміліп, қалған немесе суы тартылып кеткен құдықтардың тереңдігін, қолданыстан шыққан құдықтың шегенін, типін анықтау, суының дәмін анықтау үшін геоархеологиялық талдаулар; жер асты су көздерінің қандай тереңдікте шығатынын анықтау үшін гипсометриялық талдаулар; өсімдік, таспен шегенделген құдық суларына шеген материалының әсері, мысалы сексеуіл, дүзген, көкбұта, жыңғыл, тал, т.б. шеген өсімдіктерінің судың дәміне әсерін анықтау үшін жаратылыстану ғылымдарының әдістерін, лабораториялық талдаулар, жердің, топырақтың ерекшелігін анықтау үшін география, геодезия ғылымдарының әдістерін қолдану қажет болды. Жұмыс нәтижелі болу үшін осы саланың мамандары зерттеу жұмысына тартылады.

2018 жылдың тамыз айында Маңғыстау өңіріне жүргізілген этнографиялық экспедиция барысында Форт Шевченко қаласында сақталған шығыр арқылы тарихи дәуірлерде қолданыста болған шығыр құрылысының, шығырдың аймақтық ерекшелігі нақтыланды. Шығырдың ғылыми, тарихи атрибуциясын жасау үшін мифология, фольклор, гидрология, ирригациямен байланысты зерттелді.

Екінші кезеңінде материалдық мұра мен материалдық емес мұралардың этникалық реконструкциясын, халықтық білімдер мен дағдыларды информаторлармен бірлесе отырып жасау ұйымдастырылады. Мысалы, 2018 жылдың маусым-шілде айларында Батыс Қазақстан облысы Бөкей Ордасына ұйымдастырылған этнографиялық экспедиция барысында тал құдық, талдан шеген салу әдісін үйрену мақсатында талбұрау шеген салудың әдісін үйрену жергілікті шеберлердің қатысуымен өтті. Ол үшін алдымен тал бұрау үшін таңдалатын шілік деп аталатын жас тал таңдалды. Шегендеу әдісі сол жердің топырағы мен жергілікті материалға қарай әртүрлі болады. Мысалы, Батыс Қазақстан, Ордада, Нарын құмдарында құм сусылдақ болғандықтан, құдық ернеуін, яғни диаметрін кең, шашамен 4 метр етіп қазады. Ернеуін тар етіп қазса, топырақ сусылдап, қазынды қайта көміліп қалады. Талмен шегендеу үшін талдың жас шыбығы немесе шіліктің шыбығын түбінен көп етіп шауып алады да, көленкеде кептіріп, жапыраған түсіреді. Тал шыбықтарын тігінен, бір біріне жалғай тастай береді де, диаметрі 15-20 см болғанша толтырады да, екі үш адам қолымен бір бағытқа қарай ширатып бұрай отырып, шіліктің немесе жас талдың жас шыбығымен әр жерінен буады. Яғни өз материалымен буады. Кейінгі кезде дайын жіпті қолданып жүр. Мұны «тал бума» деп атайды. Жоба орындаушылар жергілікті «құдықшылық» халықтық білімі бар информаторлардың қатысуымен «тал бума» жасау, тал буманы отырғызу үшін ағаш дінінен қазық жасау және дайын буманы қазықпен отырғызудың дәстүрлі әдісін үйрену мақсатында «далалық шебер сынып» өткізді [АЭМ].

Осы далалық экспедиция барысында жылжымайтын ескерткіш түрлері қатарына құдықтар түрлерін жаңадан енгіздік. Музейлік маңызы бар су сақтайтын дәстүрлі ыдыстар, қауға, шелек түрлерін, астау түрлерін, жасалу технологиясы анықталды.

Далалық этникалық реконструкцияны материалдық емес мәдениет мұраларына жасаудың ғылыми танымдық мәні зор. *Материалдық емес мәдени мұра* – қоғамдастықтар, топтар және кейбір жағдайларда жекелеген адамдар өздерінің мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде таныған әдет-ғұрыптарды, орындау мен айту нысандарын, білім мен дағдыларды, сондай-ақ олармен байланысты құралдарды, заттарды, артефактілерді және мәдени кеңістіктерді білдіретін ұғым. Мұндай адамзат рухына тікелей қатысты бай мұралар адами болмыста өзіндік ерекшеліктер мен сабақтастық сезімін қалыптастыру арқылы мәдени әртүрлілікті дамытуға, адам шығармашылығын құрметтеуге ықпал

етеді. Ұрпақтан ұрпаққа мұра болып жетіп отырған материалдық емес мәдени мұраның жекеленген ескерткіштері дәстүрлі этникалық ортада, көрші немесе аралас отырған халықтардың әсерінен немесе қоғамның, қазіргі заманғы дамуымен байланысты өзгеріске ұшырап отыруы мүмкін [2]. Өзгеріске ұшыраған немесе қазіргі заманғы глобализацияның әсері той өткізу, беташар жасау, тұсау кесу т.б. дәстүрлерден көрінеді. Маңғыстау экспедициясында келін түсірудің, беташар жасаудың, отқа май салудың, шәй құюдың аймақтық ерекшеліктері сөзбен жазып алу емес, осы үдеріске тікелей куә болу арқылы жүзеге асты. Қолөнермен байланысты білімдер мен дағдыларды таңдалған қолөнер бұйымына тапсырыс беріп, оның жасалу әдісін бақылау, фиксация жасау арқылы анықтаудың нәтижесі тиімді болады [АЭМ].

Экспедиция барысында анықталған ескерткіштердің графикалық сызбасын, графикалық реконструкциясын жасау, ескерткіш жасалған уақыттағы ортаның дүниетанымын, ескерткіштің бастапқы сипатын, ескерткішті жасаған адамның ойын, танымын анықтауға мүмкіндік береді. Графикалық реконструкция жасау информатика ғылымы әдістерін енгізумен жүзеге асады [3].

Этнографиялық экспедиция ғалымдарға дәстүрлі аймақтың ерекшеліктерін анықтайтын факторларды тауып, ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік береді. Қазақы аймақ, этнографиялық аймақ кәсіптік сөздерден, яғни аймақ диалектологиясынан да көрініс табады.

Экспедиция жұмысы ғылыми есеп жазумен аяқталады, есеп ғылыми және танымдық жазуға негізделеді. Ғылыми есепте алға қойған міндеттердің орындалуын нақтылау, далалық ғылыми жаңалықтар, табылған мұраның сипаттамасын жасау, алдағы экспедицияға ұсыныстар көрсету жатады. Есепке сұрақтар, бағыт сызбасы, күнделік, фото есеп қоса тіркеледі.

Ал танымдық есепке көзделген немесе жаңадан тапқан мұра хақындағы мәлімет берушілер сөзін жазу, жергілікті өлкетанушылардың ел арасынан жинаған деректері жайындағы пікірлерін көрсетеді. Экспедиция нәтижесін фотокөрмеге шығару, экспедиция тақырыбына сәйкес шығармашылық жұмыстарға конкурс ұйымдастырудың танымдық есеп негізінде танытудың маңызы зор.

*«Маңғыстау» этнографиялық кешенді экспедицияна жасалған дәстүрлі қазақ тұрмысына байланысты сұрақтар*

Халық шеберлер еңбегін қалай бағалаған?

Ұста, зергер, ағаш шебері, ісмерлердің ұрпақтары олардың ісін жалғастыруына қатысты деректер?

Ұста, зергер дүкеніне қатысты ғұрыптар?

Тасшы шеберлер тасты қалай өңдеген?

Құда түскенде қалыңмал келісімі қалай жүрді, мысалы, жиырмасыншы ғасырдың әр кезеңінде?

Байырғы кезде беташар үдерісі қалай өткен, беташаршы келін қайын жұртын таныстырғанда, сәлем алған адам беташаршыға не берді?

Беташар жырында не өзгеріс бар, олар қай уақыттан бастап білене бастады?

Балаға ат қою, мәні мағынасы қандай?

Келіндердің ат қою дәстүрі қандай, мысал, деректер?

Келін бала көтермеген кездегі ырымдар?

Шала туылған баланы қалай жетілдірген?

Бесік жасату, бесікке салудағы ескі дәстүрлер?

Аманат жерлеу болған ба, қандай деректер бар?

Ат түлдау, ысхат, підия беру туралы не білеміз?

Жоқтау айту дәстүріндегі өзгерістер бар ма?

Сандық ашу, жыртыс беру дәстүрінде қандай өзгерістер бар?

Қыстау, көктеу, жайлау, күздеуді пайлану, иемдену, мерзімдік қоныстарға көш жолдарын ұйымдастыру қалай жүрді?

Қақпан құру, қақпан соқтыру, аң аулау, аңшылық дәстүрлері туралы, олардың әдістері қалай сақталды?

Қыран құс салу бұл өңірде қандай дәрежеде болды, құс баптаудың тәсілдері қандай?

Арандар туралы не білеміз?

Аңның суға келуі, суға құлауы қалай бақыланды?

Тау, тұз аңдарын аулау тәсілінен (бұғы, марал, киік т.б.) не білеміз, не себептен халық бұларды қоңыр аңдар дейді?

Жан жануармен байланысты культтер: жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, қасқыр, бұғы, жылан, т.б. нанымдар, сенімдердің сақталуы және оның мәнісі неде?

Үй малдары сүйектерін пайдалану, қолдану, оларға қатысты магиялық шаралар?

Бақсылық дәстүрі, бақсылар, емшілер емі туралы деректер?

Құстарға қатысты сенімдер?

Құмалақ салу дәстүрі, білімі?

Ішірткі жазу, ішу, дем салу жайындағы деректер?

*Тақырыптық экспедиция немесе «Қазақстанның аридтік аймақтарын сумен қамтамасыз етудің дәстүрлі әдістері» тақырыбына жасалған экспедициялық сұрақтар*

Сор, қақ суларын қалай пайдаланған?

Тұзды сордан қалай алған, қалай дайындаған?

Еспе құдықтар жалай қазылған?

Құдық атауы қалай берілген?

Құдықшы еңбегіне ақы қалай берілген, келісім қалай жүрген, қандай, мысал деректер бар?

Құдық қазуға неше адам қатысқан?

Тереңдік өлшемінің халық арасындағы шамасы қандай, мысалы, құлаш, аршын, сажын?

Малды суару тәртібі, уақыты, маусымдық ерекшелігі?

Жылқы малы күніне неше рет суарылады, неше шелек су беріледі?

Шелек, қауғаның қандай түрлері болған, олар қалай жасалған?

Астау сиымдылығы қандай, неше шелек су кеткен?

Таспен шагендеуге қанша өлшем тас кеткен?

Тас салмағының өлшемін байырғы өлшемде қалай айтқан?

Сексеуілмен шегендеуге қанша өлшемде сексеуіл кеткен?

Шегендеу үшін материалды қалай дайындаған?

Күш көлік ретінде қанша түйе қолданылған, ат еңбегін қалай пайдаланған?

Қос құдық, қос шыңырау туралы не білесіз?

Су шығатын жерді тану үдерісі қалай жүзеге асты?

Тұщы су шығатын жерде өсетін өсімдіктер туралы айтсаңыз?

Бір құдық басына бір мезгілде қанша мал келе алған?

Керуен жолдары, көш жолдары бойындағы құдықтарды пайдалану тәртібі қандай болды?

Күре жолдардың және оның бойындағы бойындағы құдық аттары қалай қалыптасты?

Таяз құдықтар туралы не білеміз?

Қар сулары, жаңбыр суларын пайдалану дәстүрі?

Құдықты иемдену мақсатында халық арасында дау дамай болған ба, олар туралы не дерек бар?

Бұлақ, қайнар суларын пайдалану туралы ғұрыптар ерекшелігі, олар немен байланысты?

Судың иесі, киесі, суда өмір сүретін көзге көрінбейтін аңыз бейнелер туралы қандай мәліметтер, әңгімелер бар ма?

Құдықпен байланысты аңыздар, ертегілер білеміз бе?



## *Дерек берушілер базасын жасау үлгісі*

- I Ақшабаев Алдаберген. 1941 ж.т. Маңғыстау облысы. Жаңаөзен қ. Руы адай шоңай.
- II Бекжанқызы Рахила. 1936 ж.т. Маңғыстау облысы, Форт Шевченко қаласы. Ұлты түрікмен. Руы абдал.
- III Бәшекеева Қырмызы. 1940 ж.т. Маңғыстау облысы. Түрқараған ауданы. Ақшұңқыр ауылы. Руы әлі жанай.
- IV Қайыпұлы Мақсұт. 1935 ж.т. Қызылорда облысы. Арал ауданы, Шижаға ауылы. Руы ардана.
- V Құтманбетов Қангене. 1932 ж.т. Қызылорда облысы. Арал ауданы, Жалаңаш (Бұрынғы Бірлестік) ауылы. Руы жанайым.

## **Әдебиеттер**

- 1 Қартаева Т., Бексейтов Ф. Музей ісі және ескерткіштану. Қазақ университеті, 2018.
- 2 Қартаева Т., Бейсегулова А. Этнологиялық танымдар сөздігі. Алматы: Қазақ университеті, 2017. 108 б.
- 3 Омаров Ф., Қартаева Т. Музей нысандарын реставрациялау және консервациялау. Алматы: Қазақ университеті, 2017.
- 4 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 5-томдық. Алматы: Алем Даму Интеграция, 2017.
- 5 Авторлардың экспедициялық материалдарынан – АЭМ.

## **6-7 Дәрістер. Материалдық емес мәдени мұра саласындағы ғылыми-зерттеу және іздестіру жобаларының әдістемесі, тәжірибесі, нәтижесі.**

**Мақсаты:** докторанттардың материалдық емес мәдениет мұралары нысандарын сақтау және қолдану, оларды музейлендіру ерекшеліктерін, әдістерін, талаптарын оқыту.

**Кілт сөздер:** материалдық емес мәдениет, мәдени мұра, рухани мәдениет, музеефикация, конвенция, тұжырымдама.

### **Қысқаша құрылымы:**

0626 /ГФ «Қазақ халқының дәстүрлі этнографиялық мұраларын жинау, жүйелеу және жариялау» атты іргелі зерттеу тақырыбы бойынша Археология, этнология және музеология кафедрасының «Қызылорда-2012» этнографиялық экспедициясы кезінде жинаған материалдары туралы ақпарат (Жоба жетекшісі: Ә.Төлеубаев. Жауапты орындаушы: Т.Картаева)

0626 /МҚ «Қазақ халқының дәстүрлі мұраларын жинау, жүйелеу және жариялау» атты әргелі жоба бойынша 2012-2014 жылдары зерттеу жұмысы жүргізілді.

Жобаны жүзеге асыру барысында ұйымдастырылған «Қытай қазақтары» тұрақты экспедициясы нәтижесінде 2012-2014 жылдары 1000 ға жуық фототүсірілім, 15 бейнежазба, 100 ден аса информаторлық мәлімет жиналды. Қытайдың Ганьсу, Ақсу аймағында тұратын қазақтардың ру тайпалық құрамы, осы өңірге қоныстану тарихы, отбасылық бала тәрбиесі, ағайынгершілік қарым қатынастың сипаты, сирек кездесетін, тіпті қазақ жерінде жойылып бара жатқан дәстүрлерді Қытай қазақтарының сақтап қалуы, дәстүрлі қолөнерді дамытуы, дәстүрлі бұйымдардың тұрмыстағы қолданыс аясы жинақталды. Қытай қазақтары қоныстанған ауылдарды «этнографиялық ауыл» деп тануға болады. Қытай қазақтарында байырғы қазақы дәстүрдің қаймағы бұзылмаған. Ұлттық киім кешек, ұлттық тағамдар, дәстүрлі тұрмыстық бұйымдар, дәстүрлі шаруашылық бұйымдар күнделікті өмірде, тұрмыста кең қолданыста. Дәстүрлі тұрмыс Қытай қазақтары өмірінің ажырамас бөлігі.

Ал, жобаны жүзеге асыру барысында ұйымдастырылған «Қызылорда» тұрақты экспедициясы нәтижесінде 2012-2014 жылдары 2000 ға жуық фототүсірілім, 10

бейнежазба, 100 ден аса информаторлық мәлімет жиналды. Сыр өңірі қазақтарының дәстүрлі мәдениетіне қатысты қатысты келесідей қорытындыға келдік. Сыр өңірі қазақтарының материалдық және рухани мәдениетінің ерекшелігінің күрделі, тіпті әрқайсысы жеке зерттеу объектісі болардай тақырыптарды құрайды. Сыр өңірі қазақтарының дәстүрлі материалдық мәдениеті жергілікті жердің табиғатының ерекшелігіне қарай қалыптасты. Дәстүрлі қыстық баспана соғу ісінде бастырма, жертөле, жеркепе, қақыра, шым-үй, тоқал там сияқты баспана түрлерін иемденді. Қыстық баспана соғу құрылыстары ХІХ ғасырдың соңынан бастап қарқынды дами бастады. Жергілікті қазақтар шошала, өлшек, қос, шалаш сияқты уақытша құрылатын баспана түрлерін пайдаланды. Дәстүрлі киім түрлерін жергілікті жердің климатына қарай бейімдеді. Әйелдердің кимешегі үстінен киетін күндік бөлігі қыстың суықтығы, жаздың ыстықтығынан қорғаса, түйе жүн шекпен қыста жылылықты, жазда салқындықты сақтайды. Тұрмыстық және шаруашылық бұйымдарды саралағанда да тек Сыр өңірлік аймақтағы ерекшелігі бар бұйымдарды ғана қамтуға тырыстық. Дәстүрлі тағамдар жүйесіндегі айырмашылық осы өңірдегі қазақтардың дәстүрлі шаруашылығымен, тағы да экологиялық ортасымен байланысты қалыптасты.

Сыр қазақтарының рухани мәдениетінің айырмашылығын халықтық білімдер жүйесінен, отбасылық әдет-ғұрыптардан көрінеді. Сыр қазақтарының наным-сенімдер, ырым-тиымдар жүйесі байырғы архайкалық діни-нанымдармен, байырғы зороастралық, шамандық, анимистік, тотемдік, фетиштік діни нанымдармен байланысты қалыптасқан. Сыр қазақтарының некелесу мен құда түсуі, өлікті жерлеу дәстүрлерінде байырғы көне дәстүрлер жиынтығы сақталып қалған. Дегенмен де, қазіргі таңда бірқатар дәстүрлердің мәні өзгеріске ұшыраған, бірқатары кейін енген. Мысалы, ертеде бесік баладан балаға мұрагерлікке өтіп отырған болса, қазіргі таңда қыз шешесі «бесік апару» рәсімін орындайды. Сыр қазақтарының тіліндегі этнографиялық сөздер әр тақырып аясына топтастырылды. Сыр қазақтарының тілдік айырмашылықтарының болуы және оның тұрмыс-тіршіліктің барлық салаларынан көрініс табуы Сыр өңірінің шығыс пен батысты жалғап жатқан ареалда орналасуы және жергілікті халықтың негізгі денін қазақтар құрағаны, орыс билігі тісінің қатты батпағандығынан болған. Сыр өңірі орыс әскерилері үшін Орта Азияға кіретін қақпа, өту жолы болғанымен Сыр өңірі қазақтары байырғы салт-дәстүрдің негізгі денін сақтап қалды.

Сондай ақ, экспедиция барысында Сырдария, Арал өңірінен аймақтық этнографиялық сөздер, аймақтық атаулар мен ұғымдар жиналды. Сырдың өңірі қазақтарының тілдік, сөздік қорының мол болуы, қазақ жерінің басқа аймағында кездеспейтін сөздердің болуы, әрі өз ішінде өңірішілік-ауданаралық айырмашылықтардың болуы аймақтық ерекшелікті тағы бір қырынан айқындай түседі, әрі этнолингвистика, этнодиалектологиялық қырынан назар аудартады. Сыр қазақтарының сөздік қорындағы ерекшеліктердің қазақ жерінің басқа аймағына қарағанда көп, әрі айырықша немесе күрделі болуы біріншіден, осы өңірді мекендеген оғыз-қыпшақ ұлыстарының тілінің бір-біріне ұқсақ болып, басқа түркі тайпалардан айырмашылығының болуы, яғни тілдік айырымның болуы тарихи дәуірлерден келе жатқан үрдіс екендігінде, екіншіден, бұл жердегі халықтың негізгі денін жергілікті халық қазақтар құрауы, үшіншіден, қазақы салт-дәстүрдің басым сақталуы, төртіншіден, бұл өңірдің батыс пен оңтүстіктің ортасында орналасуына байланысты.

Сыр өңірі қазақтарының тарихи этнографиясын осылай бірнеше бағыттарда саралай қарап, оны біртұтас еңбек ретінде «*аймақтық этнография*» бағытында қарастырудың, сол арқылы қазақ жерінің басқа өңірі қазақтарымен айырмашылығын айқындаудың ғылым үшін маңызы зор. Зерттеу жұмысының ішкі мазмұнындағы мәліметтер Сыр өңірін «*этнографиялық аймақ*», «*қазақы аймақ*» ретінде тануға толық мүмкіншілік береді.

Қорыта айтқанда, 2012-2014 жылдары 0626 /МК «Қазақ халқының дәстүрлі мұраларын жинау, жүйелеу және жариялау» атты іргелі жоба күнтізбелік жоспар негізінде зерттеу жұмысын жүргізді. Ресей, Франция, Түркия мемлекеттерінде ғылыми іссапар ұйымдастырылып, жоба нәтижелері Халықаралық конференцияларда баяндалды. Жоба орындаушылар 2012-2014 жылдары 6 ғылыми жинақ, алыс, жақын шетел ғылыми

басылымдарында мақалалар, 3 монография, соның ішінде 1 ағылшын тілінде монография жарыққа шығарды.

## **1. Қызылорда облысы музейлері қорынан және облыс тұрғындары мен қолөнер шеберлерінен дерек жинау**

Аталмыш жоба бойынша 25 шілде – 20 тамыз, 2012 жылы Қызылорда облысындағы облыстық, қалалық, аудандық музейлер қорларында сақталған қолөнер бұйымдары мен жергілікті шеберлер жасаған бұйымдар туралы мәлімет жинап, жүйелеп ғылыми саралау мақсатында ғылыми іс-сапар жұмыстары жүргізілді.

Іс-сапар барысында Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі, Қызылорда қалалық Ақмешіт музейі, Тасбөгет су шаруашылығы музейі, Арал аудандық тарихи-өлкетану музейі, Қаласы қаласы Ғани Мұратпаев мемориалдық музейі, Жалағаш аудандық тарихи-өлкетану музейі, Сырдария аудандық тарихи-өлкетану музейі, Шиелі ауданы Ы.Жақаев мемориалдық музейі, Шиелі ауданы Н.Бекежанов тарихи-өлкетану музейі қорларындағы қазақ халқының дәстүрлі этнографиялық мұралары жинақталды.

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану мұражайы 1939 ж. негізі қаланған мәдени мекеме, мұражай қорында 40 мыңдай жәдігер бар, оның 5 мыңнан астамы көрмеге қойылған. Қазақ халқының дәстүрлі қолөнері Этнография залы мен өлкеде ислам дінінің таралу тарихына арналған залда экспозицияланған және қорда сақталған. Қор және экспозиция материалдарынан 340 құндылық фотобейнеге түсірілді, 2010 жылы осы музей қорындағы экспонаттар негізінде Ақмешіт қалалық музейі бөлініп шыққан, музей экспозициясына шығарылған 32 құндылық фотобейнеге түсірілді.

Арал аудандық тарихи-өлкетану музейі — 1988 ж. құрылған, ғылыми-мұрағаттық мәдени мекеме. Музей қорында 6906 жәдігер сақталған. Соның ішінде этнографиялық қордың орны ерекше. Облыс көлемі музейлерінің арасындағы этнографиялық бұйымдардан ең көне дүниелерді сақтап отырғандығымен ерекшеленеді. Музейде 1-2 тамыз аралығында жұмыс жүргізілді. Музей қоры мен жеке адамдар қолындағы көне бұйымдарды қосқанда 186 құндылық фотобейнеге тартылды.

Қазалы қаласында арнайы тарихи-өлкетану музейі жоқ, тек Ғ.Мұратбаев мемориалдық музейде этнография қоры жұмыс жасайды, этнографиялық бұйымдар экспозицияға шығарылмай тек қор жүйесінде сақтаулы тұр. 200 этнографиялық зат фотоға түсірілді.

Жалағаш аудандық тарихи-өлкетану музейі – 1999 жылдың 10 қарашасында ашылып, 2000 жылдың 4 қаңтарынан жұмыс істеп келе жатқан ғылыми-мұрағаттық мәдени мекеме. Музейде 2662 жәдігер сақталған. Соның ішінен этнографиялық маңызы ерекше, сақталуы жақсы 65 жәдігер фото бейнеге түсірілді. Аудан көлеміндегі жұмыс 6-7 тамыз аралығында жүргізілді.

8-9 қазан 2012 жылы Тереңөрек кентінде орналасқан орналасқан Сырдария аудандық тарихи-өлкетану музейінің этнографиялық қорымен жұмыс жүргізілді. Музей қорындағы сақталымы жақсы 75 экспонат қажетті тіркеуге алынып, фотобейнесі түсірілді.

10-13 тамыз аралықтарында Шиелі ауданында болып Ы.Жақаев пен Н.Бекежановтың мемориалдық музейлерінде қор мұраларымен танысу жұмысы жасалды. Бұл ауданда да тарихи-өлкетану музейі жоқ, этнографиялық мұралар жоғарыда көрсетілген екі мемориалдық музейге топтастырылған. Екі музейден жоба жұмысына қажетті деген 46 экспонат іріктеліп, фотоға тартылды.

14-15 тамыз күндері Жаңақорған аудандық тарихи-өлкетану музейі қорымен таныстық, бұл облыс көлеміндегі этнографиялық мұраларды мол сақтаған музей, бұл қордан 163 экспонат мәліметі алынды.

16-19 тамыз аралығында ғылыми іс-сапар далалық экспедицияға ұласып тұрғындар қолында сақталған байырғы қолөнер бұйымдарының сақталуы, олардың қолданыс аясына қатысты деректер жиналды.

Барлығы 2278 дәстүрлі этнографиялық бұйымдардың фотосы түсірілді, жергілікті шеберлерден қолөнер бұйымдарының жасалу технологиясы жазып алынды.

### Кесте 1 Қызылорда облысы музей қорларында жұмыс жасау кестесі

Музейлер және олардың мәтін ішінде беретін қысқартылған атаулары	Музейде болған іс-сапар күндері	Фотобейнеге түсірілген экспонаттар саны
Қызылорда облыстық тарихи өлкетану музейі, этнография қоры. (ҚОТӨМ)	26-28 шілде, ж16-19 тамыз 2012	340
Тасбөгет кентіндегі су шаруашылығы музейі (ТСШМ)	29 шілде 2012 ж.	17
Ақмешіт қалалақ тарихи музейі.(АТМ)	30-31 шілде 2012 ж.	32
Арал аудандық тарихи өлкетану музейі. (АТӨМ)	1-2 тамыз 2012 ж.	186
Қазалы қаласы, Ғ.Мұратбаев мемориалдық музейінің этнография қоры. (ҒМММ)	3-5 тамыз 2012 ж.	200
Жалағаш аудандық тарихи-өлкетану музейі. (ЖАТӨМ)	6-7 тамыз 2012 ж.	65
Сырдария аудандық тарихи-өлкетану музейі. (САТӨМ)	8-9 тамыз 2012 ж.	75
Шиелі ауданы Ы.Жақаев атындағы мемориалдық музей, этнография қоры. (ЫЖММ)	10-12 тамыз 2012 ж.	26
Шиелі ауданы Н.Бекежанов атындағы мемориалдық музей, этнография қоры. (НБММ)	13 тамыз 2012 ж.	20
Жаңақорған аудандық тарихи өлкетану музейі (ЖТӨМ)	14-15 тамыз. 2012 ж.	163
Далалалық экспедиция	16-19 тамыз, 2012 ж.	30
Барлығы: 10 музей		2278

## 2 Қызылорда облысы музей қорларында сақталған этнографиялық бұйымдарды топтау.

### 2.1 Киіз үй сүйектері

Киіз үйдің сүйек және киіз жабдықтары ҚОТӨМ, АТӨМ, ЖАТӨМ, САТӨМ, ЖТӨМ-де сақталған. Киіз үй сүйегін жасауға жергілікті ағаштар қолданылған. Шаңырағына, сықырлауық есегіне міндетті түрде оймыштап ою-бедер түсірген. Шаңырақтың ең көне үлгісі САТӨМ мен ЖТӨМ-де сақталған. Ас үй қызмеын атқарған шағын шошала, жол жүргенде тігетін жолым үй шаңырағы АТӨМ-де экспозицияланған.

Сыр өңірі қазақтары ертеде қыста баспанада отыруға мәжбүр болмаған. Қыстық киіз үй жаздық киіз үйден кіші етіп тігіліп, бір үзікке кем жабылған. Қыстық киіз үйлерді кейбірі екі киіз үймен жапса, кейбірі киіз үй сыртын қамыспен қаптаған. Қыста киіз үйді қоңыр, сұр киізбен, жазда ақ киізбен жапқан. Кедейлер үйлерінің уықтары жәй жіппен байланса, байлардың үйі түрлі-түсті бояулармен боялған, өрілген жіптермен байланған. Уықтың шаңыраққа дейінгі бойына бау-шулармен әбзелденген. Уығына, есігіне сары, қызыл бояулармен ою-өрнектер салынған. Байлар киіз үйдің сыртынан қыс уақытында тағы бір қабат киіз жабады, кедейлер болса қамыс жабады.

Сыр қазақтарының киіз үйінің құрылысы мен формасында жалпы қазақ халқының

киіз үйінен айтарлықтай айырмашылығы болған. Айырмашылығы киіз үйдің жекеленген бөлшектерінің атауы, киіз үйдің сүйектерінің өрнектелуі мен киіз жабдықтарының дайындалуында және киіз үйдің ішкі жиһаздары мен теңдерінің жиналуынан көрінді. Шаңырақ пен шаңырақтың күлдіреуіштеріне ромб және мүйіз тәрізді ою-өрнектер ойып салынған. Сыр өңірінде шаңырақтың күлдіреуіштерін бекіте түсу үшін кесе көлденең байланатын кесінді ағаштарды «бөгелек» деп атайды. Сыр қазақтары ер бала көтермей, қыз туа берген әйелді «бөгелегі қураған» деп жазғырады, бұл жалпы көшпелі қазақтардың өмірге ұрпақ келу салтындағы шаңырақ, түндік, бақанға қатысты түрлі наным-сенімдермен байланысты. Сыр өңірі қазақтарының дәстүрлі баспанасы дүниетанымдық және наным-сенім қағидаларымен үйлесімді байланыста дамыды.

## **2.2 Жиһаздар.**

**Асадал** - ыдыс-аяқ және азық-түлік сақтауға, қоюға арналған ағаш жиһаз. Ол кебеже сандықтарға қарағанда биік болып келеді. Іші екі немесе үш қабат сөрелермен бөлінген. ҚОТӨМ-де сақталған асадалдың бергі беті оюмышталған, асадал астында жүкаяқ ретіндегі бөлігі, төбесінде тәж ретіндегі бөлігі оның аса күрделі технологиямен жасалғандығын және құрылысының күрделілігін көрсетеді. Ал асадалды сүйектеуге ірі малдың қабырға сүйегі қолданылып, оны күміс шегелермен, майда күміс құймалармен көркемдеген. Сүйектелген асадалдардың ҒМММ-де озық үлгілері сақталған.

**Ағаш төсек** - жатуға, ұйықтауға, жүк жинауға арналған үй жиһазы. Төсек басының қайқы келуі жатқан адамның аяғы мен басы денесінен сәл биік келіп, демалғанда қан айналысының жақсаруына ықпал етеді. Мұндай төсектер онай ажыратылып және құрастырылатындықтан көшіп, қонғанда түйеге артуға да өте қолайлы. Ағаштөсектің бергі бетін шеберлер, сүйектеп, бояп, оймыштап, күмістеп жасататын болған. Ағаш төсектердің тұсына әдетте түскиіз, кілем ілінеді. Үстіне төсек жиналып, төсекжапқыштармен жабылады. ҚОТӨМ-де сүйектелген ағаш төсектің бергі беті, АТӨМ-де, ҒМММ-де оймышталған, боялған түрі сақталған. САТӨМ-де сақталған ХХ ғ-дың бас кезінде жасалған ағаш төсектің жасалу технологиясы бірегей. Мұндай ағаш төсек Қазақстанның басқа өңірлерінде кездесейді.

Сыр қазақтарының тұрмысында *сандық* негізгі тұрмыстық жиһаз болып саналады. Сандықтардың түрлері мен атқаратын қызметіне қарай киіз үйдің ішінде арнайы орны болды. Жүк сандықтар төрге қойылып үстіне тең жиналды, киіз үйдің асадал оң жақ, кебеже сол жақ босағасына қойылды. Жүк сандықтың үлкені абажа, әбдіре деп аталды. Жүк сандықтарды киізбен, кілеммен қаптаған, сандық үшін арнайы сандық қап тоқыған. Сандықтар қапталған материалына қарай киіз сандық, жағлан деп аталды. Жағлан тігу үшін сиыр мен жылқы терісі пайдаланылды және тері сандықтың ағаш қаңқасына керіліп тігілді. Жағлан тігіп, сандық қаптаудың техникасын Арал қаласындағы жергілікті ұста Құлмағанбетов Құдайбергеннің әкесі, атасы меңгеріп, олардың ХХ ғ-ң бас кезінде шеберлікпен аты шыққан. Сыр бойында сандықтың кең тараған түрі беті оймышталған ағаш сандықтар және бетін қаңылтырмен қақтаған темір сандықтар. Қол сандықтар әйелдер жеке бұйымдарын сақтау үшін, сондай-ақ ұсталардың құрал-саймандарын сақтау үшін қолданылған. Сырдария ауданында Қобландин мен Нақыпов Қасымханның сандықшылықпен аты шыққан.

## **2.3. Тоқыма және киіз бұйымдар**

Қызылорда облысына қарасты барлық тарихи-өлкетану музейлерінде тоқымашылық өнерінің әр түрлері түкті және тақыр кілемдер, алаша, қоржындар, киіз үйді әшекейлейтін бау-шулар мен басқұрлар экспозицияланған. Бұл дүниелер ХІХ-ХХ ғасырларда жасалған. Қызылорда облысына қарасты барлық музейлердегі тоқыма бұйымдар Сыр-Арал аймағына қатысты, жергілікті тұрғындар қолынан жиналған, ХVІІІ-ХХ ғасырдың басы, ХХ ғасырдың 1-ші жартысына жататын көне экспонаттар бар. Бұл коллекцияда тоқыма бұйымдарының әр түрлі категориялар, үлгілері мен варианттары кездеседі.

Кілемдер тақыр кілемдер және түкті кілем болып бөлінетіні белгілі. Тақыр кілем техникасымен түрлі алаша, басқұр, баулар тоқылған. Тақыр кілемдерді тықыр, түксіз, арабы деген атаулары кездеседі. Түксіз кілемдер тоқу техникасы бойынша және ою-өрнектердің композициясы бойынша бөлінеді. Тоқу техникасы бойынша терме кілем, кежім теру, біз кесте, орама кілем, алаша кілем, тақта кілем, деп бөлінеді. Ал ою-өрнек композициясының ерекшелігі жағынан шаршы кілем, тақта кілем, боднос кілем, арабы кілем, шатыргүл кілем, шешенгүл кілем, торғайгүл кілем, болып ерекшелінеді. Кілемдердің ішінде ең сәндісі, ең құндысы әрине қалы кілем болып табылады. Кілемді беріктігіне, төзімділігіне байланысты үй тұрмысында ұзақ та ұдайы тұтынды. Қазақ халқы кілемді баршылықтың, байлықтың белгісі деп те білген. Шиелі, Жаңақорған ауданында жаз уақытында аулаға немесе бір бөлмені босатып, өрмек құрып, кілем тоқу әлі күнге дейін дәстүрге айналған.

Сырмақтың тұрмыста керегеден іргеден ызғар өтпеу үшін ағаш төсектің тұсына кілем орнына тұтатын кәделі бұйымдарының бірі – *түскиіз*. Үйдің қабырғасын безендіруге арналған. Төртбұрыш ортасын П әрпі тәрізді «балдақ» деп аталатын жиек көмкеріп тұрады. Оның төменгі жағы төсектің артында қалатындықтан тұйықталмайды. Оның ырымдық мәні де бар: Балдақтың шетін ала, төменгі жағы шымқай ақ киізбен жабдықталып, бетіне түрлі түсті маталардан майдалап ою-өрнек түсіріле сырылып дайындалады. Оның халық арасында бітпес деп аталған түрі кеңінен таралған. Түскиіздің алуан түрлі ою-өрнек түсірілгені, жібек жіппен кестеленгені, зер жіпті гүл өрнек түсірілгені, оқаланған, төңірегіне құндыз ұсталған түрлері және алтын, күміс теңгелер мен меруерт, маржан қадалған аса қымбат түрлері және ортасына бағалы аң терілері жапсырылған түрлері де кездеседі.

XIX-ғасырдың орта шенінен бастап қазақ даласына көптеп таралған, яғни жалпыхалыққа қолжетерлік бола бастаған мата-бұлдың (шұға, барқыт, шибарқыт, помбарқыт, жібек т.б.) қолданысқа көптеп енуіне байланысты киізден жасалған түскиіздер орнын матадан жасалғандар алмастыра бастады. Ол түскесте деп аталғанымен, түскиіз деген аты бәрібір қала берді. Түскесте түріндегі түскиіз жұқа болғандықтан оны жаз айында қолданған, оның бірегей нұсқасы ҚОТӨМ-де сақталған.

Ортасы симметриялық, ромб немесе шаршы бөліктерге бөлінген шахмат немесе диагональды тәртіппен орналасқан өрнегі бар «бітпес» деп аталатын түрінің көркемдігі жоғары. Бітпес аталуының мәні де тереңде жатыр. Өйткені, киіз бетіне салынатын оюлар бір-біріне жалғасып, үздіксіз кете беретіндіктен мәңгілік өмір болсын деген ниетті білдіреді.

*Сырмақ* - қазақтың көшпелі тұрмысында ертеден қолданылып келе жатқан киіз төсеніш. Сырмақ үшін пішіліп алынған киіз бетіне ою-өрнек басқа түсті матадан ойылып, ою шеттерін қуалай жиектеп, сырып тігу арқылы дайындалады. Көшпелі өмір талабына сай жабдықталған сырмақ төсеніштер бірыңғай таза киізден жасалады. Соған орай оларды үлгісі, көлемі, түрі, түсі, салынатын, төселетін орнына қарай үлкен сырмақ, кішкене сырмақ, төсек сырмақ, төр сырмақ, откиіз, от сырмақ, жамбас сырмақ, төрткүл сырмақ, тері сырмақ, тері бөстек болып деп аталады. Сырмақ жасау – басқа киіз бұйымдарының жасалуына қарағанда аса күрделі де қиын жұмыс болмағанымен, уақыт алатын, көп еңбек сіңіруді талап ететін жұмыс. Сырмақ жасауда негізінен төмендегі төрт тәсіл қолданылды: 1) ақ киіздің бетіне бір өңді матаны оюлай жапсырып жасау; 2) біркелкі өңі бар киіз бетіне жиек жіппен сырып, өрнектеу; 3) әр түрлі өңге боялған кесек киіздерді оюлап қиыстыру; 4) түсті жіппен киізді кестелей өрнектеу. Қызылорда сырмақшылары негізінен сырмақтасына қоңыз қызыл, ашық қызыл түсті мата түрін таңдайды.

Сырмақтар Қызылорда облысының Арал, Қазалы аймағында кеңінен қолданылады, ал Қызылорда облысының шығысына қарай текемет басу ісі кең тараған. Текеметте зооморфты өрнектер көп қолданылатын болса, сырмақта көбіне өсімдік тектес ою немесе хайуан тектестен өсімдік тектеске ауысу, өту кезеңінің оюлар салынады. Сырмақ конструкциясы - шетін айнала төртбұрыштай қоршаған жиегі бар, негізгі

композициясы ортасында болып келетін құрылымнан тұрады. Ойыстырылып жасалған сырмақ оюлары кейде кілем оюларына ұқсағанымен ортаңғы бөлігіндегі ромбы тәріздес, шаршы оюлар ішіне салынған «қос мүйіз» өрнегімен әшекейлеу кең тарады. Сырмақтардың шетіне кейде ешкі қылшығынан әшекей ұсталып, сәнделетін. Ол «шашақты сырмақ» деп аталып, көбіне Сыр өлкеге тән болып келеді.

Қызылорда қазақтарының киіз, тоқыма бұйымдарының аймақтық ерекшелігі осы шашақ салудан нақты көрінеді. Шашақтар, сырмақ, тақыр кілем, керсе, қоршын, аяққап, кесе қап, жер жастық, басқұр, бай-шуларға салынған. Осыған орай «шашақты» сөзі тіркеліп отырған. Мысалы, «шашақты жер жастық», «шашақты қоржын» т.б.

#### **2.4. Тері бұйымдар.**

Қазақтың күнделікті тұрмысында теріден жасалған бұйымдардың қолданыстық аясы кең болды, Қызылорда облысы музейлерінде сақталған теріден жасалған бұйымдарды тұрмыстық бұйымдар және ыдыс аяқтар, шаруашылық бұйымдар деп бөлуге болады.

##### **Тұрмыстық бұйымдар және ыдыс аяқтар:**

Саба – қымыз жинайтын құятын тері ыдыс.

Қойдың қарыны - күйдірілген май сақтау үшін пайдаланылды. Оған майды ыстықтай, күйдірілген қалпында құйған.

Сүйретпе - шамамен 10 литрдей қымыз сиятын үйде керегеге іліп қоятын, жол жүргенде де қымыз құятын шағын тері қап.

Қауға - су тасуға арналған тері шелек.

Көнек - бие саууға арналған тері шелек.

Мес - бүтін сыдырылған лақ терісінен жасалған сусын құятын ыдыс.

Торсық - сусын құятын ыдыс.

##### **Шаруашылық бұйымдары:**

Талыс, басқақ деп аталатын кішкене қап сиыр мен жылқы бас терісінен тігілді, онда ұсталар майда-шүйде құралдарын сақтаған.

Шідер - аттың аяғына кигізілетін қайы теріден өріп ширатқан тұсауы.

Биялай - өгіздің қатты терісінен тігілген аңшының құс ұстағанда қолына киетін қолқабы.

Томаға - аушы құстың көзін бастыра басына ретсіз ұшып жемтікке шабуы жасамас үшін кигізіледі.

Аяқ бау - аушы құсты үйде ұстағанда ұшып кетпес үшін аяғына кигізеді.

Ат дорба – атқа жет беретін дорба.

Кесе қап – көш кезінде кесе сынбас үшін қолданылған тері қап.

Сондай-ақ ер-тұрманның жүген, өмілдірік, құйысқан, айыл, тартпа, тоқым, сияқты әбзелдері теріден жасалды.

#### **2.5. Ер-тұрмандар, олардың музей қорларындағы түрлері.**

Ежелден көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы үшін атқа міну көліктің негізгі түрі болды. Қазақ халқының өмірінде ер-тұрман жабдықтарының алатын орны ерекше болды. Ер-тұрман жабдықтарын өндіру тәсілдері мен оны күнделікті өмірде пайдалану жолдары қазақ қауымының ежелден бергі әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынас мәселелерімен де тығыз байланысты. Өзіндік ауқаты бар қазақ отбасы өз бетімен салт жүруге жараған барлық балаларына түгелдей ер-тұрман дайындайтын. Ер бала 4-5 жасқа толғаннан кейін-ақ “ашамайға” отырғызып, атқа мінуге үйреткен. Жергілікті жерде ашамайды «бала ер» деп атайды, оның үлгісі САТӨМ-де сақталған.

Ер қосу ісін кәсіп еткен шеберді қазақтар “ерші” дейді. Қалалық және қалаға жақын маңда тұратын ершілер әдетте ер-тұрманды өз үйінде, өз заттарынан жасап, базарларға апарып сатқан. Қаладын жырақ жерде, көшпелі халықтар арасында тұратын ершілер өз үйінде, көбіне тапсырыс берушінің үйінде жасаған. Қалалық жерде ер ақшаға сатылатын болса, тапсырыспен жасаған ерге күрделілігіне қарай қой, құлынды бие алған.

Ер-тұрман жасаушылардың құрал-саймандарын үш топқа бөлуге болады. Ердің соқа басын ғана әшекейсіз қосу үшін – ара, балта, шот, ойыс, жүзді шот, қуысқұлақ, үскі, ыңғыру, пышак, түрпі, қашау, балға, тістеуік сияқты құралдар қолданылды. Ердің жұмсақ жабдықтарын жасау үшін пышак, біз, мүйіз сызғыш, былғары бетіне өрнек түсіру үшін – темір талшықтары мен өрнекті ағаш қалыптары пайдаланылды. Ал, ердің темір және күміс әшекейлерін жасау үшін темір ұсталары мен зергерлердің саймандары толық пайдаланылды.

Қазақ ершілерінің арасында еңбек бөлінісі болды. Көпшілік жағдайда ердің ағашын ерші шапса, қайыс, былғарыдан жабдықтарын екінші шебер жасаса, күміс әшекейін зергер жасап беретін. Ер-тоқым бүкіл жабдықтарымен бір ершінің қолынан шығып та жатты. Мысалы аралдық шебер Құлмағанбетов Құдайберген ердің барлық жабдығын өзі жасайды. Ер-тоқым жасауға ағаш, темір, жез, алтын, күміс, асыл тастар, түрлі-түсті шынылар, сүйек, былғары, көн, шұға, барқыт, киіз, қыл, тарамыс, желім, тоз сияқты заттар жұмсалады.

Қазақ ері қайың ағашының бес бөлегінен қосылады, яғни екі қас, екі қаптал және орта ағаш деп аталатын бөлшектер жеке-жеке шабылып барып біріктіріледі. Бұл үшін бірнеше қайың кесіндісінің қабығын аршып кептіреді немесе шірімеген қайың түптері кездесе, оны топырағынан арылтып, арамен кескілеп, қас шығатын жерлерін тандап алады. Біраз уақыт жел қағып, дегдігеннен кейін дайындалған кесінділердің барлығын балтамен немесе шотпен ойып жеңілдеті алып тағы да кептіреді. Ер бөлшектері шабылып болып, тек өңдеу жұмыстары қалғанда тұзды суға қайнатып алып көлеңкеде кептіреді. Тұзды суда қайнатылған ағаш еш уақытта қаңсымайды, жарылмайды. Ердің барлық бөлшектері өңделіп дайын болған соң, оларды арнайы қалыпқа салып қайыстырады да, қас етектері мен қапталдардың астасатын тұстарын қуысқұлақпен тесіп, шегелейді. Шегені, әдетте, қаңылтырдан немесе жезден түтікше тәріздендіріп жасайды. Ердің орта ағашы әр уақытта таспамен жан-жағынан көктеліп орнатылады. Кейде қазақ ерлерінің барлық бөлшектері таспамен көктеу арқылы біріктіріледі. Қосылған ердің сыртын түрпімен, пышакпен, шыны сынықтарымен қырнап өңдейді. Қазақ ерінің жалпы қосылу технологиясында аймақтық ерекшеліктер байқалмайды, олардың ерекшеліктері пішіні мен әшекейлеу тәсілінде болып табылады.

Қазақстанның қай жері болмасын *әйел ерін* жасауға үлкен мән берген. Әйел ері мініс құралы ретінде, тұрмыс қажеттілігін өтеп қана қойған жоқ, ол халықтың эстетикалық талғамын, тіршілікке деген құлшынысын арттырды десек артық болмайды. Әрі ер-тоқым ұзатылар қыз жасауының басты бөлігі болды. Ұзатылар қызға, қыз ата-анасы аты шыққан ерші-ұсталарға, зергерлерге күншілік жерден келіп, немесе өз үйлеріне алдыртып тапсырыс берген. Жасалған ер-тоқым тапсырыс берушінің көңілінен шығып жатса ұстаны қадірлі қонақ ретінде күтіп сый-сыйпапат берген. Әйел ері қашанда сүйегі ауыр, әшекейі мол болып жасалатын. Әйел ерлерін жасауға ершілер өнерін, ал жасатушылар қаржысын аямаған. Әйел еріне керек жабдықтар тоқым, үзенгі, құйысқан, өмілдірік, жүген, айыл, тартпа бәрі бір ғана шебердің қолынан шығатындықтан, олардың ісі біркелкі болатын. Әйел ерінің алтындалған түрі өте сирек кездеседі. Күмісті темір бетіне шабу, қақтау, кіріктіру тәсілдері арқылы орындаса, алтындау әдісін жалату арқылы орындаған.

*Құранды ер* – 18-20 бөлек ағаш кесінділерінен құралып жасалады. Құранды ер жасау үшін терек, жиде, тал сияқты жұмсақ әрі мықты ағаштар қолданылады. Мұндай ағаштарға желім де тез сіңіп, жақсы желімденеді. Құранды ер бөлшектерінің өзіне тән атаулары болды. Алдыңғы қастың негізі болып табылатын оқпан - екі бөлік ағаштан құралады да қастың оң жақ, сол жақ беттерін құрайды. Оқпанның арт жағынан жапсырылып екі бетті біріктіретін бөлігін желкебасар десе, алдыңғы қастың бүркіт қабақтанған екі айыр басын қас, артқы қасын керсен дейді. Оның ортасы бір бөлек шабылады да, екі шетіне қанат деп аталатын қосымша қондырғылар желімделеді. Екі қасты қапталдармен ұштастыру үшін ердің екі жағынан ұзыншақтау қоспа ағаш



қиыстырылады. Ердiң үстiн жауып тұратын бөлiгiн орта немесе бел ағаш деп атайды. Алдыңғы қастың түбiнен қаптал басының үстiнгi жағынан кепiл ағаштар жапсырылады, ал, қас пен қапталдың аралығынан тiреуiштер қойылады. Ердiң мұндай толып жатқан бөлшектерiн бiр-бiрiмен бiрiктiру үшiн олардың астасатын жерлерiн алдын-ала тегiстеп бiрнеше қайтара желiм жағып кептiредi. Желiмделген бөлшектер әбден кепкенше ауыр нәрсемен бастырып немесе арнаулы қысқашпен қыстырып қояды. Ердiң негiзгi сүйегi әбден кепкеннен кейiн оған түгелдей тарамыс талшықтары араластырылған желiм үш қайтара жағылады. Әрбiр желiм қабаты көлеңке жерде кептiрiледi. Ал, қыстың күнi жылы үйде кептiредi. Жарылып кетпесiн деп күн көзiнге шығармайды, қыста отқа жақындатпайды. Сән iздеген серiлер мен ел әкiмдерiне тән құранды ерлер облыс музейлерi барлығының дерлiк коллекциясына енiп отыр. Ердiң сырты қалың былғарымен қапталып, алдыңғы қастың бетiне түрлi әшекейлер қондырылған.

**Қамшы.** Қазақтың ер-тұрмандарының құрамына қамшы да кiредi. Мұны кей жерлерде “атжүргiш” деп те атайды. Өйткенi қамшы негiзiнен көлiктi жүргiзу үшiн қолданылады. Керек болған жағдайда қамшы қару есебiнде де қолданылған. Сондықтан Ш.Уәлиханов қамшыны қару-жабдықтардың қатарына қосады. Қару есебiнде жасалатын қамшының сабы салмақты, өрiмi жуан және ұзын болумен бiрге, кейде өрiмге темiрден өзек салып дайындаған. Қамшы үш бөлiмнен, яғни сап, алақан және өрiмнен тұрады, әрқайсысы әр заттан жеке дайындалып барып бiрiктiрiледi. Қамшы сабын тобылғыдан, ырғайдан, тауешкi және ақбөкен мүйiздерiнен немесе елiк сирағынан жасайды. Оның қолға ұстайтын ұшын былғарымен қаптап, қайыстан бүлдiрге тағады. Кейде қамшы сабының сыртын түгелдей былғарымен қаптап, күмiспенде әшекейленетiн. Сабын толық күмiспен қапталатын қамшыны әйелдерге арнап жасаған. Еркектерге арналатын қамшының сабына темiрден бауыр салып, қайыс таспамен немесе жезбен орап тастайтын. Бұл қамшы саптарының әдемлiгiмен қоса берiктiгiн де арттыратын. Мұндай қамшыны халық арасында “сарала қамшы” деп атайтын. Алақаны ылғи қалың былғарыдан екi қабат болып жасалады. Алақаны қалың былғарыдан жасалады. Жалпақ жағынан өрiм ұштасады да екiншi жiнiшкерген ұшы саптың бауырына бекiтiледi. Қамшы алақанына сап пен өрiмнiң арасындағы дәнекер деп қарауға да болады. Қамшы өруге де шеберлер барлық өнерiн салған. Сабына елiктiң, киiктiң тұяғын, асыл тастар бекiтiлген күмiс құймалар орнатқан. Қамшының қазақтың тұрмысында қолданылатын аясы кең болған. Ат үстiндегi қазақ ешуақытта қолынан қамшы тастамаған. Қамшына қадiрлеп жоғарыға кереге басына iлiп қойған. Қыз ұзатқанда ата-анасы жасау ретiнде ер-тұрман жасатса, қамшыны қоса жасатқан. Сондай-ақ қазақ емшiлерi, бақсылары қамшыны емдiк құрал бiрi ретiнде шыншайтанды қумалау үшiн де қолданған. Ұл баланы алғаш ашамайға отырғызғанда, сүндет той жасағанда оған арнап бала қамшы жасатқан. Қамшы қазiргi таңда да өзiнiң қолданыстағы мәнiсiн жоғалтпай келедi. Қызылорда облысында үйiнiң төрiне немесе босағасына қамшы iлiп қоймайтын қазақ кемде-кем. Сыйлы азаматқа қамшыны сыйға тарту ата-баба дәстүрiнiң жаңғыры деуге болады.

## **2.6. Қару-жарақтар – жергiлiктi темiр ұсталары соққан бұйым ретiнде.**

Қазақтардың қару-жарақтары қоғамның экономикалық даму деңгейiне, көшпелi өмiр ерекшелiктерiне сәйкес өркендеген. Ол көршi халықтар мәдениетi, сыртқы елдермен болған сауда-саттық, жаугершiлiкке қатысты өзгерiп отырған. Дала халқының да өмiр сүру тiршiлiгi де көбiне осы қару-жараққа байланысты болып келген. Қарулану — соғыс өнерiнiң ажырағысыз бөлiгi. Қазақ халқы қару-жарақтар түрлерiн жетiлдiру мен дамытуда өз алдарында өмiр сүрген мемлекеттердiң, дала көшпелiлерiнiң iзiн басқанымен, өзiндiк ұлттық ерекшелiктерi болды. Кей қаруларға қазақи жалпақ тiлмен ат қойылуын, қаруларға қазақтың ұлттық ою-өрнектерiн қалыптау, зерлеу, күмiстеу, соқпалау, термелеу, орамалау, құю, шеку, өру, қақтау, кiрiктiру, дәнекерлеу әдiстерiмен соғуды ерекшелiктердiң бiр қыры ретiнде айтуға болады. АТМ- зере сауыт, қалқан, қылыш, қанжар, шоқпар, САТӨМ-де жергiлiктi Аралбай батырдың, ЖАТӨМ-де Бұхарбай батырдың қылыштары сақталған. **Қосымша: 2.6**

## 2.7. Киім-кешектер

Сыр өңірі қазақтарының киім жүйесінде аймақтық ерекшелік бар. Қыстың аңызак жел болуына байланысты бас киімнен ерлер тымақ пен құлақшынды, әйелдер бөкебайды кең қолданған. Кимешектің күндік ретінде төбе бөлігінің тағы бір қабат жаулықтың оралуына табиғат жағдайына байланысты қалыптасқан. Қазалы уезінде түйе шаруашылығының дамуына байланысты түйе жүні киімге кең қолданылып, одан шекпен, күртеше, кеудеше, бөкебай, шұлық тоқылды. Шекпен жаңбырда суды, жазда ыстықты, қыста салқынды жібермейді. Шекпен сатқанда жайып жіберіп, үстіне су төгіп көрсеткен екен.

Кимешектің кең тараған, әрі көне түрі – *орама кимешек*. Оның кейбір түрлері Оңтүстік Қазақстан мен Сыр бойының әйелдерінің басында әлі күнге дейін кездеседі. Ол үшін тұтас матаның төменгі бұрышы дөңгеленіп кесіледі де, жоғарғы бұрышы әйелдің бет-пішініне орай ойылып тасталады. Төбе жағына кейде тігіс түсуі де мүмкін. Сырдарияның төменгі ағысы бойын мекендеген қазақ әйелдерінің арасында кимешектің кең тараған түрі – бүрмелі кимешек, оның өзінің екі түрлі формасы бар. Бір түрінің бет жағы шаршы келіп, төменгі ұзын ұшы омырауға түсіп, төбесі жинақтала келе түйіліп, кейде-кейде оның үстіне бөрікше киіледі. Екінші түрінде матаны ұзыннан екіге бүктеп жартылай кесіп, оны қайта жалғай тігіп, тігісін арқасының суағар тұсына келтіреді. Оның алдыңғы жағы тура бұрышталып пішілген; төменгі ұзын жағы кеудеге түсіп, ал жоғарғы жағы бүктеліп, бетті екі жағынан қоршап тұру үшін басқа байлап бекітіліп қоятын болған, кейде арқа бөлігінің жоғарғы бұрышына төбешік бас киім бекітіп тігілген. Сыр қазақтары арасынан кездесетін кимешектің тағы бір түрін ұзындығы енінен екі есе ұзын матаның ұзын жағына екі шетінен бүктеп екі жағынан тігетін болған. Екі қабат матадан тұратын шаршының бір жағы кимешектің алдыңғы бөлігі, екінші ұшы артқы жағына түскен. Оның тігілмеген төменгі бөлігін кесіп, жарты шеңберлік түрге келтірген, ал жоғарғы бөлігінен бетке орын ашқан. Төбеге келетін бұрышты аздап кесіп соған қайтадан тігіп бекіткен, кішкентай жамау-төбені құраған. Сыр әйелдерінің кимешегінің ерекшелігі кимешек төбесінен, жоғарғы бөлігінен «күндік» қызметін атқаратын жаулық оралған. Күндік бөлігінің қызметі басты қыста суықтан қорғау, жазда ыстықты өткізбеу болып саналады. Бұл Сыр бойының қыста суық, жазды аптап ыстық болатын табиғатына байланысты қалыптасқан.

*Бөкебай* – әйелдер өздеріне шаршылап, кейде үшбұрыш немесе төртбұрыштап, әртүрлі үлгіде із салып, көбіне күлгін түсті түбіттен тоқитын қыстық бас киімі. Оны тоқудың қарға тұяқ, ирек, айшық, құстандай, бұрама деген сияқты көптеген түрлері мен үлгілері болады. Білтегішпен жиегіне селдіретіп немесе жиілетіп, тығыздап емшек салып тоқиды. Жаңа тоқыған бөкебайды жуып, керіп, кептіріп, үлпілдетіп түбітін шығарғанда, әрі жылы, әрі сәнді бағалы киім болып шығады. Бөкебайды жас әйелдер де, егде тартқандар да салады. Әйелдердің қыс кезінде басқа тартатын түбітті орамалын немесе жаулығын «бөкебай» деп атау тек Сыр өңірі қазақтары арасында кездеседі.

*Қамзол-жеңсіз-жадағай* – барқыттан тігілген әйелдердің көйлек сыртынан киетін сырт киімі. Қамзолды «жеңсіз», «жадағай» деп атау Қазалы, Арал өңірінде кездеседі. Қазалы, Аралда жеңсіз құда шақыру, кешірімге бару рәсімінде «киіт» ретінде міндетті түрде жүреді, жергілікті қазақтардың туыстық қатынастарды реттеу қызметінің ерекшелігін көрсетеді. Жеңсіз қазіргі кезде де орта жастағы және егде тартқан әйелдердің күнделікті тұрмыста киетін киімі деуге болады.

*Күртеше* – барқыт, масаты сияқты маталардан астарына шыт салып, ортасына мақта салып сырып тігетін қыстық киім. Балаларға гүлді масатыдан, ал ер адамдарға шибарқыттан, әйелдерге түрлі-түсті масатыдан тігу қалыптасқан.

*Мәсі* – Сыр өңірінде кәрілер арасында кең қолданылатын, теріден тігілген аяқ киім. Мәсі сыртынан киетін кебісті етікшілерге тапсырыспен жасатқан. Қазіргі кезде де ауыл арасынан мәсі, кебіс киген адамдарды жиі кездестіруге болады.

*Партаубай етік* – балықшылардың қара былғары етігі. Сырдың сулары ащы, тұзды

болғандықтан қонышын санға дейін жететіндей етіп, қатты көн теріден тігеді.

Сыр қазақтарының киімдер жүйесінің аймақтық ерекшелігін музей коллекциясындағы бұйымдар нақтылайды. Ал киім-кешектерді зергерлік бұйымдармен әшекейлеу қазақ халқының материалдық мәдениетінің ерекше бітімінің көрінісі.

### **2.8. Зергерлік бұйымдар, Қызылорда облысы қазақтарына тән ерекшелігі.**

Жергілікті музейлерде сақталған зергерлік бұйымдарды ерлер, әйелдер және балалар әшекейі деп бөлуге болады.

Қазақ қоғамында киімнің қымбатын әйел киген, әшекейдің сәндісін әйел таққан десек артық болмайды. Зергерлердің ең көп жасайтын бұйымдары қатарына әйелдерге арналған әшекейлер жатады. Әйел әшекейлері тек сән-салтанат үшін ғана емес, әдет-ғұрып, наным-сенімге де тікелей қатысты болғандықтан кез-келген әлеуметтік ортаның өкілі өз хал-қадіріне қарай әр-түрлі әшекейлер иемденуге, оларды тағуға тырысқан. Әшекейіне қарай әйелдің жасын, әлеуметтік тобын, қай аймақтан екендігін ажыратуға болады. Мысалы, ауқатты отбасынан шыққан әйелдің әшекейлерінде бағалы тастардан көз салынған алтындалған әшекейлер мол болды. Олар күрделі көркемдік шешімдерімен, техникалық жағынан мінсіз орындалуымен ерекшеленді. Бай әйелдері зергерге бірыңғай нақышта жасалған әшекей бұйымдарының толық жинағына тапсырыс бере алды. Ал, ауқатты отбасынан шыққан қыздар самағы үш келіден кем түспейтін күміс әшекейлер тағынды. Зергерлік әшекейлердің саны мен сипаты әйел жасына орайлас келді. Мысалы, пішіні жағынан кіші, қарапайым әшекейлерді жасөспірім қыздар тақты. Қыз бойжеткен сайын ол тағынған әшекейлерде өзгеріп, көркемдік нақыштары көбейе түскен. Ал, тұрмысқа шыққаннан кейін әйел әшекейі біртіндеп азайып, жасына қарай басқа нақыштарға ауысты

*Өңіржиек* — кеудеге шынжыр арқылы тағалатын, кеудені жауып тұратын қымбат алқа түріндегі әшекей. Өңіржиекті көбіне ауқатты үйдің қызы немесе жас келіншектері таққан. Өңіржиек бір-біріне шығыршық арқылы ілінген бірнеше төртбұрышты немесе дөңес бөліктерден тұрады. Өңіржиектің әр бөлігі сіркелеу, сымкәптеу, алтындау, тастар орнату әдістерімен әшекейленеді. Мұндай әшекейлер әбден жұқартылған және қуысталған күміс қабатынан жасалады, арасына ақ балшық толтырылады. Төменгі бөлігіне сыңғырлауық қоңыраулар, құйма тістер орнатылады. Өңіржиектердің ҚОТӨМ-де экспозицияланған, аудандық музейлерде сақталмаған. ҚОТӨМ-дегі өңіржиек аса сәнді, сымкәптеу, сіркелеу әдістерін қолданған.

*Алқа* — бірнеше бөлік асыл тастар, түрлі-түсті шыны көздер орнатылған, топсалы шынжыр арқылы тағылатын мойын әшекейі. Алқаны жасөспірім және бойжеткен қыздар тағынған. Алқаны жергілікті жерде *жырға* деп те айтады.

*Тамақша* — барқыт сияқты матаны сырып тігіп, бетіне моншақ, түрлі асыл тастарды тізген немесе түрлі күміс құйма, майда пластинкалар қадаған, мойынға тағылатын әшекей. Тамақшаның үш, төрт бөлек, топсалар арқылы бір-біріне бекітілген түрі сирек болса да ел арасында кездеседі.

*Білезік* — әйелдерге арналған әшекейдің ең көп кездесетін, әрі күнделікті қолданатын түрі. Оны қыз-келіншектерде, орта жастағы әйелдер мен үлкендер де білегіне салады. Білезік алтыннан да, күмістен де соғылған. Білезіктердің үлкен-кішілігі, ауыр-жеңілдігі әркімнің өз қалауынша болды. Білезіктердің аталу түрлеріне қарай, олардың бетіне жүргізілетін өрнектер де түрлі болды:

*Қос білезік* — жалпақ бауырлы тұтас келеді де үстіңгі беті қатарласқан қос жұмыр болады. Бұған көбінесе “сыңар өкше”, “ырғақ”, “бұрама”, “көз” өрнектері салынады.

*Бес білезік* — бауыр сырты жалпақ, сағат бау тәрізді, топса арқылы бекітіледі. Топса арқылы білезіктің екі басы бір-біріне бекітіледі. Білезікке жынжыр арқылы қол үстінен өтетін үзбеге бекітілген үш немесе екі сақина орнатылады. Бес білезікті қолға тағарда алдымен сақинасын киіп алады. Бес білезікке асыл тастардан түрлі көздер орнатылып, “ирек”, “мүйіз”, “құсқанат”, “бөрікұлақ” сияқты күрделі оюлар сымкәптеу

тәсілі арқылы орнатылады. Топсалы бес білезіктердің айтарлықтай әдемі түрлері де ҚАТӨМ-де сақталған.

*Жұмыр білезік* — кісінің қалауынша жуандығы әр түрлі етіліп, құйма тәсілімен жасалады. Жұмыр білезікті кейде қолдың басынан білекке қарай киілетін етіп, екі басын түйістіріп жасайды. Жұмыр білезікке ою-өрнектер сызу және шеку әдістері арқылы түсіріледі. Жұмыр білезіктің жез қосып балқытылған және күмістен жасаған түрлері көптеп кездеседі. Мұндай білезіктерді көбіне егде тартқан әйелдер басының сақинасы ұстаған кезде (мигрень), қан қысымы көтерілген (давление) уақытта көмектесіп тұрады деп түсінген. Жұмыр білезіктер ҚОТӨМ, АТӨМ, FMMM, ЖТӨМ-ДЕ

*Қарала білезік* — күміс бетіне қара жүргізу әдісімен жасалған білезік түрі. Оны “кавказ білезік” деп те атайды. Себебі, қарала жүргізу әдісі кавказ халықтары шеберлерінен келген деген мәліметтер бар. Қарала білезіктерге көбіне “ирек”, “гүл”, “жапырақ”, “бұрыш” өрнектері және “ай”, “жұлдыз” сияқты космогониялық өрнектерде салынады. Бұл білезікті де көбіне орта жастағы және егде тартқан әйелдер таққан..

*Өрме білезік* — жуан алтын, күміс сымдардан өріп құрастырылып жасалған түрі. Мұндай білезіктердің екі жақ басы алақан сияқты тұтас келеді. Осы алақан бетіне “қазтабан”, “жүрекше”, “қос ырғақ” өрнектері сызу арқылы жүргізіледі. Мұндай білезіктерді жас қыз-келіншектер таққан.

*Топсалы білезік* — ортасынан екіге қайырып ашылады, екі басы топса арқылы түйістіріп жабылады. Білезіктің екі ілмек, тиек арқылы жалғасады. Топсасы мен білезікке кигізілетін ілмек білезік бауырына нәзік тоқылған шынжыр арқылы жалғасады.

Білезіктің ел арасында *үзбелі білезік, қолқа білезік, бұрама білезік, көзді білезік, орама білезік* сияқты түрлері және 4 жас пен 10 жас аралығындағы қыз балалар қолға тағатын *бала білезіктер* де кездеседі.

*Жүзіктер мен сақиналар* қазақ зергерлерінің әйелдерге арнап ең көп жасайтын әшекей түрі. *Сақиналар* көбінесе күмістен, кейде алтыннан да жасалды. Сақина бетіне шапқымен шеку, бізбен безеу әдісімен орындалатын түрлі ою-өрнектер жүргізілді. Қарапайым сақиналарды егде тартқан әйелдер салса, көзді сақиналарды көбіне жас қыздар салды. Орта жастағы және егде тартқан әйелдер көбіне жүзікке араб әріпімен өз аттарын жаздырып алып отырған. Мұның мәнісі бұл өмірден өткенде сақинамды келінім немесе қызым алып, атымды оқып, көзімдей көріп жүрсін деген мағынаға саяды. Сақиналардың *тасты сақина, кавказ сақина, ырғақ сақина, моншақты сақина, бұрама сақина* сияқты түрлері кездеседі. Ал, жүзікті қазақтар кейде *балдақ* деп те атайды. Сақина мен жүзіктердің киелілігі мен қасиетіне сену ғұрпы қазақтар арасында кең тараған түсінік. Әдетте, қазақтар әйелдің қолында не жүзігі, не сақинасы болуы керек деп санаған, ол болмаған жағдайда дайындаған тағамын арам деп білген. Күмістен сақина, жүзік салған әйел қолынан сусынды келген қонақ адал деп, сүйсініп ішкен. Халық арасында тасты және шыны көзді сақиналар кеңінен тараған. Ал, символды түрде күнді бейнелейтін шеңбер формасындағы сақина, жүзіктертердің өрнегі мен түрлерінің көркемдік құрылымы мен гармониялық үйлесімділігі көзге түседі.

*Құдағи жүзік* — іші қуыс етіп жасалған, өте көлемді, аса сәнді жүзік. Құдағи жүзіктің бауырында екі саусаққа қатар киілетін екі сақинасы болады. Кейбір құдағи жүзіктерде бір ғана сақина болады. Әдетте, мұны ұзатылған қыздың енесіне және күйеу жігіт шешесі құдағиына тарту ретінде бір-біріне арнайы соқтырады. Қыз шешесі қызымды өз қызындай көріп, аналық мейірімінді төгіп жүр деген ниетпен, күйеу шешесі жақсы қыз тәрбиелегеніне рахмет, бізге тастай батып, судай сіңіп келе жатыр деген ниетпен, той өткеннен соң бір жылдың ішінде тарту ететін кәделі дәстүр. Ал, екі саусаққа қатар киілетін сақинасы екі баламыздың жұбы жазылмасын деген мағынаны білдірген. Мұндай жүзіктер төрт саусақ сыртын түгел жауып тұрады. Құдағи жүзіктерді де көбіне ауқатты құдағилар бір-біріне тарту ете алған.

*Құстұмсық жүзік* — аты айтып тұрғандай құстың тұмсығы сияқты бір ұшы үшкірленіп жасалған жүзік. Құстұмсық жүзіктерге сымкәптеу, сіркелеу, алтындау әдістері

арқылы түрлі геометриялық және өсімдік тәріздес оюлар салынған. Бұл жүзікті ертеректе тұрмысқа шықпаған қыздар салған. Ол “құстай ерікті” деген мағынаны білдірген. Ұзатылар уақытта болса артынан ерген сіңілісіне салған, немесе өзі тағып кетіп, барған жерінде қайын сіңілісі болса, тарту ретінде соның саусағына салған. Көбіне келіндер қыз күнінде саусағына салған құстұмсық жүзігін сақтап, кейін өзінің қызының немесе немересінің қолына салған. Сөйтіп, құстұмсық жүзік анасынан қызына мұрагерлікке қалып отырған.

*Отау жүзік* — сақина үстіне шаңырақ немесе күмбез тәрізді етіп, күміс сымды бұрап, орау арқылы жасалған жүзік. Бұл жүзікті жана түскен келінге енесі “отауың берік, шаңырағың биік болсын”, - деген мағынада салған. Келін енесі салған отау жүзікті тек өзінде сақтаған, оны ешкімге бермеген, сыйға тартпаған.

*Шолпы* — әйел әшекейлері ішіндегі ең сәндісі. Қазақтар арасында оның түрлері көп тараған. Шолпыны сән-әшекей ретінде, әрі оның салмағынан шаш ұзын болып өседі деп таққан. Кеудесіне өңіржиек, шашына шолпы таққан қыздың мойыны құрықтай болып өскен, бойын тік ұстаған. Шаш қашанда қыздың сұлулығын білдіріп, тіпті оның тартымдылығы мен сымбаттылығының белгісі ретінде қабылданған. Шолпы жіп арқылы шаштың, яғни бұрымның ұшына ілінеді. Бұлар көбінесе қос тоғыз теңгелердің тізбесінен құралады. Теңгелер бір-біріне жоғарыдан төмен қарай жалғанады. Шолпының сым үзбелер арқылы жалғасатын, ортасына асыл тастар орнатылған түрлері де кездеседі. Кей өңірлерде күміс теңгелерге ұқсас дөңгелек пластинакаларды құйып жасап, содан жүргенде сыңғырлайтын күміс майда қоңыраулар орнату әдісі қалыптасқан. Қазақта “сыңғырлаған күлкісіне сылдырлаған шолпысы үн қосар” деген сөз бар. Шолпының қыз тәрбиесінде алатын маңызы да зор. Анасы қашанда қызына “қатты жүгірме, оқыс қозғалма, шолпың қатты сыңғырласа сені әдепсіз қыз дейді”, - деп отырған.

Шолпыны қазақ салтында қыздар мен жас келіншектер таққан. Егде тартқан әйелдерге шолпы тағу ерсі болған. Шолпының ел арасында *қоңыраулы шолпы, қозалы шолпы, қос үзбелі шолпы, көзді шолпы, маржанды шолпы, шашбау, шаш теңге* сияқты түрлері кездеседі. Қазақтар арасында “адам жанының бір ұшы шаш арасында мекендейді”, - деген наным қалыптасқан, сол себепті де қоңыраулы, сылдырмақты шолпыны шыншайтанды, бәле-жаланы маңайлатпайды деген сеніммен, ырымдап та үнемі тағып жүрген. Шығыс пен Орта Азияның басқа да халықтарындағыдай қоңырау сыңғыры қара ниетті күштерді үркіте алатын күшке ие. Айта кету керек, кейде бұрымға тағылған шолпы шашбаулардың салмағы үш келіге дейін жеткен, сонымен ол қыздардың жүрісі мен бойын тік ұстау мәнерін қалыптастырған. Ал, күміс теңгелер аяқ басқан сайын сыңғыр қағып, қыздың мінез-құлқы мен тәрбиесінен хабар берген.

*Белдік* — қыз-келіншектерге тән, қамзол сыртынан бел тұсына тағылады. Әйел белдіктерінің негізгі дені барқын, шұға, зер маталардан тігіліп, қапсырма арқылы бекітілген. Белдіктердің өн бойына бетіне ою-өрнек жүргізілген күміс немесе алтындалған құймалар бекітілген. Бетіне қарала жүргізілген құймалар қондырылған белдік түрлері де сақталып қалған. Сондай-ақ, құймалар бетіне түрлі тастар, түрлі-түсті шынылар орнатын сәндеген белдік түрлері ҚОТӨМ-де сақтаулы. Ал, Арал музейінде әйелдің алтын белдігі өте сирек кездесетін қымбат, әрі құнды мұра, оның жасалу технологиясы аса күрделі, оны сымкәптеу, сіркелеу әдісімен жасаған, әрбір бөлігі топса арқылы жалғасқан.

*Шекелік* — Қазақстанның батысы мен оңтүстігінде, соның ішінде Сыр өңірінде өзіндік пішімін сақтап қалған самайлық әшекей. Шекеліктің барлық құрамдас бөліктері - қалыпқа құйылған күн бедерлі белгілері мен қиықша тәріздес пішіндері әсемдік сымдармен жалғанып келіп, шілтерлі қондырғы құрайды да, ұзынша түзу өзекке бекітіледі. Шекелікті тақия, бөрік сияқты бас киімдерді кигенде екі самай тұсқа іліп тағады.

*Сырға* — қыздар, жас келіншектер құлаққа үнемі тағып жүретін әшекей. Орта жастағы және егде тартқан әйелдер кебіне кимешек кигеннен, құлағымыз көрінбейді деп көбіне сырға салмаған. Сырғаның *айшықты сырға, ай сырға, қозалы сырға, тасты сырға,*

*алтынды сырға, қарала сырға, төлме төбе сырға, салпыншақ сырға, сабақты сырға, шашақты сырға, қоңырау сырға, күмбезді сырға* деген түрлері болған. Сырғалардың атаулары, негізінен, олардың сыртқы көрінісіне, қандай металдан жасалғандығына немесе жасалу тәсіліне қарай қалыптасқан. Мысалы, ай сырғаның іші ойық, жарты айға ұқсайды. Сымнан семделген шығыршық сырғалардың құрылымы күрделі болғанымен әр қилы. Зергерлер сырғаның тартымды жасалуына қатты көңіл бөлген. Кәдімгі сырғаның өзінің де әуел баста кісіге медеу болатын киелілігі бар деп қабылданып, ежелгі заманнан бері оны қыздарға бала жасынан тағатын болған.

*Қапсырма* — қамзол, шапан сияқты сырт киімді қаптырып кию үшін қадалады. Кей өңірде қаптырма деп те атайды. Қапсырма екі бөлек жасалады да, бір-бірімен ілгек арқылы жалғасады. Қапсырманың екі бөлегінің сыртына салынған ою-өрнектері, орнатылған тастары да, формасы да бірдей болады. ҚӨТОМ қорында сақталған қапсырманың ерекше түрі үш түрлі бөліктен тұрады. Үш бөліктен тұратын қапсырмалар өте сирек кездеседі. Олардың әрқайсысының астыңғы ілгектерінен шынжырлы салпыншақтар және екі шеткісінің жанынан қос шынжыр ілінген. Қапсырмалардың сымкәптеу тәсілі арқылы оймалы өрнектермен сәнделіп, ортасына асыл тастар орнатылатын өте күрделі, әдемі түрлері де кездеседі. Балық, қошқар, мүйіз, ұшқан құс, гүл жапырағы, шығыс қияры, күн, жұлдыз, ай тұрпатында болып келетін қапсырмаларда көп түрлілігімен ерекшеленеді. Бұлардың формалық мәнділігі өрнектелу ырғағының салдарлылығы, көркемдегіш желілерінің тазалылығы және композициялық құрылымының үйлесімділігі, әрі тиянақтылығы арқылы ашылып отырады.

*Тұмарша* — мойынға шынжыр арқылы немесе түйреуіш арқылы тағылатын әшекей. Оны зергерлер күмістен бұрыштап, немесе жұмыр түтікше тәріздендіріп, ішіне оқылған дұға салып қоятын ортасын қуыс етіп жасаған. Мұндай ішіне дұға салынатын тұмарларды жасау ислам дінінің кеңінен етек алуына байланысты ХІХ ғ. екінші жартысынан бастап өріс алған. Тұмар адамды бәле-жаладан, тіл-көзден сақтайды деп білген. Сондай-ақ, тұмаршалардың ортасы қуыс емес, бірақ үш бұрышты етіп, көз тиюден сақтайтын қасиеті бар, ақық, перезе сияқты тастарды орнатып жасаған түрлері де көптеп кездеседі. Тұмаршаның қасиетіне сеніммен қараған халық, оны баланың бесігіне ілген, шошынып, жаман түстерді көп көретін адам жастықтың астына қойып ұйықтаған.

Үкі аяқ — үкінің тырнағын күміспен қаптау арқылы жасалған, кеудеге шынжыр немесе түйреуіш арқылы қадалатын әшекей. Үкі аяқты тұмардың бір түрі деуге болады. Тұмарларға құс тұяғын, аң сүйегін, азу және сойдақ тістерін, жыланның бас сүйегін, ұлу тұқымдастарының қабыршақтарын салудың әдісінің түп-тамыры бағзы замандарда жатыр деуге болады. Қазақтар ислам дінін қабылдағанымен ІХ-ға дейін ата-бабаларымыз тұтынған шамандық, тотемдік дін қалдықтары қазіргі кезеңге дейін өмір сүруде. Қазақтар өздерінің діни наным-сенімінде жыртықш құстар мен аңдардың сүйектері киелі зат ретінде өзіме күш-қуат береді, пәле-жаладан, көз-сұқтан, төтенше қауіп қатерден сақтайды деп түсінген. Бізге келіп жеткен дәстүрлі үкі аяқтар, бір қырынан алғанда адамзаттың бір кездегі наным-сенімінің пластикалық тілде баяндалуы болып табылады.

*Түймелер мен таналар* — сырт киімге тағылатын, зергердің әйелдер үшін ең көп жасайтын әшекейі. Түймелердің формасы үлкенді-кішілі, ою түсірілген күмбез тәрізді екі жарты шарды бір біріне бекіту арқылы іші қуыс етіп жасалған түрлері көп кездеседі. Олар *торсылдақ түйме* деп аталады. Шағын түймелерді, көбінесе асыл тастарды тесіп, оған күміс өткізу арқылы, кейде түсті жұмыр тастарды күміс қоршалауға орнату арқылы және күміс сымды ширатып дөңес формаға келтіру арқылы жасай берген. Ал *таналарды* дөңгелек күміс паластинкаларға бедерлі ою салып, қарала жүргізіп немесе тастар орнатып, оның бетін сіркелеу әдісімен әшекейлеп те жасаған.

*Түйреуіш* — көйлектің тік жағасының кеуде тұсына, тік жағалы қамзолдарға, шылауыштың төбесіне, етегіне түйреп тағатын, әйелдің жас ерекшелігіне қарамай таға беретін әшекейі.

Жергілікті өзгешеліктер оның жасалу, әшекейлеу тәсілінен де, көлемінен де, сыртқы мүсінінен де байқалады. Түсінің ашық сарылығымен ерекшеленетін стильдік белгілер Оңтүстік Қазақстан, Сыр өңірі әшекейлеріне тән. Бір әшекейдің өзінде қызыл маржан, жасыл хрезопраз, көгілдір ақық, сары ағат тастар бар-бірімен үйлесім тауып жататын дүниелер кездеседі. Әшекейдің композициялық құрылымының байлығын көрсететін үзбелі, шашақты, моншақты салпыншақтар оңтүстіктік бұйымдарда эстетикалық роль атқарады. Үзбелі шынжырлардың түрлі ұзындықтағы қоңыраушалары әшекей үшін үнемі пайдаланылып отырады. Сымды орамалау арқылы қоңырау пішішіне келтіру, конус тәрізді салпыншақтар, көз сырты жиектелген асыл тасты сәнді алқалар жасау, ортасы селдір шыншырлы медальон өндіру секілді зергерлік әдіс-тәсілдер де Оңтүстік Қазақстан әшекейлерінен айырықша көрініс тауып жатады. Бұл топқа енетін әшекейлердің қазан татарлары, башқұрт, қырғыз зергерлік әшекейлерімен де ұқсастық жерлері бар. Сондай-ақ, ежелгі үйсін кезеңіндегі зергерлік бұйымдармен де жақын. Бұлардың ортақ көркемдік белгісі түрлі асыл тастардың реңктік үйлесімінен туындайтын ашық сары түстің құлпырымы болып табылады. Үш бұрышты тұмаршаның екі бетіне де өрнек қалыптау тәсілі арқылы түсіріледі. Тұмаршаның үш бұрышты ортаңғы бөлігі әдетте дөңестеніп шығыңқы жасалады да, үстіне түрлі-түсті шыныдан немесе ақықтан көз қондырылып, жиектері эмальды нақышпен көмкеріледі. Қалыптау арқылы ойық түсірілген алтын жалатпалы бөлігіне біріне-бірін тізбектей сыртын зерменен бекітіп, ұсақ ақық көздер орналастырылады. Бедерлердің ойыңқы, шығыңқы ырғақтары, алтын жалатпаның жылтылы, ірілі-ұсақты тастардың көрнекті көрінісі, зер оралымдардың әсемдігі әшекейді тартымды көрсетеді. Әшекейлердің осындай түрлерінің көркемдік белгілерінде өзбек, түркімен әшекейлерінің ұқсастық белгілері де кездеседі.

Қалыптау, бедерлеу әдісінде жасалатын әшекейлердің ортақ көркемдік белгісінің бірі мүсіндік форманы пайдалану болып табылады. Қалыпқа құйылып жасалатын әшекейлерде өрнектердің нұсқасы типылдау, ал бедерлеп салынғандары шамалы бұдырлау болып келеді. Бедерленетін бұйымдардың негізі күміс, қола, мыс, темір түрінде болады. Әшекейлердің бұл түрлерінің де форма мен өрнек үлгілерін тудыру мүмкіндіктері мол. Қалыптау тәсілі арқылы жасалатын әшекейлердің кейбір орнықты көркемдік түрлерін археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған зергерлік бұйымдармен сабақтастық бар. Бұларға түп төркіні ежелгі скиф, сақ кезеңінен басталатын гриф нұсқасында болып келетін қапсырмалар жатады.

*Ерлер белдіктері: кемер белдіктер, деңменттер.* Ерлер белдігінің сол мұрасы ҚОТӨМ-де сақталса, АТӨМ, FMMM, ЖТӨМ-де аздаған нұсқасы сақталған. XIX-XX ғ-ң басында Сыр өңірінен түсірілген тарихи фотоқұжаттар жергілікті ер азаматтардың белдік соқтыруға ерекше мән бергендігін дәлелдейді. Ерлер елдігінің күмістері құйма әдісімен жасалған.

### **3 Жергілікті шеберлер шаруашылық бұйымдар жасаудағы ерекшелігі**

Кез келген өндіруші шаруашылық, мал шаруашылығы немесе егіншілік қолөнер кәсіпшілігінің бұйымдарынсыз дамуы мүмкін емес: мал шаруашылығы үшін ер-тұрман, ат әбзелдері, малды ұстайтын, байлайтын, құрықтайтын жабдықтар, егіншілік үшін жерді жыртатын және тырмалайтын, астықты жинайтын және өңдейтін құралдар, аңшылық пен балықшылық үшін олжаны аулау, қолға түсіру түрлі құрал-саймандар қажет. Күнделікті өмірі мал шаруашылығымен байланысты болған қазақ тұрмысында қолданылатын құрал-саймандар өте көп: ер-тұрман, ат әбзелдері, тұсау, шідер, арқан, қамшы, бәкі, пышақ, үзеңгі, таралғы, кездік, іскек, таға, ошақ, мосы, қышқаш, қырықтық, қазық, ашамай, ыңыршақ, атшеге, ауыздық, айылбас, тартпа, мұрындық, сірге, кісен, шәңгек т.б. Мал шаруашылығына қажетті бұйымдарды жергілікті темір ұсталары, ағашшылар жасаған. Қызылорда облысы музейлерінде аңшылық құралдарының ең көп сақталған түрі - аңшылық қақпандары. Бұл Сыр өңірінде аңшылықтың қақпан құрып аулау әдісінің ең көп тарағандығын, әрі қақпан құру аңшылықтың ең байырғы әдісі екенін дәлелдейді. Қазақ аңшылары оның бала қақпан, қазақ қақпан, тісті қақпан сияқты түрлерін пайдаланған.

Егіншілік құралдарын темір ұстасы мен ағашшылар жасаған. Темір ұстасы қол орақ, орақ, шалғы, соқа, шойынтіс, теміртіс, күрек, кетпен бастарын соқса, ағаш шеберлері, ағаш соқа, кетпен, күрек саптарын, шығыр, шығыр шелектерін, ағаш тырма, мойынтұрық, жел диірмен ағаш құрылыстарын жасаған. Соқа, тырма т.б. ағаштан жасалатын құралдарға ойық, тесік жасау үшін *ағаш тесер* құралын пайдаланған. Ағашшының бұл құралы облыста тек СТӨМ-де сақталған.

Балықшылық дамыған өңірлерде қайықты негізінен ағашшылар жасаған, ал, шаньшқы, сүнгі, мұз ойғыштарды темір ұстасы соққан. Ал, ау, сеткі, сүзекі, жадыра, қармақ, мардан сияқты құралдар-жабдықтарын балықшылар үй кәсіпшілігі реінде өздері жасай берген.

#### **4 Қолөнер шеберлерінің құрал-жабдықтары**

Қазақ зергерлері әр түрлі құрал-саймандарды пайдаланған. Зергер өз құрал-сайманын болса ұлына мұрагерлікке қалдырып отырған. Әрбір құрал-сайманды өзінің атқаратын қызметіне орай пайдаланды.

*Көрік* — көмейдегі отты үрлейтін түйенің мойын терісінен немесе ешкінің терісінен иленіп, ыңғайланып тігілген зат. Жергілікті қазақтар арасында екі түрлі көрік кездеседі; біріншісі, иленген ешкі немесе қой терісінен жасалып, конус тәрізді қапқа ұқсаса, екіншісі сиыр терісінен жасалған түрі. Көріктің ауызында “күжі” деп аталатын тас болады. Көріктің үстіңгі қақпағының ортасына төрт бұрыш тесік шығарылып, іш жағына былғары немесе құрым теріден тіл орнатылады. Көріктің мойыны ағаштан істеліп, ішін ойып, тесіп қуыстай жасайды да, жүні қырылған тақыр терімен көрікке жалғастырылады. Көріктің үстіңгі бетіне қолмен ұстайтын тұтқа қайыс отырғызылады. Қос көрікті пайдаланатындар да бар. Оның аузында екі аша ағаш болады, жел шығар жері біреу. Көріктің ұстайтын “құлақшынын” қайыстан басады. Көрікті қазақ “киелі аспап” ретінде қастерлейді. Көрік тұрса үстінен аттамай, айналып өткен. Келесі бір ұстаның көрігімен іс істейтін болса, көрікке алдымен ақтық байлаған. Бұл істің сәтті аяқталауын қалау болса, бір жағынан көріктің “киесінен” қорқу есебінде орындалған ғұрып. Көрік маталды балқыту үшін қолданылған. Сондай-ақ, қазақтың бақсы балгерлері ақсаған адамды көрікпен қорқытып емдеген. Көрек облыстың барлық музейінде дерлік кездеседі.

*Қолкөрік* – ұстаның немесе зергердің тапсырыс берушінің үйіне өзімен бірге алып баратын көрігі. түпнұсқасы САТӨМ-де сақталған.

*Талыс* — ірі қара малдың немесе жылқы, тайыншаның бас терісінен тігілген, зергердің құрал-саймандарын салып алып жүретін дорбасы.

*Төс* — қатты шойыннан, шар болаттан жасалған, ағаш тұғырға қондырылған аспап. Төс темірді көріктің оң жағына орнатады. Төске салып соғу, ию, кесу, шабу, тесу, шыңдау, қақтау, пісіру, бұрау сияқты түрлі әдістермен, әр түрлі металды қыздырып, немесе су күйінде өңдеуге болады. Төстің құстұмсық төс, домалақ төс, шың төс деген түрлері болады. АТӨМ-де сақталған.

*Қысқаш* — отқа қызған металды ұстайтын құрал. Қысқаш түрлері: “жадағай” – темір ұстауға, “таңдай” шеге суыруға, “қуыс тұмсық” жуан темірге қолданылады. Құс тұмсық, біз тұмсық, шымшық тұмсық, кемпір ауыз деген түрлері де бар. АТМ, АТӨМ, САТӨМ.

*Оқбақыр* — ақ темірден, сол жақ ернеуі сүйірлеу келген, су ағары бар, қорғасын, қола, үре күміс, алтын қорытатын құтқалы ыдыс. Саз балшықтан балшық илеп, пышақты тығып, суын табу үшін суырады. АТӨМ.

*Қауашақ* — жұқа қаңылтыр немесе саз балшықтан жасалған науа тәріздес ыдыс. Қауашаққа маталды құйып, суыған соң, шығарып алып, әрі қарай өңдейді. АТӨМ.

*Шаң балға, қадау балға* — күміс кесегін, төске қойып жалпақ формаға келтіру үшін соғатын сайман. АТӨМ.

*Шымшуыр* — металды дәнекерлеген кезде қысып ұстайтын көмекші құрал. АТӨМ.

*Үгіндірік* — үгітінділерді және көмірді көсеуге арналған құрал. АТӨМ.



*Шекіме* — асыл болаттан соғылған, екі жүзі шапқы тәрізді балға. Қақталған күмісті темірге бекіту үшін, бедер салу үшін қолданылады. АТӨМ.

*Искенже* — ұсақ бұйымды, кепсерді егеген кезде қысып ұстайтын шағын атауыз. АТӨМ.

*Таразы* — бағалы металды, химиялық қоспаларды өлшейтін аспап. АТӨМ.

*Сымтартқыш* — алтыннан, күмістен зер жасау үшін жіңішке сым тарту үшін керекті аспап. Аспапта жуаннан жіңішкеге дейін бірнеше сым тартатын тесіктер болады. АТӨМ.

*Кескіш* — темірді, түсті металды белгілі-бір формаға келтіру үшін керекті құрал. АТӨМ.

*Жыланкөз* — әсемдік үшін жасалған заттардың бетіне мәнер салу үшін қолданылатын аспап. АТӨМ.

*Зауыт* — алтын, күміс тағы басқа металдарды қорытатын ыдыс. АТӨМ.

*Жорға біз, шимай біз* — безендіру үшін ою-өрнек сызатын аспап. АТӨМ.

*Қадаубас, Торғай ауыз* — зергердің қызған немесе отқа салып қыздырған кезде темірді ұстауына пайдаланылатын тар ауызды қысқашы. АТӨМ.

*Нақыш салғыштар* — ұзындығы 8-9 см. болатын жарты ай, жұлдызша, дөңгелек сияқты әртүрлі үлгіде қайралған болат таяқшалар. АТӨМ.

*Түртпе* — шапқы тәрізді, ұшы қиғаш қайралған балғамен қуалай соғып, металл бетін түзу, қисық сызықтар түсіруге қолайлы құрал. АТӨМ.

*Түтік* — нәзік сымды дәнекерлеген кезде шоқты ауызбен үрлейтін конус тәрізді жез түтікше. АТӨМ.

*Бізділдік* — “безеу біз”, кейде “мың ырғақ” деп атайды. Ұшы қашау тәрізді қайралған болат біз. Металға батыра, ырғай отырып өрнектің өресін толтыруға арналған аспап. АТӨМ.

*Егеу* — құйма бұйымдарды, пластинкаларды, сондай-ақ, білезік жиектерінің қырларын қол кеспейтін етіп өңдеу, түзеу үшін қолданылады. Оның үш қырлы, төрт қырлы, жалпақ егеу, сопақ егеу деген түрлері болды. АТӨМ. FMMM.

*Ысқыш* — киіз қиындысы. Оны бұйымды жалтырату үшін ысқылауға пайдаланған. *Саусақ қалып* — сақина, жүзіктің бауырын түзетуге арналған, бір жағы сүйір болаттан жасалған сайман.

*Қалып* — бедерлі өрнектері бар болат таяқша немесе балқыған металды құйғанда белгілі-бір форма беретін қорғасынан, мыстан жасалған аспап.

*Үкіаяқ қалып* — бізге дейінгі келіп жеткен мәліметтер бойынша, XIX ғ. пайда болған. Үкі тырнағының бейнесін беретін күміс екі құйманы бір біріне қаратып, ортасына тырнақ ұшы сиятын қуыс қалдыра бекітіп, тұмаршалар, шаштеңгелер, шекеліктер үзбесін жасайды.

*Сырға қалып* — үлгіге салып, сырға соғу өнеріне қолданылады.

*Тұмар қалып* — үшбұрышты түрлі тұмарлар жасауға қолданылады.

*Тамшы қалып* — тұмар, үкіаяқ, алқа, шекелік, шолпы әшекейлеріне ілінетін салпыншақтар үлгісін береді.

*Құсқанат қалып* — сәукенің шұбыртпасын, күлдіреуішін жасау үшін қолданылады.

*Құстұмсық қалып* — қыздардың құстұмсық жүзігін қалыптан құйып дайындау құралы.

*Тана, түйме, сақина қалыптар* — аты айтып тұрғандай әйелдің тана, түйме, сақина сияқты әшекейлерінің үлгісін құюға арналған. Сондай-ақ, форма беретін үлгісіне қарай ел ішінен қазіргі уақытқа *торсық қалып, қоза қалып, тасты алқа қалып, жүзік қалып, білезік қалыптар* келіп жеткен.

## **5 Далалық экспедициялық материалдар**

Далалық экспедиция кезінде төмендегідей материалдық мәдениеттің аймақтық ерекшеліктері анықталды:

Біз жоғарыда атап кеткен құстұмсық жүзік жергілікті жерде “құсмұрын жүзік” деп атайды. Бұл жүзіктерде кездесетін өрнектер, өркен жаю, өрістеу идеясын да білдіреді. Қызылорда облысында қазіргі таңда құстұмсықтың қолданыстың мәні өзгерген, яғни деректер оны айырғы заманда бойжеткендер таққан десе, қазіргі таңда егде тартқан әйелдер тағуға тырысады. Бұл жергілікті қазақтардың көненің көзін қастерлеуімен байланысты.

*Мұтара* – түйе жүнінен тығыз етіп тоқылған, сыртын қойдың майымен сылап қоятын су сақтауға арналған ыдыс. Байырғы кезде шекпенді сату үшін жайып жіберіп үстіне бір шелек суды құйып жіберіп су өкізбейтіндігін көрсетіп сатқан. Мұтара түйе жүнінен тығыз етіп тоқылғандықтан қыста судың жылылығын, қысты салқындығын сақтайды.

*Сүзбеқалта* – кенептен тігілген сүзбе алу үшін айран құйылатын арнайы тігілген қалта. Сүзбеқалта жаздық асүйде немесе көлеңке жерде ағашқа байлап ілінеді де астына айран тамшысы, яғни сары суы жиналатын шелек, леген сияқты ыдыстар қойылады.

*Асмалдық* - көшкенде, той-думандарда тәуір түйелерге жабатын, оюланып, әшекейленген арнайы жабу кілем мен мойнына асатын немесе басына қадайтын жібек шашақты ызба аспалар. Асмалдық деген атау Қызылордадан шығысқа қарай Шиелі өңірінде кездеседі.

*Күбі* – айран пісетін құрал. Күбі бірнеше жіңішке ағаш кесінділерінен цилиндр ретінде құрастырылады. Піспегінің басы жұмыр, ауыр ағаштан жасалады. Айран пісіп болған ішін жуып, қақырап кетпеуі үшін көлеңке жерде кептіріледі. Ауылдық жердегі әрбір үйде кездеседі.

*Нантақтай* - қамыр жаю үшін ағаштан жасалған бұйым. Ол үшін тақтайды әбден сүргілеп тегістейді. Биіктігі 10 см-дей, ені 5 см-дей, ұзындығы 60-см-дей болатын екі ағаш аяқ ретінде дайындалады. Сүргілеген, кесілген екі, үш тақтайды шегемен бекітеді. Нан тақтайдың ұзындығы 1 м.-дей ені 70 см-дей болады. Нантақтай кез-келген ауылдық үйде оқтаумен бірге тұрады.

*Шымылдық* – келін түсіргенде үй ішіне бір қабырғасына тұтастай құрылатын, келінді артына отырғазатын перде. Қызылорда қазақтары келін түсіруге қарсы міндетті түрде арнайы тіктіреді, алдында түскен келін болса, кіші келін сол шымылдық артында отырады. Шымылдық артында отыру үш күнге дейін жалғасады. Шымылдықты тігіншілер бүрмелеп, кестелеп тігеді. Көз тимесін үкі қадайды. Қызылорда облысының Жалағаш, Сырлария, Шиелі, Жаңақорған, Қызылорда қаласындағы жас келіні бар әрбір үйде кездеседі.

*Бота жабу* – ботаға суық тимеу үшін киіз астар салып, масатыдан қаптап тіккен, жабатын жабу, ою-өрнектермен мол әшекейленеді. Арал, Қазалы өңірінде кездеседі.

Жеке адамдар қолындағы шекпен, күпі, шапан, тымақ, кестелі тақия, түкті кілем, алаша, киіз, сырмақ, қамшы, ер-тоқымдар, сандықтар фотоға түсірілді.

14 информатормен тілдесіп, дәстүрлі материалдық мәдениет бойынша мәлімет алынды. Олар:

- 1 Құлмағанбетов Құдайберген. 1954 ж. туылған. Арал қаласы. Зергер, ағашшы, ұста.
- 2 Мәделхан Нәлібайұлы. 1931 жылы туылған. Тасбөгет қаласы. Сушы, гидротехник, шебер.
- 3 Секерова Нағима. 1946 ж. туылған. Жалағаш ауданы. Тоқымашы.
- 4 Маханбет Жәнібек. 1954 ж.т. Тереңөзек кенті.
- 5 Аяғанов Балапан. 1967 ж.т., руы әжім-табын. Сырдария ауданы, С.Сейфуллин атындағы ауыл.
- 6 Тоқсанбаева Айсұлу Базарбайқызы. 1938 ж. т. Арал, Қарақұм қыстауы.
- 7 Әлжанова Күлжан. 1942 ж.т. руы көкмұрын-қыпшақ. Шиелі ауданы, Балаби ауылы
- 8 Қалдарбеков Омар. 1950 ж.т., руы сунақ, Жаңақорған.
- 9 Жұманазаров Әділхан. 1937 ж.т., руы бұлтың-қыпшақ. Шиелі ауданы, Бала би ауылы.

10 Нұрашева Гүлзинат. 1925 ж.т., руы қонақбай-жаппас. Сырдария ауданы, Нағи Ильясов атындағы ауыл.

11 Сарымбаев Темірбай. 1961 ж.т., руы көшей-табын. Тереңөзек. С.Сейфуллин совхозы.

12 Маханова Шакар. 1934 ж.т., көшей-табын келіні. Сырдария ауданы, С.Сейфуллин атындағы ауыл.

13 Пірмаханова Шарбан. 1923 ж.т., руы қарақойлы. Сырдария ауданы, С.Сейфуллин атындағы ауыл.

14 Сәкенов Бектібай. 1940 ж.т., руы көшей-табын. Сырдария ауданы, С.Сейфуллин атындағы ауыл.

#### **6 Қызылорда іс-сапары бойынша қорытындылар:**

- Қызылорда облыстық және аудандық тарихи-өлкетану музейлердің этнографиялық қоры жергілікті қазақтар қолынан алынған бұйымдар арқылы жинақталған;
- Этнографиялық қорлар тұрмыстық бұйымдар, жиһаздар, шаруашылық бұйымдары, киіз және тоқыма бұйымдар, зергерлік бұйымдар, ағаш, тері, темір бұйымдар, қару-жарақтар, шаруашылық бұйымдары, шеберлер құрал-жабдықтарын мол жинақтаған;
- Ұлттық киім кешек түрлері музей қорларында аз бірлікте ғана сақталған, олар негізінен ҚОТӨМ, АТӨМ, ЖАТӨМ, САТӨМ, ЫЖММ, НБММ – де кездеседі.
- Киіз үй сүйегін жасауға тек жергілікті жерде өсетін Сыр тал, тораңғы, қарағаш пайдаланылып, алты қанаты үй кең тарады;
- Киіз үй құратын үйлер, күзде үйді жыққанда шаңырағын байырғы дәстүр бойынша өздері тұрып жатқан үйдің төбесіне немесе ас үй қызметін атқаратын ауладағы шағын үй төбесіне шығарып қояды, себебі байырғы қазақтар шаңырақты көш кезінде жүк үстіне қойған, қыстау келгенде, қыстаудың төбесіне шығарған. Бұл шаңырақтың киелі саналғандығын білдіреді.
- Сыр-Арал аймағының тоқыма бұйымдарының көркемдік және техникалық ерекшеліктері айқындалды. Басқа өңірлерде кездеспейтін, шашақты жер жастық, кілем шабадан, сандық-жапқыш кілемше, шәй көрпеше, мұтара, шашақты басқұр сияқты тоқыма бұйымдар анықталды;
- Қуыршақ ою, шашақтау жасау сияқты жергілікті жердің тоқыма өнеріндегі аймақтық ерекшелік анықталды;
- Ұлттық киімдерден шекпен, шапан, кимешек, қамзол кию дәстүрі, жаңа туылған балаға арнап, арнайы масатыдан, асыл ыас орнатып, үкі қадап бас киім иігу кең сақталған;
- Ұста дүкені орны қасиетті саналады, ұрпақтары ішін тазалап, ұста әруағына құран бағыштап отырады;
- Темір ұстасы, зергер құрал-саймандарын киелі зат санайды. Қолға ұстағанда ұста әруағына бас иіп, тәу етіп алады. Ұсталық құралдардың негізгі қоры АТӨМ-де, ФМММ-де сақталған;
- Сыр өңірі қазақтарының дәстүрлі материалдық мәдениеті жергілікті жердің табиғатының ерекшелігіне қарай қалыптасты, тұрмыстық бұйымдар мен шаруашылық құралдарын жасауға жергілікті Сыр ағаштары жиде, тобылғы, тораңғы, сыр талы, қарағаш ағаштары қолданылды.

**Қызылорда облысы қазақтарының дәстүрлі этнографиялық мұралары аясында жиналған материалдар негізінде 2012 жылы келесідей мақалалар жарияланды:**

Еңбектің аты	Басы-лым түрі	Баспа аты, мерзімі, беттері	Баспа табақ	Серіктес авторлар
1. Қазақтар арасындағы неке кию дәстүрі (XIX ғ.)	мақала	«Современное научные исследование - 2012» VIII международный научно-практическая конференция. 27 январь – 05 февраля 2012	0,3 б.т.	

		г. – Прага. Чехия. 2012. – с.30-35 стр.		
2.	Сыр өңірі қазақтарының тарихи-этнографиясына қатысты статистикалық деректер	Мақала	Қазақ тарихы, №3, 2012. – 18-20 бб.	0,3 б.т.
3.	Қыз алып қашу қазақ қоғамында қалай шешілген	мақала	Дәстүр журналы, №3 (22), 2012, 42- 43 бб.	0,3 б.т.
4.	Қазақ халқының әдеттік құқығындағы құн мен айып төлеу жүйесі	мақала	Қытай Халық Республикасы. Мұра Фольклорлық журнал. .№2. 2012, – 80-89 бб.	0,7 б.т.
5.	Перовск және Қазалы уездерінде қолөнердің дамуы XIX аяғы-XX ғ. басы	мақала	«XXI ғасырдың басындағы отандық археология және этнологияның мәселелері мен жетістіктері» атты А.М.Оразбаевтың 90 жылдығына арналған «ІҮ Оразбаев оқулары» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 256-260 бб.	0,5 б.т.
6.	Сыр өңірі қолөнер шеберлерінің шаруашылық бұйымдарын жасаудағы ерекшеліктері (Қызылорда экспедициясы материалдары бойынша)	Мақала	«Қазақтың дәстүрлі мұраларын жинау, жүйелеу және жариялау» жобасының ғылыми жинағы.2012.	
7.	Сыр өңірі қазақтарының сандық жасау өнері және қолданыс аясы (Қызылорда облысы музейлері материалдары бойынша)	мақала	«Қазақтың дәстүрлі мұраларын жинау, жүйелеу және жариялау» жобасының ғылыми жинағы.2012.	

#### **Қазақ халқының дәстүрлі мұралары тақырыбында БАҚ сұхбаттар берілді:**

- 1 Наурыз мерекесін мерекелеу – Қазақ радиосы. 19 наурыз 2012 ж
- 2 Наурыз мерекесі туралы тарихи жазба деректер – Шалқар радиосы. 10 наурыз, 2012 ж.
- 3 Жойылған салт-дәстүрлер – Шалқар радиосы, 14 наурыз, 2012 ж.
- 4 Қазақтың ұлттық бас киімдерінің жастық және аймақтық ерекшеліктері, қолданыстық мәні, бас киімдерге қатысты наным –сенімдер мен ырымдар жүйесі. Kazrionet спутник арнасы, 15 шілде, 2012 жыл.
- 5 Сәукеле. Атамекен. Kazrionet спутник арнасы, 8 қараша, 2012 жыл.

#### **8 Дәріс. Дәстүрлі қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар жүйесін ғылыми-практикалық, далалық зерттеу әдістемесі, тәжірибесі.**

**Мақсаты:** докторанттардың материалдық емес мәдениет мұралары нысандарын сақтау және қолдану, оларды музейлендіру ерекшеліктерін, әдістерін, талаптарын оқыту.

**Кілт сөздер:** материалдық емес мәдениет, мәдени мұра, рухани мәдениет, музеефикация, конвенция, тұжырымдама.

### **Қысқаша құрылымы:**

Қазақ халқының дәстүрлі қолөнерінің ағаш ою, темірден түйін түйю, теріні илеп ұқсату сияқты ептілік пен шеберлікті, қолдың күші мен қайратын талап ететін түрі шаруашылық бұйымдарын жасаудан көрініп жатады. Халық кәсіпшілігі мен қолөнер көшпелі малшылардың өзіндік шаруашылығының ажырамас бір бөлігі болған, әрі қазақ халқының тіршілікті қамтамасыз ету мәдениеті көп жағынан халық кәсіпшілігі мен қолөнері арқылы анықталып келді. Кез келген өндіруші шаруашылық, мал шаруашылығы немесе егіншілік қолөнер кәсіпшілігінің бұйымдарынсыз дамуы мүмкін емес: мал шаруашылығы үшін ер-тұрман, ат әбзелдері, малды ұстайтын, байлайтын, құрықтайтын жабдықтар, егіншілік үшін жерді жыртатын және тырмалайтын, астықты жинайтын және өңдейтін құралдар, аңшылық пен балықшылық үшін олжаны аулау, қолға түсіру түрлі құрал-саймандар қажет. Сондықтан қазақтар арасында әр түрлі салалар бойынша мамандар: ағаш өңдеушілер, темір ұсталары, зергерлер, ершілер, тұрманшылар, үйшілер, тері илеушілер, тас қашаушылар, т.б.б болған. Қолөнер кәсіпшілігінің адам тіршілігінің неғұрлым шаруашылық жағымен байланысты және әдеуір дене күшін жұмсауды талап ететін бұл саласымен негізінен ерлер айналысты [17, 42-50]. Қазақ халқының мал шаруашылығына, егіншілікке, аңшылыққа, балықшылыққа қатысты шаруашылық құрал-жабдықтарын темір ұсталары мен ағашшылар жасаған. 1901 жылғы «Туркестанские Ведомости» газетінің №33 санында Ә. Диваев қала және елді мекендердегі кәсіпшіліктің дамуын баяндай отырып, темір ұсталары өз арасында ерекше меңгерген шеберлігіне орай пышақшы, тақашы орақшы, арашы, шамғар (іlmелі білтелі шамдар жасаушы), шойын құюшы деп бөлінгендігін атаған [1]. Темірші-ұстаның жасайтындары, ас пісірсең де, атқа мінсең де, жауға шапсаң да керек. Әрі ұсталық ауыр, көп-күш жігер жұмсауды талап еткен, сондықтан темір ұстасының дүниесі қымбат бағаланған. Жасағандарын малға айырбастап, бала-шағасын асырайды. Шеберлер жасаған дүниеге белгіленген нарық болмайды, бұйымды жасауға кеткен шикізат пен дайын болған бұйымға қарай тапсырыс беруші еңбек ақысын берген. Ұстаның шеберханасы дүкен, ұстахана деп аталған.

**Көшпелі мал шаруашылығында қолданылатын бұйымдардың жасалуы.** Күнделікті өмірі мал шаруашылығымен байланысты болған қазақ тұрмысында қолданылатын құрал-саймандар өте көп: ер-тұрман, ат әбзелдері, тұсау, шідер, арқан, қамшы, бәкі, пышақ, үзенгі, таралғы, кездік, іскек, таға, ошақ, мосы, қышқаш, қырықтық, қазық, ашамай, ыңыршақ, атшеге, ауыздық, айылбас, тартпа, мұрындық, сірге, кісен т.б.

*Темір тұсау-кісендер.* Жергілікті ұсталар соққан аттың аяғын тұсауға кілтпен ашылатын кісендердің жасалу технологиясы ерекше, әрі күрделімен көз тартады. Күрделігі темір кісенге арналған темір шыбығын аттың аяғын қимайтындай етіп жұмырлауы және темірден түйін түйіп, ширатып орап, бекітуінде. Оның кішісі *тай кісен* деп аталады. Темір кісендерің бір басы арқылы кигізіліп, екінші аяғындағы басы құлыптың қызметін атқарады (Сурет 4-5).

Түйе ері *ашамайды жасау үшін* ағашшы шеберлер төртқырлап кесіп алған ағашты сүргілеп, бір-біріне ойық арқылы кіріктірген (Сурет 19).

Құдық басында мал суаруға қойылатын *науа* деп аталған астауды ағашшылар жасаған. Науаны құрастырған ағашты желімдеуге талдың шырынын, жантақтың балын пайдаланған. Астауды теріден де жасаған. Екі басын ағаштан жасап, оған теріні керген [1].

*Арқан.* Қазақтың күнделікті тұрмысында, шаруашылықта арқанның қолданыстық аясы өте кең. Арқан есуге ер адамдар да, әйелдер де қатысқан. Арқанды көбінесе қойдың жабағы жүнінен, сонымен бірге ешкі жүні мен жылқы қылынан, ширатып, пысытып бұрап ескен. Арқан есу үшін алдымен жүнді иіруге арнап түтіп, созып арқан шүйкесін жасап алады. Шүйке қой, ешкі жүні, жылқы қылымен бірге жаймаланып, одан орамға айналып, алақанда қабатталып ширықтырылады, ол шүйкелік жүн деп аталады. Түтілген, яки сабалған жүнді үзіп алып, төсеніш үстіне жаймалап қойған қылдың үстіне жазып салып, бір шетінен бастап жұмырлай отырып шиыршықтап, ұзындығы 30-35 см болатындай жуан

шүйке дайындайды. Бөлек-бөлек дайындалған шүйкелерді жалғастыра отырып ескенде, олардың ұштарын созбалай отырып, су салып дымдап, екі шүйкенің ұшын бір-бірімен кіріктіреді. Бір-бірімен жалғастырып ширатуды *септеу*, септеулердің ұштарын қосып ширатуды *селбестіру*, шүйкенің бітер жерін, ұшын *сілем* деп атайды. Арқанға арнап шиыршықтып есілген, бір-бірімен жалғастырылған ұзын шүйкені *тін* дейді.

Шүйкелерді септеп, селбестіре отырып дайындаған тіннің үшеуін кереге көзінен өткізіп, олардың әрқайсысын 5 – 6 метрдей жерге апарып, ұштарын ағаш кесіндіге орайды да, үш адам үш тіннің барлығын бір бағытқа қарай тартыңқырап тұрып бұрайды. Арқан тіндерін әбден шиыршықтыру керек, қолының күші бар бір адам үйге кіріп, тіндердің айқасқан тұйық түбіне бір – екі тілдей жіп өткізіп алып, өзіне қарай тартып, шиыршықты бағытына қарай бұрап тұрады. Арқан сапалы шығу үшін әрбір тін бірдей ширауы керек. Үй ішінде жұмырланып тартылған арқанның ұшын керегенің көзінен сыртқа шығарып, тартылған арқан ұштары түйіп байланады, мата қиындыларымен бекітіп тігіледі. Дайын болған арқанды екі қазыққа керіп орап тастап, біраз уақыт шиыршықты қанғаннан кейін пайдаланады. Сыр өңірінде арқан есуді арнайы бір адам кәсіп етпеген, арқан есу үй кәсіпшілігінде дамыған [VIII]. Ал Ә.Диваев арқаншы кәсібінің болғандығын жазып кеткен [1], бірақ жергілі дерек берушілер арқан есу үй кәсіпшілігі ретінде дамып, оның әдісін әрбір қазақ меңгергендігін айтады. *Желі арқан* – Мал сауу үшін отбасылық малдарының төлдері мен енелері байланатын, арнайы керілген арқанды желі арқан дейді. *Желі арқанның* яғни желінің бұзау желісі, құлын желісі, бота желісі сияқты түрлері болады. Желінің қозы көгендеуге арналған түрі *көген*, қозының басына кигізілетін бөлігі *бұршағы* деп аталады. Сыр өңірі қазақтардың арқан есу сәтін 1870 жылы А.Кун, одан кейін ауыл шаруашылығы санағы кезінде статистар түсіріп алған [13-14] (Сурет 3-4).



Сурет 3 – Арқан есу. «Түркістан альбомы» үшін 1871 жылы Л.Кун түсірген [14].

*Тоғанақ.* Буылған теңді, жүкті түйеге артқанда арқанмен тартып буып екінші басын қайтарып қайыра байлау үшін қолданылатын иір ағаштан жасылқан құрал. Тоғанақ Қызылорда облысының барлық музейінде дерлік кездеседі. Жергілікті қазақтар тоғанақты қазіргі уақытта қолданбайды (Сурет 5а,б).

Сурет 5 а,б – тоғанақ.

**Күнделікті тұрмыста қолданылатын темір бұйымдар.** Жергілікті темір ұсталарының бұйымдары күнделікті тұрмыста жиі қолданатын құралдары ретінде қызмет етті. Мысалы, темірден жайпақтап жасаған, кішігірім саңылаулы, ұстағышы бар, ожауға ұқсас ыдысты – *шолпы*; күл алғыш қалақты – *қақандоз*; тамақ араластыратын, сүзіп алатын майда тесіктері бар темір ыдысты – *кепсер*; су ішетін темір шөмішті – *қолбақыр*, *ал қантшаққыш*, *шәйнек*, *шәңгек*, *елек*, *қырғыштар* ас үйдің негізгі құралы саналды. Темір ұсталары бәкі, пышық, ұстара, шымшуыр, қырықтық, қысқаш (Сурет 6) сияқты жеңіл, майда темір құралдарды тапсырыс берушінің үйіне барып та жасаған, ол үшін өзімен бірге қол көрікті алып жүрген. Қол көрікті жылқының артқы сан терісінен жасайды. Қол көрік зергердің өзімен бірге алып жүруіне ыңғайлы, негізінен тапсырыс берушінің үйінде алып барған. Мойнын пешке қосып жел үрлеген.

*Ошақ.* Қызылорда облысының Жалағаш және Жаңақорған аудандары музейінде үш тағанды ошақтың ерекше үлгісі сақталған (Сурет 7). Ошаққа тапсырыс берушінің

қалауына қарай қадаубас қалыптармен шекіп, ойып ою-өрнек түсірген (Сурет 8). Ошақ халық даналығында киіз үй ішіндегі ерекше құрметке ие болған ортадағы ошақ қасиетті орын деп саналды. Отағасының қаза болуы немесе ұрпақтың болмауы - от басының құруы, ошақтың сөнуі, ұрпақ-түтін түтетуші деген ұғымдардың қолданылуы бекер емес. Ошақтан шыққан күлді шашуға, үстіне отын жаруға, қоқыс тастауға тыйым салынады. Әйтпесе от басына ауру, бақытсыздық келеді деп ырымдап отырған [2]. Ошақ қыстың күні киіз үйдің ортасына орналастырылып, айналасына откиіз төселген, қалған уақытта далада құрылған. Қазақ дүниетанымында қазан мен ошақтың ортада орналасуы, өмірдің қайнар көзінің белгісіндей болған. Қысқы суықта жылылық пен нәр берген [2]. Ошақтартарға шекілген қазақы ою-өрнектер ұсталардың ошақ соғуға ерекше мән бергендігінің көрінісі.



Сурет 7 – ошақ және оның фрагменті.

Көшпелі қазақтар тұтқасы, тұғыры бар, өз руының таңбасын бастырып *шойын*, *қола қазандар* соқтырған. Тұғыры қазанды жерден көтеріп тұратын кішігірім ошақ түрінде бірге құйылған (Сурет 9). Жалағаш музейінде сақталған *мосы* көшпелі қазақтардың жол жүргенде шәйнек, ас қайнату үшін қолданған жиналмалы үш аяқты құрал (Сурет 10), үш аяқты қосып тұратын шеңберіндегі ілгішіне *шәйнек* (Сурет 11) немесе тұтқасы бар шағын қазан ілген. Мосыға ілуге ыңғайлы шәйнек пен қазанды жеңіл етіп жезден соққан. Мосыға тұрмыста жез елек іліп, дәнді қабық, кермегінен тазалау үшін де қолданған [25, с.233], (Сурет 12 а,б).



Сурет 9 – көшпелілер қазаны.




Сурет 10 - мосы.



Сурет 11 – тұтқасына ру таңбасы шекілген шәйнек және оның фрагменті.





Сурет 12 – а – елек; б – мосыға ілінген елек (25, с.233).

*Шәңгек* – шошаланың керегесінің басына, уыққа, бақанға ілінген төрт құлақты темірден иіп соғылған, ет кептіруге, жаңа сойылған мал етін сорғытуға арналған құрал, оған ысталған етті ауа қағып сүрлену үшін де ілген. Шәңгектің бірегей үлгісі Сырдария музейінде сақтаулы (Сурет 13)

**Егіншілік құралдарын жасау технологиясы және олардың қолданыс аясы.** Егіншілік құралдарын темір ұстасы мен ағашшылар жасаған. Темір ұстасы қол орақ, орақ, шалғы, соқа, шойынтіс, теміртіс, күрек, кетпен бастарын соқса, ағаш шеберлері, ағаш соқа, кетпен, күрек саптарын, шығыр, шығыр шелектерін, ағаш тырма, мойынтұрық, жел диірмен ағаш құрылыстарын жасаған.

*Шығырлар* арықтар басы бойынан су көтеру үшін қолданылады. Сыр өңірінде шығыр құрылысына қарай үшке бөлінген: жел шығыр, су шығыры (дарияның иірімі, ағысы қатты тұсына орнатылған), көлік шығыры (түйе шығыр, ат шығыр, өгіз шығыр), жел шығыр. Шығырдың барлық түрін ағашшылар жасап, өздері орнатып берген, ақысына мал, астық берген. Шығыр орнатарда мал сойып құран оқытқан [II].

Шығырдың су көтеретін ағаштан жасалған құмыраларын шелек деген (Сурет 14-15). Шелекті бірнеше жыл арнайы кептірілген жұмыр ағаш діңінен үңгіп, ойып жасаған. Кейбір шеберлер ағашты екіге бөліп ортасын үңгіп қайта қиюластырып, қолдан жасалған желіммен бір-біріне жапсырып қондыртқан немесе ағаштан қысқа дөңгелек шыбық тәрізді етіп дайындалған шеге жасап, шегеге арнайы ойық жасаған, алдын-ала ағаш шегені суға салған, әлгі шеге ісініп, орнына берік болып қатып қалған [II]. Сырдария аңғарындағы егістік мәдени алқаптар өзеннен тартылған басты арықтар келіп құятын көл сулары арқылы суландырады. Сырдария суы мұз еріген кезден бастап шілде айының соңына дейін ғана көтеріңкі болып, арнасынан толып аққан. Перовск уезінің оңтүстік-шығыс бөлігі өзен суынан биікте орналасқандықтан, бұл жерде шығыр кеңінен пайдаланылған. 1870 жылы Түркістан статистикалық комитеті Перовск уезі болыстарынан 1034 шығыр қондырғысын есепке алған. Бұл шығырлар сағатына 60 шелек су, тәулігіне 75 мың шелек суды көтеріп, арыққа құйған. Көршілес қарақалпақтар бір шығыр суды орта есеппен үш аршын тереңдіктен шығарған. Тәулігіне шығыр суымен 6-10 танап жерді суаруға болады [18, с.119]. Егіншілік алқаптарды суаруға Қуандария, Жанадария сияқты табиғи су көздері және суармалы техникалар пайдаланылды. Суармалы егіншілікті жүзеге асырудың ең тиімді жолы су көтеретін машина «шығыр» қондыру болды. Шығырмен суландыру әдісі әсіресе, осы Сырдария төменгі ағысы бойы аймағында көп кездескен. Су көтеретін ағаш шелектер мен қыш-құмыралар қондырылған ағаш дөңгелек, екі тісті қондырғының көмегімен, өгіз немесе түйенің көмегімен айналдырылды, әрі су ағысының күшін пайдаланды. Арықтағы судың жиегі суаратын жердің денгейінен төмен болғандықтан адамдар осы шығырдың көмегіне жүгінген. Сыр бойында ең қарапайым жасалған шығырдың құны 30 рубльды құраған екен [19, с.104]. Сырдың төменгі алқабы өзен арнасынан биік, әрі құрғақ болғандықтан шығыр көмегіне жүгінген [20, с.207].





Сурет 14 – шығыр шелегі. Реконструкция.



Сурет 15 – шығыр. Перовск уезі, Царская болысы. А.Фишер түсірген, 1910 жыл [13, с.80].

Шығыр жасау үшін жуандау келген ағашты дөңгелектете қиюластырып ойып алған соң, оның шет-шетін шауып тіс жасайды. Ортада болатын дінгекке жас талдан иілген үлкен шеңберді бекітеді. Мықты ағаш жиде, тұт ағашынан жасалған доңғалақ шеңберге ішіне екі литрге дейін су кететін қырыққа жуық шығыр шелектерін байлайды. Шығырдың қасына «әуіт» қазады да, суды сыртқа шығару мақсатында дінгек пен әуіт ішіндегі шекелік ағаш бір-біріне байланыстырылып бекітіледі. Ал үздіксіз құйылып тұратын су арықпен кетіп жататын. Сондай-ақ шығырдың су құятын ыдысы теріден немесе басқа материалдардан да жасалынатыны бар. 1916 жылы Шіркейлі каналында 144 шығыр болып, оның көмегімен 259 десятина жер суарылған [21, с.26]. Қазалы уезінде көптеген егістіктер де шығырлар мен атпалар көмегімен суарылды. Шығырлар жағасы биік арықтар бойына орнатылып, түйе, болмаса жылқы көмегімен қозғалысқа келтірілді. Ат шығыр мен қол шығыр негізінен осы Сырдария бойы мен Аралмен шектесетін Қазалының батыс өңірінде кеңінен қолданылды.

Агроном Н.Н.Александров та шығыр қондырғысымен суару Сырдария облысында Әмудария бөлімімен қатар Перовск және Қазалы уездерінде басым дамығандығын атап көрсеткен [22, с.15]. Жақсы шығырлар секундына 5 куб. фут су көтереді. Перовск уезінің

оңтүстік шығыс бөлігінде Қаратау етегінде су қоймасын жасап, өгіз, түйе шығыр көмегімен егін суаруға жаратқан. Су қоймасы қар суынан да жиналады. Осындай су қоймасы Сауран станциясына жақын жерде болған [23, с.167].

Өзбекстан Республикасының Орталық Мұрағатында сақталған Жаңадария өзенінің арық ақсақалының Перовск уезі бастығына жазған рапортында «қарақалпақтар мен қокандар заманында Жаңадария бойындағы егістіктер бір емес он шақты жерінен салынған бөгеттер көмегімен суландырылған еді. Қазіргі уақытта Перовск қазақтары өз егістіктерін шығыр көмегімен суғарады, соңғы жылы ғана өзенге екі бөгет салынды», – делінген [24]. Бұл дерек XIX ғасырдың екінші жартысына дейін өзенге бөгет салу ісінің кең қолданылғандығынан мәлімет береді. XIX ғасырдың аяғына қарай шығырдың кең қолданылу себебі өзен суының өз арнасынан төмендей бастағанымен байланысты.

Арнасы жерден онша биік емес арықтар бойындағы егісті суару үшін сабы үш аяқты мосы аспаға ілінген су шығарушы гидротехникалық құрал *атпаны* қолданды. Су көтеретін атпаның жан-жағы бүгілген күрек басына ұқсайтын қондырғысы ұзын ағаш арқылы су астындағы тезге бекітіліп, арықтағы суды егістікке қарай көтеріп тұрды. Атпа мосының екі жағы тең етіліп, сырық орнатылады да, оның бір басына күбі - шелек, екінші басына ауыр нәрселер (зат) байланады. Ауыр нәрсе байланған жағы жоғары көтерілгенде, күбі шелек төмен түсіп, оған су толады. Ал ауыр зат төмен түскенде яғни басылғанда шелек жоғары көтеріліп, ішіндегі су арыққа төгіледі. Атпаның жұмысы негізінен адам күшімен іске асады (Сурет 16). Өкінішке орай жергілікті музейлерде шығыр мен атпаның түрнұсқасы сақталмаған. Шығыр арқылы су көтеруге қыштан жасалған құмыра орнатуды Сырдың ортаңғы ағысы тұсына қарай Жаңақорған өңірінде, яғни Оңтүстік Қазақстанмен шекараласатын тұсында ғана қолданған, ал Сырдың төменгі ағысы бойында тек ағаш шелектер орнатылған [II].



Сурет 16 – атпа. «Түркістан альбомы» үшін 1871 жылы Л.Кун түсірген [14].

Қызылорда облысы музейлерінде сақталған *жерағаштың* жерге түрен салатын темір басы, жасалған шикізаты мен пішіміне қарай базына тіс, түрен, шойынтіс, теміртис деп аталады, жергілікті қазақтар ескі тіс ағаш деп те айтады. (Сурет 17) Жерағаш төрт бөліктен тұрған, 1) шоқайағаш немесе тісағаш, 2) тісі, 3) жетекағаш немесе оқағаш, 4) мойынтұрық немесе қамыт. Жерағаш жасауға қарағаш пен жида дінгектерін қолданған. 1910 жыды статистар Перовск уезінен 13072 жерағаш, 30 темір соқа, 13072 ағаш тырма, 30 темір тырманы, 1911 жылы Қазалы уезінен 9477 жерағаш, 113 темір соқа, 9376 ағаш тырманы есепке алған [13, с.34-42; 16, с.42-46].

Шалғы мен қолорақ (Сурет 18-19) егін жинау мен шөп шабудың негізгі құралы. Бұл мәліметтер жергілікті ағаш шеберлері мен темір ұсталарына шаруашылық бұйымдарына деген тапсырыстың мол болғандығын дәлелдейді. *Ағаш тырманы* жасау

үшін ені 1 метрдей он шақты ағашты кесіп, бірнеше тесік жасап, оларға алдын ала ұшын үшкірлеп жонған тістер енгізген, дайын болған оншақты тырма ағашты екі басынан көлденең ағашқа шеге арқылы бекіткен. Ағаш тырма шынжыр арқылы қамытқа бекітіліп, жыртылған жер бетін өңдеуге қолданған. Жер жырту құралдарын тартуға түйе, ат, өгіз пайдаланылған. Ағаш тырмалар *мала* деп те аталған. (Сурет 20 б) Дән үгітуге тесағаш, малатас жиі қолданылған [21, с.26].

Соқа, тырма т.б. ағаштан жасалатын құралдарға ойық, тесік жасау үшін *ағаш тесер* құралын пайдаланған. Ағашшының бұл құралы облыста тек Сырдария музейінде сақталған (Сурет 20 а). Ағаш керткітерін қырып, жонып, тегістеу үшін *сүргі* деп аталған құрал қолданылған (Сурет 30).

*Сақпанды* жасау әдісі келесідей: Саз кесектен жасаған «құмыршақ» деп аталатын тасты ағаштың ашасына отырғызады. Сақпанды көбінесе қайыстан, кейде жылқының қылынан да есіп жасалынады. Сақпанның қос бауы, бір бауының ұшында өрме тұтқасы мен бүлдіргесі болады. Оны тұйық бай дейді. Екінші бауын азат бау деп атайды. Азат баудың алақанға қарсы ұшы сүйірлене бітеді. Бауларының ұзындығы 100-120 см болады. Сақпанның алақанына құмаршақты салып, бүлдіргесін оң қолдың білегіне іліп, азат баудың ұшын тұтқаға бас бармақ пен сұқ саусақ арқылы қыса ұстап, үйіре жылдам айналдырып азат бауды босатып жібереді. Қатты шиырып тартып қалғанда сақпанның алақанындағы құмыршақ тас алысқа ұшып (шамамен 200 м астам) қатты тиіп, торғайларды ұшырған, осылайша тары алқабын қорыған. Сақпанды жүгері алқабын жабайы шошқалардан қорықу үшін де пайдаланған. Түнде жабайы шошқа, қабанды қорықу үшін құмаршақ орнына сексеуілдің шаласын да қолданған (Сурет 21) [II]. Сақпанды байырғы кезеңде қару-жарақ ретінде де қолданған.

*Балақпан* – саба жуан ағаштан жонып, арқанын жуан, әрі қалың етіп өрген құрал. Оны үй тұрмысында тары егуді кәсіп еткен адам өзі жасап алған. Сабын көтеріп қатты ұрғанда дауыс шығарып торғайларды үркіткен. Балақпанмен де тары алқабын қорыған [II].

**Балықшылық құралдарын жасау мен қолдану мәні.** Балықшылық бұрындары қазақтар арасында кең тарамаған, тек балығы мол сулардың жағасында жұт не болмаса басқа себептермен көшіп, қонуға шамасы келмей қалған қазақтардың ғана айналысатын тіршілігі еді. Балық аулау ерте кезеңде қарапайым түрде болды. Әуелі балықты тұйық жерге қуып қамап, қолмен ұстап, шанышқы (Сурет 36) түйреп ұстаса, соңынан қайықты ойлап тауып, қармақпен аулады. Балықшылар балық аулауға қажет жабдық, аспаптарды жасап алуды үйренді, балық аулаудың тиімді мезгілдерін, орындарын, әдіс-тәсілдерін меңгерді. Балықшылық дамыған өңірлерде қайықты негізінен ағашшылар жасаған [11], ал, шанышқыны темір ұстасы соққан. Ал, ау, сеткі, сүзекі, жадыра, қармақ, мардан сияқты құралдар-жабдықтарын балықшылар үй кәсіпшілігі реінде өздері жасай берген. Қазақ жерінде орыс қоныстанушылары санының өсуіне және Ресеймен сауда-экономикалық байланыстардың кеңінен өрістеуіне байланысты балық және балық өнімдеріне сұраныс өсе бастады. Сол себепті балықшылық XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың бас кезінде көптеген адамдардың күн көріс кәсібінің бір саласына айналды. Сырдарияның төменгі ағысы бойында да балықшылықты кәсіп еткен қазақ қауымдары пайда болды. Біз зерттеу нысана алып отырған Сырдария өзенінің төменгі ағысы өңірінде балық аулаумен Қараөзек, Жаңадария өзенінің сағалары мен сол өңірдегі көлдер, Сырдарияның Арал теңізіне құяр тұсындағы, теңіздің шығыс жақ бетінде қазақтар айналысты және де бұл өңірде қазақ жерінің басқа өзен суларына қарағанда балықшылық кәсібі ерекше дамыды. Сырдың Аралға құяр тұсындағы балықшылардың кейбірі бір жерде тұрақтап отырса, кейбірі көшпелі өмір сүрді [4, с.473]. Сырдың төменгі ағысы бойындағы балықшылықты кәсіп еткен ауылдар балықшылықтың құрал жабдықтарын өздері жасап алған. Балықшылық құрал-жабдықтарын Арал тарихи-өлкетану музейі, Арал балықшылар музейі кеңінен экспозициялаған, ал Қазалы қаласындағы Ғани Мұратпаевтың мемориалдық музейінде балықшылық құралдары қорда сақталған.

Аулау құралдары шанышқы, ау, ілме-қармақ болды. Ілме-қармақ ұзын таяққа аттың құйрық қылын бекіту арқылы жасалды. Ілме-қармақты суға жіберген қазақ жерге екпетінен жатып, балық түсуін асықпай күтеді де, ілме-қармақ қозғалғанда оны тартып алады. Қысқа қарай балық су жиегіне шыққанда суды кешіп жүріп қолмен ұстап, немесе шанышқымен түйреп жағаға лақтыра береді, екінші адам жинап жүреді, - дейді Г.С.Загряжский [5, с.130].

Тор, қайық жасауға керекті шикізат шығыны төмендегідей болды: тор жасайтын жіптің 20 фунты – 11 рубль, сеткіні су бетіне қалқытып тұратын ағаш қабықтарының сынығының 15 фунты – 60 тиын, ширатылған жіптің 10 фунты – 2 рубль, торды суға батырып тұратын күйдірілген қыштың 2 фунты – 90 тиын. Жалпы тор жасауға 18 рубль 20 тиын қажет болды. Ал қайық жасау үшін: ағашы мен ағаш өңдеуі – 12 рубль, ағаштарды бір-біріне бекітетін желім май мен қапсырмасына – 1 рубль, ескек тұтқасы – 30 тиын, үш ескек – 40 тиын, қайық үшін жалпы Арал өңірінде 13 рубль 70 тиын керек болды, - дейді И.Гейер [6; 11]. Қайық жасайтын ағашшылар 6 айда 90 рубльден 108 рубльға дейін еңбек ақы тапқан екен [12, с.328]. Балықшы қайығының қайықтың ішкі жағын, ішкі бүйірін керіп тұруға және адам отыруға арналған көлденең ағаш пен қайықтың алдыңғы жағындағы қуысты *азына* дейді [9].

Шикізат болса жергілікті балықшылар жоғарыда айтқандай өздері сеткіні тоқи алған, реті келсе, қолда қаражат болса Орал саудагерлерінен сатып та алған. Қайық – 20 рубль, сеткі жібі – 7 рубль, кірпіштің 100 данасы – 2 рубль, 2 пұт қалытқы – 8 рубльға бағаланған. Қысқы аулау мерзімі үшін сеткі үлкен етіп тоқылып, ұзындығы 250-350 сажын, ені 3,5 сажынды құрады. Қыстық сеткі қалың етіп тоқылып, 3-5 жыл қызмет етуге жараған. Жергілікті музейлерде ау тоқитын түрлі құралдар сақталған (Сурет 43-46).

Арал балықшылары балық аулауда қажетті құрал-саймандардың түрлерін жетілдіріп және өздері жасап алып отырды. Балық аулауға қабадан, мардан, жылым, шонтай, қаза сияқты құрал түрлерін де кең қолданды. Қазалы балықшылары әсіресе сүзекі, ау, қармақты жиі қолданған. А.И.Добросмыслов Қазалы балықшылары кең қолданатын құрал ретінде сүзекі мен қазаны көрсеткен [7, с.15].

*Сүзекі* сеткісін тал шыбықтан жасалған шеңберге бекіткен, одан әрі секі шеңбері жонылған ұзын ағаш сырықа бекітілген, ұстауға ыңғайлы жеңіл, бағасы 50 – 75 тиынды құрады (Сурет 22а). Сүзекімен күз, қыс кезінде де балық аулаған, оны шортанға салу ыңғайлы. Қыстың кезінде мұзды ойю үшін *сүңгі*, мұз астынан балық аулау үшін ұшы қайырылған темірден соғылған *ілме* деген құралдарды қолданған, мұндай құралдарға темір ұстасына арнайы тапсырыс берген (Сурет 22б).

Балықшылық дамыған барлық өңірде жиі қолданылатын тоқылған тор құрал – *ау*. Балыққа арналған аудың мөлшері әр түрлі – бір екі құлаштан 8-10 құлашқа дейін барады. Үлкен аудың су беті жағындағы жиегіне торды суға батырмас үшін қалтқы-жүзбелер жасап, астыңғы жиегіне ауыр тас, қорғасындар байлайды. Тордың екі шетіне ұзын сырықты тірей, сырықтың бас жағын шалқайта зырғытып жүргізеді. Аудың негізгі шарты тор көздері аулайтын балықтың басы өтпейтіндей болады (Сурет 39). Ұзындығы төрт-бес шақырымға созылатын теңізге құрылатын ауды құрма ау, талдан, шіліктен тоқып алған шағын ауларды *шөміш ау* деп атаған. Шөміш ауды таяз, арнасы қысыңқы сулардан балық аулауға құрған. Ауды тек теңізге ғана емес көлдерге де құрған. Телікөл балықшыларының ауының ұзындығы 250-300 метр, биіктігі 4 мертді құраған. Ауды қыста да, жазда да қолданған [8 с.141]. А.И.Добросмыслов бойынша, Қазалы балықшыларының ауының ұзындығы 200 сажынды құраған [7, с.16]. Аудың саяз суға салатын және теңізге салатын үлкен екі түрі болды. Балықшылар таяз суларға *дағды* деп аталған ауды салған. *Жылымның* екі басына байланатын қысқа ағаш (жылымның екі арасын керіп тұрған ағаш) – *абак*; Аудың торын арқанға бекітіп, жіпті шумақтайтын құрал (ағаштан істелген жабайы құрал) – *айналсоқ*; қызыл балық аулайтын аудың бір түрі - *ақан ау* немесе *ахон ау* деп, ал оны аулаушы *ақаншы*; аудың сеткі-цилиндр тәрізді түрі – *жадыра* деп аталды (Сурет 23а). Бұл мәліметтер Сыр өңірінде балықшылыққа қатысты атаулардың да қазақ жерінің басқа

өңірлердегі атауларынан айтарлықтай ерекшелігі бар екендігін дәлелдейді, әрі бұл құралдар үй кәсіпшілігінде жасалған.

Балық аулайтын ау-сеткілердің жіптерін аралда өсетін кендірлерді жинап, жіп етіп ширатып алып өрген [4, с.330]. Ау, сеткі, сүзекі тоқуға қалың жібек жіпті де қолданған [1]. Ау, сеткінің қай түрі болмасын оның торы майда, көзі тар болғандықтан, шыдамдылық пен ептілікті талап ететін тоқымашылықтың бір түрі болған.

*Жұтпа қармақ.* Балық аулайтын жұтпаны темірден, тебен инеден отқа қыздырып жасытып, қармақ, ілгек шығарып иіп алады да, суға малып суарып бекітеді. Жұтпаны ұзын жіпке байлап, қармақты суға батырып тұру үшін жұтпадан аздап алып қорғасын тағып, судың тереңіне сай «қалтқы» тағады. Қалтқыны кепкен жеңіл ағаштан, суға батпайтын заттардан істеп алады. Ол балықтың жемтік жұтқынының, яғни қармаққа ілінгенінің белгісін береді. Балық жұтатын жемтікті де жұтпа деп атайды. Көбіне жұтпаға жауын құрты, қарақұрт, су шаян, шегірке, инеліктерді балық жемі ретінде шаншиды.

Марданды жергілікті қазақтар күздің бас кезінде жартылай кепкен, яғни әлі жұмсақтығы бар қамыстан қолдан тоқыған, себебі қатты құраған қамыс сынып кетеді, сондықтан марданда тоқып алып, дайын болған соң кептірген. Арал музейіндегі сақталған мардан киіз үйдің шиі тәрізді қамыс құрайларын ширатып бұрып, оны тігінен қойып, он үш жерден көлденеңнен қамыстың тек өзінен өріп шыққан. Ал Қазалы музейінде сақталған марданды қамыстан шақпақтап өріп шыққан. Бұл мардан өрудің жергілікті жерде әртүрлі әдістерінің болғандығын дәлелдейді, әрі қамыс қолды қиятын болғандықтан, бұны тоқымашылықтың өнердің қиын түріне жатқызуға болады. Мардан мұздатқыштың ролін атқарған. Аулаған балықты марданның үстіне тастап, балық үстінен тағы мардан жапқан. Қамыстың арасынан жердің ызасы өтіп, содан балық бұзылмаған.

Ә.Диваев Сырдария экспедициясы кезінде жазып алған Жұманазар ақынның «Арал» термесінде:

Теңіздің екі түрлі пайдасы бар

Жазда, қыс та жылым, қармақ салар

Қайығын өне бойы суға қойып

Екінші бір пайдасы пайдасы балық алар, - деген жолдар бар [10, 268-б.]. Сыр қазақтарының балықшылықты қосалқы кәсіп ретінде дамытуы, балықшыларға құрал-жабдықтар жасаудың әдіс-тәсілдерін де меңгертті.

**Аңшылық құралдарын жасау, қолдану аясы.** Аңшылық Сыр қазақтарының мал шаруашылығымен қоса қабат айналысқан кәсібі болды. Қызылорда облысы музейлерінде аңшылық құралдарының ең көп сақталған түрі - аңшылық қақпандары. Бұл Сыр өңірінде аңшылықтың қақпан құрып аулау әдісінің ең көп тарағандығын, әрі қақпан құру аңшылықтың ең байырғы әдісі екенін дәлелдейді. Қазақ аңшылары оның бала қақпан, қазақ қақпан, тісті қақпан сияқты түрлерін пайдаланған. Бала қақпан қарсақ, түлкі, суыр, т.б. ұсақ аңдарды ұстауға, ал қазақ қақпан мен тісті қақпан қасқыр, аю, сілеусін, қабылан аулау үшін құрылады (Сурет 25). Ұстайтын аңына қарай қасқыр қақпан, түлкі қақпан, тышқан қақпан деп те аталады. Қақпан темірден соғылады, ортасында шүріппемен жалғастырылған тістері болады. Аңшы қақпанды аңның інінің алдына немесе жүретін жолына құрды. Қақпан құруға үлкен шеберлік керек, себебі иісшіл аң темір иісін сезсе, жоламайды. Қақпанды құрғанда бетін жауып, үстіне, маңына жемтік тастайды. Қасқырдың, түлкінің қақпандары әртүрлі болады. Қақпанмен аң аулайтын аңшы күнде немесе күнара қақпандарын аралап тексеріп жүреді. Аңшы қақпанға түскен аңды атып, құс салып, таяқпен ұрып алатын болған [5, с.118].

Сыр өңірінде қақпанды борсық, қасқыр, қоянға салу кең тараған. Борсық қараша айында іңіне кіреді. Борсық шеңгелді, қопалы жерлерге бірнеше етіп ін салады. Борсық бала-шағасымен, яғни үйірімен бір жерде өмір сүреді. Борсық емдік шөптердің тамырын жейді, қауын-қарбыз піскен уақытта соларды жеп қоректеніп денесіне май жинайды. Қыста іңіне кіріп ұйықтап, өз майымен қоректенеді. Борсық майын жинап болған кезде, яғни қыркүйек, қазан айларында борсықты аулау науқаны басталады. Борсық аулау үшін

борсық інінің маңайына, аузына қақпанды құрып, бетін топырақпен жауып кетеді. Ертесіне аңшы қақпанға түскен борсықты ұрып әлсіретіп алады да, бауыздайды. Терісін сыпырып, майлы етін майдалап турап қазанға салып шыжғырады. Бір борсықтан үлкен кішілігіне қарай 2 литрден 4 литрге дейін май жиналады. Майын жинап алғасын шыжығын тастайды, борсық етін ит-мысық жемейді. Борсықтың еркегі қиын бір жерге ғана тастауға дағдыланады. Аңшы көбіне қақпанды сол жерге құрады. Борсық қақпанды майының емдік қасиеті үшін және бау-бақшаны қору үшін құрған (Сурет 26); [IV; V].

Сыр өңірінің аңшылары «қасқыр аулаудың 90 айнасы бар» деп айтады. Себебі, қасқырдың ұрғашысы оңайлықпен алдырмайды, ал арланы аңшыға алдырады, қақпанға да арланы түседі. Қасқырды алу үшін аңшы қасқыр ізін кеседі, қақпанды қасқыр жүретін жолға құрады. Арлан қасқырлар бұтаның түбіне сарып, сол жерде тырнағымен айқастап кетеді, аңшы қақпанын сол жерге құруға ұмтылады. Қасқыр қақпанының бетіне жылқының тезегін үгетіп себеді, себебі жылқының тезегінен жылқы қартасының исі шығады. Қасқыр жылқының исін сезіп келіп қақпанға түседі. Қасқырға құратын қақпанның басына «соққы» деп аталатын жұмыр темір байланған шынжыр тағады. Қақпанға түскен қасқыр шынжырлы, соққылы қақпанды сүйретіп кетеді. Аңшы соққының ізімен жүріп отырады. Қақпанды сүйреп шаршаған қасқырды аңшы ұрып немесе атып алады. Қасқырды сол далада бауыздап, терісін сыпырып алады. Тісін қағып алып, оны бала-шаға мойнына, бесікке тұмар етіп тағады. Емдік қасиеті үшін кеңірдегі мен қамшысын (еркектік мүшесін - Т.К.) кесіп алады [IV]. Қазалы ауданы Әйтеке би ауылының тұрғыны қақпандардың бірнеше түрін сақтап музейге өткізген. Сырдария ауданы (Тереңөзек) С.Сейфуллин атындағы совхозда тұрған марқұм Әбдікамал ұста соққан қақпандардың бірнеше нұсқасы кейін музейге тапсырылған. Әбдікамал ұстаға соқтырған қақпандар атадан балаға мирас болып қалып, жергілікті тұрғындар әлі де борсық аулауға құрып отыр, соның бірі Аяғанов Балапан [VII]. Жергілікті ұсталар арасында қазіргі таңда қақпан соғумен айналысып отырғаны жоқ, қақпан соғудың өзіндік техникасы өткеннің еншісінде қалған десек болады.

Сыр ұсталары XIX ғасырдың орта кезінен мылтық жасауды үйрене бастаған. Аңшылық мылтығы үшін оқ-дәрінің порық деп аталатын қарапайым түрін көмір мен күкіртті араластырып отырып, қазанға жәй отқа қайнатқан. Кейбір жағдайда порық қазанда атылып, киіз үйді ұшырып кеткен оқиғаның болғанын Г.Загряжский жазған [5, с.130].

Сыр қазақтары жолбарысты аулаумен қатар қорғану үшін доңыз қауақтың көмегімен оны үркіту, қуалау әдісін қолданған. Доңыз қауақтың жаңғыртпасын Тереңөзек қыстағының тұрғыны ағаш шебері Маханбет Жәнібек жасаған. Піскен қауақтың төменгі жағын қиып алып, ішін тазалайды. Сосын диаметрі үлкен жақ бөлігін серке малының өңделген шикі көңімен (қарын) қаптап, шеңбер ортасын тесіп, аттың құйрық қылын ұшынан жоғары қарай шығарып қояды, арнайы былғарыдан жасалған белдікті қауақтың ортаңғы бөлігіне бекітіп, бір жағынан табанға салып бекіту үшін үзеңгі-бауын жасайды. Доңыз қауақты атты адам оң жақ аяғына байлайды. Ат үстінде отырып екі бөлік матаны ылғалдап алып, ылғал матамен аттың қылын кезектесіп тартқанда, кәдімгі жолбарыстың дауысы шығады (Сурет 27), жолбарыс өз дауысын естіп үркіп қашады. Доңыз қауақтың реконструкциясы Кенбаев Алтынбай ақсақалдың айтуы бойынша жасалынған. Кенбаев Ақсақал өз әжесінен жазып алған және кезінде атасының жасағанын көзімен көрген. Доңыз қауақты жолбарысты қуалап, үркіту, одан қорғану үшін XX ғ-дың бас кезіне дейін пайдаланған. Доңыз қауақтың реконструкциясын жасаған шебер Маханбет Жәнібекке шеберлік атасынан қонған. Әкесі етікші болған. Тері өндеген [VI].

Сыр өңірі қазақтарының материалдық мәдениетінің ерекшелігі күрделі, тіпті әрқайсысы жеке зерттеу объектісі болардай тақырыптарды құрайды. Сыр өңірі қазақтарының дәстүрлі материалдық мәдениеті жергілікті жердің табиғатының ерекшелігіне қарай қалыптасты, тұрмыстық бұйымдар мен шаруашылық құралдарын жасауға жергілікті Сыр ағаштары жиде, тобылғы, тораңғы, сыр талы, қарағаш ағаштары

қолданылды, ағашшылар Сыр талы иірімге жұмсақ келеді, қыр талы сынғыш келеді дейді екен [1]. Тұрмыстық және шаруашылық бұйымдарды саралағанда да тек Сыр өңірлік аймақтағы ерекшелігі бар бұйымдарды ғана қамтуға тырыстық. Жергідікті шеберлер негізінен, бір өзі бірнеше қолөнер түрін, мысалы бір шебер, ағашшы, етекші, зергер, тері илеу кәсібін қатар меңгерген.

#### **Әдебиеттер:**

- 1 Диваев А. Промыслы и занятия туземцев Азиатского города Ташкента // Туркестанские ведомости (далее - ТВ), 1901. №33. 26 апреля. - С.169.
- 2 Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. Алматы: Ғылым, 1996, 100-б.
- 3 Ғалиев А.А. Традиционное мировоззрение казахов.-Алматы: Фонд Евразии, 1997, 78-б.
- 4 Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). Сборник документов и материалов. - Алма-Ата: Издательство Наука, 1964. - 572 с.
- 5 Загряжский Г. Быт кочевого населения долин Чу и Сырдарьи. // ТВ. 1874. №25. 25 июня. – С.97-98, №27. С.106-107, №28. – С. 110-111., №30. – С. 118-119. №31 – С. 123. №32. – С. 129-130.
- 6 Гейер И.И. Туркестанские скитания // ТВ. 1896. №65, 69, 75,86, 91., 1897. №1, 12, 13, 20, 22, 24, 73., 1898. №19, 20, 32, 33, 70, 93.
- 7 Добросмыслов А.И. Города Сыр-Дарьинской области. Казалинск, Перовск. Рукопись. Отдель рукописей и редких книг Национальной библиотеки. – СПб., 1912, - 18 с.
- 8 Бенинг А.Л., Никольский Т.В. Материалы по рыбному хозяйству озер низовьев Сарысу // Труды Аральского отделения Всесоюзного научно-исследовательского института морского рыбного хозяйства. Том II. – Аральск, 1933. – 146 с.
- 9 Досқараев Ж. Арал, Каспий балықшыларының тіліндегі профессионалдық лексиканың материалдары. // Мыны кітапта: Вопросы истории и диалектологии казахского языка. Вып 1. – Алма-Ата: Издательство АНКазССР, 1958. – 83-162 бб. (215 с.)
- 10 Қазақтың халық творчествосы. – Алматы: Ғылым, 1989. – 416 б.
- 11 Каючный промысел на Аму-дарье // ТВ, 1908. №212. 1 окт. - С.906-907.
- 12 Материалы по обследованию кочевого и оседлого туземного хозяйства и землепользования в Амударьинском отделе. Сырдарьинской области. Вып.1. Текст. Ташкент, 1915. – 300 с.
- 13 Материалы по киргизскому землепользованию (далее – МКЗ). Сыр-Дарьинская область. Перовский уезд. Главное управление землеустройства и земледелия Переселенческого управления. – Ташкент: Типо-литография В.М.Ильина, 1912. -190 с + приложения 32 с+ табл 127 с + 45 с + карта 3 лист. (394 с).
- 14 Түркістан альбомы. Этнографиялық бөлім. 6-том. Ә.Науай атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры. Түпнұсқа.
- 15 Гаврилов Н. Переселенческое дело в Туркестанском крае (Области Сыр-Дарьинская, Самаркандская, Ферганская). – СПб, 1911. – 335 с.
- 16 МКЗ. Сыр-Дарьинская область. Казалинский уезд. Главное управление землеустройства и земледелия Переселенческого управления. – Ташкент: Типо-литография В.М.Ильина, 1913. – 148 с. + приложения 1-17., табл 1+221 + карта 1 лист. (383 с).
- 17 Востров В.В. Некоторые вопросы этнографии казахов Кызыл-Ординской области // Материалы и исследования по этнографии казахского народа. Том 18. ТИИАНКазССР., – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1963. – С.30-50.
- 18 Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. Издательство Туркестанского статистического комитета. Вып. 1. Под ред. Н.А.Маева. - СПб.: Типография Ф.Михьева, 1872. - 237 с.
- 19 Мейер Л. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Ч.1. Киргизская степь. Оренбургского ведомства.– СПб.: 1865. – 288 с.+ 12 л карта + табл.

- 20 Небольсин П. Рассказы проезжего. - СПб.: В типографии Штаба Военно-учебных заведений, 1854. - 343 с.
- 21 Белокопытов М.А., Васильева М.С., Тютюнников И.А. Кызылординская область и ее административные районы. – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1961. – 177 с.
- 22 Александров Н.Н. Земледелие Сырдарьинской области. Част 1-ая. Общие приемы земледелия. Отдельные оттиски из журнала «Туркестанское сельское хозяйство» за 1916-18 гг. Ташкент, 1920. – 253 с.
- 23 Обзор Сыр-Дарьинской области за 1910 год. Издание Сыр-Дарьинского Областного Статистического комитета. – Ташкент: Электро-типография при канцелярии Туркестанского генерал-губернатора, 1912., - 192 с. + Приложения. I-XXXIII табл.
- 24 Сазонова М.В. Обзор материалов из фондов Центрального Государственного архива УзССР по ирригации и земледелию (к историко-этнографическому атласу народов Средней Азии и Казахстана, конец XIX – начало XX в.) // В кн: Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. – М.: Наука, 1975. – С.42-62.
- 25 Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. – Алма-Ата, Наука, 1980. – 256 с.

### **Информанттар**

- I Құлмағанбетов Құдайберген. 1954 ж.т. Арал қаласы. Зергер, ағашшы, ұста.
- II Мәделхан Нәлібайұлы. 1931 ж.т., Тасбөгет қаласы. Сушы, гидротехник, шебер.
- III Секерова Нағима. 1946 ж.т. Жалағаш ауданы. Тоқымашы.
- IV Досаев Сламғали. 1932 ж.т., Қармақшы, Ақжар совхозы. (2000 жылы жазып алынған).
- V Нақыпов Қасымхан. 1920 ж.т. Қызылорда қаласы. 2002 жылы жазып алынды.
- VI Маханбет Жәнібек. 1954 ж.т. Тереңөзек кенті.
- VII Аяғанов Балапан. 1967 ж.т. Сырдария ауданы, С.Сейфуллин атындағы ауыл.
- VIII Тоқсанбаева Айсұлу. 1938 ж.т. Арал, Қарақұм қыстауы.

### **9 Дәріс. Дәстүрлі кәсіпке қатысты халықтық білімдер мен дағдылар жүйесін ғылыми-практикалық, далалық зерттеу әдістемесі, тәжірибесі.**

**Мақсаты:** докторанттардың материалдық емес мәдениет мұралары нысандарын сақтау және қолдану, оларды музейлендіру ерекшеліктерін, әдістерін, талаптарын оқыту.

**Кілт сөздер:** материалдық емес мәдениет, мәдени мұра, рухани мәдениет, музеефикация, конвенция, тұжырымдама.

#### **Қысқаша құрылымы:**

Сыр өңірінде қабан, қасқыр, түлкі, қарсақ, борсық, қоян, саршұнақ, сусар, суыр ерте кезден аулау әсіресе байырғы кезде кең тарағанын жазба деректер дәлелдейді (Казахско-русские отношения, 1964: 330; Азиатская Россия, 1914: II, 376; Наливкин, 1891: 71; Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков, 1980). Сыр өңірінде қасқыр, түлкі, қарсақ сияқты аңдарды болса мылтықпен атып алғанымен аңшылықтың кең тараған түрі аушы құстарды салу мен қақпан құру болды.

*Қақпан құру* аңшылықтың ең байырғы әдісі. Қазақ аңшылары оның *бала қақпан*, *қазақ қақпан*, *тісті қақпан* сияқты түрлерін пайдаланған. Бала қақпан, қарсақ, түлкі, суыр, т.б. ұсақ аңдарды ұстауға, ал қазақ қақпан мен тісті қақпан қасқыр, аю, сілеусін, қабылан аулау үшін құрылады. Қазақ қақпан мен тісті қақпан екеуін қасқыр, аю, сілеусін, қабылан, қабан аулауға пайдаланды. Ұстайтын аңына қарай *қасқыр қақпан*, *түлкі қақпан*, *тышқан қақпан* деп те аталады. Қақпанды киік, ақбөкен, қарақұйрыққа да құрған. Қақпанның *«түнлігі»* киізден жасалады, оны астынғы шеңберін жауып тұратындай етіп дөңгелектеп кесіп дайындайды, түнлікті қыста қатып қалмас үшін резенкадан қолдан кесіп жасайды. Аң түнлікті аяғымен басқан кезде қақпанның серіппесі қозғалысқа еніп аң аяғын қысып қалады

Жолбарыс пен аюға құратын қақпан сирек кездесті, оның темірі ауыр, тістері өткір келген. Аюға қақпанды жапырған ізі, жапасына қарай үлкен-кішілігін анықтап барып құрған.



Салынатын анына қарай *жолбарыс қақпан*, *аю қақпан* аталған (Қазақтың этнографиялық категориялар, 2012: 391).

Қақпанды темір ұстасына тапсырыспен соқтырған, ақысына қой берген. Бір адам 5-15 қақпанға дейін соқтыртқан. Аңшы қақпанды аңның інінің алдына немесе жүретін жолына құрды. Қақпан құруға үлкен шеберлік керек, себебі иісшіл аң темір иісін сезсе, жоламайды. Қақпанды құрғанда, бетін жауып, үстіне, маңына жемтік тастайды. Қасқырдың, түлкінің қақпандары әртүрлі болады. Қақпанмен аң аулайтын аңшы күнде немесе күнара қақпандарын аралап тексеріп жүреді. Аңшы қақпанға түскен аңды атып, құс салып, таяқпен ұрып алатын болған (Загряжский, 1874: 118).

Қақпанның ең үлкені, күрделісі *қабан қақпан*, оны Сыр бойында қамыс арасына, қабан ізіне түсіп отырып құрған. Қақпанның бір-біріне кірігетін темір тістері болады. Қабан қақпанның – ұзындығы 80 см, биіктігі 25 см, шеңбер диаметрі 35 см-дей. Қақпанға түскен қабанды найзамен түйреп, мылтықпен атып алған. Етінен кәуәп жасаған, тамыр, шөп жеген жабайы қабанның еті дәмді, адал саналған.

Сыр өңірінде қақпанды *борсыққа салу* кең тараған. Борсық қараша айында іңіне кіреді. Борсық шеңгелді, қопалы жерлерге бірнеше етіп ін салады. Борсық бала-шағасымен, яғни үйірімен бір жерде өмір сүреді. Борсық емдік шөптердің тамырын жейді, қауын-қарбыз піскен уақытта соларды жеп қоректеніп денесіне май жинайды. Қыста іңіне кіріп ұйықтап, өз майымен қоректенеді. Борсық майын жинап болған кезде, яғни қыркүйек, қазан айларында борсықты аулау науқаны басталады. Борсық аулау үшін борсық інінің маңайына, аузына қақпанды құрып, бетін топырақпен жауып кетеді. Ертесіне аңшы қақпанға түскен борсықты тұмсықтан ұрып әлсіретіп алады да, бауыздайды. Терісін сыпырып, майлы етін майдалап турап қазанға салып шыжғырады. Бір борсықтан үлкен кішілігіне қарай 2 литрден 4 литрге дейін май жиналады. Майын жинап алғасын шыжығын тастайды, борсық етін ит-мысық жемейді. Борсықтың еркегі қиын бір жерге ғана тастауға дағдыланады. Аңшы көбіне қақпанды сол жерге құрады (АЭМ).

*Құндыз* аулауға *тышқан қақпан* құрылады. Құндызды жазда ауламайды, себебі олар сол кезде көбейеді, жылына 2-4 құнай табады. Ұясын, інін су жағасындағы қамысты, қопалы жерге, судан 0,5 метр биіктіктеу жеріне қамыс қиындыларынан қалап салады, інінің аузы суға кіріп тұрады, ұясына тек қыста кіреді. Құндыз аулау науқаны күзден су қатқанға дейін қызады, қақпанды су қатпағанға дейін ұяның аузына құрады. Құндыз аулау Аманөткел, Райым, Қызылжар, Қамбаш, Қосжар, Қамыстыбас, Қаратерен, Ақшатау көлдерінде сияқты сулы жерде жақсы дамыды. Қарақұм аңғарында ертеде Ырғыз жақтағы Мамыр, Қармақ, Байтақ, Ақкөл көлдерінен балыққа барғанда су тышқанын (ондатр) қоса аулаған, бұл көлдерге су Торғай өзенінен келеді, ондатр көктемде көлге су құйылғанда сумен бірге келген. *тышқан қақпанның* – ұзындығы 20 см., биіктігі 7 см., шеңбер диаметрі – 11 см., шүрітпе шеңбері 4,5 см.-дей болады.

Сыр өңірінде кең тараған қақпан түрі – *қасқыр қақпан*. Сыр өңірінің аңшылары «қасқыр аулаудың 90 айнасы бар» деп айтады. Себебі, қасқырдың ұрғашысы оңайлықпен алдырмайды, ал арланы аңшыға алдырады, қақпанға да арланы түседі. Қасқырды алу үшін аңшы қасқыр ізін кеседі, қақпанды қасқыр жүретін жолға құрады. Арлан қасқырлар бұтаның түбіне сарып, сол жерде тырнағымен айқастап кетеді, аңшы қақпанын сол жерге құруға ұмтылады. Қасқырға құратын қақпанның басына «*тоқпақ*» немесе «*соққы*» деп аталатын жұмыр темір байланған шынжыр немесе шылбыр тағылады. Қақпан шынжырының 2 метрге дейін жететіні бар. *Қасқыр қақпанды* құру үшін жерді тереңдеп қазып шынжырын қалқы астына тастайды, үстіне қақпанды құрып, оның үстіне жылқы тезегін үтетіп жабады, себебі жылқының тезегінен жылқы қартасының иісі шығады. Аңшы ізін жасырып, сыпырып кетеді, 2-3 күн өткесін барып қарайды. Қасқыр жылқының иісін сезіп келіп қақпанға түседі. Қақпанға түскен қасқыр шынжырлы, соққылы қақпанды сүйретіп кетеді. Аңшы соққының ізімен жүріп отырады. Қақпанды сүйреп шаршаған қасқырды басына шоқпармен ұрып немесе атып алады. Тісін қағып алып, оны бала-шаға мойнына, бесікке тұмар етіп тағады. Емдік қасиеті үшін өті, кеңірдегі мен қамшысын (*еркектік мүшесін – Т.К.*) кесіп алады.

Қасқыр, түлкіні алған жерінде далада бауыздап, терісін сыпырып алады. Терілерді етінің қалғанынан тазартып алып, тұз сеуіп орап, бір апта қояды, сосын ащы айран жағып тағы бір күн қояды. Одан соң таспен ысып, жұмсартады, сосын пайдалана береді (АЭМ).

Қазалы ауданы Әйтеке би ауылының тұрғыны қақпандардың бірнеше түрін сақтап музейге өткізген. Сырдария ауданы (Теренөзек) С.Сейфуллин атындағы совхозда тұрған марқұм Әбдікамал ұста соққан қақпандардың бірнеше нұсқасы кейін музейге тапсырылған. Әбдікамал ұстаға соқтырған қақпандар атадан балаға мирас болып қалып, жергілікті тұрғындар әлі де борсық аулауға құрып отыр, соның бірі Аяғанов Балапан (АЭМ). Жергілікті ұсталар арасында қазіргі таңда қақпан соғумен айналысып отырғаны жоқ, қақпан соғудың өзіндік техникасы өткеннің еншісінде қалған десек те болады.

*Түлкі аулау үшін қақпанды түлкі жүретін жерлерге құрады. Олар бұтаның арасында жүреді. Түлкі қақпанды жерді шұқыр етіп қазып ішіне тастап, бетін құммен жауып қояды. Содан соң жемтік тастайды. Қақпанға түскен түлкі соққыны сүйреп қашады, аңшы соның ізімен жүріп отырып түлкіні басынан ұрып алады. Түлкі аулаудың тағы бір әдісі күзенді қақпанмен алып, терісін сыдырып алып тастап, жалаңаш денесін таяққа байлап, қатырады. Қатыру үшін төбесінен су құяды, су әйнек мұз болып қатады. Түлкі соны жеймін деп келіп қақпанға түседі. Түркі қақпанды мәлінге де құрады.*

Қақпан құрып, аң алуды кәсіп қылған аңшыны «қақпаншы» деп те атайды. Сыр өңірінде ел арасында тараған бір әңгімеге құлақ бұрсақ, кете-шөмекей руынан шыққан Төребай биге төрелік сұрап саятшы мен қақпаншы келген екен. Бір аңшы қақпаншы шал іннің аузына қақпан құрып түлкі аулайды екен. Қансонар күні бір аңшы жігіт бүркітімен, тазы итімен аңға шығады. Саятшының тазысы түлкіні қуғанда түлкі ініне қарай қашып барып ін аузындағы қақпанға түседі. Сол кезде тазы да келіп жетеді. Қақпаншы: «сенің бүркітің мен тазың бар, даладағы аңның бәрі сенікі, мен қақпан құрып аң алып жүрмін, сондықтан түлкі менікі болсын», - дейді. Екі аңшы түлкіні бөлісе алмай биге келеді. Сонда би: «Түлкінің ұрғашысы ін қориды, ұрғашы болса шал сенікі болсын, түлкінің еркегі дүз қориды, еркек түлкі болса жігіт сенікі болсын дейді». Түлкі ұрғашы екен, саятшы жігіт бидің әділ төрелігіне басын иіп, қақпаншыдан кешірім сұраған екен. Қазақтар арасында тараған «*Мерген мергендігімен атып алады, қақпаншы құрып қойып, ертесіне жатып алады*», - деген сөз қақпаншының қақпан қарау мерзімін көрсетеді.

Қақпанды саятшылар да құрған. Қақпан құрғанда белгілі бір ырымдар ұстанған: «*қақпаным далаға шаппай, ұйықтап тыныш жатпай, серіппең қатты болсын, аңның аяғынан ала жапқайсың*», - деп айтып құрған. «*Қанды қақпан қанмен дос*», - деп, аң алған қақпанды ешкімге бермеген. Қақпанда қырсық шалды деп ойласа, оны дұға оқып барып құрған. Қазақтар аңшылықпен мал бағып жүріп, қатар айналысқан. Қазақ халқы ежелгі аңшылық кәсібінің қыр-сырлары, әдістерін де ұрпақтан-ұрпаққа жалғап бүгінгі күнге жеткізген.

АЭМ – Автордың экспедициялық материалдарынан.

## **2 Сыр өңірі қазақтарының сандық жасау өнері («Сыр өңірі экспедициясы» бойынша. Экспедиция жетекшісі: Т.Картаева)**

Сандықтардың киіз үйдің ішкі жабдықтары мен жиһаздары арасынан алатын орны ерекше. Сандық төрдің сәні, сандықтың саны мен оның үстіне жиналған тең шаңырақ иесінің байлығы мен әлеуметтік жағдайынан мәлімет берген. Сандықтың абдыра, абажа, жағлан, ағаш сандық, киіз сандық, темір сандық, сүйек сандық, қол сандық, кебеже деген түрлері бар. Сандықтардың киіз сандық, жағлан, темір сандық деген аталуы олардың қапталған материалымен байланысты. О.Шкапский «От Орска до Казалинска» атты мақаласында «Киіз үйге кірсе, қаз-қатар қойылған, киізбен, матамен қапталған сандықтар көзге түседі. Сандықты жүкке сән келтіру үшін және көші-қонда сынын, бедерін кетірмеу, мүжіліп, қажалмас үшін қаптайды. Сандықтың санына қарай кісінің байлығын санауға болады. Сандықтар оң жаққа қойылады. Төрге жүкаяқ қойылып, оның үстіне абдыра, көрпе-жастық, т.б. жүктер жиналады» [1, с.127-128]. О.Шкапский жазбасындағы «матамен қапталған сандықтар көзге түседі», - деген дерегі назар аударарлық, бұл жерде

автордың киіз сандықты айтып тұрғаны сөзсіз. Себебі, сандықтың киіз қаптарының бетіне масаты мен пүліштен ою-өрнектер сырып салынады. В.Лавровтың Қазалы уезінен түсірген бай қазақтың киіз үйінің жабдығы көңіл аударарлықтай, бұл фотоқұжатта киізбен қапталған сандықтардың киіз үйдің төрінде жиналып, бірнеше теңді ұстап тұруы үй иесінің байлығын көрсетеді [2]. Ешмұхамед Букин бойынша жүк сандықтарды киізбен, кілеммен қаптаған, сандық үшін арнайы сандық қап тоқыған, - деген [3, с.66].

Сыр қазақтарының тұрмысында сандық негізгі тұрмыстық жиһаз болып саналады. Сандықтың үй тұрмысында тұтыныстық та, сәндік те мәні зор. Төрдегі сандықтар молшылықтың, қазынаның көрінісі. Төрдегі сандықтар молшылықтың, қазынаның көрінісі. Сандықтардың түрлері мен атқаратын қызметіне қарай киіз үйдің ішінде арнайы орны болды. Жүк сандықтардың, жүкаяқ арқылы көтеріліп, төрге қойылып үстіне тең жиналды (Сурет 8), төрден қарағанда киіз үйдің оң жақ босағасына қарай асадал, сол жақ босағасына қарай кебеже қойылды. Көлемі жағынан үлкені абажа, әбдіре деп аталып жүк сандық қызметін атқарған. Сыр бойында сандықтың кең тараған түрі, әрі осы күнге дейін кең қолданысқа ие болып отырғаны - беті оймышталған ағаш сандықтар мен бетін қаңылтырмен қақтаған ағаш сандықтар. Кебежелерге кісен, шідер, тоғанақ, т.б. шаруашылық бұйымдары салынған. Ал көш кезінде ішіне көрпеше төсеп, кішкентай баланы отырғызуға да пайдаланған. Кебежелер жерден көтеріп тұратын төрт аяғымен бірге жасалынған, әсіресе FMMM сақталған оймыштап жасаған кебежеде, ағаштың табиғи бояуы сақталған, әрі өсімдік типтес көгеріс және зооморфты өрнектерді бір-бірімен байланыстыра отырып, ойған (Сурет 7, 7а). Ал, абаяның ішінің сымдығы мол болған, қазақтардың көлемі үлкен дүниені «абаядай» деп теңеу айттуы осымен байланысты.

Ағаш сандықты төрт бұрыштап кесілген, жонылған тақтайлардан қиюластырып, бетін оймыштап өрнек шабады, жосамен, лакпен, охрамен бояған. Ағаш сандықтарға өсімдік типтес және геометриялық оюлар шабылған [7, с. 42-43; Сурет 4, 4 а]. Жағлан үшін дайындалған сандықтың сүйегін немесе ағашын, қаптайтын былғары теріге арнайы қалыптармен ою-бедер түсірген (Сурет 2-3), бетін құйма күміспен, қалпақты күміс шегемен әшекейлейді, оны жағдан деп те атайды. Қыз Жібек жырындағы «Сексен түйе үстінде, алтынды жағдан орнаған» - деген жолдар жағланның қыз жасауына арнап соғылғандығын меңзейді. Темір сандықтың бет жағына әдетте жұқа мыс, қаңылтыр, жез таптаулармен, темір ені 0,5, 1 см болатындай, беті тегіс сымдарды шаршылап, кереге көздеп қадау шекіген, темір шаршыларды күміс қалпақты шегелермен бекіткен (Сурет 1, 1а). Кейде темір бетін әсемдік үшін сырлаған (Сурет 9). Бетін сүйектермен өрнектелгенін сүйек сандық деп те атау қалыптасқан. Ол үшін қойдың қабырға сүйегін әбден майынан арылтып қайнатып, ортасынан тіліп, кермегін тазалап, түтінге ыстайды, дайын болған сүйек талдарын күміс шегелермен геометриялық пішінде қиюластырып орнатады. Сүйек сандықтар, сүйек жүкаяқтар, сүйек кебежелер сандықшылар мен сүйекшілердің жоғары эстетикалық талғамынан мәлімет береді, әрі сүйектелген сандықтар қымбат бағаланған (Сурет 5, 7). Киіз үй төріндегі сандықтарды көтеріп тұратын жүкаяқ арқылы сандық ішіне ауа кіреді, жерден ыза өтпейді, ал сандық үстіне жиналған жүк «тең» деп аталады (Сурет 8). «Кіруге адам батпайды, аман-есен сақтайды» деген қазақ жұмбағының шешуі сандық, «Төрде төртеу төрем дейді, есікте екеу өлем дейді» деген жұмбақтың шешуі – сандық пен қос босаға. Бұл жұмбақта төрдегі сандықтарды төреге теңегендігі, тұрақтылықтың, үлкендіктің, ал қос босаға беріктіліктің белгісі ретінде бейнеленген.

Г.С.Загряжский: «Сырдария қазақтарын тұрмыс қажетін қамтамасыз ететін заттарды өздері жасап отырды, қажетіне қарай шеберлерге тапсырыс берген», - дейді [4, с.118-119]. Г.С.Загряжский бұл жерде өздері жасап отырды деп киіз, кілем, алаша, бау-шулар, көрпе, көрпешелер сияқты үй кәсіпшілігінде дайындалатын заттарды айтып тұрғаны белгілі. Сандықтардың қақпағының үстіне төсейтін жапқыш-кілемшенінің пішімі, сандық көлеміне сәйкес келген, оны әрбір әйел үй тұрмысында тоқи алған. Сандық-жапқыш кілемше тоқу Сыр өңіріне тән қолөнер [8; Сурет 6, 6а]. Кілемнен тоқыған сандық қапты

көш кезінде киім-кешек салатын шабадан ретінде де қолданған (Сурет 6б)

Сыр қазақтары арасында егде тартқан көп жасаған, үбірлі-шүбірлі болып қайтыс болған әйел адам, яғни кемпір өлгенде атқарылатын рәсімнің бірі – «сандық ашу». Сыр өңірінде кемпірлер жасы келген уақыттан бастап «о дүниелік киімім» деп сандығына 20 метр «ақ сұп», яғни ақ шыт мата, жиған-терген маталарын, сақина-білезіктерін, тәуір деген киімдерін салып қоя берген. Бұл сандықты үй-ішіндегілер шартты түрде «кемпірдің сандығы» деп атайды. Бұрын «кемпір сандығын» келін-қыздары ашып, ақ сұпты кебінге деп, ал киімдерін бөлісіп алған, марқұмның жақсы деген киімін суға алған адамдарға деп берген. Қазіргі кезде жергілікті қазақтардың айтуы бойынша 1980-ші жылдардан бастап бұл рәсімнің атқарылу реті өзгеріске ұшырап, сандық арнайы белгіленген уақытта көпшілік алдында ашылған. Яғни, кемпірдің сандығы қонағасы күні құда-жекжаттар жиналған уақытта кешкі сағат 5 шамасында ашылады, рәсімге тек қонағасыға жиналған әйел адамдар қатысады да, оларға марқұмның көзі тірі кезінде жиған-тергендерімен қатар, қыз-келіндері әкеліп салған көйлек-көншек, сақина-білезіктері, ашымқа шәйлері таратылады. Көп жасаған кемпірдің сандыққа жиғанынан «тәбәрік» алып кету кәде ретінде қалыптасқан [8]. И.Кастанье бойынша марқұмның көзі тірісінде сандыққа салып жинаған заттарын тарату өлікті жерлеп келгеннен кейін атқарылған [5, с.80].

Сыр қазақтарының көнге наным-сенімі бойынша сандықты түнде ашуға болмайды. Ә.Диваев Сырдария экспедициясы кезінде осы нанымның мәнін Мұхамедәли Шахмұратовтың айтуы бойынша жазып алған: «әулеттен біреу өледі, - деген қауіппен түнде сандықты ашпайды; егер өте қажетті жағдайда ашатын болса, бұл жағдайда: «оған жылан кіріп кетті», - деп ашады» [6, с.57]. Бұл дерек қартайған адамның сандыққа ақырет киімдерін салып жинауы ертеден қалыптасқанын нақтылайды, тек жоғарыда атап көрсеткеніміздей оны өлікті жөнелтуге жиналғандарға ашып көрсету рәсімі кейін пайда болған. Ә.Диваевтың түсіндіруі бойынша түнде сандық ашудың үш себебі бар, біріншіден қазақтар көшпелілер ретінде түнде сандықты онда сақталған бір зат қажет етілгенде, екіншіден өте ертемен жаңа мекенге көшерде түйеге арту үшін ашады, үшіншіден жерлеуге қатысты ашылуы мүмкін және сандықты ашудың басқа себептері үй қожайынының еркіне байланысты [6, с.57-58]. Сондай-ақ түнде сандық ашпау, қазақ халқының мифологиялық қаскүнем күштерге сенуіне орай, яғни шайтан аралап кетеді деген наным де байланысты [8].

Яғни сандық белгілі бір қажеттілікке орай ғана ашылған. Сондай-ақ, Ә.Диваев бойынша екіқабат әйел толғатқанда толғағы жеңіл болсын деп, оған тиесілі сандықтардың бетін ашып қойған, - деп сандықтың бетін жақсылық шақыру, біреудің өміріне жол ашу мағынасында да ашылғандығын көрсеткен. Бұл ырым қазақтар үшін сандықтың мәні жоғары екенін көрсетеді [6, с.57-58].

Сандық ұзатылар қыздың жасауының міндеті бір бөлігі болған. Жасау беру қыз ата-анасы үшін өте жауапты іс саналды. Сыр өңірінде қыз жасауына, яғни жергілікті тілмен айтқанда «қыз дүниесіне» қолдан соғылған сандық апару ертеден қалыптасып, сақталған, қыз сандығына аты шыққан шеберге тапсырыс беруге тырысқан, оның әсемдігіне сандықшы бар өнерін салады Сыр өңірінің Жалаңаш, Теренөзек, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандарында қыз күйеуге кеткен соң қыз киімін беру қыз шешесінің міндеті саналады. Бұл дәстүр «*киім апару*» деп аталып, дайындалған киімдер жасау құрамында сандықтан бөлек, киімге деп арналып соқтырылған сандыққа салынады, киім апаруға қыздың 2-3 жеңгесі сайланады, олар да киімге, яғни сандықты толтыруға өз үлестерін қосады. Сандықпен киім әкелуші құдашаларды күйеу үйі күтіп, киіп кигізіп қайтарады. Сондай-ақ, ұзатылар қызға жасауымен бірге апаруға әшекей, айна-тарақ сияқты жеке заттарын салуға арнап көлемі кіші сандық соқтырған, ол қол сандық (Сурет 9, 9а) деп аталған. Ондай көлемі кіші сандыққа кейде кептірілген тәттілер салынғандықтан болу керек «шәй сандық», қапталған шикізатына қарай сүйек сандық деген атауы да кездеседі. Қол сандықтарды шеберлер майда құрал-саймандар сақтау үшін де жасаған. Қазіргі таңда қолсандықтарды жаңа туылған балаға «бесікке салар» жасағанда

қыз шешесі кәде ретінде жиен немересіне арнайы соқтырып, ішіне бала киімін салып апарды. Сандық соғуға жергілікті Сыр ағаштары, сыр тал, қарағаш діндерінен шабылған ағаштар қолданылады [8].

Қызылорда облысы өңіріндегі тарихи-өлкетану музейлерінің барлығында дерлік жергілікті сандықшылар соққан XIX-XX ғасырдың бас кезінде жасалған сандықтардың түр-түрі сақталып, экспозицияға шығарылған. Сыр өңірі қазақтарының әрбір үйінде дерлік сандықты кездестіруге болады. Қазіргі кездегі жергілікті шеберлердің барлығы дерлік сандық соғу әдісін меңгерген. Жергілікті Сандыққа мән берудің бүгінгі күнде де тұрмыстың ажырамас бөлігіне айналып отырғаны Сыр өңірінің “этнографиялық аймақ”, “қазақи аймақ” екендігін тағы да бір дәлелдейді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Азиатская Россия. Издание переселенческого управления главного управления землеустройства и земледелия. – СПб.: В типографии товарищества А.Ф.Марса, 1914. Т.1. Люди и порядки за Уралом. – 576 с. + ил.; Т.2. Земля и хозяйство. – 638 с. + 11 ил.; Т.3. Приложение – СЛШ с.
2. Загряжский Г. Быт кочевого населения долин Чу и Сырдарьи. // Туркестанские ведомости. 1874. №25. 25 июня. – С.97-98, №27. С.106-107, №28. – С. 110-111., №30. – С. 118-119. №31 – С. 123. №32. – С. 129-130.
3. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). Сборник документов и материалов. – Алма-Ата: Издательство Наука, 1964. – 572 с.
4. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 3 том. – Алматы: РПК Слон, 2012, 735 б.
5. Наливкин В. Особенности охоты туземцев Туркестанского края // Природа и охота. 1891, №6 – С.60-81. – С.60-81.
6. Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. – Алма-Ата, Наука, 1980. – 256 с.
7. О.Ш. От Орска до Казалинска (кочевой быт казахского народа) // Туркестанские ведомости (далее ТВ). 1889. №33. 15 авг. - С.127-128., №36. 5 сент. - С.140-141., №42. 17 окт. - С.164., №43. 24 окт. - С.167-168.
8. Лавров М.В. Туркестан. География и история края. 2-ое издание. – М.- Петроград: Т-ва В.В.Думнов, Насл. Бр. Салаевых, 1916. – 198 с.
9. Иш-Мухамед Букин. Умственное и физическое воспитание у киргиз // ТВ. 1883. №17. 3 мая. - С.66.
10. Загряжский Г. Быт кочевого населения долин Чу и Сырдарьи. // ТВ. 1874. №25. 25 июня. – С.97-98, №27. С.106-107, №28. – С. 110-111., №30. – С. 118-119. №31 – С. 123. №32. – С. 129-130.
11. Кастанье И. А. Надгробные сооружения киргизских степей. – Оренбург: Типография Тургайского Областного управления, 1911. – 102 с. + 28 табл. + 76 рис.
12. Диваев А. Приметы // Сборник для статистики Сыр-Дарьинской области. Издание Сыр-Дарьинского Областного Статистического Комитета. Под редакцией секретаря комитета И.И.Гейера. V том. – Ташкент: Типо-литография торгового дома Ф и Г. Бр. Каменского, 1896. - С.56-59.
13. Востров В.В. Некоторые вопросы этнографии казахов Кзыл-Ординской области // Материалы и исследования по этнографии казахского народа. Том 18. ТИИАНКазССР., – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1963. – С.30-50.
14. Автордың Қызылорда облысында жүргізілген далалық экспедициялық материалдарынан.

#### **10 Дәріс. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің танымдары және халықтық білімдер жүйесін зерттеу тәжірибесі.**

**Мақсаты:** докторанттардың материалдық емес мәдениет мұралары нысандарын сақтау және қолдану, оларды музейлендіру ерекшеліктерін, әдістерін, талаптарын оқыту.

**Кілт сөздер:** материалдық емес мәдениет, мәдени мұра, рухани мәдениет, музеефикация, конвенция, тұжырымдама.

**Қысқаша құрылымы:**

**ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МҰРАСЫ. ДАЛАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ**

**1.1 Қытай қазақтарының киім-кешегі**

Қолөнер түрлерінің әр қайсысының талай ғасырлық тарихы бар. Қазақ халқы өзінің күнкөріс тіршілігіне қажетті үй-жай салуды, киім-кешек тігуді, азық-түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнбе-күн тіршілік барысында пайдаланып, әсем бұйымдар жасап өмірде сән салтанат құра білді. Халық шығармашылығының қандай түрі болса да халық өмірімен, сол халықтың қоғамдық тарихымен, кәсібімен тығыз байланысты болады.

Қытай 56 ұлттан құралған көп ұлтты ел. Әр ұлттың мәдениеті – Қытай ұлттары мәдениетінің құрамдас бөлімі. Жасаған ортасының және тарихының әр қилы болуы себепті, әрбір ұлттың өзіне тән ұлттық салт-санасы, ғұрып-әдеті, киім-кешегі, қоныстануы, ас-суы, т.б. әр алуан болып келеді. Қазақ ұлты өзінің тарихи даму үрдісінде, өзіне тән ұлттық мәдениетін қалыптастырған. Оның ішінде – киім-кешек мәдениеті.

Қазақ халқы мал шаруашылығы сияқты өндірістік тәсілдің қажетіне сай, қысы-жазы көшіп-қонып жүретіндіктен, олардың киімдері де көлікке мінуге қолайлы кең, мол тігілсе, жаз айларында ыстықтан немесе жауыннан қорғану үшін, жаздық қаптал шапандарының етегі ұзын болып тізелерін жауып тұрады. Ішінен қабаттап киім киіп суықтан қорғанатындықтан қыстық шалбарларының ауы кең болады.

Алтай өңірі (ҚХР), Ноғайты қыстағының тұрғыны Нұрсұлтай Көкейұлы: «Теріден тігілген шалбарды таулы өңірдегі малшылар дәл қазірге дейін киіп келеді. Әсіресе, Алтай аймағында малшылар қыстағы мал отарында осы шалбар сияқты жылы киімдерге сүйеніп қыс өткелінен өтеді. Теріден тігілген шалбар жұрындаған шалбар және балағын бүккен шалбар болып екі түрлі жасалады. Кейбір шалбарларды мүйіздеп қиюлаған шалбар жәй шытыра салып қиюлаған шалбар, қос мүйіз салып қиюлаған шалбар деп аталады. Ондай шалбарды негізінен той-томалаққа киеді. Бір жағынан шалбардың беріктігі үшін пайдалы болса, шалбардың тізесінің шығып қалталанбауы үшін де пайдалы. Онан қалса қар сумен тағы себептер мен шалбардың балағы су болғанда, қиюлы шалбардың балағы албаты созылып сыны кетпейді. Ауқатты бай адамдар шалбарды асыл бұлдармен қиюлатып киген. Қазірде ауылдағы жасы үлкен адамдардың ішінде қиюлы шалбар киетіндер бар. Заманның дамуына қарай, қазір жастарда қиюлы шалбар киетіндер барған сайын азайып барады. Қымбат әдемі елтірімен жұрындап, мақпалмен қиюлаған шалбарлар көрініске көркем болғанымен, ол өте ауыр әрі ерекше жылы болғандықтан шақылдаған қыстан басқа уақытта қию қиын» - дейді [1].

Оқалы шалбарды да аң немесе ешкі терісінен жүнін түсіріп ұлпа етіп өте жақсы илеген соң, оның балағынан өрлей тізесіне дейін жіппен кесте салып тігеді. Оқалы шалбар тіктірушінің ауқатына жарай кестені жібек жіптермен тігетіндер де болады. Кейде оқалы шалбардың тізесінің үстіне дейін табақ ою немесе аю табан өрнектер салынады. Оқалы шалбар көбінде оқалы тонмен бір пар болып жасалады. Оқалы шалбардың терісін ерекше шебер тері илеушілер илеген соң, шебер тігіншілер тігеді.

Ерте заманда оқалы тон, оқалы шалбарды көбінде ел басқарған билер, одан қала берсе ел арасындағы әнші-күйші сал-серілер киетін болған. Кестелі шапан дегеніміз – астар және тыстан құралып өңірлеріне жеңінің ұшына, жағасына, кейде жауырынына табақ ою түсіру арқылы өте жақсы тігілетін сырттық киім. Кестелі шапанды көбінде қазақтар сыйлы адамдарға сауға ретінде тарту етеді. Құда-құдағиларға киітке апарды. Жалпы тұрғыдан алғанда кестелі шапан қазақтардың той-томалақтарда, айт-мейрамдарда киетін сән-салтанат киімі. Соңдықтан, кестелі шапан қию, кестелі шапан ұсыну қазақтардың тарихында ұзақтан бері жалғасып бүгінге жетіп отыр. Кестелі шапан кестенің ыңғайына қарай, қара, қоңыр, көк, жасыл қатарлы әртүрлі реңдегі тақыр барқыт,

мақпал сияқты кездемелермен тысталып жасалады. Қазақ ұлты арасында кестелі шапан жауып ат мінгізуді ең үлкен сый құрмет деп қарайды. Мұны басқаларға бермей үйінде естелік ретінде сақтайды.

Қазақ киімдерінің әрбір өңірде жасаған руларының ара шалғайлығына қарай, белгілі дәрежеде өзіне тән ерекшеліктері де сақталған. Соған байланысты Санжы ауылының тұрғыны 77 жастағы Қанапия ақсақал: «Қытайдағы Алтай, Санжы, Құмыл өңіріндегі қазақтардың тымағы Іле, Тарбағатай қазақтарынан әдемірек болып келеді. Ал, Іле өңіріндегі қазақтардың ақ қалпағы, Шыңжанның басқа жеріндегі қазақтардан парықты келеді. Алтай, Санжы, Құмыл өңіріндегі қазақтардың тымағы негізінен керей тымақ деп аталса, тарбағатайдағы қазақтардың тымағы арғын тымақ делінеді. Ал Іледегі қазақтардың ақ қалпағы жергілікті тілде көбінде қызай қалпақ делінеді. Алтай, Тарбағатай, Санжы, Құмыл, Бұратала өңірлеріндегі әйелдердің кимешек шылауышы негізінен ұқсайды. Ал, Іледегі қазақ әйелдерінің кимешек, шылауышы бұлардан едәуір көріктірек келеді. Ең қарапайымы Іледегі қазақтардың атқа салатын тоқымы, басқа аймақтардан көп жақсы. Мүмкін бұл осы өңірлердің жағырапиялық жағдайына қарай қалыптасқан шығар. Мәселен, керей тымақ болсын, арғын тымақ болсын, қызай қалпақ болсын түгел төрт сай етіліп киізден сырылған төбесі болады. Тымақтардың тек құлағы, маңдайы, төбесінің биік аласалығы ғана ерекшеленеді. Ал қызай қалпақ та сол төрт сай етіп құрастырылған шошақ төбесі қалпақтың өзіне тән дөңгеленген етегі бар. Қариялардың айтуынша ерте заманда қазақтарда жүннен дөңгелектеп шошақ төбе шығарып тіке жүннен басып жасаған қалпақ болған екен» - дейді [II].

Ал енді Көнес қаласының тұрғыны Жаңылсын Мұхтарбекқызы: «қыздардың бас киімі әртүрлі моншақтармен безендіріліп, кестеленіп тұратын. Қыз баланың басына кішкене күнінен үкілі төбетай, бойжетіп қалған кезінен бастап маржанды шашақ, үкі тағылған бөрік кигізілетін. Бөрік әр үйдің ауқатына қарай құндыз, сусар сияқты қымбаттерілермен, тіпті болмағанда қара мақпалмен қиюланады. Қыз ұзатылған кезінде алуан түрлі кесте және моншақтармен безелген шошақ төбелі сәукеле киеді. Кейіндеп жаңа түскен келіншек желек немесе әсем тоқылған қызыл, ақ бөрте салып жүретін болды. Қазақ әйелдерінің кимешек шылауыштары жас кезінде, барынша ашық, әсем жібек жіптермен қанық және жиі кестеленеді. Алдымен кимешек киіледі де үстінен шекесіне шылауыш тартылады. Шылауыштың маңдайы, төбесі, кейте тіпті етегіне дейін кестеленіп, маңдайына күміс салпыншақ тағылады. Кимешек шылауыштың жасауында жалпы үлгісі ұқсаса да кейбір үйсін, найман, керей руларының әйелдерінің кимешек шылауышында айырмашылық болады. Үйсін әйелдері кимешектерін баспалап тігеді де, кимешегіне маңдай қояды. Ал керей әйелдерінің кимешегінің жағы кең тігіледі де, құлағы, самайы көрініп тұрады. Қызай әйелдерінің кимешегі - көбінесе кестеленіп тігіледі де, жағы басына лайықтап тігіліп әдетте құлағы көрінбейді. Қазақ әйелдері жасы ұлғайып кеткенде кимешек шылауыштарын кестелеп киеді. Өлімді-жітімді болған кездерінде, қызыл алалы кестелі кимешек-шылауыштарын бір жылға дейін кимей, бастарына қаралық салады. Ал күйеулері өлген әйелдер кимешек-шылауышты мүлде кестесіз киеді» - дейді [III].

Әйелдер түсі ашық, қатпары айқын киім-кешек киеді. Түс жағынан, әлде үлгісі жағынан болсын, ерлердің киім-кешегінен гөрі әдемі, оныңүстіне жасалуы да күрделі, үлгісі де әр алуан келеді. Сапасы жақсы, түсі ашық маталарды қолданады. Жас құрамына қарай, киім-кешектері де әркелкі болады. Қыздар мен келіншектердің, орта жастағы әйелдер мен егде әйелдердің киім-кешектерінде айқын парық болады. Әйелдер киім-кешегі көбінде түсі ашық, гүлді торғын-торқадан, зерлі шұға, мақта матадан тігіледі, көйлектерінің түрі де мол келеді. Қыздар мен жас келіншектер әдетте жағасына, өңірлеріне, жеңіне, иығына алтын, күміс зерлі жіптерден әртүрліөрнектер кестелейді. Жас қыздар әдемі кәзекей киеді, оған жарасқан мешпет немесе шапан бойжеткенді тіпті сұлуландырып дене мүшесін сәңдей түседі. Егер өңірлеріне інжу-маржан немесе сөлкебай, ақық, теңге, оныңүстіне бұрымына шолпы, түйме тағып алып, бұрала басып жүрсе, теңге-шолпылары сылдыр қағып жүреді.

Келіншектердің кимешектерінің алды көрікті, кестелі болудан сырт, оған маржандап сөлкебай тағылады. Шылауыштарының маңдайына тағатын салпыншақтары асыл меруерт маржандардан немесе күмістен жасалады. Бас киімде әсемділік әйелдердің көркін асыра түседі. Қазақ қыздары мен келіншектері алуан түрлі торғыннан, барқыттан, бал барқыттардан желбіреуік салып көйлек киеді, көйлектерінің сыртнан камзол (немесе жеңсіз қысқа казекейлер) киеді. Камзолдарының кеудесін кестелеп өрнектейді. Оған қыз балалар толып жатқан түрлі моншақ (түйме, маржан, сөлкебай т.б.) қадайды.

Қытай қазақтарының шылауыштарына, кимешектеріне байланысты Шеміршек ауылының тұрғыны, көпті көрген Сәдеп апа: «Қытайдағы Алтай, Тарбағатай, Санжы, Құмыл, Бұратала өңірлерінің әйелдерінің шылауышы бірыңғай келеді. Ал, Іле өңіріндегі қазақтардың әйелдерінің шылауышы және бір түрлі шылауыш осындай жерлік және рулық ерекшелік алады. Іле өңіріндегі әйелдердің кимешек шылауышының кейбірі бір тұтас жасалған болып, шылауыштың маңдайына, кимешек орнындағы жақтарына айналдыра өрнек салынады. Ішнара әйелдер шылауыштың маңдайына салпыншақ немесе шашақ төгеді. Ал, Алтай, Тарбағатай, шығыс Шинжияң өңірінің қазақтарының әйелдері шылауышты қаттап, қаттамасын маңдайына келтіріп тартады (Сурет 9). Шылауыштың маңдайындағы қаттамаға келетін жерін кейде кануамен кестелейді. Шылауыштың артқы шалғайының бұрышынада кануамен кесте салады. Ерте кездерде сері әйелдер шылауыштың екі самайына күмістен өрнектелген түйреуіш түйреп сәндейді» - дейді [IV].

### 1.2 Қытай қазақтарының ою-өрнегі

Атадан балаға мұра болатын қолөнерін жалғастырушы шеберлер әрқашанда халық арасында құрметті. Қолөнер бұйымдарын дүниеге алып келу көптеген уақытты және еңбекті, шыдамдылықты қажет етеді.

Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Сан алуан түрлі қолөнер бұйымдар әсемдігі, өрнегі тұрмысқа мән берумен адамдарға рухани ләззат әкелген. Көз салып байыптап қараған адамға бұйымдардағы түрлі-түсті ою-өрнек, оның орналасуы адамзат дүниесінің табиғатпен біте қайнасқан сонау заманнан келе жатқан қарым-қатынасын, көңіл-күйін, жан дүниесіндегі тылсым күштердің бірлігін аңғаруға болады. Қазақ қолөнерінің түрі, сапасы, өрнегі, бояуының өмірге келуі көшпелі өмірмен тығыз байланысты. Нағыз шеберлікке жету үшін табандылық, іскерлік, талғампаздық, білім қажет.

Алтай аймағы - Шыңжаңдағы Іле қазақ автономиялық облысына қарасты әкімшілік аймақ. Батысында Шығыс Қазақстан облысымен, солтүстігінде Ресейдің Алтай Республикасымен, солтүстік-батысында Моңғолияның Баян-Өлгей, Қобда аймақтарымен шектеседі. Кесте тігіп, тоқыма тоқу халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан төл өнерлерінің бірі. Қазақ салтында үй жиһаздарын, киім-кешектерді, қол орамалдар мен ер-тұрмандарды т.б. тұрмысқа қажетті заттарды ою-өрнектер арқылы кестелеп кейбірін, әр-түрлі жіптермен әшекейлеп, тоқып, өзіндік ұлттық болмысын әйгілеп отырған. Қанға сіңген қолөнерімізді ұмытпаған қытайдағы қандастарымыз ұмыт болып бара жатқан осы өнерді жастарға насихаттап отыр (Сурет 22-30).

Жастайынан қолына ине-жіп алып, ісмерлікпен айналысқан ол қазақтың ою-өрнегін ғылыми деңгейде зерттеуге сонау 80-ші жылдары мойын бұрған Нұрила Қызықанқызы: «Кейінгі кезде мен қазақтың ою-өрнегін зерттедім. Енді кітабым шығады. Қазақ оюларында да ағаттық кеткен көп жерлер бар. Оюдың атауы сыртқы элементінен емес, ішкі элементінен бастау керек. Бұрын қазақтардың киімдерінде де рулық айырмашылықтар болған. М. Әуезовтің бір шығармасында: «Есіктің алдына шешіп қойған етікпен, қай рудың адамы екені білініп тұрған» - деген. Менің үлкен атам ұста болған адам. Үлкен би, мамидің келіндерінің сәукелелеріне моншақтарын, құймаларын құйған. Кейбіреулер сәукелені той күні ғана киіп, қалған кезде кимейді деп жатады, бұл да жалған нәрсе. Күнделікті киіп жүруге қолайсыз болғандықтан, ол киілмейді екен. Салтанатты той-думандарда, ас берілгенде киеді екен. Баласы сәл өскенге дейін кие беруге болады. Керейлердің ішінде Базарқұл деген рудың, Көктұмақ деген ел болған.



Бұлай аталуының себебі, бір келген келіні: «Мен сәукелені қартайғанға дейін киемін» - деген екен. Себебі, суық аудандарда сәукеленің құлағын түсіріп киеді екен де, күн ыстықта оны көтеріп қояды екен. Сәукелесі көк түсті болғандықтан, ол аталарды Көктұмақ атап кеткен екен. Сәукеле өте ауыр болады. Сәукеленің күтушісі болады, қалыңдықтың мойнын талдырмай арасында көтеріп алып жүреді екен.

Қазақ ою-өрнегінде бір ерекше қасиет жатыр, онда ешқандай нәрсенің натуралдық тура кескіні емес, ою-өрнектерде - ойдың иірімі, қиялдың көркемдігі сінген. Мысалы Қытайдың өрнектері лала гүлін, роза гүлін тура сол қалпында бейнелейді. Жапырағын да, сабағын да сол күйінде беріледі. Ал қазақтардың ою-өрнегінде ол өзгеріске, қиялдық көркемдікке енеді. Романтикалық бейне, фантастикалық бейнелер тек шет елдің ою-өрнегінде ғана емес, бізде де кездесіп отырады. Моңғолдар да, қырғыздар да біздің ою-өрнегімізді шығарып жатыр. Олар кейінгі 200-300 жыл бұрынғы құлпытастардағы ою-өрнектерін шығара берсін. Тәртіпке түскен ою-өрнектер Маңғыстаудың құлпытастарында бар екен. Қазақтарда бұрынғы ескі ою-өрнек жұмсақ заттарда, маталарда болғандықтан сақталуы төмен болған. Қазақтың ою-өрнегі дегенде бізде - мүйіз ою-өрнектер. Ал гүл ою-өрнектермен біздің басқа ұлттармен ұйғырлармен, өзбектермен, түркі халықтарымен сабақтастығымыз бар. Мүйіз ою-өрнектерінің тағы бір қасиеті - бір-бірімен түйіспей алып баруға болады. Соны біз - бұйдалы тіркес дейміз. Үзілмей отырып, екі жағынан шығады, ол мәңгі қосылмайды. Енді бір түрі - тұйықталып жасалы, оны - іргелес, буынды тіркес дейміз. Бұйдалы тіркестің басқа оюлардан ерекшелігі бір сызықпен жасалады, ал басқа оюларда ұзын-қысқа сызықтармен жасалады. Сосын реңге байланысты, мысалы роза гүлін бояу үшін қызыл, сабағы жасыл болып жатса, қазақ ою-өрнегін әртүрлі түске бояуға болады. Соны әлемдік мәдениетке жеткізу керек, - деді [V].

Сонымен қатар, осы ою мен өрнектің айырмашылығын Нұрила апай: қазақтың ою және өрнек деген екі сөзінің арасында мағыналық жақындық да бар, айырма да бар. Әдетте ою деп негізінен белгілі бір заттан ойып алынған нәрселерді айтады. Ұғымда да солай. Ағаш ою, киіз ою деген сияқты іс-әрекеттер халықтың тұрмыс-салтында көп қолданылған. Ал өрнектің мағынасы одан кең, шексіз деуге болады. Шығу тегі солай болғанмен қазақтың өнерінде ою әдеттегі бір нәрсенің натурал пішіні емес. Мұнда қазақтың жасампаздығы қияли ойлау дүниесі бар. Ол барынша абстрактыланған бейне. Онда романтикалық қиялдау қуаты жатыр. Оюда біздің ақыл-парасатымыз бен дүниетанымымыз көрініс тапқан. Ал енді оюға келетін болсақ: Қазақтың барлық оюларында санаулы ғана түр бар. Біріншісі, серке немесе сүйір мүйіз. Өзара қолтықтасып келетін оюды қошқар немесе имек мүйіз деп атаймыз. Ортасынан қыстырылатынын төбел дейді. Кішкенесін тана мүйіз деп атайды. Бұдан басқа қос мүйіз деген деген тағы бір түрі болады. Олар әр шебердің қолына барғанда өзінше өзгеріп, түрленеді. Оған қазір сызушылардан гөрі қараушылар ат қойып жатыр. Кейбіреулері мынау қызға, мынау ер адамға арналған деп жатады. Ол бекер сөз. Ою кеңістік арқылы түрленеді және көлемге ғана бағынады. Қандай да бір ою жеке дара көркемдік шығармайды. Олар бірнеше мүйізбен қабаттасып келгенде ғана көркем сипатқа ие болады. Көркемдік стилдік өзгеріске енеді де кеңістікке бағынады. Кеңістік тұмар, шаршы, ромбы және тағы басқа да үлгілерде болады, - деді.

Ал, енді Алтай аймағының Шеміршек ауылының тұрғыны Сәдеп апа кестеге байланысты былай дейді: мата, тері, киіз, т.б. материалдар бетіне әр түрлі боялған жіптермен, жібек зерлермен сурет, өрнек салып тігу арқылы жасалады. Кесте тігу өнері қазақ халқына өте ертеден таныс. Байырғы сақ, ғұн, үйсін өнерінде Кестені зерлеп, маржандап, торлап, түктеп тігу тәсілдері кездеседі. Қазақ салтында үй жиһаздарын, киім-кешектерді, аяқ киімдерін, қол орамалдар мен ер-тұрмандарды, т.б. тұрмысқа қажетті заттарды безендіру үшін кесте көп пайдаланылған. Алтындап, күмістеп тігу сән-салтанат бұйымдарына тән. Бұл үшін көбінесе барқыт, плюш, атлас, қырмызы сияқты бағалы маталар пайдаланылады. Мұндай тігістерге өзіне арналып жасалған алтын және күміс жіптер қолданылады. Кейде алтын, күміс түстес жіндішке жиек сулары пайдаланылады.

Алтындап тігуде, көбінесе, бедерлі, бедерсіз басып тігу әдісін қолданады. Алтындап тігу кестесіне маржандап тігуді де аралас жүргізеді. Алтын жіппен тігу түркі халықтарының бәріне тән өнер. Алтын кестелі тон, шапан, айыр қалпақ, кемер белбеу, сал шалбар, қамзол, сәукеле әдемілік әшекейінің ең асылы және бағалысы болып есептеледі. Сонымен қатар кесте және көркемдеп тігу ою-өрнекті әшекейлеудің ертеден келе жатқан элементтерінің басты түрі. Кестені бізбен және жай инемен әшекейлеп тігу барлық халықтарға да ортақ өнер. Кесте өнері нағыз халықтық, алуан әдісті, таңдауы көп өнер. Кесте өнерінің қазақ халқына тән байырғы көне түрлері: біз кесте, айқас тігу, айқыш-үйқыш тігу, басып тігу, қайып тігу. Біз кестенің шым кесте және әредік кесте деп аталатын екі түрі бар.

**Біз кесте** дөңгелек немесе төрт бұрышты етіліп кергіш ағашқа керілген материалдың бетіне түсірілген ою-өрнек бойынша қармақты бізбен өткермелеп шалу арқылы кестеленеді.

**Шым кесте** деп тігілетін материалдың ашық жерін қалдырмай немесе ашық орынды өте аз қалдырып, тұтас кестелеген шымқай кестені айтады.

*Шым кесте*, түскиіз, сандыққап, мақпал шапан, орамалдың алақаны, жастық жапқыш, кежім, сәукеле сияқты басқа да көптеген заттарға төгіледі немесе бөлек материалға төгіп қондырылады. Әредік кесте тақия, балақ, өңір, жаға, етекке және кең қоныш етіктердің бұрыш-бұрышы, перделердің шеттері сияқты заттарға төгіледі немесе бөлек төгіп қондырады.

**Әредік кестеде** материалдың әр жері әшекейленіп, бөлек-бөлек өрнек салынады.

**Айқас (крестеп) тігу** де инемен тігілетін кестенің ең көп тараған түрі.

Мұнда өрнек ізімен біркелкі төрт бұрышты етіп, бір жіптің үстінен екінші жіпті крест түрінде айқастыра бастырып отырады. Бұл қазір кесте тігудің ең қолайлы түрі деп танылып жүр.

**Тесіп торлап тігуде** өрнектелетін материалды өрнек мәнеріне қарай тесіп алады да, оны торлай және ортасын кереге көздеп, санап отырып шалу арқылы түрлі өрнек салады. Тесік аралығын кереге көздеу әдісінде кестенің тесік аралығындағы жіптерін өрмелеп шалып тоқу түрі де қолданылады. Мұндай тесіп, торлап өрнектеу әдісімен көбінесе жастық тысының беті, жастық жапқыштар, төсек жапқыштар әйелдердің іш көйлектерінің кеудесі, етегі, гүл қойғыш төсеніштер, дастарқандар мен диван жапқыштар, үйдің қабырғасына керіп қоятын маталар кестеленеді.

Кестені **бедерлеп тіккенде** кестеленген материалда әр түрлі ою-өрнек, мәнерлі бұдырлар өрнектеледі. Мұндай тігу түрін орындағанда әуелі үлгі бойынша сызылып алынған өрнектердің үстіне мақта, мата қиындылары, қағаз, картон салынып, кестенің жіптерін, сол заттарды бастыра шалып тігеді. Соның нәтижесінде матаның бетіндегі өрнектер бұдырланып бедерленеді. Бедерлеп тігу әдісіне де өрнектің мәнері мен шебердің шешіміне қарай бірнеше түсті жіптер қолданылады. Бедерлеп тіккен кестені көп жуа беруге болмайды.

Қазақ қолөнері қорындағы киізден жасаған бұйымдар қайталанбас өзгешелігімен, қалыптасқан топтама жүйелігімен ерекшеленеді. Солардың бірі – сырмақ. Арнайы басылған киізге басқа түсті киізден, матадан қиып дайындалған ою-өрнекті сырып тігу арқылы жасалған сәнді бұйым сырмақ деп аталады. Сыру дегеніміз арасын жиі етіп тігетін тігістің түрі, жиі етіп бастырып тігу. Демек, сырмақ атауының өзі оны дайындау әдісінен алынған. Киіздер мен текеметтер қай заманда да тұтынушылардың қажеттіліктерін өтеп келгендігі даусыз. Сырмақтың пайда болуына о баста тұрмыста кездесетін қарапайым жағдайлар себеп болған тәрізді. Айталық, көнерген киіздерді қабаттап төсеу, одан соң оны қобырай бермеу үшін қабаттап көктеу. Осындай жағдайдан бара-бара қабаттауды белгілі бір пішінге келтіріп, ықшамдап төсеп, көктеуді де бірте-бірте жиі тігістерге ауыстырып, одан әрі сыруға көшкен деп санауға болатын сияқты. Алғашқы сырмақ пішіні осылай қалыптасқан. Бұдан әрі басылған кесек киіздерден қалаған мөлшерде кесіп алып, оны қабаттап сырып, шағын төсеніштер жасала бастаған.

Мұнда бәрі біртұтас келісім тапқан. Мозаикалық техниканы пайдаланудың өзі, яғни, жүннің бір түсінің екінші түспен қабыстыра жиектеліп сырылуы – кілемнің төсеніш ретінде қолданылуына сай келеді. Мұндағы ою-өрнек киіздің бетіне біркелкі сырылып, оны мезгілсіз тозудан сақтайтын болғандықтан, бұл жерде жапсырудың да, кестелеудің де қажеті жоқ.

Сырмақтар тозбайтын мықтылығымен ерекшеленеді. Жақсы сырылған сырмақтар 50 жылдан астам уақытқа дейін шыдас береді. Оған қоса, сырмақ сыруға жүн өте аз мөлшерде пайдаланылады. Ісмер оюшы бір түсті жүнді екіншісінің үстіне салады да, өзінің ойына алған өрнегін жасайды. Және сол өрнектің екі жақ шетін бірдей жиектей келіп, ортасын сырады. Одан соң ақ жүнге қара, не қоңыр, я болмаса керісінше қоңыр түске ақ жүн қапсырылады. Сонда сырмақтың өрнектелген бетінде екі түрлі үйлесімді түс пайда болады. Бірінің үстіне бірі салынған жүндерді қабыстыра келіп, астындағы киіздің бетіне салады да, оны жиілеп сырады. Және ол салынған ою-өрнекпен жиектеліп, бірге сырылады. Түрлі-түсті жүндердің қосылған тұсындағы тұйық желісіне бояулы жіп тігіледі. Егер текеметтерде көбінесе жануардың болмысын ойға салатындай оюлар қолданылса, сырмақтарда өсімдік нышандарын бейнелеу басым. Сырмақтың орталық алаңы бар, ол өрнектермен бөлінеді де, көбінесе ешкі жүнімен шашақталып, әдіптеледі. Әдетте оларды шашақты сырмақ деп атайды. Сырмақ сырудың, яғни сырып тігудің негізгі үш тәсілі кеңінен тараған. Олар: қайып сыру, тепшіп сыру, қабып сыру. Бұларды негізінен жіп салып сыру және жіп салмай сыру деп екі түрге топтастырады. Қазіргідей тігін машиналары жоқ кезде қазақ әйелдері барлық киім-кешек, көрпе-жастық, тұскиіз, дастарқан, т.б. тұрмыстық бұйым дарды қолмен тіккен.

Көлем жағынан қазақ сырмақтары негізінен 4 түрге бөлінеді. Мұның ең үлкені - көш сырмақ. Бұл сырмақты көшкенде жүк артылған түйенің үстіне жабуға арнайды, жалпы келемі 3-5 метрдей болады. Екіншісі - төсеніш сырмақ, жалпы көлемі 3-3,5 метрдей. Мұндай сырмақтар кейде киіз үйдің төрі бейнелес ірге жағы етекте дөңгеленіп, ал от жағы бүрілген сияқты тарыла дөңгеленіп, от басымен төрге дәлденіп жасалады. Ол тамның, шошаланың, киіз үйдің төрінің от жағына жалғастырыла төселеді. Үшіншісі - төр сырмақ, көлемі 2-5 метр. Бұл жиекті, оюлы сырмақ. Мұны сыйлы [қонақтар](#) келгенде төрдегі жалпы төсеніш киіздің үстінен, қонақ көрпенің астынан салады. Төртіншісі - төсек сырмақ немесе төсек алды сырмағы деп те атайды. Көлемі 2-2,5 метр, жер төсектің орнына немесе төсектің алдына төсейді. Сырмақтардың кейде 1 - 1,5 метрлік шағын түрлері де кездеседі. Олар бір кісілік сырмақ деп аталады.

Түр жағынан алғанда да қазақ сырмақтарының 4 түрлі атауы бар. Оларды «ақ сырмақ», «қарала сырмақ», «жиекті сырмақ», «дебіске сырмақ» деп атайды. Ақ сырмақты бояулы жиекпен немесе түсті матамен оюламайды. Оны тек шуда жіппен ғана тоқылған жиекпен немесе тандайлап иірген қарала жиекпен жиектейді. Қарала сырмақты қара және ақ киізден ойыстырып, астарлап, сырып жасайды. [Оюларды](#) құраған тігістің үстіне бояулы жиек бастырылады. Бұл бұрын сән-салтанатта сыйлы қонақтарға төселетін, көш жүгін ежабылатынеді. Жиекті сырмақты тұтас бірыңғай ақ немесе қара түсті киіздің бетіне бірнеше түсті бояумен өрнектеп жиек бастыру арқылы жасайды. Мұны мүлікті тең етіп бууға, жолға алып шығуға және басқа да күнделікті тұрмыста көп пайдаланған. Дебіске сырмақты жасағанда тұтас киіздің бетіне әртүсті матаны оюлап бастырып, сол оюлардың шет-шетіне жіңішке жиек басады. Кейде кестеленген тұтас матамен тыстап та дебіске жасайды.

Сырмақ жасаушы шеберлер өзі білетін немесе қолында бар ою үлгілерінің қайсысын алып, оны қалай орналастыруды қарастырады. Сонымен қатар киіздің көлеміне қарай оны көп кесіп, қырда сынды көп түсірмеу жағында ойластырады. Сонан кейін сырмаққа арналған киіздің оң бетіне денге жаяды. Тандап алынған [ою-өрнектердің](#) қағазбен тықыр теріге түсірілген үлгісін киіздің үстіне салып, сол үлгінің ізімен өткір пышақпен немесе қайшымен мінсіз етіп қиып алады да сырмақ бетіне салады. Оң беті қара киізден ойылған болса, оның ортасына ақ киіз түседі. Сырт оюлары ақ киіздің шетіне

келіп, ақ киіздің ортасы осы қара шеттің ішінен орналастырылған, екі түсті, оны жөрмеп тігеді. Осы тәртіппен сырмақтың оюлы беті құрастырылып болған соң ою жапсарларының үстінен боялған жиек бастырады. Мұны жиектеу дейді. Оюларын жиекпен басып болған сырмақты астар төсеп, бетпен қоса сыриды. Сырудың тігісі де екі түрлі: біріншісі – жеке жіптің өзімен әрлі-берлі тік шаншып сыру арқылы тігуде, екіншісі – қос жіппен сырып тігу. Бұл әдіс инедегі жіптің астынан тағы бір жіпті бос төсей отырып сыру арқылы іске асырылады. Мұндай тігіс тігін машинасының тігісіне ұқсайды. Сырмақты сыру үнемі [ою-өрнектер](#)дің бағытымен оюлана сырылады. Сырылып болған соң сырмақтың шеттерін тегістеп қиып, шетіне жиек бастырады. Жиек жіптер неғұрлым ашық түсті, ұяң ақ жүннен иіріледі. Ақ жүнг бояу жақсы қонады.

Қорыта айтқанда, халықтың дәстүрлі өнері сол халықтың ғасырлар бойы бастан кешкен өмір салтының, таным түсінігінің жарқын айғағы. Бүгінгі болашақ ұрпақ ертеңгі қоғамның иесі, сол қоғамның иелері халқымыздың тұрмыс қажеттілігінен туындаған ұлттық өнер мұраларын сақтап, сұрыптап, қазіргі уақытта сәнді етіп, ұлттық мәдениетімізді қолданбалы сәндік қолөнермен өркендету. Ұлттық өнер мен салт-дәстүр – көп салалы дүние. Оның барлығы бүгінгі күнге жетті деп айта алмаймын. Дегенмен, салыстырмалы түрде бізде ұлттық өнердің едәуір көп түрі сақталған. Оған басты себеп – өнерге деген халық сұранысының күштілігі. Қазақ қайда жүрсе де алдымен елінің абыройын ойлайтын, ұлттық мұрасымен мақтанатын кеменгер халық. Бұған дәлел, әлемнің әр бұрышында жүрген ағайындарымыздың қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтап, қаймағын бұзбай қазірге дейін ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп келе жатқандығы. Әсіресе, он саусағынан өнері тамған шеберлеріміздің осы бабаларлардан қалған аманатқа ерекше жауапкершілікпен қарайтындығын елі үшін істеп жатқан еңбектерінен байқауға болады.

### 1.3 Қытай қазақтарының ішіп-жемі

Кең байтақ далада тіршілік ететін қазақтар әуелден ақ көңіл, ашық-жарқын, қонақжай келеді. Алтай аймағы (ҚХР): Шіңгіл, Көктоғай, Бурылтоғай, Буыршын, Қаба және Жеменей өңірлерінің ауа-райы суық, теңіз деңгейінен биік болғандықтан, олар жылдың төрт маусымында ет пен сүттен жасалған тағамдарды басты азық етеді. Одан қалса ұннан жасалған нан, кеспе және палау сияқты тағамдарды тұтынады. Тұтынатын ет түрлері, бастысы жылқы, сиыр, қой еттері болса, сүттен жасалған азықтардың түрі мол, аты да алуан түрлі келеді. Қазақ халқы әуелден-ақ тағамға үлкен мән берген. Халқымыздың дәстүрлі тағамдары негізінен етті және сүтті тағамдардан тұрады. Қазақ халқы адам өмірінде тамақтың орнын тіршілікке қажетті құндылықтардың бәрінен де жоғары қойған. Бұған дәлел ретінде: «ас тұрған жерде, ауру тұрмайды», «арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен», «Жазғы етте жасық жоқ, қымыз аста қасық жоқ» - деген нақыл сөздер бар. Қазақтың ұлттық мәдениетінде тамақ, дәм татыру – экономикалық, дипломатиялық және тәлім-тәрбиелік қызмет атқарғаны белгілі. Негізінен тамақ дайындауды қазақ әу бастан әйелдерге жүктеген. Қазақ әйелдері тағамның алуан түрлерін дайындаумен бірге қыста да, жазда да оның таза әрі бұзылмай сақталуының әдіс-тәсілдері мен жолдарын да таба білген.

Мысалы, Алтай-Тарбағатай-Іле сияқты суық өңірлердегі қазақтар әр жылы қыста соғым сояды. Олар қысқы соғымның етін ұзақ сақтау үшін, аздап тұз сеуіп етті арсалап, ыстап сүрлеп алады. Кейбіреулер етке тау сарымсағын қосады. Тау сарымсағын салған сүрі ет тіпті дәмді келеді. Соғым етінен шұжық жасап кептіруге де болады. Ол кез-келген уақытта пісіруге және ұзақ сапарға алып жүруге ыңғайлы келеді. Алтай өлкесіндегі (ҚХР) қазақтардың етті ыстап сақтауы, қымызды жазда салқын ұстауы, майды көгертпей күтуі, басқа тамақтарды да бұзылмай сақтауының әдістері мен амалдарының куәсі болдық. Қазақ халқы үшін төрт түліктің осалы жоқ. Дегенмен, ерте заманнан жылқы мен түйенің адам үшін атқаратын қызметі өте жоғары болды. Алтайда соғымға жылқы союға шамасы келетін қазақ отбасылары қыста ылғи жылқы сүрісін жеп, қазысын кәделеп сақтап, онымен сыйлы қонақтарын сыйлайды. Ал жағдайы төмендері соғымға сиыр сояды.

«Жылқы – малдың патшасы, түйе – малдың қасқасы» деген мақал содан қалған. Тойларда, өлім-жітім болған кезде бұл түліктер адамның жан серігі, айырылмас досы болған. Алтай аймағы (ҚХР): «Шіңгіл, Көктоғай, Бурылтоғай, Буыршын, Қаба және Жеменей болып алты ауданға бөлінеді. Ол аймақта Қара ертіс, Қанас, Бұлғын өзендері бастау алады. Климаты қатаң континентті болғандықтан, Алтай қазақтары төртінші айдың аяғында, бесінші айдың басында малды төлдетеді», - дейді Алтай Маутанұлы [1]. «Мал төлдеп жатқан кезде қан шығармайды деген жоқ. Күйек алуда Төл алудың жанұялық ырымдары болады. Мәселен, көк жетілді, мал туды, құдай осыған аманшылықпен келтірген, бұйырған дәміміз, асымыз деп ағайын туысқа ас береді. Қымыз – халқымыздың бірнеше ғасырлар бойы пайдаланып келе жатқан ұлттық тағамы. Ол тек тағам емес, сонымен қатар, халықтың қасиетін, дәулетін, салтанатын, байлығын, мырзалығын, дастарқан берекесін білдіретін ырыс белгісі. Басқа тағамдарға қарағанда қымызды дайындаудың әдіс, тәсілдері, кәде-жоралары көп. Көктем туып, құлындаған бие байланып, сауылады. биенің ашымаған сүтін саумал дейді. Оған арнайы ашытқы қосылып, екі-үш күннен кейін ашиды. Алғашқы қымызды үй иесі өзі ішпейді, дәстүр бойынша үлкендерін шақырып, ауыз тигізіп, батасын алады. Мұны «қымызмұрындық» дейді. Қымызды дайындау әдісіне, қасиетіне, сапасына және сақталу уақытына байланысты қазақ халқы қымызды бірнеше түрге бөледі және олардың әр түрін жылқы жасымен атайды. Мысалы, уыз қымыз – биені алғаш байлап, жаңадан ашытылған қою қымыз. Ал бал қымыз – жылқының сүр қазысын қосып әбден бабына келтіріліп пісілген қымыз. Бұл басқа қымызға қарағанда сары әрі қою, дәмді, жұғымды, тұщы болады. Тай қымыз – бір күн сақталған қымыз. Құнан қымыз – екі-үш күн сақталған, толықашыған қымыз. Дөнен қымыз – үш-төрт күн сақталған өте күшті қымыз. Ал бесті қымыз – төрт-бес күн сақталып ашуы әбден жеткен қымыз.

«Қымызмұрындық» деген ертеректе болған. Қымыз байланса бәлен құлын осыған барып желіккен жас жігіттер құлын байласып, құлынның желі қазығы мықты болсын, – деген тілектерін айтып қонақ болып қайтады. Қымыз иісі шыққанда қонаққа бәрін шақырады. Келген кісінің барлығын күтетін болған. Шенді адамдарды жақсылап күтетін болған. Саумал болады. Қымыз түрлері мен ерекшеліктерін халық жылқы атына байланыстыра атайды. Сонымен қатар, шөп буыны қатып, күзде сауылатын қымызды «сары қымыз» дейді. Мұның қуаты күшті, әрі емдік қасиеті де жоғарылай түседі. Мысалы, қыста қысыр биелерді қолда ұстап сауып, оны «қысырдың қымызы» дейді. Бұл нағыз сапалы, қасиетті дәру сусын деп бағаланады. Қулық биенің (алғаш құлындаған бие) қымызын «қысырақтың қымызы» дейді. Жас биенің сүті болғандықтан бұл бірнеше құлындаған биенің қымызынан қуаты да жоғары болады. Бұрынғы қымыздың үстіне саумал қосылса оны «түнемел қымыз» дейді. Бірнеше күн сақталып, бапталған қорға үстемелеп саумал қосылса ол «қорабалы қымыз» деп аталады. Ысталмаған, күтімсіз ыдыста немесе мезгілінде қотарылмаған көп тұрған қымыз жақсы қасиетін жойып бұзылады. Ондайды «айнымал», «айныған» немесе «татып кеткен», «татымал» дейді. Қазіргі уақытта қымызға нақ сүттің өзін қосады. Іркіттің жақсы жасалғандарын тындырып барып қосады. Қымыздың ыдысын ыстайды. Қалампырды осы сияқты заттарды ұсатып, ірімігін жойып, қарамығын тазалап, тұндырып барып құяды. Бұл ашуына да иісіне де пайдалы. Қалампырды суға тұндырады. Қалампыр қосылған шай, бабына келтірсе, адамды терлетеді. Қазір қалампыр шайді ішетін адамдар кетіп қалды, бірақ көріп қалған, білетіндер әлі де ішеді. Малшылар шайды тамақ орнында ішеді. Олардың күні бойы дастарқаны жиылмайды. Сүтті шай қайнатқанда, алдымен шәугімге шай салып қайнатып, шайын шығарып, содан кейін сүт және ас тұзын қосады. Кейбіреулер қыста шайға қалампыр, қара бұрыш сияқты дәмдендіргіш қосады. Тағы бір түрі сарымай қосқан шай, бұндай шайға аз ғана сарымай қосады. Бұл шай да хош иісті келеді. ШҰАР -дың Іле өңіріндегі қазақтар шайды самаурынмен даярлайды.

Ет тағамдарынан табақ тартудың жолдары өте көп. Бастыларына – бас табақ, орта табақ, күйеу табақ, келін табақ, қыз табақ, қосалқы табақ, сыбаға табақ, сарқыт табақ,

ошақ табақ, ерудік табақ, сый табақ, қойшы табақ, бала табақ, сыйластық табақ сияқты түрлерге бөлінеді, - дейді Қанапия Смағұлұлы [II].

Сойылған малды мүшелегенде әр қолы мен санынан үш-үш жіліктен 12 жілік болады. Қой еті мүшеленіп жіліктелгенде 13 мүшеден құралады. Олар 2 жамбастан, 2 ортан жіліктен, 2 асықты жіліктен, беломыртқадан, 2 сүбеден (сүбемен бірге бүйректен жоғары 5 қабырғадан тұрады) 2 қабырға, төс, омыртқа, 2 жауырын, 2 тоқпақ жілік, 2 қар жілік, 2 бұғана, мойын.

Қой етінің ең кәделі, сыйлы мүшелері бас пен жамбас, одан кейінгісі асық жілік, ортан жілік, белдеме, жауырын, сүбе қабырға. Арнайы май тығып дайындалған ұлтабар жамбаспен міндетті түрде бірге тартылады. Жылқыда кәделі мүшелер-қазы, қарта, жал, жая, одан кейінгі орында — жалпақ омыртқа, шұжық, қарын, жінішке қарын, жүрек, ұзын омыртқа, қысқа омыртқалар тұрса, басқа мүшелер (бас, жамбас, өкпе, бауыр, т.б.) үй иелерінің өздеріне тиесілі.

Сондай-ақ, үйтілген бастың жағын айырып тазалағанда, Қазақстанның жекелеген облыстарында тісті қағып тастайтын болса, Шығыс өңірде, Моңғолия, Қытайдағы қазақтарда жоғарыда айтылған ырымға сай, мал басы кемиді деп тісін қақпай, тіс арасын тазалаумен шектеледі.

Алтай өңірі (ҚХР), Санжы ауылының тұрғыны Қанапия ақсақал: «Ет асқанда да қойдың құлағын атасы баласына берген, мені тыңдасын деген мағынады, жүрегін де балаларға беретін болған - жүректі болсын, таңдайын бергенде әнші болсын, жағы мен тілін бергенде балам майда сөйлесін деген мағынада болған. Жаңа босанған әйелге мойынды тұтастай асып, үлкен кісілер соны тістеткен. Сосын оны баланың мойыны «тез қатайсын» - деген ырыммен жоғарыға іліп қоятын болған.

Белдеме қастерлі, оны қадірлі қонаққа тартатын болған. Қол жілік те кәделі. Төс күйеуге беріледі. Төстің басындағы шеміршегін алып тастайтын болған. Өсекші болып кетеді, шікірейіп кетеді деген мағынада және де атың шоршақтайды деп, сүріншек болады деп мағынаға туралайды.

Кеудеден таңдап, төсті алсаң,  
Бөкседен таңдап, асықты жілікті алсаң,  
Қабырғадан таңдап, сүбемді алсаң,  
Үйімнен таңдап, қызымды алсаң  
Енді күйеу саған не дейін - деген де сөз бар.

Құйымшақты балаларға бермейді. Ал енді киіз үй тігіп жатқанда мойынды киіздің түндігінен, шаңырақтан ары лақтырып жіберген, егер тура түссе, онда түтіні тура шығады деп қуанатын болған [III].

Ал Алтай өңірі Шеміршек ауылы 3 қыстағының тұрғыны Сәдеп Ақманқызы Найман (келген жері Керей - Шақабай) (1927 ж. туылған): Жылқыда 12-14 қазы болады. Бас жағын қаттылап буып, аздап қана тұздап, ауа кірмесе 1 жылға дейін сақталады. Оған тошала үйіне кептіріп, кебуі жақсы болса ұзақ сақталады. Кейбіреулері қи, немесе аршамен түтін салады. Жаяны құдандалы адамдарға тартады. Бұғананы да кептіріп, жілік орнына тартуға болады. 12 жіліктің әр қайсысын тартуға болады [IV].

Қазақтар сүт, ет тағамдарынан қалса ұн, тары, күріш, жүгеріні пайдаланып әртүрлі тағамдар жасай білген. Бастыларынан нан, жент, бауырсақ, шелпек, көже, құймақ, бесбармақ, талқан, бидай көже және қуырмаштар бар. Қазақтың ерте заманғы ыдыс-аяқтары негізінен ағаштан, қоладың, мыс тан, шойыннан, темірден, шыныдан жасалатын болған.

Бір тайдың еті толық сиятын ет пісіретіндіктен оны тайқазан деп атаған. Етті көбінесе екі құлақты ағаш астаулармен тартатын болған. Ондай астаулардың екі құлағынан екі жігіт көтеріп жүретін болған (Сурет 68).

Бұдан сырт ағаш желек, саба, күміс піспек, ағаш тостаған, самаурын немесе жез шәугім секілділерді пайдаланған. Бүгінгі Қытай қазақтарындағы бір ерекшелік қазақ тағамдарының көбін күнделікті тіршілікте пайдаланумен бірге «ұлттық асхана», «қазақ

асхана» немесе «қазақ тағамдары рестораны» секілді ас мәзірін дайындайтын орындарда ежелгі тағамдардың көбін жасайды. Ондай тағамдарды өзіміз түгілі өзге ұлт өкілдері де сүйіп жейді. Соған мысал ретінде Алтай қаласында (ҚХР) «Ақжол» кафесі күнделікті таңертең қазақтың бауырсағын дайындайды. Оған қазақтардан бөлек, қытайлар, дүнгендер де келіп қазақтың бауырсағына арнайы тапсырыс береді [V].

Нүрила Қызықанқызы: «Салт деген нәрсе тарихи өзгеріп отырады. Халық оны өзі жасайды, өзі өзгертіп отырады, өзі тастайды, өзі жаңалап отырады. Өткенде бізде «Сахарадағы Дәнеш» деген фильм түсірілді. Сол фильмде режиссерден қателіктер кетіпті. Мысалы, күйеуі әйеліне мал бауыздатты. Қазақтың салтында әйелге мал бауыздатпайды. Жаугершілік заманда да ер адам болмағанда, кішкентай балаға бауыздатқан. Тіпті болмағанда үлкен апалар дәретін алып, иманын айтып бауыздаған "менің қолым емес, отағасының қолы» - деп бауыздаған [VII].

Қызайлардың арасында әйелдердің шәй құю әдісі жақсы сақталған. Бір тізерлеп отырып құйып береді, ер адамдар алып беріп отырады. Керейлер шыныны толтырып құяды, қызайлар аздап құяды. «Біздер Алтайдағы кең қолтық керейлерміз, шыныны толтырып құй» - деп отырады [VI].

Ет тағамдары қыс мезгілінде қазақтардың ең негізгі азығы, қорегі болса, жаз айларында көбінесе сүт тағамдары ғана негізгі азық болып табылады. Қысқы азық қорының негізі болатын ет тағамын мол етіп дайындау үшін қараша айының басынан соңына дейін, яки суық әбден түскен кезде соғым сою науқаны басталады.

Алтай, Көнес, Үрімжі, Құлжа аймақтарындағы қазақтар мал бағумен қатар, диханшылықпен де айналысады. Олар дәнді дақылдардың негізін басты үш дақыл - бидай, күріш және жүгері егеді. Бірақ жүгеріні көбінесе олар малға береді. "Үйіміздің алдына үлкен ұра қазып, оны таспен өріп, ішіне жүгеріні тұзбен араластырып саламыз да, бетін жауып қоямыз. Сосын қыста малға береміз, - дейді Нұрсұлтан Көкейұлы [I].

Жент – аса кәделі дастарқан дәмі. Ол қыста қатпайтын, жазда бұзылмайтын өте дәмді тағам. Жент былғау шеберлікті талап етеді. Ақталған тарыны келіге түйіп ұнтақтайды. Оған құмшекер, ұнтақталған ірімшік салып араластырады. Содан соң қазанға жылқының майын құйып ысытып, жаңағы араластырған тары мен ірімшікті салып, оттың болмашы табында араластырады. Жент майды бойына сіңірген соң ыдысқа салынып, салқын жерге қойылады. Әдетте жент ешкінің немесе қойдың қарнына салып сақталады. Ол ауа өткізбейді де, жент өзінің иісін, дәмін жоймай, ерімей жақсы сақталады (Сурет 57). Жылқы майы болмағанда сары майға былғаса да болады Жент көбінесе соғым сойған кезде әзірленеді. Осы жентті әзірлеу барысын Алтайда (ҚХР) Бағира Әбілсейітқызы: «тарыны тартып, ішіне ірімшік салып жасаймын. Ірімшікті - сүтті жылытып соған мәйек (ұлтабар) салса, сүт ұйып қалады. Содан кейін оны ақырын қайнатып, араластырып отырады. Қатты қайнатса күйіп кетеді, немесе бөлініп кетеді. 1-2 сағат қызарғанша қайнатамын. Суы тартылғанша қайнатылады, содан сүзіп кептіреміз. Сүзіп алған сары суды қайнатып, коп-қою (варенье сияқты) болғанша қайнатады. Дәмі өте тәтті болады. Соны жентке салады. Бұрын жылқының майын салған. Қойдың майын шыртылдақ салса да жақсы болады. (тоң майға араластыруға болмайды, ол қатып қалады да, жеуге жайсыз болады). 1 шыны тары, 1 шыны ірімшік, 1 шыны талқан, 1 шыны қант, жарты шыны қойдың майын салса өте жақсы болады. Әр адамның жасағаны әртүрлі болып келеді, қайталанбайды», - дейді [X].

Алтай қаласының Шеміршек ауылының тұрғыны Нарынтау Ескендірұлы: Қазақта екі түрлі қонақ болады: арнаулы қонақ және құдайы қонақ, ауыл үйдің қонағы деген болады, ол сол үйдің иесіне көмектеседі. Құдайы қонақ келгенде амандасып, бір қойын сояды. Соғым сойғасын, соғымбасын береміз. Айтылмаған әңгіме, биленбеген би, айтылмаған ән қалмай, таңды атырамыз. Жылқының ең қадірлі жері қазы-қарта, жал-жая. Соғымның барлығын қыстауда жеп қоймайды, жайлауға апарып жейді. Сандыққа салып сақтайды. Қымыран - айранның сүтпен сұйытылған түрі. Су қосылған түрін - шалап дейді. Қымыранда май болмайды, айранда май болады. Қымыранды күлегейін айырып, пісіріп

ұйытылады. Пісірмесе ішті ауыртады. Сүтті ашытып, шегіне жеткізгесін, оны шектеп құйып, дайындайсыз. Қазақ айтады «әй балам, маған ана айраныңнан қымырандатып беріп жіберші» - деп жатады. Сонда айранға сүт қосып, қымыранды дайындап береді. Қымыранды қолында бары, баптап отырып ішкен. Шалапты кедейлер ішкен. Қолындағы бір шыны айранын бере салайын десе, көп адамға жетпейді, сондықтан үстіне су құйып балаларына бөліп береді. Қымыранды қазақ бие мен түйе байлаған кезде ішпеген. Қазан айында түйе өз алдына кеткенде, жылқыны құлатып жібергенде, осы кезде ішкен. Қыстай қымыз болмағанда, соғымда осы қымыранды ішкен.

Қазақтың қоламтаға көмген көмбе наны - оның дәрілік құрамы да бар. Қидың күлі құртты өлтіретін болған. Ұнды илеп, ашытпай, күлдің қоламтасына көміп пісірген. Күлдің ішінде микробы жоқ, тұмау, ауру-сырқаудан аулақ болады. Көмбе ет - қойды сойып қарынға салып, көміп пісірген ет. Қазақтың қойшылары малды сойып, су жоқ, ошак қазып үстіне шайларын қайнатып іше береді, астында қойдың еті пісіп тұрады. Бұл негізінен кедей қойшылардың, байдың қойын ұрлап, сойып, өз терісіне орап, құмға көміп, жер ошақты қыздырып, сосын оның үстіне қойдың етін салып, үстіне от жағып кетіп, кешке келіп қойшылар жиналып жанағы қойдың етін жеген. Ол ұзақ піседі (Сурет 64).

Қазыны іліп қойып, суы сарқылғасын, сырты тобарсығасын, қи жағып ет қатайып кепкенше ыстаймыз. Ол сосын ешқашан бұзылмайды. Жылқының етін ашытатын нәрсе - сүйегі. Сүйегін алып тастап, сақталса 1 жылға дейін сақталады.

Жылқының сүйегін қымыранға салса, тез ашиды. Қымызды да, шұбатты да солай ашытамыз, - дейді Нарынтау Ескендірұлы [IX].

Қашира Баймұқанқызы: «Қызыл ірімшікті - сиырды сауып алып, шикідей сиырдың ұлтабарының жанында қатпар қарын бар сол мәйек деп аталады. Соны кептіріп, кішкенеден кесіп салса сүт ұйып қалады. Сосын отқа қойып сары суы тартылғанша қайнатамыз, қызарғанша қақпағын жауып, түбін күйдірмей, қызарғанша пісіреміз. 1-2 сағат қайнатамыз.

Ағлақ - ақ ірімшіктен жазғытұрым жасалады. Шикі сүтті пісіріп, үстіне айран құйып, ақ ірімшікті сүзіп алып, езіп үстіне сары май салып араластырамыз. Соны ағлақ дейміз (Сурет 67). Оның шығу тегі қазақтың жазғытұрым қонақтарға істеп берген тамағы. Жазғытұрым қозы союға келмейді, көже-қатық жоқ, сиырды сауып жіберіп, ағлақты жасап, буын бұрқыратып, оның қасына сүт пен тарыны қойып, ісек іскен жоқ, қозы піскен жоқ, содан ағлақпен қонақасы берген [X].

Сонымен, қазақ халқының дәстүрлі тағамдану жүйесі айналысып отырған шаруашылық түрімен тығыз байланысты. Қазақта қонақжайлық таныту, сый-сияпат жасау ең әуелі тағам, ас берумен басталады. Басқа елде, басқа ортада болса да қазақтарымыздың ұлттық киімін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тағамдарын және тағы басқа құндылықтарын мейлінше тұнық сақталған.

#### 1.4. Қытай қазақтарының бала тәрбиесі

2014 жылы тамыз айында этнографиялық экспедиция барысында, қазақ шоғырланған өңірде Алтай, Тарбағатай, Құлжа қалаларында болып, бала тәрбиесіне байланысты біраз мәлімет жинап қайтқан едік.

Баланың дүниеге келуі мен оның тәрбиесіне байланысты қазақтарда сан ғасырлық халықтық тәжірибе мен түрлі көне наным-сенімдерге негізделген салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар кешені қалыптасты. Осы қалыптасқан ұлттық дәстүрлі мәдениетіміздің бүгінде қаймағы бұзылмай сақталған өңірі - Қытай қазақтары десек, артық айтқандығымыз емес. Қарастырылып отырған өңірде бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлердің әлі күнге дейін сақталғандығын ел арасынан жиналған мәліметтер дәлелдейді.

Қытайдағы отандастарымыз ондаған жылдар бойы бөгде ел, басқа ұлт арасында өмір сүрсе де, өзінің ұлттық болмысын сақтап келе жатыр. Дегенмен де, көптеген жылдар бойы басқа халықтың әлемінде өмір сүрген соң, жат жердің тілі, мәдениеті, санасы, ұлттық психологиясы, салт-дәстүрі сол жерде тұрып жатқан қазақтарға да әсер етпей



қоймайтыны анық. Соның ішінде Шынжаң қазақтарында баланың өмірге келгеннен кейінгі барлық салттары қазақ дәстүріне сай атқарылып келеді. Шілдехана, ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тұсау кесу салттары дерлік шағын той түрінде өтеді.

Біздің информаторларымыз хабарлауынша бала тәрбиесі жөніндегі бұрын қалыптасып қойған ырымдар мен жолдары сақталған. Дегенмен де, кейбір ерекшеліктерінде кездеспей қоймайды.

Босандыру кезінде оның жеңіл және тез болуы үшін көптеген ғұрыптық іс-әрекеттер мен наным-сенімдер атқарылады. Босанып жатқан әйелдің бойындағы әшекей бұйымдары алынады, үйдегі түйілген жүктердің, сандықтың аузы ашылады. Бұл ырымдар барлық аумақтарда жасайды [VIII].

Бала бойына біткен сәттен бастап әйел тағам түрлеріне байланысты тыйымдар мен шектеулер жүйесін міндетті түрде сақтау керек. Қазақ арасында кең тараған сенім бойынша, жүкті әйел түйенің етін жемеуі тиіс. Түйе етін екі қабат кезінде жесе, он екі ай көтереді деген сенім бар. Егер жүкті әйел түйе етін жеп қойса, шұбат ішеді. Аяғы ауыр әйелдің қоянның да етін жеуге болмайтындығы туралы тыйымның қазіргі уақытта зерттеліп отырған өңір қазақтары арасында кең таралғандығын информаторларымыз мәлімдеді. Қоян етін жейтін болса, сәбидің аузы «қоян жырық» болады дейді [IX]. Бұл сенімнің қазақ халқы арасында кең тарағандығын Н. Шаханова да өз еңбегінде көрсеткен [1, с. 72]. Мұндай тағамдарды пайдаланбау қытай қазақтары тұратын барлық аумақтарына тән болды.

Аяғы ауыр әйелдің ай-күні жақындағанда, баланың кіндігі мойнына оралып қалмауы үшін ине-жіппен іс тіккізбейді. Зерттеліп отырған өңірде аяғы ауыр әйелдің етегін бала түсіп қалмасын деген ниетпен және қорыққан кезде де бүріп те қою ел арасында кездеседі [X].

Алтай қаласында тұратын Сәбен апайдың айтуынша: «Бұрын доғдыр жоқ, әйелдерді босандыратын кезде, кемпірлер «пісіміллә» деп, іштерін сипап, аллаға сиынып, босанатынбыз. Кейбір бала басынан шығып екі иығы шықпай қалады, сол кезде үлкен кісілер тісінді «пісіміллә» деп тістетіп алып, иегін қатты-қатты қағып жібереді, сол кезде бала шыр етіп дүниеге келеді, кейде талықсып келеді. Ал кейде бала денесі шықпай, тек қолы шығады, сол кезде баланың қолына «пісіміллә» деп нанның түйіршігін салса, қолын қайта ішке тартып алып, сосын басымен шығады. Ал кейбір бала бір аяғымен келеді, сосын иманын айтып, бір-екі кемпір баланың аяғын ұстап, әйелді сырмаққа салып алып, киіз үйдің маңдайшасын «қатты теп» -дейді. «Бісімілләсін» айтып қатты тепсе, бала аяғын қайта кіргізіп алып, әйел аман-есен босанады. Ал енді баланың жолдасы түспей, соны білмейтіндер, бала таңып кетті деп кессе, ол ішке кетіп әйел сол күні өліп кетеді. Бала шетінемейді. Оның амалы, бала жерде шырылдап жатады, сол кезде жолдастың бір шетін (ішегі сияқты) әйелдің санына қатты байлап, жолдасының бір шетін (кіндігін) қатты байлап, кеседі. Талай адам содан өліп кетті. Кейде жолдасы түспегенде бураның төбе шашынан, суға салып, әйелге ішкізсе, сол бойда жолдасы түсіп, әйел есін жияды. Кей жағдайда баланың жолдасы түспей жатқанда, қосағының тізесін үш қайтара жуғызып, соны әйелге ішкізеді екен. Үлкен бәйбішелер босана алмай жатқан әйелдерге етегін қағып «бол тез, жау келді» деп ұрсатын болған, сол кезде қиналып жатқан жас әйелдер қорыққанынан босанатын болған. Босанғаннан кейін өзің қиналып жатқанда, үлкендер аузыңа қатты құрт салып, «шайна, қытырлат, тісің тез бекісін» - деп әлек қылады. Оның артынан сары майдың тортасынан айырып, бетін алып тастап, сүтке салып араластырып үлкен шынымен жұтқызады. Сол кезде іштегі қатып қалған бәле-бәтердің бәрі түседі. Қазіргі кезде соны ішпегеннен кейбір адамдар туа алмай қалады.» [XI].

Ал, Тарбағатай өңірінде тұратын информаторымыз былай дейді: «Әйел босанғанда жіп асылып толғатады, отқа май салады, босана алмай ширығып тұрғанда аттың құмалағына май тамызып, астына ұстайды, қуығы ауырып тұрады, соны босатады дейді, толғағы жеңіл болсын деп, баланың беті ашылмай тұрады ғой, томаға тұйық деп осыны қойған соң баланың беті ашылып туылады. Баланы арнайы түсетін көрпелер жасап қояды.

Кіндігін пысық адамдарға кестіреді. Кіндікті бәкімен кеседі, жолдасы түспесе балтырға байлап қояды, келісаппен ұрғылап әйелдер, түстіме деп жүреді. Жолдасын ақ шүперекке буып, адам баспайтын жерге ағаш қосып, түгендеп көмеді. Тас қоспайды, қосса тумай қалады. Кейбір жерлерде тары немесе кішкене ағаштың жаңғағын, көк шөпті ұсақ турап салады екен (Алтай қазақтарында кең тараған ырым). Қалжаны кіндік жолын алған адам әкеледі. Соны жеген соң сүт шығады. Бедеу әйелдерге кіндік кестіріп, дамбалын кигізіп, босанған әйелдің төсегін салдырып жатады. Бесікке төрт-бес күннен кейін кіндігі түскесін салады. Бесіктің жабдықтары: жастық, қол басары, аяқ басары, оны-мұны шүберектері болады. Тұсау кесер, апыл-тапыл басып жүргенде, ауылда жақсы жүретін адамдарға, тоқ ішек пен қара жіп қосып кеседі (Сурет 70-71).

Бес жасында сүндет тойымен қосып тұлымын нағашысы алады. Нағашысы қолында болса ат апаруы керек. Ауқатты адамдар болса бәйге шаптырады. Бәйгеге бар адам болса алдына түйе, ат, тай, қой, серкеш беріледі. Сырға тойды төрт беске келгенде той жасап тұлымын алады. Қыздарға сырға той, тіл ашар той жасап береді. 100 жозыға (1 столға 10 адам сияды)дейін жасайтын кез болған (Сурет 69, 73). Енді шектеу қойды 30 жозыға рұқсат деп отыр»- деп мәлімдейді информаторымыз [XII].

### **11-13 Дәріс. «Табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар, табиғатты дәстүрлі пайдалану, игеру жолдарын зерттеу тәжірибесі».**

**Мақсаты:** докторанттардың материалдық емес мәдениет мұралары нысандарын сақтау және қолдану, оларды музейлендіру ерекшеліктерін, әдістерін, талаптарын оқыту.

**Кілт сөздер:** материалдық емес мәдениет, мәдени мұра, рухани мәдениет, музеефикация, конвенция, тұжырымдама.

#### **Қысқаша құрылымы:**

#### **I СУДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ӘДІСТЕРІ**

##### **1.1 Құдық танымы**

Қай халық болмасын, құдық қазуды, шөл дала, елді мекенде халықты сумен қамтамасыз етуге қызмет етуді кәсіп еткен адамдардың еңбегін ерекше бағалап жазған. Құдық қазуды кәсіп етіп, жерасты су көзін тани белетін халықтық білімі бар адамды ертеден «құдықшы» деп атаған.

Қазақ халқының ерте замандардан атадан балаға берілген халықтық гидротехникалық білімдер жүйесі «құдықшылық» деп аталған кәсіп түрін қалыптастырды. Далалық қуаң өңірлерде қазақтар арасында құдықшылар мен сушылардың беделі жоғары болды. Грунт суының жер асты су жолында болу қабатына және топырақтың құрамына қарай, жергілікті материал түріне қарай қалыптасқан құдық түрлерінің қазылу, шегенделу технологиясы табиғат пен адам арасындағы ерекше байланыстың жүйесі.

Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы дамыған өңірлерде мыңғырған мал отарын сумен қамтамасыз ету үшін жасанды су көздерін қалыптастыру маңызды рол атқарды. Табиғи су көздері жоқ шөл және шөлейіт өңірлерде құдық қазып, оны қалыпты жағдайда ұстау үшін қатардағы көшпелілер мен жартылай көшпелілердің көп күш жігер жұмсауына тура келді. Қаражон, Табын жолы, Адай жолы, Елек жолы, Сәтбай жолы, Тау жолы, Ырғыз жолы, Сарысу жолы, Жетіқоңыр жолы, Түйе құдық жол сияқты байырғы көш және керуен жолдарының бойындағы құдықтар көшпелілер жолын жалғастыратын ел-елдің арасын байланыстыратын тарихтағы айрықша мәнді белгі ретінде сипатталынады (Қосымша: Көш, керуен жолдары карталары).

Көшпелілердің шаруашылық жүргізу қарекеті шөл даланы игеру, көш жолының бойындағы грун суын шығарып, құдықта сақтау ісінен, құдық басын қысқа мерзімдік қоныс етуінен де көрінді. Мал отары бір жерде ұзақ тұрақтай алмаған, шөп (от) қоры мен су қоры азайғанда келесі жайылымға көшкен. Құдық суына бірінші келген қауым малын суарған [1, с.46]. Ауылдардың көші қоны шөп (от) және су қорымен тікелей байланысты

[1, с.12]. Әрине су қорын табиғи су көздерімен қатар, жол бойына қазылған құдықтар да құрайды.

Мал баққан қазақты табиғи суаттармен қамтылған далалық өңірлерде, суаттардың суының тартылған немесе қайнар, бұлақтардың болмаған уақытында құдық суы негізгі су көзімен қамтамасыз етті [2, с.3; 3, с.366]. Кеурен жолдары бойында да құдықтар жол бағытын жалғайтын, әрі керуен уақытша тоқтайтын бекеттер ролін атқарды.

Оңтүстіктен солтүстікке бағытталған байырғы керуен және көш жолдары магистралы өткен өңірдің бірі Бетпақдала екені белгілі. Бетпақдаланың солтүстік батысында 160 км ге дейін созылып жатқан құмды алқап Жетіқоңыр және Жетіқоңыр жолының іздері алып жатыр. Кендерлі, Қарқара керуен жолдарының да Бетпақдала арқылы өткені тарихтан белгілі. Бетпақдала жолдарының байырғы халықтың қолданысында болғанын, жол бекеттерін жалғап жатқан, кейін тастап кеткен құдықтар, бейіттер айғақтайды. Шығыстанушы В.В.Бартольд араб және парсы деректеріне сүйене отырып Бетпақдала үстінен өтетін керуен жолы жайында: «Ислам дінін қабылдаған оңтүстік өңірден солтүстік шығысқа қарай екі жол даланы кесіп өтеді. Бір жол - Сырдарияның төменгі жағалауларынан басталса, екінші жол - Талас өңірінен бастау алады. Бұл екі жол да Ертістің солтүстігіндегі қимақ даласына апарады, қимақтардан аң терілерін тұзға айырбастап отырған. Сырдарияны кесіп өтетін керуен жолының Ферғана шекарасынан бастап қимақтар мекеніне дейінгі қашықтығы 30 күн», - деген [4, с.242]. Ерте және ортағасырлардағы «Ұлы Жібек жолының» бір сүрлеуінің осы жолға сәйкес келетінін ескерсек, бұл жолмен ертеде Талас пен Шу аймағын Ертіс өңірімен, Батыс Сібір аймақтарымен жалғастырып жатқан сауда керуендері жүрген деуге болады. Түркістан өлкесінен шыққан керуен жолы Ұлытауға келіп түйіскеннен кейін бірнеше тармаққа бөлініп, тарайтын болған. Соның бірі – Қараөткел арқылы өткен. Қараөткел өңірі – «Хан жолының» күре тамыры болған. Бұл жол «Хан Жолы» атауын 1753 жылы Жетісуға сапар жолын қамтамасыз еткеннен кейін алған [5, с.69]. Кейін бұл жолды Талас және Шу бойын мекен еткен қазақтары Бетпақдала арқылы жаз жайлауға көшуге қолданған.

Бетпақдалада сақталған байырғы құдық іздері байырғы керуен жолдары жаугершілікте жорық жолдары, көш жолдары ретінде қызмет еткенін, дегенмен де керуен жолдары толығымен көш жолын қамтымағанын айғақтайды. Себебі, көшпелілер мал қамы үшін керуен жолдарынан шығып кетіп жайылымы мол жерлерге қарай түсіп отырған. Бетпақдала құдықтарының ара қашықтығы әр 25-30 шақырымды құрайды. Әсіресе, Бетпақдаланың солтүстігінде Болаттау етегінде грунт суының мол қоры болған [5, с.70]. Бетпақдаланың орталығы мен солтүстігінен өтетін Уанас жолының Шу өзені мен Сорбұлақ аралығын жалғап жатқан бөлігіндегі Уанас, Бөрітескен, Сорбұлақ құдықтарының суы ащы болған. Сорбұлақтан асқаннан кейінгі Бетпақдаланың солтүстігіндегі бекеттегі Жиделіқұдықтың суы тұщы болғандықтан керуеншілердің қоналқалық орынды қамтамасыз еткен. Жиделіқұдық маңындағы қола дәуірі қоныстарының орны бұл жердегі құдық қазу ісінің хронологиясын да қола дәуіріне алып барады. Мыйқайнар құдығынан өткеннен кейін құдыққа тәуелділікті Орталық Қазақстанның табиғи су көздері ауыстырған [5, с.72-73]. Зерттеуші Н.Н. Пальгов жасаған картаға Балқаш көлінің оңтүстігіндегі даланы алып жатқан Сары Есік Атырау құмы үстінен өтетін керуен жолының өң бойын құдықтар байланыстырып жатқаны түсірілген [6, с.482]. Керуен жолдарын жалғаған құдықтар қазақ даласының барлық өңірінде кездеседі.

Құдық атауларының қалыптасуы тарихи топоникалық, ономастикалық тұрғыда көңіл аударарлық мәселе. Құдықтардың әр түрлі атауларының қалыптасуы оның тереңдігі мен суының көлеміне, орналасуына және құдықтың иесіне байланысты. Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы Оғызқара деген құдық атауының осы жерді байырғы оғыз тайпасының мекендеуімен байланысты екені анық.

Көне түркі тілінде ақ, қара сөздері түсті ғана білдіріп қоймай, белгілі бір мағынаға ие болған. Мысалы «көңілі ақ» десе жанның тазалығын білдіреді, шөптің сапасына қарай «ақ от», «аузы аққа тиді»; адамға қатысты қара сөзі «қарасы көрінді», «қалың қара»,

«қорған болған қара орманым». Осыған орай Ақшығанақ, Ақшыңырау, Аққұдық, Ақиген, Ақшілік, Қарақұдық, Қарасу, Қарашеген, деген құдық аттары суының мол, әрі тұщылығына қарай қалыптасқан.

Сары сөзі түркі-моңғол тілінде сары «анық», «ашық», «айқын», көне иран тіліндегі сар «басты», «негізгі», түркі тіліндегі сар «кең», «жапан» деген мағынаны білдірсе, қазіргі қазақ тіліндегі сары сөзі топонимдерде «кең», «үлкен», «көлемді» мағынасын білдіреді. Қарақұмдағы Сарапан (Сары+апан) деген құдықтың атауы көлемінің кеңдігі мен суының молдығына байланысты қалыптасқан. Ал батыс өңірдегі Сарықұдық, Сарышыңырау атауы тасы сары түсті, әрі сазды жерден қазылған терең құдықтарға қолданылған.

Қазақ халқының ұғымында «үш», «жеті», «тоғыз», «қырық» киелі сан ретінде қалыптасқандығы белгілі. Санға байланысты Үшқұдық, Төртқұдық, Алтықұдық, Жетіқұдық, Тоғызқұдық, Қырыққұдық, Жүзқұдық, Мыңқұдық атаулары кездеседі, сондай ақ Жалғызқұдық, Қосқұдық атаулары да құдық санын білдіреді.

Суының дәмі мен көлеміне қарай: Көлқұдық, Сорқұдық, Тұзбай, Ащықұдық, Ақшабұлақ, Сорбай, Тұзбұлақ, Жаманқұдық, Қайнарқұдық, Тұщықарасу; қазылған жеріне қарай: Тақырқұдық, Сайқұдық, Баршақұм, Жусан, Бортас, Көкдомбак, Жолқұдық, Шеңгел, Алтынқұдық, Қызылқұдық, Майтөбе құдық, Қакқұдық, Шиліқұдық, Талқұдық.

## 1.2 Дәстүрлі құдықтар типтері

Құдықтардың терең, таяздығы жер асты грунт (еспе) суларының жолдарымен, су қабатының деңгейімен, ал құдық ернеуінің кең немесе тар болуы топырақ құрамы, топырақ түрімен (құмды, сазды, тасты, қиыршық тасты т.б.) байланысты.

Құдықтарды пайдаланатын мерзімі қарай тұрақты, уақытша, ал қабырғасын бекіту, бекітпеуіне байланысты шегенделген, шегенделмеген деп топтастырамыз.

Тұрақты құдықтар көш, керуен жолдарында, уақытша құдықтар мерзімдік қоныстарда қазылды. Тұрақты құдықтардың 4-5 метрге дейін таяз, 4-тен 10 метрге дейін орташа тереңдіктегі, 10 метрден асатын терең түрлері болды. Тұрақты құдықтардың барлық түрінің қабырғасы шегенделеді. Қабырғасы бекітілгендіктен ұзақ жылдар қызмет етеді. Олар қабырғалары өсімдік түрлерімен, тас түрлерімен шегенделген құдықтар немесе құдық шегенін табиғи тасты қабат ауыстыратын құдықтар.

Уақытша құдықтар таяз қазылып, керек емес кезінде көміп тасталып отырған. Уақытша құдықтарға орпа, таңқы, айбарқұдық, қарқұдық, құмқұдық, мұз суаттар жатты. Уақытша құдықтарды қыстау, көктеу, жайлау, күздеу сияқты мерзімдік қоныстарда отырғанда пайдаланған. Қазіргі таңда қазақ жерінде құдықтардың бұл түрлерінің барлығы қолданыстан шыққан.

Тереңдігіне қарай: терең, таяз; Терең құдықтардың – шыңырау, тас құдық, әйкел құдық, құрдым құдық; таяз құдықтардың – шеген (тас, тал, дүзген, жыңғыл, сексеуіл т.б.), құйы, еспе, орпа, таңқы, апанқұдық, айбарқұдық, құмқұдық, ілме құдық, ойма құдық.

Ломакин Маңғыстау және Үстірт құдықтарын зерттеу бойынша тереңдігіне қарай келесідей топтастырған: таяз құдықтар – еспе, тереңдігі 2 сажын болатын құдықтар – орпа, тереңдігі 4 сажынға дейінгі құдықтар – құйы, 5 сажыннан асатындары – шыңырау [8, с.8]. Ломакин бұл жерде құйы деп орташа тереңдіктегі құдықтарды айтып тұр. Далалық этнографиялық зерттеу барысында қазіргі таңда Маңғыстау өңірінде 6 м-ге дейін таяз, 6 м-ден асатын құдықтар терең, ал Сыр қазақтары 5 м-ге дейін таяз, 5 м-ден асқанын терең құдық санайтынын анықтадық.

Құрылыс материалына қарай: тас құдық, тал құдық, дүзген құдық, көкбұта құдық, сексеуіл құдық, жыңғыл құдық, қыш құдық, т.б.

Суының дәміне қарай: ақсу, тұщы, алғау, алғаулы, ащы, ащылау, кермек, бал, сүтті құдық. Ақсу – құдық, кәрізден алынатын тұнық, тұщы, дәмді судың көне атауы. Ақсу сөзін Сырдарияның орта ағысы, Түркістан, Оңтүстік Қазақстан өңірінде қолданған [9, с.11]. Кермек дәмі бар құдық суы ішуге жарамды. Алғау – құдықтың ащылау, кермек дәмі бар суы. Алғаулы – кермек дәмі бар су. Халықтың осылай түсіндіруі құдық суының

дәмінің қандай болуы сол өңірдегі өзен, көлдердің суының дәмімен байланысты емес екендігін дәлелдейді. Себебі, Сырдария өзенінің суын өзен жағалауында тұратын халық ауыз су ретінде пайдаланған. Қыс уақытында мұздан суат ойып, ауыз суға су алған. Сүтті құдық – тау, адырлардың етегінен қайнар көздерінен қазылған, суы мол, суының дәмі тұщы құдық.

Суының көлеміне қарай: Құдықтардың суының мол, суының аз өнуіне қарай әртүрлі теңеулер, ақшелек, сүтті, сулы құдық, қаракөз құдық, көзді құдық, ақпа құдық атаулары қолданылады. Қарағанды, Қарқаралы, Жезқазған (Ағад.) жерінде құдық суы мол болса, ол құдықты «ақпа құдық» дейді. Ернеуі кең, суы мол, тайыз құдыққа ақшелек теңеуін Сырдың төменгі ағысы, Маңғыстау мен Батыс Қазақстанда қолданады. Ақ+шелек, ақ суы мол, тез өнетіндігімен байланысты, шелекпен құдықтан суды қолмен және қолшығыр көмегімен алуына байланысты қалыптасқан. Ақшелек құдықтың суы 500 қойдың немесе немесе 2-3 үйір жылқының емін-еркін бір мезгілде су ішуіне жеткен.

Аралдың солтүстігіндегі Сазды, Шижаға, Қаракұм сияқты құмды ауылдарында көзінде суы мол, суы тез өнетін құдықты қаракөз құдық деп атау қалыптасқан.

Қызылорда облысының Қармақшы, Тереңөзек, Жалағаш аймағында құдық суы молдығын «аспа» деген теңеумен де жеткізеді. «Мына құдықтың суы аспа екен». «Ақпа» судың жер асты су көзінен мол ағылып келуімен байланысты болса, ал, «аспа» құдық суының асып тасып жатуымен байланысты. Сүтті, сулы құдық атаулары да құдық суының молдығымен байланысты. Сүтті құдық атауы жоғарыда көрсеткендей судың дәміне байланысты да қолданылады. Күдері су – ағыл-тегіл таусылмайтын мол су.

Суының тартылып, қолданыстан шығуына қарай: құр құдық, құрланған құдық. Құрқұдық – суы тартылып құрғап қалған құдық. Құрғап қалған құдықты көміп тастаған немесе қайта аршыған. Құрлану – құдық суының тартылуы. Тартылу су көзінің аздығы, судың төмендігі немесе су көзінің бітелуінен болады.

Құдықтың барлық түрінің суы мөлдір, тұнық, таза болады. Суының алғау болуы шеген материалымен байланысты емес, жер асты су жолдарындағы судың құрамымен байланысты. Ертеде алғау суды ауыз суға пайдаланар алдында кенеп сүзгіден өткізген.

Құдық қабырғасын өру, қалау, қиюластыру, сұрыптау әдісімен бекітілген құдықтардың жалпы атауы – шеген құдық/шегенді құдық. Құдық қабырғасын шегендеуге жергілікті жердегі материал қолданып, оны игерудің өзіндік әдісі мен халықтық білімі қалыптасты.

Шеген материалына Қызылқұмда – сексеуіл, тораңғыл, Сырдарияның төменгі ағысы бойында – күйдірілген қыш, Арқадан әкелінген емен, Батыс Қазақстанның Нарын құмдарында – тал, шілік, қарағай, Батыс Қазақстанның Жаңақала өңірінде – тас, Арал мен Каспий аңғарында, Түркістанның тасты жерлерінде – тас қолданған.

## 2 ТАЯЗ ЖӘНЕ УАҚЫТША ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚҰДЫҚТАР

Таяз құдықтар.

Суы таяз жерден шығатын, топырағы сусылдық құмды немесе саздақ жерден құдық қазуға 4-5 ер адам бірігіп кіріскен, туған туысқанда бірігіп асарлатқан, еңбек ақысын алмаған. Құдық қаздыртқан адам қойын сойып, ас әзірлеп құдықшыларды күткен.

Таяз құдықтар жыл сайын ескісінің үстінен айта қазылып немесе жаңадан қазылып отырды. Жер құмды болса құдық диаметрін 3 метрге дейін кең етіп қазады. Құдық қазғанда шығарған батпақ құдық айнасында тасталып, құдық басын  $\frac{1}{2}$  - 1 метрге көтеріп тұрды. Құдық басын көтеріп қою малды құдыққа құлап кетуден сақтайды, лас нәрсенің түсіп кетуінен қорғайды. Жел тұрып, құм суыратын жердерде құдық аузын шимен жабады. Кейбір құдықтар ернеуі саз балшықтан өріліп, сыртын сылап қояды, тіпті таспен де көтереді. Таяз құдықтар уақытша қолданысты қамтамасыз еткендіктен, басында тасып алып жүретін ағаш астау қойылды [10, с.62]. Жұмсақ, құмды жерден тереңдігі 4 метр болатын, шегенделмеген таяз құдықтарды 4 сағат ішінде қазып бітіре алған. Таяз құдықтары қауым ортақ пайдалана берген, жеке адамның меншіктің құқығы болмады, ал шыңырауға меншіктің құқық болған [10, с.66]. Таяз құдық қазуға негізінен мия, ши өскен жерді таңдаған (Арал, Маңғыстау

экспедициясы. Таяз құдықтарды көшпелілер жыл сайын тазалап отырған. Кейде таяз құдықтарды пайдаланып болғасын көміп тастап, келесі жылында қайта аршып алған немесе жаңадан қазып алған. А.Э.Эверсман: «Үлкен және Кіші Борсық құмдары, Қаракұм құмдарында жерасты суы таяздан шығады, бұл жерлерде құдықтарды жазықтан, сайлардан қазады», – деген [11, с.255]. Құмды жерде және тау етегінде негізінен құдықтар таяз болған. Маг-Гахан жазбасын оқысақ, таяз құдықтар Тамды аңғарында, Бұқан тау етегінде көп кездескен және де құдықтардың арасы 25-30 шақырымды құрап отырған [12, с.67].

Ембі уезіндегі жайлауға келген маңғыстаулық адайлар мен табындар жайлаулық жерден он шақты тіпті одан да көп құдықтар қазған. Тереңдігі 2-3 сажын, ені 1,5 - 2 сажын болған. Суы тұщы, таяз құдықтардың суын ауыл адамдары ортақ пайдаланған [13, с.105-106].

Таяз құдықтар әдетте жер асты су қоры мол өңірлерде қазылды [14, с. 105]. Көшпелілер жылына жалпы саны мыңдаған орпалар мен таяз құдықтар қазады. Олар уақытша қолданылады, қабырғалары шегенделмегендіктен опырылып қайта қолдануға жарамайды, яғни опырылған қабырға су көзін өздігінен ақ жауып қалады [13, с.106]. Маңғыстауда таяз құдықтар Қаратау мен Ақтау таулы қыраттарының етегінен қазылған. Бұл жерде бұлақ сулары да көп (Маңғыстау, Доңызтау экспедициясы).

Маңғыстаудағы Қаратау бойындағы сай тұйығынан қазылған таяз құдықтар жергілікті жерде «шүңкілдек құдық» деп аталған [15, 92-93 б.].

Маңғыстау, Шевченко өңірінде түбінде су қоры аз таяз құдықтың түрі шылапай құдық деп аталған. Бұл – шыла «дымда, сула» деген етістіктен жасалған сөз. Бетінде шылапай суы ғана бар құдықты қолмен көзеп те жолаушылар су шығарып алатын.

Таяз құдықтан мал суаруға да кемі екі адамның күші керек. Бірі құдықтан су тартса, екіншісі малдың бір-біріне кедергі жасамай суға келуін қадағалайды.

Апан құдық.

Топырағы саздақ, әрі жер асты суы таяздан шығатын жерден, аузын кең етіп қазатын, жары құламалы келетін құдық түрінің атауы. Үстінен екі жерден тақтай қойып, екі тақтайға аяқпен талтайып тұрып су тартқан. Саздақ жер құмды жерге қарағанда қаттылау келетіндіктен тақтайды ұстай алған. Апан атауы да құдық ернеуінің кең етіп қазылуымен байланысты. Қазақ халқы үлкен, кең затты «апандай» деп сипаттаған [26, I том, 233-234 бб.]. Ғабидин Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романында Апан құдықтың сипатын көрсеткен, одан екі қауғамен төрт жігіт су тартатынын жазған [17]. Тері қауғаның сиымдылығы кемі 15 литр су. Сиымдылығы 20-30 литр болатын қауғаны екі жігіт қосақталып тартпаса, бір адамның күші жетпейді. Апан құдықтың аузы жабылып, ернеуі көтерілмегендіктен су тартуға, шығыр орнатпайды, түйе, ат көмегіне жүгінбейді. Апан құдық жайлы тағы бір дерек Сәкен Сейфуллиннің «Жемістер» әңгімесінде кездеседі. Ақын бұл әңгімесінде он үш адамның аттарымен сиып кетіп жасырынып жатқан шұңқырын апан құдықпен теңестіреді [18]. Маңғыстаудың, Ақтөбенің оңтүстігінің саздақ жерінде де ертеде осы құдықтың түрі болған. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Оймауыт ауылынан шығыс пен Арқаның ортасына қарай 150 шақырым болатын Жайынды деген жерде сайлардан қазылған Қасқырапан, Талдыапан деген апан құдықтар орны қазір де бар. Уақытша пайдаланғандықтан қабырғасын шегендемеген (Маңғыстау, Доңызтау экспедициясы).

Қабырғасы шегенделмейтін еспе құдықтар Маңғыстаудың құмында, Ақтөбе облысының Ойыл өңірінде, Қызылорда облысының Арал, Сырдария, Жалағаш бөлігінде, Аралдың теңізінің солтүстік шығысында қолданыста болған. Аралдың Ақеспе ауылының атауы еспе құдықпен байланысты. Маңғыстау мен Арал еспелерінің қазылуымен, қабырғасының көтерілуінде айырмашылық бар. Арал еспелері көктемде Арал теңізінен 500 метр, 1 км қашықтықтағы құмды ауылдарындағы ойпаттан ернеуі кең, үлкен алаң етіп қазылған. Ортасында дм 1 м болатындай ойық қазылады. Қар суынан жиналған су еспе суы қорын құраған. Еспенің ішін тазалап қазып, тұрса суы 1айға жеткен. Суы

сарқылғасын басқа ойпаттан қазған. Бір ауыл бірнеше еспені қатар қазған. Аралдың Аққұмында бірнеше еспе болған. Еспеден ожау, қауғамен суды оңай ала берген. Еспе тереңдігі 1 метр болған. Қазір Арал суының тартылуымен, қардың аз түсуімен еспе суы да тартылып кеткен. Арал еспелері қазір қолданыстан шыққан. Қызылеспе, Ащыеспе, Ақеспе сияқты жер-су атаулары еспе құдықтың түрімен байланысты қалыптасқаны анық. (Арал экспедициясы).

#### Мұз құдық.

Өзен, көл суын ауыз суға және мал суаруға пайдалану үшін қыстың күні мұз 30-60 см қалыңдықта қатқанда мұз құдық немесе суат ойған. Халық арасында мұз ойық деп те аталған. Суат ою Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойында, Аралдың Бөген, Аманөткел ауылдарында ертеде кең қолданылған. Өзен көлдің бетінен жағадан 2-3 метрдей ұзақтықтан балта, сүйменмен тесіп, қауға сиятындай ойық жасаған. Ойық диаметрі 40-50 см. Ойылған суат басына мал су ішуіне арналған науа, астау қойған. Суат басынан су ішуге барған адам мен малдың аяғы таймас үшін, мұз үстіне күл, қамыс, сақ тастап жол салған. Ойық ішіне адам, мал түсіп кетпес үшін ойық айналасына топырақ толтырылған қап тасталған. Ойық суы өздігінен көтеріліп, аузына келіп тұрады. Кейде мал ойыққа айнала тұрып су іше береді. Түнгі суықтан қалыңдығы 3-4 см мұз қатады, таңертең оны қайта ойып алады. Ойық саны мал санына байланысты. Аманөткелде әр үйдің өз ойығы болған. «Ағынды суда арамдық жоқ» деп суаттан алынған су ауыз суды да қамтамасыз еткен. (Арал экспедициясы).

#### Қар құдық.

Табиғи су көздері тапшы, әрі қар қалың жауатын жерде орналасқан қыстауларда қар суын ауыз су мен мал суаруға пайдалану мақсатында жинап қардан жасалған үйіндіден алынған құдық. Яғни, қолдан жасалған таяз, уақытша пайдаланатын құдық түрі. Құдықтың бұл түрі ерте көктемде, көктеуге көшкенге дейін қызмет еткен. Халық арасында қар қойма, қар су, қар үйме, қар суат, қазынды деп те аталған. Қарды жинау үшін ши, қамыс немесе тал-шарбақтан арнайы қоршау жасаған. Жиналған қарды күрекпен бастырып, қабырғадан асқанша тығыздап үйген. Қар биік боп үйілген соң үстін қамыспен жауып, қамыс желмен ұшып немесе сырғып түспес үшін, уық немесе ұзын тал шыбықтармен бастырып, оны шарбақ шыбықтарымен жалғап, байлаған. Қар суы еріп жерге сіңіп кетпес үшін астына кепкен ши, қамыс төсеген. Алыстан қарағанда шошала, тошала түріндегі баспанаға ұқсаған.

Қар суы ерігенде су болып ағатын кішкене жыра жасалып, жырадан аққан су арнайы қазылған шұңқырға жиналған. Шұңқырға жиналған суды таяз құдықтан су алу әдісімен аспалы шығыр орнатқан немесе қолмен қолқауғамен тартып алып ауыз суға пайдаланған. Бұл уақытша қолданылатын құдықтың ролін атқарған. Қазақтардың су сақтаудағы халықтық білімдер жүйесіндегі осы әдісін ресейлік зерттеуші Я.Нестерев бақылап, нәтижесінде 1898 жылы «Как можно добывать воду в безводных степях. Устройство снежников» атты мақала жазып, «Киргизская степная газета» атты басылымда жариялаған [24, с.3]. Қар суын ауыз суға пайдаланар алдында көсеу немесе шымшуырды отқа қатты қыздырып, қар суға батырған. Болмаса кесек немесе қышты отқа қатты қыздырып су ішіне тастап жіберген, сонда су быж етіп қағы бөлініп шыққан. Белгілі геолог, зерттеуші С.С.Неуструев та Сырдария, Бетпақдала өңіріндегі құмды алқаптарды зерттегенде жергілікті қазақтардан қар суын тұндырып, қатты күйдірілген қыш тастау арқылы қақ ауыру әдісін жазып алып 1911 жылы «Почвоведение» журналында жариялаған [25, с.34-35]. Қар суын ауыз суға айналдырудың бұл халықтық тәсілдері қариялар аузында әлі күнге дейін сақталған.

Маңғыстау қазақтары ертеде құмды жерлерде қыста жауған қар бір шұңқырға жентектеп жинап, үстін топырақпен қалың етіп көміп, көктемде тұщы суды содан алған. Жергілікті жерде, яғни Маңғыстау өңірінде қар құдық түріне келетін, қар сақтайтын орынды қазынды деп атаған.

Қар құдық қолданатын өңірлерде оны бір емес бірнеше етіп дайындаған. Қарды мал суару үшін жинаған түрін қолданыстық мақсатына қарай қар суат деген. Мал суару үшін қар үймеге жалғастырып, жоғарыда айтқандай жыра жасап, қоршаудың бір шетін ашып қойған. Қоршаудың ашық шетінен жылу өтіп, қар жәймен еріп, суы жыраға жиналады. Жергілікті жерде жыраны мұз науа, қар науа, жер астау деп те атаған.

Қар суын бұлай жинап пайдалану Ақтөбе және Торғай, Орал өңірлерінің қарлы, өзен, көлден алыс, яғни табиғи су көзі тапшы құрғақ аймақтарында 19 ғасырдың аяғы 20 ғасырдың басына дейін қолданыста болған. Кейін техниканың қолданысқа енуіне байланысты құдықтың бұл түрі қолданыстан шығып қалған [24, с.3].

### 3 ӨСІМДІК ЖӘНЕ ҚЫШ ШЕГЕН

#### 3.1 Өсімдік бұтақтарын құдық қабырғасына тоқу өнеріндегі халық білімі

Қазақ халқы ағаштар бұтақтарын тоқып, өріп, қалап құдық қабырғасын бекіту өнерінің ерекше үлгісін дамытқан. Өсімдікпен шегендеу, тоқу және суды пайдаланудың дәстүрлі мәдениеті қазақ жерінің құмды, шөлді аймақтарында қалыптасқанымен қазіргі таңда техниканың дамуына байланысты сирек кездеседі, кейбір түрі тіпті жойылу қаупінде. Құдық қабырғасын өсімдіктен шегендеу ісі тал, жыңғыл, сексеуіл шыбықтарын өру және тоқымашылық өнердің ерекше бір түрі болып саналады. Ал, ағаш діндерін кесіп, өңдеп, оны құдық қабырғасына қиюластырып салу құрылыс ісіндегі дәстүрлі халық білімі болып саналады.

Құдық шегендеуге суда шірімейтін, судың дәмін бұзбайтын, әрі мал мен адам ағзасына пайдалы өсімдіктер таңдалады. Сондай-ақ құдық шегендеуге таңдалатын өсімдік жергілікті жердегі өсімдік қорымен байланысты. Өсімдікпен шегендеу құдық қабырғасындағы құмның опырылып құлауынан қорғайды, қабырғасын бекітеді, су көзі мен жер асты су жолындағы табиғи сүзгінің ролін атқарады. Табиғи сүзгі топырақты ұстап, таза суды өткізіп қана қоймай, судың мол қорын береді. Қабырғасы өсімдікпен тоқылған құдықтардың ернеуі де сол өсімдікпен көмкеріледі. Құдық ішіне ауа кіріп тұру үшін ағаш кесінділерінен қақпақ жасаған. Құдықты таза ұстау үшін айналасына өсімдік шыбықтарынан қоршау тұрғызу немесе қоршау тоқу да халық білімінің ерекше бір үлгісі.

Тал шеген.

Талмен құдық қабырғасын бекіту дәстүрі қазақ жерінің батысында Бөкей Ордасы, Нарын құмдарында сақталған [27, с.78]. Бұл өңірде талмен шегендеудің төрт түрі қалыптасқан:

тал немесе шілік буманы орай отырып, спираль түрінде өріп шығару;  
тал шыбықтарынан шарбақты құрсаулап жасап, төрт бұрыштап бекіту;  
құдықтың ернеуіне тал бума, түбіне ағаш тақтайдан төртбұрыштап сұрып салынған екі деңгейлі құдық;

қарағай кесінділерімен сұрыптап, төрт бұрыштап немесе бес бұрыштап қалап шығару.

Нарын құмдарында құм сусылдақ болғандықтан, құдық ауқымын, яғни диаметрін кең, шашамен 4 метр етіп қазады. Қабырғасын тар етіп қазса, топырақ сусылдап, қазынды қайта көміліп қалады. Құм қабаты алынған соң, сазды қабат шығады. Құдық ішіне жігіттер кезектесіп түсіп күрекпен құмды сыртқа атқылайды. Құдық сыртындағы жігіттер құдық ернеуін салмақпен жапырып кетпес үшін сол құмды жан-жағына жайып тұрады. Су көзі шығып өне бастаған уақытта шегеннің негізгі қабатын орнатып алып, шеген ішінен үнгіп қазады. Алғашқы таза емес грунт суы «қайыр су» деп аталады. Судың көзі тазарғанға дейінгі сулы топырақ «өлі топырақ» деп аталады. Құдық табанын тазалаған сайын шегенін аяқпен таптап отырғызып, тал шегемен немесе тал қазықпен құрсаулап бекітеді.

Шегендеу үшін талдың шыбықтарын июге, бума жасауға қолайлы болу үшін жас шыбықтап тұрған кезінде шабады. Ал шілік шыбықтары иілгіш, өте жұмсақ келеді, бір жерде шоғырланып өседі. Тал бұрау үшін шыбықты ұзақ кептірмей, жас жұмсақ күйінде дайындайды.



Тал шыбығы болсын, шілік шыбығы болсын тігінен, бір-біріне жалғай ішіне кіріктіріп тастай береді де, диаметрі 15-20 см болғанша толтырады. Бума ұзындығы 30-50 метр, кейді одан да көп болуы мүмкін. Екі үш адам қолымен бір бағытқа қарай ширатып бұрай отырып, шіліктің немесе жас талдың жас шыбығымен әр жерінен буады. Кейінгі кезде дайын жіпті қолданып жүр. Мұны «тал бума» деп атайды. Тал, шіліктің судан дәмі білінбейді. Қазіргі кезде су тереңдеп кеткендіктен, тал бұрау салу көп талды шабуды қажет етеді, әрі тал бұрауды құм қысып, ұзақ жылдарға шыдатпайды. Оның үстіне тал мен шілік ағашы қазіргі таңда қорғалатын өсімдік болғандықтан, жаңадан тал құдық шегендеу қолданыстан шығып келеді.

Тал құдықтардың ернеуі құдық қабырғасымен бірге бұрау салу арқылы өріліп шығарылады. Мысалы, тал шеген бумасын дөңгеленте салып құдық қабырғасынан жоғары қарай жерден 80 см – 1 м биіктікке дейін көтере береді. Құдық ернеуіне айнала жерден ағаш қазықтар қағылып, бетіне ағаш тақтайдан қақпақ орнатылады. Тал ернеу мен ағаш қақпақ құдық ішінде таза ауа айналымын қамтамасыз етеді.

Екі деңгейлі шеген құдық - Нарын құмдарында кездесетін тал құдықтың немесе шегеннің бір түрі. Құдықты қазу әдісі тал құдықпен бірдей. Айырмашылығы құдық қабырғасының шегенінің бірінші бөлігі төрт бұрышты ағаш сұрыптан, ал үстіңгі қабаты дөңгеленте спираль түрінде салынған тал шегеннен тұрады. Құдық түбіне салынатын ағаш сұрыптың биіктігі 1,60 тан 2 метрге дейін жетеді. Ағаш сұрып жергілікті қарағайдан кесіледі.

Нарын құмдарындағы тал құдықтың жергілікті атауының бірі – шетен құдық. Тал құдықтың қабырғасына тал буманы салу әдісі «шетендеу» деп де аталады. «Шетен» атауы тал буманы салғаннан кейін қолданылады.

Шарбақ шеген.

Нарын құмдарының елді мекендерінде ішінара қолданыста болған шегендеу (шетендеу) тәсілінің бірі тал шарбақ салу. Шарбақтарды төрт бұрыш етіп қазған таяз құдыққа салған. Тал шарбақ су өте таяз шығатын, бірақ қатқылдау жерде қолданылған. Құдық қабырғасы ішіне ағаш қазықтарды тігінен қағып бекітеді. Ағаш қазық пен қабырға арасына шарбақ шегенін салады. Ол үшін талдың ірілеу шыбықтарын бір текті етіп кесіп, бір қатарға көлденеңнен бастырып қиюластырып жинайды. Ағаш қазық саны - 8. Қазық құрсау қызметін атқарады. Құрсау берік болу үшін құдық ернеуінен құрсау ішінен көлденең баған орнатылады. Қазіргі кезеңде Нарын құмдарында жер асты су көзінің тереңдеуіне байланысты тал шарбақтан шеген салу қолданыстан шыққан. Тек бұрынғы шарбақ шегендерді ішінара ғана кезіктіруге болады. Сақталған түрлерін құдық шегені жаңартылмағандықтан құм қысып майыстырып жіберген.

Ағаш шеген немесе сұрыпталған құдық - Нарын құмдарында, Қазақстанның солтүстік батыс өңірінде кездесетін құдық түрінің бірі.

Нарын құмдарындағы 19 ортасында Хан Ордасында болған зерттеушілер мен саяхатшылар Орда құрылысымен бірге, құдық құрылысын да сипаттап жазып кеткен. Хан Ордасындағы ғимараттар бір бірімен үйлесімде қалай жасалса, құдық құрылысы да ағаштан, бір үйлесімде жасалған. Хан құдығы Хан Ордасы құрылысының ажырамас бөлігі болған. Жәңгір ханның (1801-1845) билік құрған уақытында уақытында Хан Ордасында болған М.Я. Киттары Хан құдығының суының дәмін қайнар суына теңеген [28, с.16]. Хан құдығының үстіне үлкен шатыр құрылуы, сол кезеңдегі халықтың күрделі құрылыс ісін, әрі гидротехникалық білімді игергенінен мәлімет береді. И.Казанцев Жәңгір ханның басшылығымен қаздыртқан Нарын құмдарындағы құдық суларының таза, мөлдір екенін айта отырып, грунт суының тұщылығын артизиан суына теңеген [29, с.307].

Құдық шегенін сұрыптауға суда шірімейтін ағаш түрлері қарағай, емен ағаштары қолданылады. Сұрып үшін қураған орман ағаштары кесіледі немесе алдын ала кесіліп бірнеше жыл кепкен ағаш қолданылады. Ағаш дініндегі шыбықтары шабылып, қабығынан тазартылады. Ағаш дінінен кесінді құдықтың ішкі сұрыпы өлшемі қандай болса, сол өлшеммен кесіледі. Мысалы 1, 60 см; 1, 80 см; 2 м. Сұрып бір-біріне

кіріктірілетін етіп кесіліп, сүргіленеді. Ауыз су үшін қазылған құдықтың қабырғасы тар, мал мен ауыз суды қоса қамтитын құдық қабырғасынның ауқымы кең етіп қазылады. Сұрып үшін дайындалатын ағаш кесінділерінің де көлемі құдық қабырғасы мен тереңдігінің ауқымына байланысты.

Бөкей Ордасы Нарын құмдарында құдықтар қабырғасын сұрыптауға жергілікті Нарын қарайы кесіледі. Қураған қарағайды уақытында кесу, ормандағы басқа тірі ағаштарды құрт құмырсқа түсуден қорғайды. Қарағай ағашы адам ағзасына пайдалы, қарағайдың пайдалы қасиетін қазақ халқы «балқарағай» деген теңеумен жеткізген.

Сырдың Қараөзек, Жаңадария, Іңкәрдария арнасы аңғарында жер саздақ болып келеді. Бұл өңірде ертеде қабырға ернеуін 2 метрдей етіп қазып, еменмен шегендеген құдықтар кездескен. Ертеде Сырдың халқы еменді солтүстіктен, Арқадан, түйеге артып тасыған. Емен суда ісінбейді, сондықтан шығыр ағашын жасауға да қолданған. Еменді кесіп, жұмыр бұталап, қиюластырып қалап отырып, су көзіне жеткенде су өтетін көз қалдырып отырған. Емен жергілікті материал болмағандықтан қазіргі таңда Сыр өңірінде емен шегені қолданыстан шыққан, әрі байырғы емен шеген құдықтар сақталмаған.

Жыңғыл шеген.

Батыс Қазақстанның Жаңақала өңіріндегі, Атырау облысының Махамбет ауылы өңіріндегі қырлардың топырағы қатқылдау келеді. Бұл өңірдегі далалық қырларда жергілікті материал жыңғылдан болғандықтан, жыңғылмен шегендеудің әдісі қалыптасқан. Жыңғылды көктем айының соңында шауып алған бойда, яғни бұтақтары жұмсақ, жас кезінде шамамен 5 күн ішінде шегендейді. Шеген үшін 80 см-ден 1 м дейін шыбықтар дайындап алады да, қабырғаға бір-біріне қиюластырып, бұрап отырып тоқып бекітеді. Шеген үстін аяқпен таптап, тығыздап отырады. Шыбықтар бір-бірін бұтақтары арқылы ұстап тұрады. Жыңғыл шегендердің қабырғасы шеңбер түрінде қазылған. Шеген қабырға мен құдық қабырғасының арасы 30 см болады. Екі қабырға арасындағы қуысты құдықтың өзінен шыққан топырақпен бірге қамыс және жыңғылдың майда бұтақтарын араластырып толтырады. Тереңдігі 5 - 6 метр болатын құдық шегені үшін 2 жүк телешка жыңғыл шабылады (Батыс Қазақстан экспедициясы).

Дүзген және көкбұта шегендер.

Қызылорда облысы, Арал ауданына қарасты Қарақұм, Тапа, Тоқабай, Шижаға, Сазды ауылдарында, осы ауылдарға қарасты малшылар шаруашылығында қазылатын құдықтар дүзгенмен және көкбұтамен шегенделеді.

Дүзген қалың өссе құмның сусылдап көшуін тоқтатуға да қызмет етеді. Жергілікті тұрғындар дүзгенді мал қора соғуға көп пайдаланады.

Арал өңірінде – дүзгүн, дүзгін, қандым, томар дүзген атауы да қолданылады. Құдық шегеніне дүзген немесе көкбұта салу құдық иесінің таңдауымен байланысты. Құдық шегені үшін дүзгенді де, көкбұтаны да күз айында томарымен бірге қазып алады. Дүзген томарын қоса есептегенде биіктігі 2 метр, ірісі одан да жоғары. Ал, шегенге салатын көкбұтаның биіктігі 50 – 100 см. болатынын таңдайды. Жіңішке қабыршақты төртқырлы жапырақтары болады. Дерек беруші қариялар дүзген мен көкбұтаның емдік қасиетінің көптігін, тек адам үшін ғана емес, мал үшін де пайдалы екенін айтады. Көкбұтаны құдыққа салғанда құдық суына оның қасиеті дариды. Ал, ғылыми мәліметке сүйенсек көкбұтаның құрамында арбутас, арбутин, кверцитин, крахмал, камедь, катехин танин, сапониндер бар.

Дүзген мен көкбұтаның түбіндегі томары жер астынан көрінбейді. Бұрынғы кезде томарымен бірге алу үшін сүйменмен, тесемен, балта, күректен қопарып шығарған. Қазіргі кезде трактор көмегімен қопарады.

Құдықтың құмы ішіне құламас үшін, дүзген мен көкбұтаның шыбығын құдықтың қабырғасына, ал түбін, яғни томарын ішіне қаратып, бірінің үстіне бірін тастай отырып, қалап көтерген. Шегені тығыз отыру үшін, аяқтың күшімен таптап бастырып отырады. Шегенін отырғызумен бірге құдық түбіндегі лай суын, қайыр топырағын шығару жұмысы қатар атқарылған.

Дүзгенмен, көкбұтамен шегенделген құдықтың үстінгі бетін көкқасқа, шағыр, баялыш, қамыс, шеңгелмен көтеру кездеседі. Шеген үстіне өсімдіктердің бұл түрін қолдану арқылы құдық ішіне таза ауа өтуін, әрі шеген арасына үстін жапқан топырақтың сусып түспеуін қамтамасыз еткен. Жергілікті қариялар, құдық шегеніне шағырды салу, құдық суының қасиетін, пайдалылығын арттыра түсетіндігін айтады.

Дүзген, көкбұта бұтақтарын аяқтың күшімен құдықшылар таптап басып, бекіткен. Құдық қабырғасы толық шегенделіп болғанда құдық аузын, қорғанын ағашпен сұрыптаған немесе кесектен өріп шығарған. Дүзген де, көкбұта да суда шірімейді. Дүзген мен көкбұта шегені 80-100 жылға дейін қызмет етеді. Құдық қабырғасының балшығы өніп, дүзген мен көкбұта әбден басылғанда құдықты қайта аршиды. Ескі шегенін алып, орнына жаңа шегенді дәстүрлі әдісімен қайта бастырып салады.

Дүзген мен көкбұта шегенінің табиғи сүзгісінен жиналған құдықтың мол суы 100 жылқыны бір уақытта суара алған.

Сексеуіл шегені. Құдық қабырғасын сексеуілмен шегендеу Қызылорда облысының Қызылқұм құмдарында, Қармақшы ауданының Өзбекстанмен шекара бөлігінде кездеседі. Шегенге салатын ақ сексеуіл құрғақ борпылдақ немесе біршама тапталған құмды жерлерде өседі. Қабықтары ашық, кейде тіпті ақсары түсті, желегі селдір, ашық-жасыл түсті, жіңішке, әрі сулы емес, есесіне қатты өркендері болады. Дәмі ащы-тұзды, күзде ақшыл-сұр, кейде тіпті сап-сары болады. Шеген үшін сексеуілдің жіңішке томарлары тандалып алынып, 70 – 80 см етіп бұтақтарын шабады. Сексеуіл бұтағы жұмырлы болғандықтан 8 қырлы етіп шегендеген түрлері жиі кездеседі. Қызылқұм сияқты құмды алқапта сексеуіл қолда бар материал болғандықтан құдық шегенін қамтамасыз еткен. Ақ сексеуілдің дәмі құдық суының тұщылығына зиян келтірмейді. Қызылқұмның Жизак өңіріндегі қазақтар құдықты ақ сексеуіл шегендеген, тереңдігі 45 м дейін жеткен [20, с.12-15].

Топырақ жұмсақ, борпылдақ болса, құдық диаметрі кең алты қанат үйдің көлеміндей етіп алынады да, құдық іші түбіне қарай тарылады. Құдық қабырғасын сатылы тоқып, сексеуілді ағаш қазықпен отырғызады. Ал, қазіргі таңдағы қолданыстағы сексеуіл шегенін бір біріне сыммен бекіту арқылы ұстатқан.

Салыстырмалы түрде айтсақ, Түрікменстан құмды алқаптарында құдық шегендеуге жыңғыл мен сексеуілді қолданған, ол жерлерде таяз құдықтар 3-5 сажынға дейін, терең құдықтар 9 құлаштан 18 құлашқа жеткен [30, с.211-213].

Тораңғыл шеген. Сырдария өзенінің оң жақ бетінде орналасқан, Қызылқұм құмдарында (Шиелі, Інкәрдария, Қармақшы тұстары) құдықты тораңғылдан шегендеген. Тораңғылмен шегендеу әдісі жыңғыл, сексеуілмен шегендеу әдісіне ұқсас келеді. Тораңғылмен шегендеу үшін бұтақтарын кесіп алып, сүргілеп, төрт бұрыштап, бөренемен сұрыптаған секілді бір-біріне бас жағынан айқастырып, кіріктірген. Қызылқұмда су тереңнен шыққандықтан дерек берушілер тораңғыл құдықтың түбі көрінбейді дейді. Құдық қабырғасын тораңғылмен шегендеу ісі соңғы 40-50 жылдықтарда қолданыстан шыққан.

### 3.2 Қыш шеген немесе қыш құдық.

Қыш құдықтардың орны ерте орталық қалалардан табылғаны тарихтан белгілі. Яғни қыш құдық қалалық өркениеттің бір айғағы десек артық болмас. Құдық қабырғасын өруге дайындалған қыштар суда шірімес үшін арнайы пеште қатты күйдіріледі. Қатты күйдірілген қыш суда ерімейді. Қыш құдықтың барлық түрі цилиндр түрінде қазылып, су көзіне көз қыш арасынан қалдырылып өріп отырған. Құдықтан шығатын адам аяғын қоятын текпішек қойып, яғни бір кірпішті қырынан қойып өрген. Қыш шеген топырағы қатқыл жерден қазылған құдыққа салынады. Қазалы қаласы мен Қызылорда қаласында сақталған ХІХ – ХХ ғасырдың бірінші жартысына саятын кірпіш құдықтар қыш құдықтардың шегендеу технологиясын айғақтауға мүмкіндік береді. Қазалы өңіріндегі сақталған қыш құдықтардың тереңдігі 7-9 метрге, ішкі дм 80 см - 2 м-ге дейін жетеді. Қыш топырақтан жасалғандықтан судың тұщы дәміне еш әсер етпейді. Құдық

қабырғасына қыш шегенді өру тек құдықшылық кәсіппен ғана емес, құрылыс ісі мен сәулеттік өнердің қыр-сырымен тығыз байланысты. Қышты қиюластырып қана емес, бірнеше ғасырға қызмет ететіндей өріп шығару халықтық білімнің нәтижесі.

Республикалық маңызы бар ескерткіштер санатына кіретін 1878 жылы негізі қаланған Қызылорда қаласындағы Айтбай мешітін Айтбай қажының қаржысына Әулиеата шеберлері – Ысқақ пен Камал салған. Мешіт қабырғасы көтерілмей тұрып, алдымен құдығы қазылған. Құдық мешіттен бұрын қазылып, құдық суымен құрылыс тұрғызылған, құрылысшыларды сумен қамтамасыз еткен. 1980 жылы құдықтың жоғарғы қабырғасына, жоғарғы 2 м. деңгейіне қайта жөндеу жасалып, өз кірпіші орнына жаңа кірпіш қаланған. Өзінің күйдірілген қызыл кірпіші төменгі 2,5 м. деңгейінде қалған. Құдықтың жаңадан қаланған жоғары бөлігі өз диаметрінен 15 см-ге диаметрге кішірейген, әрі жаңа кірпіш шегені сирек етіп қаланған. Қайта жөндеу жасалғанға дейін мешітке ғибадатқа келген адамдар құдық суын ішіп, дұға тілеп діни ғұрыптар жасаған. Қазіргі таңда осы қыш құдық сақталғанымен, ішінде суы өніп тұрса да, қолданыстан шыққан, қақпағы жабылып, үстіне кілем төселген. Жергілікті халықтың айтуынша 1878 жылы Қызылордада шіркеу салу үшін де алдымен қышпен шегенделген құдық қазып су шығарып, құдық суымен шіркеу құрылысын тұрғызған. Кейін бұл қыш құдықты көміп тастаған.

Ортағасырлық қыш құдықтарда құдық түбін тазалау үшін түсетін адам аяғын салатын текпішектер болған. Текпішектер көлденең қыш қабаттарының арасынан бір қышты тігінен салып өріп кету арқылы салынған. Әдетте текпішектер диаметрі тар құдықтарға салынған. Текпішекті құдықтар ортағасырлық өркениеті дамыған Орта Азия және Шығыс мемлекеттерінде көп кездескен. «Бабырнама» жылнамасында Кабул қаласында осындай текпішекті құдық құрылымын сипаттай отырып, жергілікті тілде «ваин» деп аталатынын жазған [31, с.297].

Құдықты қышпен шегендеу Бұқара қазақтарының арасында да тараған. Бұқарадағы қандастарымыздың қыш шегенінің дм 1,20-1,5 м болып келеді. Бұқара қазақтарының қыш шегенді қолдануы жергілікті өркениетпен, жергілікті сәулеттік өнерде қыш мәдениетінің дамуымен байланысты.

Сырдария аңғарындағы цилиндр түріндегі қыш құдықтың көне үлгісі Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің құдығы. Құдық кесенеден бұрын екі құдық қазылып, құдық суымен кесенені көтерген, сәулетші құрылысшыларды сумен қамтамасыз еткен. Қазіргі таңда бір құдығы қайта қалпына келтіріп, ол «Құдықхана» деп аталған музей экспозициясын құрайды.

Арыстан Баб кесенесі құдығы қыш шегеннің бір үлгісі. Бұл құдықтың да жасы кесене жасынан үлкен. Алдымен құдығы қазылып, құдық суымен кесене тұрғызылған. Тереңдігі – 14 м, ішінің дм – 1,1-1,2, аузының ішкі дм – 0,67 м, ернеуі дм – 1 м. Суының тұздылығы жоғары.

Дәстүрлі қыш құдықтардың қақпағы ағаштан жасалған. Ағаш құдық ішіндегі таза ауа айналымын қамтамасыз еткен.

#### 4 АРИДТІК АЙМАҚТАҒЫ ТАС ШЕГЕНДЕР

##### 4.1 Аймақтық ерекшелігі

Құдық қазу ісінде күрделі технология, құдық қабырғасын таспен шегендеп, құдық аузы мен ернеуін таспен көтеру, құдық үшін тас қашау болып табылады. Арал-Каспий аңғарында қабырғасы өсімдік түрлерімен орпа, таңқы құдықтардың да бірнеше түрлері дәстүрлі кезеңде қолданыста болған. Арал-Каспий аңғарындағы қазіргі сақталған құдықтар қабырғасын таспен бекіту әдісіне қарай шеген құдық немесе шегенді құдық деп аталады. Ал, шегендеуге қолданған материалына қарай атауы – тас құдық. Үстіртте су тереңнен шығатындықтан шыңырау/шымырау атанған. Көшпеліліктен отырықшылыққа ауысқан кезеңде кейбір тас шегенді құдықтың иелері құдыққа мал, адамның түсіп кетуі қауіпсіздігі үшін көміп кеткен, негізгі дені ашық қалған. Осы аймақта құдық кәсібімен байланысты аймақтық кәсіптік сөздердің қалыптасуы, бұл өңірдегі дәстүрлі гидротехникалық білімнің ерекшелігін нақтылайды. Таспен шегенделген құдықтар

Маңғыстау өңірінен (Үдек, Шат) және Арал ауданының Жаланаһ (Кеңестік дәуірде Бірлестік, одан кейін Жамбыл ауылы болып аталған), Ақбай ауылындағы Ақирек қорымынан, Ақтөбенің Болгарка ауылынан, Доңызтаудан, Үстірттен, Атырау облысы, Құлсары ауданына қарасты Тасастау, Қайнар қоныстарынан зерттелінді.

Тас шегенді құдық иемденудің үш түрі болған: жеке адамға тиесілі; ауыл, қауымға ортақ; әулетке, ағайын туысқа ортақ. Құдық құрылысының күрделілігіне қарай, таяз тас шегендерден суды қолмен тартып алса, терең шегеннен суды ат, түйе көмегімен тартып алған, құдық қауғаларының да өзіндік түрлері қалыптасты. Бұл күні қолданыстан шығып қалған дәстүрлі су ыдысы қауғаларға, шөл далада қалған шыңыраулар мен ізі қалған орпаларға ескерткіштер ретінде қарау ғылым үшін өзекті мәселе болып саналады. Құдықтардың орналасуын анықтау, байырғы көш, керуен жолдарын нақтылауға негіз болады.

Арал-Каспий аңғары құдықтарымен байланысты келесідей аймақтық кәсіптік сөздер қалыптасқан:

Кеуек – 1) Үстірт, Доңызтау, Маңғыстау өңірінде қолданылатын жер асты суының жолдарының атауы; 2) Кеуек – құдық түбіндегі балшықтың құлауынан пайда болатын қуыс.

Күдер су – терең қазылған, суы мол шыңырау құдықтардың балама аты.

Қанды құдық – наным-сенім бойынша түбінде пері, айдаһар мекендеген, құдық тазалау түскен адамды шығармай қоятын немесе қауға салғанда су бермей қоятын шыңырау. Мұндай жағдайда, құрбандық шалып, құран оқытып, құдық суын сарқып, аластап, түрлі ритуалдар жасаған.

Құдықтың ұлтаны – құдықтың табаны.

Тебін – құдықтың түбі.

Қораба – құдық түбіндегі су жиналатын, сиясауыттың түбі сияқты кеңейтіп қазған орын.

Қазандық – құдық түбінің ортасынан ұңғып қазылған, су жиналатын орын.

Әуіт, ауыт – құдықтан тартылған суды мол етіп жинап қоятын сиымдылы мол тастан қаланған астау, су қоймасы ретінде қызмет ететін хауыз тәрізді гидротехникалық құрылыс. Әуіт құдықтың басындағы су қоймасы болып саналады. Ауытқа су жинау тек түйе, ат көмегімен жүзеге асады.

Әйкел/Әйкел құдық – 1. құдық суын таза ұстау үшін, судың бетін жабық ұстау үшін, әрі кенересі берік болып, құламас үшін бетіне қойылатын, ортасы тесік үлкен дөңгелек тас, тас шегеннің ең жоғарғы бөлігі. 2. Тас құдықтың, шыңырау құдықтың Үстірт, Доңызтау, Маңғыстау өңірінде қолданылатын жергілікті атауы. Шыңырау құдықтың аузына жабылған тасқақтақты да «әйкел» деп атау ішінара кездеседі. Әйкелдің ортасы мес қауға сиятындай егіліп ойылған, сондықтан «әйкел құдық» деген де атау қолданылған. Әйкелдің сыртқы бөлігі де, ішкі ойығы да өңделген. *Әйкел* – арабтың ойық, дөңгелек деген сөзі. Маңғыстау, Түркімен қазақтарының тілінде де ортасы ойық, дөңгелек тас мағынасында қолданылады. Өзбек тілінде тастың бұл түрі ойкулча деп аталады [19, с.99-100]. Құдық қазу ісі Маңғыстау, Үстіртте ерте кезден дамыған, ал тас шегендердің әйкел атауын ислам діні енген соң алғаны анық.

Дүңгірлек – Солтүстік және Оңтүстік Үстірттегі шыңыраулардың жергілікті жердегі атауы. Дүңгірлек негізінен Үстірт шыңырауларының түбінде жер асты суының мол қоры жиналу үшін кең етіп қазылған орны. Көлемі диаметрінің ең үлкені алты қанат киіз үйдей болған. Одан кең етіп қазса опырылып құлап кетуі мүмкін. Халық арасында дүңгірлек аталуының себебі, шыңырауды қазып болғасын, су көзіндегі тығынды алып шыққанда су шыңырау түбіне тамшылағанда дүңгірлеп даусы шыққан. Шыңырау қазу өте қиын іс болғандықтан да, судың мол қорын сақтауға болатын мүмкіндігін қарастырған. Әрі табиғи қатты тасты қабат шыңырау түбінен кең орынды ұңғып қазуға мүмкіндік берген.

Қосқұдық. Су көздері бір біріне жақын болса, екі шыңырау жақын жерден қазылып, «қос құдық» атанған. Қосқұдық бір-бірінен алыс болмағасын су тарту ісін жеңілдету үшін екеуінің де басына шығыр орнатылып, екеуіне бір көлік (түйе, жылқы, өгіз) жегілгені. Қосқұдықтан қатар су тарту үшін екі долық байланған қыл арқанның ұштары көліктің беліне бекітіліп, көлікті екі құдық арасына жүргізіп отырған, сонда бір құдықтың түбіне жетіп, су толған долықты тартқанда, екінші долық өз құдығының түбіне түседі де, алма кезек су тартылып тұрады. Ал, құдық басында тұрған адам долықтағы суды астауға төгіп, қайта тастап тұрады [2, с.70]. О.С. Вялов зерттеген қосқұдық бір жерден қазылса да бірінің суы тұщы, бірінің суы кермек болған [32, с.150; 26, с.780]. Қатар қазылған екі шыңырау суреті Карутц жазбасында кездеседі [1, с.88, Табл 13].

Терең шыңырауларға меншіктік құқықтың болуы терең құдық қазудың қиындығы мен құдық ақысының қымбат, әрі жеке адамның немесе рудың тапсырысы бойынша қазылуымен байланысты. Терең құдықтарға меншіктік құқық тек Маңғыстау, Үстіртте ғана емес, құдық терең қазылатын басқа жерлерде кездескен. Бетпақдала аңғарын қоса қамтыған 1911 жылғы статистардың мәліметі бойынша Ақмола уезінде 38165 тіркеуге алынып, оның 36385-і жеке меншіктік иелікте болған [2, с.71; 33].

#### 4.2 Типтері

Құдықтардың тереңдігі жер асты грунт (еспе) суларының жолдарымен, су қабатының деңгейімен, ал құдық ернеуінің кең немесе тар болуы топырақ құрамы, топырақ түрімен (құмды, сазды, тасты, қиыршық тасты т.б.) байланысты. Маңғыстау, Доңызтау, Солтүстік Үстірт үстінде, Арал ауданының тасты аймағындағы құдықтың материалына қарай тек таспен шегенделген түрі кездеседі. Маңғыстау, Арал, Доңызтау мен Солтүстік Үстірт үстінде таяз тас құдықтар, ал Оңтүстік Үстіртте терең тас құдықтар шыңыраулар қазылған. Тас түріне қарай ақ таспен, қара таспен және ұлутаспен шегенделген құдық деп үш топқа жіктеуге болады. Ұлутас жұмсақ болғандықтан, ішкі жақ бетін өңдеген типтері кездеседі. Ал, ақ тас пен қара тас қатты болғандықтан, табиғи шақпақ, өңделмеген түрінде қолданды.

#### 4.3 Құжаттау

Деректер базасына зерттелетін аймақтар бойынша жеке карталар қоса беріледі, яғни гидрология, су қоймалары (өзендер, көлдер, тоғандар, бұлақтар), құдықтар саны, олардың жай-күйі (тұщы, тұзды, қараусыз қалғандары), сонымен қатар, жерасты суларының тереңдігі мен мөлшері және басқа да су құрылғылары көрсетілген.

Құдықтар картаға екі түрлі көріністе (фонда) түсірілген: ХІХ ғасырдың аяғы - ХХ ғасырдың басындағы картада кеңес өкіметіне дейінгі кезеңдегі Қазақстанның мал шаруашылығымен айналысатын халық санағы географиялық және әкімшілік жағдайын көрсететін (дөңгелек кестемен халық саны мен мал басы) және гидрографиялық белгілерді көрсететін заманауи топографиялық картада (жер үсті және жер асты сулары, тереңдігі мен тұздылығы) және өсімдіктері мен дақылдары көрсетілген.

Жоба аясында 2018-2019 жылдары Нарын құмы, Үстірт, Телікөл, Мойынқұм, Шу-Іле, Тауқұм және Сарыесік-Атырау шөлді аймақтарының жеті картасы дайындалды.

Сонымен бірге, 2019 жылдың есебінде біз (Р. Сала, Ж-М, Деом) Нарын құмы, Телікөл, және Сарыесік-Атырау шөлейттерінің алдын ала картасын жасап ұсындық. Ал биылғы жылы, 1911 жылы Румянцев [Қараңыз: монографиялық басылымда] жасаған картаға негізделген Тауқұм шөліндегі құдықтар картасын ұсынамыз.

Бұл карталарда VII ғасырдағы шөлейт жерлерде өмір сүрген тайпалар мен қауымдар туралы яғни олардың сандық мәліметтері: демографиясы, қыстақтары мен жайлаулары, мал басы мен әлеуметтік жағдайлары туралы мәліметтер келтірілген. Бұл деректер ешқашан егжей-тегжейлі зерттелген емес және алғаш рет Тауқұм шөлінің дәстүрлі шопандарына қатысты суды пайдалану мен экономикалық деңгейі зерттеу объектісінің тақырыбы болып отыр.

Әр аймақтық картада құдықтардың түсі әр түрлі болып: тұщы / тұзды / құрғақ / толтырылған (ашық көк, сары, қоңыр), негізгі тарихи құдықтар (қою көк), жаңа құдықтар

(күлгін) көрсетілді. Артезиан құдықтары картада белгіленбеді. Карталарда қоршаған орта, гидрологиясы және аймақтар бойынша құдықтарды салу түрлері туралы ақпараттар қоса беріледі. Сонымен қатар, кеңестік кезеңге дейінгі құдықтардың тізімін, олардың атауларымен қатар, басқа құдықтарға байланысты деректерде бар. Жоба аясында, 3 құжатталған аймақ аяқталғаннан кейін, картаға түсіру процесі нашар құжатталған 3 басқа аймақты да қамтылады.

Осы жоба барысында геоархеология Қаратаудың солтүстігіндегі кәріздерден бастап әлі есептелмеген кәріздері бар 7 ауданға қатысты құжаттар мен ғылыми мақалалар дайындады. Бұндағы бір кешен Созақтың оңтүстік-батысында Сүйіндіксайда, екіншісі Еспе төбелерінің батысында, Қайнардан солтүстікке қарай 6 км. жерде орналасқан. Екі жақта бірнеше ирелең жолдардан, су жырып кеткен бірнеше бұлақтардан тұрады.

Геоархеологияның далалық зерттеу жұмыстары кезінде табиғи қорықтағы терең құдықтар (шыңырау) құжатталды, олар: Қадырберді-1 (3 құдық, 2 ежелгі құдық, 1 кеңестік кездегі цементтелген құдық, барлығы құрғақ); Басқараған-2, 7 ескі (ортағасырлық және этнографиялық) құдықтар Қарағансай өзенінің солтүстік жағында үнгірге жақын, барлығы құрғақ, тереңдігі ~ 10 м); Когусем -3, 3 көне құдық (құрғақ), олардың біреуі 14 м. Тереңдікте, суы таза, жұмыс істейді; Қосащы - 4, 2 құдық, екеуі де қираған, тұзды су; Сақсорқа - 5, 2 құдық, екеуі де қираған, суы тұзды; Айтманашы - 6, 1 құдық, қираған, суы тұзды; Қарашек - 7, 2 құдық, олардың біреуі 11 м. тереңдікте суы аздап тұшы, құдық қолданыста.

#### **Әдебиеттер:**

1 Карутц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. Пер с нем. Е.Петри. - Санкт-Петербург: Издание А.Ф.Девриева, 1911. - 188 с.

2 Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. - Алма-Ата: Наука, 1980. 256 с. + 4 карта.

3 Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов (Основы жизнедеятельностиномадного общества). Издание 2-е, дополненное /Сост. Л.Е.Масанова, И.В.Ерофеева. - Алматы: Print-S, 2011. - 740 с.

4 Бартольд В.В. К истории орошения Туркестана. Сочинения. Т.III / Редкол. Б.Г.Гафурова. - Москва: Наука, 1965. - 711 с.

5 Маргулан А.Х. Древние караванные пути через пустыню Бетпақдала // Вестник Академии Наук КазССР.- Алматы 1949. - С. 68-77.

6 Пальгов Н.Н. Через Прибалхашские пески Сары-ИшикОтрау [Через предбалхашские пески пустыни Сары-Ишик-Отрау]. Известия Географического общества СССР, 64 (6).1932. - С. 480-498.

7 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 4. - Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. - 458 с.

8 Ломакин Н.П. О полуострове Мангышлаке и путях оттуда в разные пункты Закаспийского края. Записки Кавказского отдела ИРГО. Кн. VIII. Тифлис. 1873. С. 1-42

9 Воейков А. Туркестан его воды и орошение. Петроград, Типография т-ва Общественная польза, 1915.

10 Ищенко М.М., Казбеков И.С., Ларин И.В., Щелоков Б.К. Особенности сельского хозяйстваАдаевского уезда. Материалы Комиссии экспедиционных исследований. Вып. 13. Отчет о работах почвенно-Ботанического отряда Казакстанской экспедиции АН СССР. Исследование 1926 года. Вып. VI. - Ленинград, АНСССР 1928. 215 с.

11 Эверсман Э.А. Естественная история Оренбургского края. Выступление в подробную естественную историю Оренбургской губернии, или общий взгляд на край Оренбургский в отношении к произведениям природы. - М., 1841.

12 Маг-Гахан. Военные действия на Оксусе и падение Хивы. - Москва, Университетской типографии Катков и К, 1875. - 304 с.

13 Леваневский М. Очерки Киргизский степей (Эмбинский уезд) // Землеведение. - Москва, 1894. Том 1. Вып IV/ Кн. 2. - С.99-114.

14 Фиельструп Ф.А. Скотоводство и кочевание в части степей Западного Казахстана // В сб: Казаки. Антропологические очерки. Материалы особого комитета по исследованию союзных и автономных республик. Вып II. Под редакцией С.И.Руденко. - Ленинград: АН СССР, 1927. - С. 78-107.

15 Спан Ә. Заңғар: Роман-эссе. - Алматы: Нұрлы Әлем, 2008. 304 б.

16 Ержанова Ұ. Батыс Қазақстан облысының ономастикалық кеңістігі. - Орал, 2018.

17 Мұстафин Ф. Дауылдан кейін. - Алматы, 1962.

18 Сейфуллин С. Әңгімелер мен повестер. - Алматы, 1958.

19 Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. - Алматы: Арыс баспасы. 2005. - 824 б.

20 Пельц В. Очерк Южных Кызыл-кумов. - Самарканд: Типо-литография Т-ва «Б.Газаров и К. Слиянов», 1912. 64 с.

21 Гродеков Н.И. Хивинский поход 1873 года. Действия кавказских отрядов. - Санкт-Петербург: Тип. В. С. Балашова, Издание редакции исторического журнала «Русская старина». 1883. 345+65 с. \ [http://militera.lib.ru/h/grodekov\\_ni/09.html](http://militera.lib.ru/h/grodekov_ni/09.html) (Қаралған күні: 01.04.2019).

22 Бөкейханов Ә. Таңдамалы. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. 477 б.

23 Казаки. Антропологические очерки. Материалы особого комитета по исследованию союзных и автономных Республик. Вып II. Под редакцией С.И.Руденко. - Ленинград: АН СССР, 1927.

24 Нестерев Я. Как можно добывать воду в безводных степях. Устройство снежников. Киргизская степная газета. №45, 10 ноября, 1898.

25 Неуструев С.С. О геологических и почвенных процессах на равнинах низовьев р.Сыр-Дарья. Почвоведение. №2. 1911. С.15-64.

26 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 5-томдық. - Алматы: Алем Даму Интеграция. 2017. 845 б.

27 Якубов Т.Ф. Песчаные пустыни и полупустыни Северного Прикаспия. - Москва, Издательство АН СССР, 1955.

28 Киттары М.Я. Ставка Хана Внутренней Киргизской Орды. – М., 1849. 48 с.

29 Казанцев И. Описание Киргиз-Кайсак. - Санкт Петербург, Типография Товарищества «Общественная польза» по Мойке, №5. 1867.

30 Оразов А. О типах скотоводства в Ахале в конце XIX – начале XX в. /В книге: Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. - Москва: Наука, 1975. С. 207-220.

31 Бабур-наме. Записки Бабура. Перевод М.Салье. 2-ое издание, доработанное. - Ташкент: Главная редакция энциклопедий, 1993. - 463 с.

32 Вялов О.С. Колодцы и источники Устюрта. Известия ГГО. 1934. Т.6. №1. С.146 – 176.

33 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві, 393 қор, 1 тізбе, 100 іс, 98 парак

**14-15 Дәріс. «Дәстүрлі шаруашылық» және дәстүрлі қазақ қоғамындағы тіршілікті қамтамасыз ету жүйесін ғылыми зерттеу әдістері, тәжірибесі.**

**Мақсаты:** докторанттардың материалдық емес мәдениет мұралары нысандарын сақтау және қолдану, оларды музейлендіру ерекшеліктерін, әдістерін, талаптарын оқыту.

**Кілт сөздер:** материалдық емес мәдениет, мәдени мұра, рухани мәдениет, музейфикация, конвенция, тұжырымдама.

**Қысқаша құрылымы:**

1 СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІНІҢ ТӨМЕНГІ АҒЫСЫ АҢҒАРЫНЫҢ ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КЕЛБЕТІ

Біз зерттеу нысанасына XIX ғасырдың екінші жартысы –



XX ғасырдың бас кезіндегі Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойындағы Перовск және Қазалы уезі қазақтарын негізге алып отырмыз. Перовск және Қазалы уезі қазіргі Қызылорда облысының аймағы және «Сыр өңірі» деген шартты атау Сырдың төменгі ағысы бойында орналасқан Қызылорда облысы өңіріне, «Сыр өңірі қазақтары» атауы осы облысты мекендейтін қазақтарға қатысты қолданылады. Сырдарияның төменгі ағысы өңірі Арал теңізінің шығыс, солтүстік-шығыс жағалауымен шектеседі.

Қазақ халқының әртүрлі өңірлерде аймақтық ерекшеліктерге қарай қалыптасқан тарихи мәдениеті, ру-тайпалық құрамы мен дәстүрлі шаруашылықты жүргізу ерекшеліктері, материалдық және рухани мәдениеті аса күрделі ғылыми зерттеулер қатарына жатады. Осыған байланысты қазақ халқының бір аймақтағы сан ғасырлық тарихы, олардың қоныстану тарихы мен олардың этностық құрамы, саны, тұрмысы, дәстүрлі шаруашылығы, қоғамдық қатынастары, материалдық мәдениеті, соның ішінде баспанасы, тұрмыстық бұйымдары, киім-кешектері, тағамдар жүйесі, рухани мәдениеті, яғни отбасылық әдет-ғұрыптары, халықтық білімдер жүйесі, наным-сенімдері, некелесуге, өлікті жөнелтуге қатысты жосын-жоралғылары қамтылады. Осы өңірдің аймақтық ерекшелігін көрсететін байырғы этнографиялық ұғымдар мен категорияларды жинақтап, бір арнаға тоғыстырып жүйелеу, осыған орай жергілікті этнографиялық сөздерді жинау, яғни тіл ерекшеліктері сияқты іргелі тақырыптарды ғылыми тұрғыда зерделеу маңызды шара болып табылады.

Бүгінгі ғылым тарихымызды ұлттық мүдде мен еліміздің ізгілікке, елдікке ұмтылуының үздіксіз процесі, өткені мен бүгінгісінің сабақтасып, астасып халық жадында жаңаруы тұрғысынан қарастыруды талап етеді. Әсіресе жекелеген аймақ қазақтарының этносаяси, этномәдени, этношаруашылық, әлеуметтік-демографиялық тенденцияларны ғылыми біртұтас зерттеу, яғни қазақ жерінің әр аймағында өмір сүрген қазақтардың аймақтық ерекшеліктерін негізге алып, тарихи этнографияны ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық игеруотандық этнология ғылымында басты орынға шығып отыр.

Көшпелі шаруашылықтан жартылай отырықшылыққа ауысу кезеңіндегі ірі бетбұрыстар Қазақстанның әр аймағында қалыптасқан шаруашылық дәстүріне қарай әрқилы өтті. Біздің басты мақсатымыз осы тарихи бетбұрыстың Сыр өңірі қазақтарына әсерінің қаншалықты болғандығын анықтау.

Біз «Сыр өңірі» деп алып отырған аймақтағы «Сыр өңірі қазақтары» XVIII ғасыр жазба деректерінде *аралдықтар*, XIX ғасырдың 1-жартысы мен орта кезіндегі жазба деректерде *түркістандықтар*, *орынборлықтар* деген атаулармен кездеседі. Бұл үш категориялық жіктеудің барлығын да назарға алуға болады әрі былайша географиялық классификациялаудың тарихи негізі де бар. «*Аралдықтар*» атауы Сырдарияның Арал теңізіне құюы, Арал теңізінің Сыр өңіріндегі бірден-бір ірі табиғи су көзі болып, халықтың сол теңіз айналасына шоғырлануымен байланысты. Қазақ даласында жүргізілген Ресей патшасының басқару ережелері Сыр өңірін де қамтып, Сыр қазақтары Орынбор ведомостволығына қарады. Орынбор ведомостволығына қарасты қазақ даласы солтүстігінде Орынбор губерниясымен, батысында Орал казактары әскери жерлерімен және Каспий теңізімен, шығысында Сібір қазақтары облысымен, оңтүстігінде Арал теңізі аймағын алып жатты, Сырдария өзені шекара сызығын қамтып, Түркістан облысымен шектесті.

Біз зерттеп отырған Сыр өңірі Сырдарияның Арал теңізіне құяр тұсы Орынбор даласының орта бөлігін, Сырдарияның төменгі ағысын, Орынбор даласының шығыс бөлігін құрады. Сыр өңірінен өтетін ірі керуен жолдарының Орынборға қарай бағытталуы, Сыр өңірінен басталатын көш жолдарының солтүстік-батысқа қарай бағытталуы да зерттеушілердің Сыр қазақтарын «орынборлықтар» категориясына енгізуіне себеп болған. «*Түркістандықтар*» категориясына енуінің тарихи негізі Сыр өңірінің Түркістанмен шектесіп, қазақ жерінің оңтүстік батысын алып жатқандығымен әрі әкімшілік қайта құрулар кезінде Түркістан облысына, одан кейін Түркістан генерал-губернаторлығына қарауына байланысты туындаған.

Қазақ жерін тарихи-географиялық классификациялаудағы Маңғыстау өңірі, Сыр өңірі, Сарыарқа, Жетісу сияқты аймақтық бөлініс атауларының қалыптасуы тарихи-

топонимикалық тұрғыда сол жердегі жер-су атауларымен байланысты. Біз зерттеп отырған өңірдің Сыр өңірі атауы бұл жердегі басты су көзі Сырдария өзені болғандығымен ғана байланысты емес, себебі «Сыр өңірі» атауы Сырдария өзенінің өне бойына емес, тек төменгі ағысы бойына қолданылуының тамыры тереңде жатыр, оның үстіне XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі орыс жазба деректерінде «присырдаринские» атауының көп қолданылуы оның тарихи атауымен қатар, осы өңірдің әкімшілік басқаруда Сырдария облысына қарауы да негіз болған. 1867 жылы Түркістан өлкесін басқару Ережесіне орай құрылған Перовск және Қазалы уездері Сырдария облысының құрамына еніп, Түркістан өңірінің солтүстік-батысындағы құмды алқапты алып жатты. Перовск және Қазалы уездері Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойында өзеннің екі жақ бетінде орналасты.

Антик авторы Плиней: «Скифтер «Силис» деп атайтын «Яксарт» өзенін Александр мен оның әскері Танаид деп қабылдаған» десе, б.э.д. III ғасырдағы антик авторы Гай Юлий Солин: «Бұл аймақтың (екі өзен аралығы мен Бактрия жері) бір жағы Лаксат өзенімен шектеседі, Лаксат деп бактриялықтар айтады, ал скифтер оны «Силис» деп атайды. Димодамант, жауынгер Селевк және Антиохи (Александр Македонскийдің әскер басшылары) осы өзеннен кесіп өтіп, өздеріне Танаид өзенін ашқан», – дейді. Ежелгі антик авторлары жазбалары «Яксарт» деп Сырдария өзенінің орта ағысы бойының жергілікті тұрғындарының атағанын, ал Арал мен Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы скифтердің бұл өзенді «Силис» деп атағанын нақтылайды. Антик авторлары бойынша «Яксарт» атауы Сырдарияның бір бөлігі, яғни қазіргі Тәжікстанның Худжант қаласы мен Ташкенттің аралығындағы бөлігіне саяды.

Сырдарияның «Яксарт» атауына қатысты этимологиясын анықтаған ғалымның бірі – И.Маркварт. Ол: VIII ғасырдағы ежелгі түркі жазуларындағы «Йенчү – үтүз» – «Гаухар өзен», сол кезеңдегі қытай жазуларындағы «Чжен-чжу-хэ», «Таза гаухарлы өзен» деген атаулар ежелгі иран тілдік материалдардағы «Яксарт» атауының жергілікті аудармасы, қытай транскрибіндегі «Jy-ša», «jok-šat» сөздері «таза гаухар» деген мағына береді, – деп жазады. Ортағасырлық авторлар әл-Масуди (X ғ.) жазбасында Сырдария – Яхшарт, әл-Бируниде (X-XI ғ.) – Хашарт, Бабырнамада – Сейхун атауларымен кездеседі. Дегенмен, ортағасырлық тарихи-географиялық әдебиеттерде Шығыс Аралдың топонимикасына қатысты деректер саны шектеулі, өзен бойындағы ірі қалалар атауы өзеннің белгілі бір бөліктеріне қатысты қолданылған. Мысалы, «Шаш өзені», «Ходжент өзені». Сырдария өзенінің Сейхун атауы да орта ғасырларға саяды. Бабыр жазуларында Сейхун өзені «Ходжент сулары» топтамасына енгізілген. «Тарихи-Вассаф» жазбасына сүйенсек, нақты «Сыр» сөзінің қалыптасуы XIII-XIV ғасырларға саяды, Жошының ұлдары мен немерелерінің Жент маңындағы ордасы «Сыр орда» деп аталған.

И.Г.Маллицкий мен Д.Т.Гаджиевтер «сыр» сөзінің этимологиясын Орта Азия халықтарының говорындағы «сир об» сөзімен байланыстыра отырып, мағынасын «көп су», «мол су» деп түсіндірген. Шетелдік ғалымдар Е.Лейман мен Ф.Росенберг Шығыс Түркістан сақ және соғды құжаттарынан «šigä», «šut» сөздерін тауып, оның «жақсы», «өте жақсы», «көп», «көбірек» деген мағына беретіндігін оқыған. Квинт Курция Руф ортаазиялық сақтардың сиымдылығы үлкен ыдысты «сир» деп атағанын анықтаған [1].

«Сырдария» атауының этимологиясына қатысты зерттеулерді ғылыми ізге түсірудегі белгілі ғалым С.Кляшторный мынадай қорытындыға келген: 1) «Яксарт» атауы алғаш рет б.э.д. IV ғасыр оқиғасын баяндайтын жазба деректерде кездесіп, Сырдария өзенінің жоғарғы және орта ағысы бойына қатысты қолданылған, «Jy-ša – arta» – «таза гаухарлы өзен» этимологиясының жойылуы, жергілікті иран тілінің бірте-бірте түркі тілі говорымен ассимиляциялануымен байланысты; 2) «Сыр» атауы – ежелгі сақ тіліндегі өзеннің төменгі ағысы бойына қатысты атауы. Екі мыңжылдықта бұл атау сақталып қана қойған жоқ, сонымен бірге XV-XVI ғасырларда ортаазиялық екі өзен аралығын Арал өңірі көшпелі өзбек тайпаларының жаулап алуымен өзеннің барлық ағысына таралған. Яғни топонимикалық, ономастикалық жазба деректер «Сыр» атауының осы жерді мекендеген арғы түркілер тіліндегі көне атау екендігін де дәлелдейді [2].

Поляк зерттеушісі Бронислав Залесский Сырдарияны жалғыз ірі өзенге санай отырып, «Көне дәуірлерде дария Яксарт деп аталып, оның саласында Гесперидтердің алтын алма беретін бағы өседі деп саналған», - деген. Осы тұста Б.Залесскийдің *Сырдың жағасын Гесперидтер бағына* теңеуі ерекше көңіл аудартады. Гесперидтер бағы – көне грек аңыздарындағы Атланд қыздары тұратын ғажайып бақ. Оның жеміс ағаштарына алтын алма өсіпті-мыс. Бақты жүз басты аждаһа күзеткен. Гераклдың ерліктерінің бірі – осы бақтан алма ұрлауы. Сондай-ақ Б.Залесский «Сыр бойының Орта Азияның ең ұрымтал ортасында жатуы сауда-саттықты жақсартады», - деп Сырдың керуен жолдарының жалғап жатқандығын айтқан [3].

Арал теңізінің орта ғасырларда Жент теңізі деп аталуы Жент қаласының әкімшілік, саяси-экономикалық және сауда орталығы ретінде өркендеуімен байланысты. Арал теңізі көптеген орыс жылнамаларында Көк теңіз деген атпен белгілі. П.И.Рычков, В.Н.Татищевтар Көк теңіз деп татарлардың атағанын айтады [4-5].

Сырдарияның төменгі ағысының оң жақ бетін Қаракұм, Арыскұм, Дариялықтақыр құмдары, Телікөл, Шөмішкөл сияқты т.б. көптеген майда көлдер, сол жақ алқабын Қызылқұм құмдары мен Әмудария өзенінің оң жақ бетіне дейінгі Мавераннахр алқабы алып жатты. Мавераннахр «екі өзен аралығы» деген сөзді білдіреді. Сырдың құмды алқаптарында, ежелгі қала-қоныстарында сақталған арықтар, каналдар, плотина, су қоймасы сияқты суландыру жүйелерінің іздері құмды алқапты өндірісті оазиске айналдыру мақсатында жүргізілген осы өңірді мекен еткен тайпалардың жүздеген жылдарға созылған маңдай терлерінің нәтижесі. Дала тұрғындарының құрғақ құмды алқаппен күресі Сыр өңірінің тарихының басты ерекшелігі болып табылады. Құмды алқаптардағы арық іздері теңдесі жоқ тарихи ескерткіш болып саналады. Бұл өңірді қолдан суландыру жүйесінің қалыптасуы ерте дәуірлерге саятыны сөзсіз, суландыру жүйесінің іске асуымен адам қоғамында отырықшы өмір, ежелгі мәдениет қалыптасты. Ирригация жүйесі дамыған бұл өлкеге ежелден әлемнің алпауыт жаулаушылары – парсы патшасы Кир, Александр Македонский, Шыңғысхан, Темірлан, Азияның көшпелі тайпалары көз тікті. Түркістан, Сыр өңірінің Қытай, Үндістан, Парсы мемлекеттерінің Еуропаға барар жолында, Еуропа мен Азия қақпасында орналасуы себепті бұл жер – ежелден түрлі халықтар мен халықтар мәдениетінің тоғысқан арнасы, халықтар қақтығысы, көшпелілер мен отырықшылар мәдениетінің қатар дамыған өңірі болды.

Географиялық жағынан ежелгі өркениеттердің ошағы Орта Азия оазисінің орталығында орналасуы ежелгі мәдениеттер мен сауданың дамуына қолайлы жағдай тудырды. Б.э.д. VI ғасырда Түркістан өңірін ежелгі парсылар жаулап, Персия монархиясы бұл өңірден өздеріне Зороастризм ілімін қабылдап, олардың мемлекеттік дініне негіз болды. Б.э.д. IV ғасырда Түркістан өлкесіне Македония патшасы Александр Македонский 3 жылға созылған әскери жорығы болып, ол Сырдария өзені аңғарына жеткен. Сыр өлкесінен македондық жаулаушы Үндістанға аттанған. Б.э.д. II ғасырдан бастап б.э. VII дейінгі аралықта Орталық Азияның көшпелі түркі тайпаларының қоныс қоныс аудару процесі болып, жергілікті арии тайпаларының түркілермен этникалық араласу процесі орнады. Түркі тайпаларының Сыр өңірін қамтыған Қыпшақ мемлекеті, Оғыз мемлекеті қалыптасты. Сырдария бассейнінен Ұлы Жібек сауда жолының өтуі қала экономикасының дамуына айтарлықтай әсер етті.

X ғасырда ислам дінін қабылдаған түркілер араб мәдениетін жергілікті өмірге бейімдеді. XIII ғасырда Шыңғысхан бастаған монғол-татар шапқыншылығынан кейін Сырдың төменгі ағысында гүлденген ежелгі түркілердің көптеген қалалары өмір сүруін тоқтатты, мәдени оазистер көшпелілердің мерзімдік жайылымдарына айналды. Сыр өлкесін қамтыған монғол ордаларының негізгі тұрғындары түркілер болды. Түркі жеріне келген монғолдар ислам дінін қабылдады. Монғол монархиясына енген Түркістан өңірі Батыс Еуропа мен Шығыс Азия арасын жалғап жатқан өңір болды. Сыр өңіріне XIV ғасырда Ақсақ Темірдің ықпалы болды. Сыр өңіріндегі түркілер XV ғасырда «қазақ» халқының этникалық қалыптасуына қатысты, Қазақ хандығының құрамына енді. 1731 жылы Сыр өңірі Кіші жүз

қазақтарымен бірге Ресей патшасының қол астына енді. Қоқан, Хиуа хандықтарының Ресей патшалығымен күресі Сыр өңіріне тікелей әсер етті. 1847 жылы Райым бекінісінің негізі қаланды. 1853 жылы Сыр өңірінде Қоқан хандығының бекінісі Ақмешітті Перовский әскері алып, нәтижесінде Перовск форты, одан кейін №1 форт (Қазалы), №2 форт (Қармақшы), Қуандария бойындағы Қамысқорғаннан №3 форт негіздері қалынып, Сырдария линиясы қалыптасты. 1861 жылы Жанақорған бекінісіне рекогносцировка жасалды. Кенес үкіметі орнағаннан кейін Ақмешіт қаласы Қазақ мемлекетінің астанасы ретінде Қызылорда атауын алды.

Қалыптасу тарихы осындай күрделі, тарих қойнауының бірнеше белестері мен сатысынан өткен өңірдің тарихи этнографиясы да аса күрделі. Яғни Сырдың төменгі ағысы бойы қазақ халқының тарихында маңызды орын алатын аймақ, атап айтқанда бұл өңір ежелгі арийлердің, сақтардың, қаңлылардың, Тұран ойпаты ежелгі түркілердің мемлекеттерінің отаны, Дешті Қыпшақ конфедерациясы, Алтын Орда, Ақ Орда мемлекеттері, одан кейін Қазақ хандығының құрамында болған қазақ жері. Сыр өңірі қазақтарының тарихи-этнографиясы сол өңірді мекен еткен ежелгі тайпалардың археоэтнографиясының заңды жалғасы. Сыр өңірі қазақтары осы жердегі атақазактардың тарихи танымдарын қабылдап, көптеген үрдіс-дәстүрлерін қазіргі заман ұрпақтарына сақтап жеткізген, ата дәстүрді жалғастырып отырған ұрпақ болып табылады.

*Зерттеу жұмысының теориялық негізіне* зерттеу жұмысы бойынша алға қойған міндеттерін дұрыс шешуге бағыт-бағдар беретін ғылыми көзқарастар алынды. Жұмыстың ғылыми аппараты үш бағытта жасақталды, біріншісі тікелей тақырыпқа қатысты, екіншісі тақырыпқа жанама қатыстылары, үшіншісі салыстырмалы түрде қарастырылды әрі бірқатар авторлардың еңбектері сыни көзқарастан өткізілді. Әр тараудың қорытынды бөлімінде өз пікірімізді білдіруге ұмтылды. Тарих ғылымдарының қай саласы болмасын зерттеліп отырған мәселенің географиялық шеңберіне сәйкес, сол және көрші өңірдегі сәйкестік пен сәйкессіздіктерді байқау үшін салыстырмалы көрсеткіштер даярлап, оның нәтижелерін зерттеу жұмысының ішкі мазмұнына ендірудің маңызы зор.

Сыр өңірі қазақтарына қатысты алғашқы зерттеулер мен деректерді жинақтап, оны ғылыми тұрғыда игеріп, зерделегенде, яғни сол кезеңдегі қазақ қоғамының зерттелуіне қазіргі өскелең талаптағы ғылыми тұрғыдан зер салсақ, олардың методологиялық ауқымдарының және осыған байланысты теорияның жетпей жатқандығына көз жеткізу қиын емес. Алғашқы авторлардың еңбектерін пайдаланғанда сол кезеңдегі ғылыми ортаның зерттеу дәстүрін, зерделеу өресін, идеологиясын назарға алып, оған өзіндік көзқараспен пікір беру ескеріліп отырды. Осындай методологиялық ұстаным зерттеліп отырған мәселенің тақырыптық-проблемалық ауқымын анықтауға әрі зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыруға мұрындық болды. Сондай-ақ, көзделген мәселелерді саралағанда жұмыстың хронологиялық шеңберін және географиялық шеңберін үнемі нысанада ұстауға тырыстық.

Тарихи методологияның өзегі іспеттес осындай теориялық және методологиялық негіздер тарихи-нақтылық принципінен ауытқушылыққа жол бермейді. Біз қарастырып отырған тақырыптағы *аймақтық номодология, аймақтық этногеография, аймақтық этностық құрылым, аймақтық этношаруашылық, аймақтық этностық мәдениет, аймақтық этнолингвистика* мәселелерін бір-бірімен сабақтастыра бір тарихи хронологияның шеңберінде қарастыру және оны қорытып тұжырымдау арқылы мәселенің түйінін беру тарихи үдерістегі күрделі методологиялық ұстанымға жатады. Зерттеу жұмысының негізгі мәселелерін қаузағанда зерттеу нысанасындағы Перовск, Қазалы уездерінің көрсеткіштері Сырдария облысының басқа уездерінің көрсеткіштерімен салыстырылып отырылды. Жұмысты орындау барысында хронологиялық-проблемалық, абстрактылық, логикалық сияқты ғылыми танымның әдістері мен тәсілдері қолданылды.

## 2 СЫР ӨНІРЛІК ТАЙПАЛАРДЫҢ ҚОНЫСТАНУ ТАРИХЫ, МИГРАЦИЯЛЫҚ АҒЫМДАР

Қазақ халқының этникалық тарихы мәселелерін зерделеу үшін сол аймаққа

қоныстану тарихын, миграция жолдары мен себептерін анықтаудың маңызы зор. Ежелгі тайпалардың Сырдария аңғарына қоныстануы бірнеше тарихи дәуірлер мен кезеңдерді қамтитын күрделі процесс. Сырдария оазисі мен Арал ареалы байырғы сақ-массагеттердің, сырдариялық түркітілдес қаңлылардың мекені болды. Сырдария аңғарындағы алан-оғыз этномәдени элементер Хорезм және Соғды мемлекеттеріндегі кушандармен, Жетісулық түркі-соғдылармен қарым-қатынаста болды. Иран-түркі тайпалары кезеңі ерте түркі тайпалары кезеңіне, оғыз-қыпшақтық кезеңге ауысты. Сыр өңірлік түркілер қазақ халқы этногенезінің қалыптасуына қатысты. Сыр өңірінде тарихи дәуірлердегі миграциялық ағымдар, яғни Алтай өңірі түркілерінің қоныс аударуы, қазақ жерінде болған шапқыншылықтар әсерінен Орта жүз, Ұлы жүз руларының бірқатар ру-тармақтары Сыр өңіріне шоғырланды.

Біз зерттеу нысанына алып отырған Сырдың төменгі ағысы, Арал теңізінің шығыс жақ бетінде ерте темір дәуірінде сақ массагеттер құрамына кіретін этникалық топтардың мекен еткені, Сыр өңірі сақтардың саяси-әкімшілік орталығы болғандығы белгілі. С.П.Толстов Сырдың төменгі ағысы бойын зерттей отырып бұл өңірдегі сақтарды төрт тайпалық бірлестікке топтастырды. 1. Апасиак сақтар – Жаңадария бассейнін қамтып, олардың археологиялық ескерткіштері Жетіасар мәдениетін құрайды; 2. Тохарлар – Қуандария бассейнін қамтып, ескерткіштері Жетіасар мәдениетін құрады; 3. Аугасилер - Қуандария мен Сырдария өзендерінің төменгі ағыстары аралығын қамтып, олардың ескерткіштері «Батпақты қалалар» немесе «Ғұздар қалалары» деген мәдениетті құрады; 4. Сакаравактар – Іңқардария аңғарындағы Ұйғарақ, Түгіскен қорымдарын қамтиды [6, с.136-204]. С.П.Толстовтың бұл топтастыруы Хорезм экспедициясының материалдары негізінде қарастырылды. Сыр өңірін мекен сақтардың ірі, әрі негізгі ескерткіштері Шірік-Рабат қаласы, Жаңадариядағы жергілікті қоныстар комплексі, суландыру жүйелерімен қоса Бәбіш-мола қалашығы, Іңқардариядағы кішігірім бекіністі Баланды қалашығы және Ұйғарақ, Түгіскен қорымдары болып табылады. Түгіскен қорымдары екі дәуірдің де ескерткіштерін қамтиды, ал Ұйғарақ қорымдары 80 обадан тұрып, олар шығыс, орталық және батыс топтарға шоғырланған.

Хорезм экспедициясы кезінде қазылған 70 обадан табылған ескерткіштер массагет сақтардың этникалық тарихын нақтылауға да айғақ болады. Сақ қоғамының ру-отбасылық, әлеуметтік құрылымы күрделі болған, оны Ұйғарақ қорымындағы обалардың әр түрлілігі дәлелдейді [7, с.128-129]. Арал маңы сақтарының жерлеу комплекстерінен Еуразияның шығыс аудандарына, Сібірге, Алтайға тән ескерткіштер табылған. Б.э.д. VI ғасырдардың екінші жартысынан бастап қолданылған үш қырлы ұңғылы жебе ұштарының табылуы және олардың территориялық жақындығы да Оңтүстік Приуралье савроматтарымен байланыстылығын дәлелдейді. Ұйғарақ қорымдарынан Еуразиядағы аңдық стильдің өте ерте кездегі үлгілерінің табылуы Аралдың шығыс өңірін скифтік-сібірлік аң стилі ареалына әкеліп қосады, Арал маңы сақтары еуропалық және сібірлік аймақтардың мәдени жалғастырушылары болған. Антрополог-ғалымдардың зерттеулерін негізге алатын болсақ, Оңтүстік Түгіскен мен Ұйғарақ қорымдарынан табылған сақ сүйектері Арал маңы сақтарының Қазақстанның басқа аймақтарын мекендеген сақтар сияқты европоидтық нәсілге жататындығын айғақтайды. Дегенменде, Шығыс, Орталық, Солтүстік Қазақстаннан табылған бас сүйектермен қатар Түгіскен мен Ұйғарақ комплекстерінен табылған бас сүйектерден монғолоидтық қоспаның бары көрінген. Зерттелген әйел бас сүйектерінің жартысының көбінен европоидтық тек пен монғолоидтық тектің араласуының нәтижесі байқалған [8, с. 33]. Ғалымдардың пайымдауынша нәсілдік қоспа этникалық топтардың шығыстан батысқа қарай қоныс аударуының нәтижесінде шықпаған, екі нәсілдің жекелеген өкілдерінің некелесуінің нәтижесінде туындаған. Сырдарияның төменгі бойын мекендеген сақтардың көрші тайпалық одақтармен этникалық және мәдени байланыстарының кең өріс алуы, антропологиялық пішіндеріндегі кейбір ерекшеліктері, оларды сақ тайпаларының ерекше тобы деп есептеуге негіз болады.

Кейінгі темір дәуірінде Сырдарияның төменгі ағысы арнасына қаңлы тайпалық бірлестігі қоныстанды. Қаңлылардың Сыр өңіріне қоныстану тарихына қатысты жазба деректердің саны шектеулі болғанымен, алғашқы деректер қатарына Қытай елшісі Чжан Цянның б.э.д. II ғасырдың орта кезінде жазған дерегі жатады. Жазба деректер бойынша ғұндардың Чжисжи-шаньюйі «солтүстіктегі үш елді» бағындырып алғаннан кейін үйсін тайпалары Талас және Сырдарияның аңғарында көшіп жүрген кангюй тайпаларын ығыстыра бастаған. Үйсіндер тарапынан қысым көрген қаңлылар б.э. бас кезінде Чжичжи-шаньюй басқаратын солтүстіктегі ғұндармен одақтасқан. Қаңлы билеушісі мен шаньюй билеушісі арасында бір-біріне қыз беру арқылы некелік туыстық қарым-қатынас орнап, осылайша қатынастарын туыстық арқаумен баянды етті, бұл процесс олардың ассалық ерекшеліктеріне әсер етті. Некелік қарым-қатынастар қаңлылар мен ғұндардың байланысының беріктігіне әсер ете алмады, әскери жағынан күш біріктірудегі келіспеушіліктерден екі жақ айырылысып, шаньюлер Қаңлы билеушілері ордасынан қуылған. Б. э. бас кезінде қаңлылар Арал теңізінен солтүстікте, солтүстік-шығыста жатқан алан тайпаларына өз ықпалын жүргізе бастады. Солтүстік-батыстағы Янчай иеліне ықпал еткен. Қаңлылар Орта Азиядағы мықты мемлекеттердің бірі болып, құрамына Сусе, Фуму, Юени, Ги, Юегань иеліктері қараған [9, II, с.154, 190-192].

В.В.Бартольд қаңлыларды көшпелі тайпа ретінде қарастырып, олардың қоныстанған аймағын орталығында Сырдарияның орта ағысы, оңтүстігінде Ташкент оазисі, шығысында Талас өзені Шу өзені төменгі ағысы аралығы, солтүстігінде Сырдарияның төменгі ағысы деп көрсете отырып, Сусе иелігін - Шахрисяб, Фуму – Кушанидағы Зеравшан, Юени – Ташкент, Ги – Бұхара, Юегань – Хорезмнің солтүстігі, Үргенішпен байланыстырады [10, с.5, 7].

С.П.Толстов қаңлыларға Әмудария мен Сырдария өзендерінің аралығындағы мәдени аймақты қамтыған, Хорезмнің географиялық және саяси орталығы ретінде баға бере отырып, Сусе иелігін Қашқадариядағы Кешпен, Фуму иелігін Зеравшандағы Кушанимен, Юени – Шашпен, Ги – Бұхарамең, Юегань – Хорезммен байланыстырған [11, с.444]. Ал, А.Н.Бернштам: Сусе – Сырдарияның орта ағысы, Арыс өзені, Қаратаудың солтүстік қыраттарымен, Фуму – Жаңақорғанның солтүстік-батысынан Қазалыға дейінгі аймақпен, Юени – Ташкент оазисімен, Ги – Сырдарияның төменгі ағысымен, Юегань – Хорезммен сәйкес келеді, - деп көрсеткен [12, с. 211, 216] А.Н.Бернштам қаңлылардың шығу тегін Сырдариялық сақ-массагеттермен байланыстыра отырып, түркітідес қаңлылардың ирантідес массагет-аландармен әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынаста болып, отырықшы және көшпелі мәдениеттің өзіндік үлгісін қалыптастырды, - дейді [12, с.132]. Қаңлы тайпасының локализациясын жасаған авторлар қатарына С.Г.Кляшторный, Б.А.Литвинский де жатады. Қаңлы тайпалық бірлестігінің қоныстану аймағы жайында қарама-қайшы пікірлер көп болғанымен, олар бір-бірін толықтыра түседі. Сырдарияның төменгі ағысын мекендеген қаңлылардың Жетіасар мәдениеті қаңлылардың Қауыншы, Отырар-Қаратау мәдениетіне жақын болды. Сырдария қаңлыларының ең ірі ескеркеркішін Алтынасар қала жұрты құрайды. Сусе облысының жері Сығанақ қаласы тұрған жермен сәйкес келетіні анық [13, 42 б.).

А.Н.Бернштамның локализациясы бойынша V-VIII ғасырдарда Сырдария аңғарында алан-оғыз, ғұн-эфталиттік кезеңнен ертетүркілік кезеңнің қалыптасу процесі жүрді, ирантүрік тайпаларының кезеңі оғыздық кезеңге ауысты. Оғыздар Қызылқұм құмдары арқылы өтетін Соғды және Хорезммен сауда-саттық транзитін қамтамасыз етсе де саяси тұрғыда тәуелсіз болды, шығысында қараханидтер, батысында селджұқтар күшейген тұста өзінің «сырдариялық» келбетін ұстап қалды [12, с.132]. Оғыз этникалық қауымының қалыптасуы күрделі де ұзақ процесс болды. Оғыздардың құрамына түрік болып кеткен Сырдария аңғары мен Арал-Каспий аңғарындағы ежелгі этникалық компоненттер, Жетісу мен Сібірдің жартылай-көшпелі тайпалары да енген [14-15]. С.Е.Әжіғали оғыздар компонентінің түркітідес халықтардың этникасының қалыптасуында маңызды роль атқарғандығын айта отырып, «оғыздар Арал-Каспий аймағындағы мәдени-идеологиялық

үрдістердегі байырғы тайпалар (массагеттер) мен жаңа тайпалардың (түркілер) арасын байланыстыратын одақ болды», - деп оғыздардың этникалық үрдістегі тарихи ролін көрсетеді [16].

Зерттеуші ғалымдар адай тайпасының шығу тегін ежелгі *дай (дахтар)* тайпасымен байланыстырады, *дайлар* туралы деректер ежелгі грек тіліндегі жазба ескеркіштерде кездеседі, олар біздің эрамызға дейінгі бірнеше ғасыр бұрын Сырдарияның төменгі ағысы мен Каспий аңғарының оңтүстік-шығысында болған. Біздің эрамыздың бас кезінде дайлар Каспий теңізінің солтүстік-батысына кеткен. VII ғасырда Батыс түрік қағанаты құрамына, VIII-IX ғасырларда негізгі бөлігі оғыз тайпасының құрамына енген. Оғыздардың тілінде «адай» сөзі «арал тұрғындары» деген мағына берген. Осыны негізге ала отырып, зерттеуші ғалымдар «адай» деген тайпалық атауды *оғыздар* берген, IX-X ғасырларда басқа түркі тайпаларымен бірге адайлар Маңғыстау түбегіне қарай жылжыған, - деген қортындыға келеді. [8, с.23].

Ә.Қоңыратбаевтың пайымдауынша “Қорқыт ата кітабына” енген көптеген сюжеттер алғаш IX-X ғасырларда Сыр бойында туып, кейін Кавказ жерінде XV ғ. хатқа түскен болып шығады [17]. 1043 жылы оғыз-қыпшақ ұлысында туған ішкі бүліністен соң тайпалар екіге жіктеліп, оғыздардың бір қанаты Кавказ жеріндегі селжүк династиясының құрамына енген еді. Бұл ығысу тарихи деректерде көрсетілгендей, XI ғасырдың орта шенінде басталған. Ә.Қоңыратбаевтың меңзеп отырғаны – осы тарихи оқиғалар. Оғыз мемлекетінің астанасы Жанкент, ірі сауда орталығы Жент қаласының Сырдарияның төменгі ағысының сол жақ бетінде орналасуы оғыздардың саяси-экономикалық орталығы Сыр өңірі екенін дәлелдейді.

Оғыздардың Сыр бойында қалған бөлігі XI ғасырда қыпшақ ұлысына кірігіп кеткен. Махмұд Қашқари қыпшақтардың астанасы болған Сығанақ қаласын Сугнак деп, оны оғыздардың қаласы ретінде көрсеткен [18, 438 б]. Қыпшақ ұлысы Сыр өңірі аймағын қамтыған ірі тайпалық одақтың бірі. Қыпшақ мемлекеті Түрік қағандығы ыдырағаннан кейін Қимақ қағандығының құрамында болып, одан XI ғасырда бөлініп шығып, Қыпшақ хандығы күшейіп, қыпшақтар Орта Азия мен Шығыс Еуропаға тарала бастаған. Шыңғыс империясының батыс бөлігіндегі Жошы Ұлысы-Алтын Орда, Дешті Қыпшақ деп аталып, осыған сәйкес бұл кезеңде Сыр өңірі де Дешті Қыпшақ деп аталған аймаққа енді. Сыр өңіріндегі ортағасырлық қалалар Дешті қыпшақтың сауда-экономикалық орталықтары болған. XI-XII ғасырларда Сығанақ қаласы Қыпшақ мемлекетінің астанасы болып, қыпшақтар Сығанақ өңіріне шоғырланып, қала ірі сауда мәдени орталыққа айналған [12, с.132; 13, 42 б.; ]. Алтын Орда ыдырағаннан кейін қыпшақтар көптеген ұлыстарға бөлініп кеткен XIII-XIV ғасырларда «қыпшақ» ұғымы мен «түркі» ұғымы қатар айтылып, бір-бірін алмастырып отырды. Қыпшақ ұлыстарының бір бөлігі Қазақ хандығының құрамына кірді. В.И.Татищев қыпшақтар мен табындарды белгілі ру ретінде көрсеткен [5, с.232]. Н.Аристов қазақ халқының құрылу кезінде қыпшақтардың көлденең, ұзын, табұға, қарабалық т.б. рулары болған десе [19], ал В.В.Радлов ол кезде қыпшақ бірлестігінде торайғыр, түйкіше, қытайқыпшақ, бұлтың, қарабалық, көлденең, танабұға, ұзын, көкмұрын рулары болған дейді [20, с.24]. Сыр өңіріндегі қыпшақтар жоғарыда көрсетілген ру-тармақтарға бөлінеді, қазіргі таңда Шиелі, Торайғыр өңірінде шоғырланған, бұл қыпшақтардың Сыр өңіріндегі байырғы қоныстарын сақтап қалғандығын көрсетеді.

Сыр өңірін мекен еткен ертетүркі тайпалары қазақ халқын құраған негізгі тайпалар қатарына жатады. Тайпалардың этникалық территориясын, этногеографиясы мәселесін қаузағанда, алдымен сол тайпалардың шаруашылықты жүргізу ерекшеліктерін ескеру қажет екендігі белгілі. Қазақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігі мал шаруашылығымен байланысты өтті. Қазақ халқының үш жүзге бөлінуінің өзі саяси-әкімшілік, экономикалық себептерге байланысты болғандығын ескермеске болмайды, үш жүздік аймақта қазақ тайпаларының қыстаудан көктеуге, одан жайлауға, күздеуге көшуіне орай, әр тайпалық бірлестіктер жайылымдық жерлерді иеленді. Жетісу өңірінде

қыстап, жазда Алатау бөктерінде жайлап, Шу жағалауынан Сырдарияның бас жағына дейінгі аралықта көшіп қонатын тайпалар - Ұлы жүз бірлестігін; Ертіс пен Есіл жағалауындағы далаларда және Зайсан сайларынан Алтай, Тарбағатай тауларына дейінгі көшіп-қонатын тайпалар - Орта жүз бірлестігін; Сырдария жағалауынан Сарысуға, Торғайға, одан әрі Қостанайға, Ырғыздан – Тобылға, Үстірттен Ұя және Обаған өзендерінің бойына, одан әрі Жайық, Елек, Есет, Сақмар, Бұлтырты, Жайық, Ырғыз, Ембі, Тобыл т.б. өзен сулардың бойында, Каспийдің шығыс жағалауларынан бастап, Каспий маңы ойпатының солтүстік бөлігі және Аралдың шығыс, солтүстік, батыс алқабында, Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойында көшіп-қонатын тайпалар - Кіші жүз бірлестігін құрады.

Кіші жүзді алшындар деп те атау қалыптасқан. Халық арасында алшындар туралы екі түрлі пікір бар, бірі – алшындарды байұлы мен әлімұлылар құрайды, екіншісі байұлы, әлімұлы, жетіру, яғни Кіші жүздің жиынтық атауы. М.Тынышпаев «қазіргі кезде барлық қазақ халқының 2/5 бөлігі Кіші жүз тек алшындардан тұрады. Басқа да қазақ рулары сияқты алшындардың да тарихы ғасырлар тереңіне кетеді», - дей отырып, олардың ізіндерін Солтүстік Алтай мен Ресейдің оңтүстік және оңтүстік шығысындағы географиялық атаулар мен тарихи деректерден іздестірген. Жер-су аттарының ру-тайпалардың этнониміне айналғандығы жөнінде тарихи деректер көп, мысалы Жетірудағы телеу этнонимі Алтайдағы Теле көлі, табын этнонимі Алтайдағы Табын Богда оло, Үш табын топонимдерімен байланысты екені анық. Мысалы, М.Тынышпаев әлімдердің қоныстану тарихына қатысты: «Қытай деректері бойынша VII ғасырда Шу өзенінен батысқа қарай Чумынь, Чумугунь ұрпақтары өмір сүрген. 654 жылғы қытайлықтар чумугундерге шабуыл жасап, олардың астанасын қиратты... 742-744 жылдары ұйғырлар мен қарлұқтардың біріккен күштерінен жеңілген чумугундер батысқа қарай қашты. 1073 жылы «Құтты білік» кітабымен дерлік қатар жазылған (1069 ж.) «Диуану лұғат-ат түрік» кітабында Шу бойында шеклі тайпасының бары айтылады. Қаракесек тобының (әлімұлы, шөмекей, кете) ескі ұраны – дөйт; әлімнің бір атасы – шекті. Қашқардың оңтүстік-батысында Алай тауларының шығысында қазір қырғыздың қаракесек және тоит рулары өмір сүреді. Олар бір-бірімен ежелден туыс есептеледі. Яғни, қаракесек пен дөйт рулары Кіші жүзде де, қырғызда да тығыз байланыстағы аталар болып саналады. Бұдан Алтайдан Шу бойында VI ғасырда келген түркілер шүмен немесе шөмекей рулары еді, бәлкім Шу өзені өз атауын осыдан алса керек деп қорытынды жасауға болады. 550-570 жылдары Шу өзенінің жағасында олар Батыс-түрік қағандығының ұйытқысын жасап, 742-744 жылдары ұйғырлар мен қарлұқтар оларды екіге бөліп тастап, үлкен бөлігі батысқа, шағыны тау арқылы Қашқарға кетті. Қазақ тобы шамасы барлық уақытта Сырдарияның төменгі ағысында және Арал теңізінен шығысқа қарай өмір сүрсе керек», - деген тұжырымдамасы әлімұлылардың атақонысының нақты көрсеткіші [21, с.24].

Тарихи деректер Жетірудың Сыр бойына Шығыс Түркістан мен Алтайдан Жетісу арқылы қоныс аударғандығын дәлелдейді. Кердерілер юечжи деп аталған тайпалар одағының құрамында болған деген болжам бойынша б.э.д. II ғасырда Шығыс Түркістанда тұрған. Ғұндардың қысымымен б.э.д. 165 жылы батысқа жылжи отырып, Арал теңізінің оңтүстігі мен Соғды аралығына қоныс теуіп, Кушан патшалығының негізін қалаған. Бұдан кейін кердерілер юечжилерден бөлініп кетіп Ауғанстан мен Үндістанға қоныс аударған бір бөлігі Арал теңізінің оңтүстік-шығысында қалып кеткен. Құрамында кердері руы бар юечжилердің Арал-Каспий далаларына қоныс аударуылары көне түркілердің қазақ даласына ұлы қоныс аударуының бастамасы болды. Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал өңірінде юечжи тайпалар одағынан V-VII ғасырларда бөлініп қалған юечжи-кердерілер Түрік қағанатының, кейін Батыс түрік қағанатының құрамына кірген. 1000 жылы Арал теңізі оның жағасында өмір сүрген кердерілер атымен Кердері теңізі атанған. Ғалымдар кердерілердің Арал теңізі бойына қоныс тепкен уақытын б.э. бас кезіндегі I ғасырда деп көрсетеді [22, 329-331 бб. ]. Олардың қаласы да Кердері деген атпен белгілі. Қазіргі кезде Арал бойында кердерілер аздап кездесіп, саны аз руды құрайды.



Кердерілердің Арал бойынан ығысу кезеңі белгісіз, бірақ бірқатар авторлардың пайымдауына оларды Арал жағалауынан жаманақ-шектілер ығыстырған.

П.И.Рычков Орынбор губерниясындағы Кіші жүз және Орта жүз қазақтарының Торғай, Үлқаяқ, Ырғыз өзендері, Телекөл көлі, Қарашатау етегіндегі Шалқар көл етегінде көшіп-қонып жүретіндегін көрсеткен [4, с.151-152]. П.И.Рычков, Сырдың төменгі ағысы бойы, яғни Арал теңізі маңында тұратын тайпаларды «аралдықтар» [4, с.59], ал, Орынбор, Жайық өлкесінде көшіп-қонатын қырғыз-қайсақтар, - деп атаған. П.И.Рычков: «Орынбор, Жайық өлкесінде көшіп-қонатын қырғыз-қайсақтар өздерін сары-қайсақтар деп атайды, арабша дала-қайсағы, қыр-қайсағы деген мағынаны білдіреді», - десе [4, с.101], Сырдың төменгі ағысы бойы қазақтары жайлы: «Аралдықтар Арал теңізінің шығыс жақ бетінде, теңіз аралдарында өмір сүреді. Хиуа ханының, одан кейін Әбілхайыр ханның, одан кейін Нұралы ханның билігінде болды. Бұл жер руда кеніне бай болғанымен, халық бұл кәсіппен айналыспайды. Жаз бойына көшеді және жер де жыртады, қыста киіз үйде тұрады» - деген түсінік берген [4, с.16].

П.И.Рычков Кіші жүз қазақтарының жазда Бөрлі, Жайық, Елек, Қобда, Ебейті, Ор, Менлібай, Қамысты, Мырзабұлақ, Жарлық, Құмақ, Сандық өзендерінің аңғарында, қыста Қамысты-Ырғыз, Тай-Ырғыз, Ұлы-Ырғыз, Ақсақал көлі, Сырдария өзені, Қаракұм құмдары, Сырдария бойындағы Тырнақ елді мекенінде, Каспий теңізі жағалауы, Жем өзені, Кіші және Үлкен Борсық құмдары, Қаракөл көлі, Ойыл, Қыйлы, Қалдығайты, Бұлдырты, Ұтба өзендері, Арал теңізі жағалауында көшіп қонады, - дей отырып, жазғы қоныстарын 8 аймаққа, қысқы қоныстарын 9 аймаққа бөліп топтастырған. П.И.Рычков Кіші жүз қазақтарын алшын мен жетіруға бөліп, алшын, адай, масқар, тама, табын, кете, кара кете, шөмекей, шекті, жағалбайлы руларын атап көрсеткен [4,с.97-100].

XIX ғ.-да жергілікті жерде қазақтар санының азаюына көтерілістер, жаулап алушылықтар да әсер етті. 1820 жылы Хиуа ханы Махоммед-Рахим 10 мың адамымен Сыр бойында көшіп жүрген қазақ ауылдарына шабуыл жасап, нәтижесінде 350 қазақ қырылып, 1935 адам тұтқынға түскен. Оның үстіне 4173 түйе, 7085 жылқыны, 1138 бас сиырды, 45645 қойды айдап әкеткен [23, с.37]. Ал, 1847 жылы Хиуа бегі Қожа Нияз Райым бекінісі төңірегіне жақын Сырдарияның оң жақ жағалауында отырған 1000 қазақ шаңырағына шабуыл жасап, бірталай қазақты тұтқынға алып кеткен [24, с.19]. Сырдың төменгі ағысы тұсында мекен еткен көптеген қазақтардың Өзбекстан жеріне қоныс аударып, Құрама қазақтарына қосылуы Орта Азия хандықтарының шапқыншылықтарымен тікелей байланысты.

А.Хорошхиннің “Кызыл-кум (историки-этнографический очерк)” атты мақаласында Қызылқұм құмдарында көшіп жүрген Кіші жүз тайпаларының құрамын келесідей нақтылайды: “Қызылқұм құмдарына Алшындар осыдан 40 жыл бұрын келген (1830 жылдарды айтып тұр), елде болған жағдайға байланысты, олар өздерінің бұрынғы қоныстарын тастап, Сырдың сол жақ жағалауына қоныс аударған. Олар Бұқан тауларының етегінен жайылымдық жер тапты. Кіші жүзден Алшын руы, Балхы, Қаратамыр, Келдібай, Аспан тармақтарымен Арыстанды тау, Тамды тау, Ақтау және оңтүстікте Бұхарға дейінгі аймақта; Керейіт, Жаппас, Алтын, Алаша, Таздар рулары Тохта тауының оң жақ сілімдерінде; Тама, Табын, Жағалбайлы, Кердері жоғарыда аталған жерлердің оң жақ беттерінде көшіп-қонып жүр”, - дей келе Орта жүз бен Ұлы жүзден Қызылқұмды қоныс еткен Арғын, Қаңлы, Жалайыр, Қоңырат руларын атайды. А.Хорошхин Қызылқұмға көшпелі тайпалардың ығысуын, 1867 жылғы Әкімшілік Ережемен байланысты екендігін айта отырып, Кіші жүз тайпаларын көшпелі шаруашылықты жүргізуге қолайлы болу үшін Сыр бойынан қоныс аударған дейді. А.Хорошхин Қызылқұм тайпаларының көшпелі болуына байланысты олардың нақты санын анықтау қиын екендігін ескертіп, “шамамен олардың саны 3000 шаңырақ, 15 000 адам”, - деп көрсеткен [25, с.70-71].

Н.Ханыков құрастырған Бұхар хандығының сипаттамасында хандықтың солтүстігінде мекен еткен қазақтар мен қарақалпақтар арасынан да Сырдың төменгі

ағысын мекендейтін Кіші жүз қазақтарының тайпа атауларын кездестіруге болады. Оларды Бұхар хандығы жеріне жеріне әр-түрлі саяси шапқыншылықтар негізінде барған, - деп көрсетеді [26, с.62]. А.Левшин “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” кезеңінде Ұлы жүз бен Орта жүз қазақтарының бір-бөлігі Ходжентке, Орта жүз қазақтарының бір бөлігі Самарқандқа, ал Кіші жүз қазақтарының бір бөлігі Хиуа мен Бұқар хандықтарына қарай бас сауғалады, - дейді [27, с.69-72]. Қалмақ-жоңғар шапқыншылығы әсерінен Кіші жүз қазақтарының бір бөлігі Қаратау сілемдеріне қарай көтерілсе, тағы бір бөлігі Сауран арқылы өтіп, өзбектер арасына барып қоныстанады, сол себепті бұл жол “Сауран айналған” деп аталады. Олар өзбек халқына “кірме” болған түркі тілдес тайпалар “құрама” тайпасын құрап, бұл этноним атымен уезд аталды. “Құрама” термині XV ғасырдан бастап белгілі болып, XVIII ғасырдағы “ақтабан шұбырынды” жылдарынан кейін қалыптасты.

А.И.Левшин әлімұлы тайпасына енетін барлық рулардың негізгі бөлігінің Сырдария, Қуандария, Жаңадария аңғарында, Қарақұмда, Жем өзенінң сағасында, ал қалған бөлігінің Елек, Ор, Жайық өзендері аңғары мен Красногорский бекінісінен Верхне-Озерный бекінісі аралығында қыстап, жазды Темір, Жем, Сағыз, Ойыл, Елек, Хобда, Ор, Ырғыз, өзендері бойында, Мұғалжар таулары мен Қарақұмда өткізетіндіктерін көрсеткен [27, с.292]. Сондай-ақ А.И.Левшин жазбасындағы “1740 жылы Орта жүздің үлкен бөлігі және оның ханы Әбілмәмбет Ор және Хобда өзендері бойында көшіп жүрген; Әбілхайыр хан бұл кезде Сыр немесе Қуандария өзені бойында тұрған, сол себепті 1742 жылы Орынбордағы Неплюевке жазған хатында: “Мен Кіші жүзбен бірге Сырдамын, ал Орта жүз сізге жақын жүр, генерал”, - деген. Енді біз қазір бұған мүлдем қара-қайшылықты көреміз, Орта жүздің бірде-бір руы Орынборда жоқ, ал әрқашан Сыр бойында қыстайтын әлімұлы тайпасының көптеген ауылдары өзара қырқысулар нәтижесінде 1821 жылы қыста Елек өзені бойына келген”, - деген деректің маңызы ерекше (Левшин, 1996: 300). А.И.Левшин әлімұлылардың Елек өзені бойына Сыр бойынан қоныс аударғанын нақтылайды.

В.Н. Татищев: “Кіші жүз Жайықтан Жем өзеніне дейін, Аралға өңірін, Орта жүз Итық тауларынан бастап Сібір, Ертіс, Түркістан өңірін, басты қаласы Түркістан; Ұлы жүз Арал теңізі мен Жоңғария аралығын мекендейді, басты қаласы - Ташкент”, - деп қазақ жүздерінің географиясын жасағанда Сыр өңірін үш жүзге ортақ етіп көрсеткен [5, с.122, 147]. В.Н.Татищевтың бұл жазбасы Сыр өңіріне Орта жүз бен Ұлы жүздің келуі зерттеушіге дейінгі кезеңде, яғни Жоңғар шапқыншылығы кезінде келгенін дәлелдей түседі. Ал, тек Сыр өңіріне қатысты тоқталғанда бұл жердің Кіші жүз қазақтарының қыстаулық мекенін қамтасыз ететіндігін көрсеткен [5,с.154].

Сырдария линиясы командирінің 1858 жылғы 31 мамырдағы жазбасында 10-27 мамыр аралығында Ташкент билеушісінің наразылығы себепті қыпшақ, найман, қоңыраттардың 140 отырықшы шаңырағы Сырдария бойына қоныс аударғандығы айтылса [28, с.439], осы жылғы 10 маусымдағы Сырдария линиясының генерал-майоры Данзастың жазбасы бойынша Түркістан бекінісіндегі қоқандықтар мен қазақтардың қақтығысы әсерінен 470 шаңырақ Сырдарияға қоныс аударған [28, с.442]. Түркістан өңірінен қоныс аударғандардың да негізгі дені Орта жүз рулары екені белгілі. Сыр өңіріне қоныс аударған тама, найман, бактияр, бестамғалы, арғын, қыпшақ рулары Жөлектен Бірқазанға дейінгі жерлердегі егіншілік дамыған ауылдарға қоныстанды. Көпшілігі Перовскіден №2-ші фортқа дейін барса, кейбірі Хан елді мекеніне орналасты. Қоңыраттардың бір бөлігі Сырдарияның сол жақ бетіндегі Құмсуат деген жерге қоныс тепсе, бір бөлігі Жаңақорғанға орналасты. 1858 жылғы 7 қазандағы мәлімет бойынша қазақтардың қоқандықтарға күресі нәтижесінде Қаратау тауы аңғарынан Сарысу өзені бойына қоңырат, бестамғалы, тама, қыпшақ, тарақты, арғын, наймандардың 12000 шаңырағы қоныс аударып, бір бөлігі Қоқан әмірлігі жеріне кері қайтқан, Перовск форты өңіріне қоныс аударғандардан қоңыраттар – 3000, бестамғалылар – 2000, қыпшақ, арғын, найман, тамалар – 2000 шаңырақ болған. Перовск өңіріне келген қоңыраттар мен

бестамғалылардың да бір бөлігі Қоқан әмірлігі жеріне кері қайтқан, олардың реэмиграциясының себебі Сырдария аңғарында жаздық жайылымдық жердің болмауы, Сарысу өзені аңғарына жайлауға көшкілері келмегендігі болды. Бестамғалылар руының билері Бердібек Қарақойлы, Құлшыбай Иран, Байғозы Айтуар, Есболат Понов, қыпшақ руының биі Досбол Құрлыбай, Балаби Есқали өз ауылдарымен Сыр бойында қалып, көшіп-қонды [28, с.448-449]. Орта жүз қазақтарының бір бөлігі Сыр бойына қоныс аударуы ХІХ ғасырда да жалғасқанын.

Сыр бойындағы қазақ халқының құрамындағы *субэтностардың* қоныстануы мәселесіне келейік. Сыр өңірінде қазақтың үш жүздік бірлестігіне кірмейтін рулардан қожа, төре, төлеңгіт, сунақ, сұлтан, ноғайлар тұрады. Осылардың ішінде саны жағынан басымы қожалар, одан кейінгі орынды сунақтар иеленеді. Сыр өңірінде қазақтың үш жүздік бірлестігіне кірмейтін рулардан қожа, төре, төлеңгіт, сунақ, сұлтан, ноғайлар тұрады. Осылардың ішінде саны жағынан басымы қожалар, одан кейінгі орынды сунақтар иеленеді. Қазақ қоғамында «төре» деп Шыңғысханнан тараған ұрпақтар саналған. Сыр өңірінде төрелер «ақсүйектер» ретінде халық арасында ерекше құрметке, әдеттік құқықта артықшылықтарға, әкімшілік жүйеде саяси билікке ие болды.

Орта Азияға келген дін таратушылар Мұхамед пайғамбардан кейінгі халифалар Әбу Бәкір ас Сыдық (632-634), Омар (634-644), Оспан (644- 656), Әли Әбу Талиб (656-661) ұрпақтары болып есептеледі. Олардың Орта Азияға келген ұрпақтары «қожа» атанып кеткен. Қожалар өмір сүрген жеріне қарай шартты түрде «өзбек қожалар», «қазақ қожалар», «түрікмен қожалар», «татар қожалар» т.б. аталған. Қазақ жерінде қожалардың шоғырлана қоныстанған жері - Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары. Қазақ жерінің басқа өңірлеріне қожалар Оңтүстік Қазақстан, Сырдарияның орта және төменгі ағысы бойынан дін уағыздау, сауат ашу, мешіт ұстау мақсатында таралған.

В.В.Радлов бойынша 1861-1862 жылдары Қазалы округінде – 525, Перовск округінде – 700 шаңырақ қожалар өмір сүрген [20, с.113]. Перовск қожалары Сырдарияның орта ағысы тұсында қоныстанған қожалардан бөлек шөміш «р» таңбасын иемденеді. Перовск уезінде қожалардың қоныстануының өзіндік үрдісі болды. Олар Перовск уезіне қарасты Сопы қожа, Дәулет жарма, Хакім мешіт, Хакім Балқожа мешіт, Жақұб ата, Азад Шантай, Қожан қожа, Құмкөл, Шеңгелді үй, Білексай, Жетікөл, Ақкөл, Иіркөл, Бестөбе, Босарық, Жамантам, Төлеген арық, Жомарт, Мұнара, Ақтас мұнара, Бекіштам, Мұсақожа атты қыстауларда отырды [29, с. 50-62]. П.И.Рычков «Қарақалпақтармен бірге Арал өңірінде қожалар жиі қоныстанған», - деп көрсеткен [4, с.17, 125]. П.И.Рычков Арал маңындағы қожалар деп Қазалы уезінде қоныстанған қожаларды айтып тұрғаны белгілі. Қазалы уезіндегі керейіт қожалар Қарахан қожаның бір руы. Ауызша жеткен деректер бойынша ертеде бір қожаның әйелі керейіттің үйіне қонаққа барғанда ұл тауып, атын Керейіт қояды. Содан тараған ұрпақтар керейіт қожа атанып кеткен. Қазалыдағы керейіт қожалардың бір бөлігі кейін көршілес Әмудария бөліміне қоныс аударған. Қожалардың қоныстануына байланысты «қожа» этнонимімен жергілікті жерде жер-су атаулары қалыптасты. Жоғарыда аталған қыстау аттарымен қатар, Сырдарияның оң жақ бетінде Шайырқожа елді мекені болды. Берлікөл көлінен бастау алатын Қожа арық арығы Сырдарияның оң жақ бетінен қазылып Царская болыстығын сумен қамтамасыз етті. Санақ кітаптары мәліметіне қарағанда бұл арықтардың қазылуы ХІХ ғасырға саяды. Сырдарияда Ханқожа плотинасы болған, маңынан Ақарық, Шиелі арықтары аққан. Қараөзектен бастау алатын Қараөзек болыстығын кесіп өтетін Қарақожа арығының ұзындығы 10 шақырым, 400 сажын құраған. Екінші Қожаарық Перовск қаласын кесіп өтіп, ұзындығы 3 шақырым, 300 сажынды құрады. Сырдарияның сол жақ бетіндегі Жөлек болыстығына қарасты Қожабелгі елді мекені Тарша арық, Есенбек арықтары бойында орналасты [29, с. 20-29].

Қазақстанның батыс аймағына, Арал мен Каспий аралығына да қожалар Сырдария өңірі арқылы барған. Темір уезі Қарағанды болыстығындағы Қожасай қыстауы Киліойыл болысындағы Қожабай тоғай қыстауы, Қазбес болысындағы Қожакөл қыстауы осы

аталған болыстықтардағы Кіші жүз көшпелілерінің қыстық қонысы болды. Темір уезіне қарасты Оймауыт Желтау болыстығының бір қыстауы Базар қожа атанған. Базар қожа қыстауы Жем өзені бойында орналасқан. Сондай-ақ Жем өзені бойында «Базар қожа» атанған шабындық бар. Оймауыт Желтау болыстығының көшпелілерінің басым бөлігі Әлімнің Қаракесек руы. Базар қожаның өзі (шын аты Ыбырайым) Сырдың төменгі ағысында қаракесектер арасында отырған. Базар қожа Қазалы уезі территориясын алғаш қоныстанған қожа. Базар қожа көзінің тірі кезінде емшілікпен айнасыпып, талай ауруды емдеп жазған. Осыған қарағанда Базар қожа емшілік мақсатпен Батыста болып, кейін ол тоқтаған жер Базар қожа атанып кетсе керек. Ал, осы батыста Ембі өзені бойында Асан қожа жайлауы бар.

Сунақтардың Сыр өңіріне келуі қожалар тарихымен бір. Жергілікті информанттардың айтуынша алғашында араб миссионерлері қожа сунақ болып бөлінбеген, олардың бір бөлігінің Сунаққорғанда болуына байланысты «сунақ» этнонимі қалыптасқан. Қазақ жерінің оңтүстігіне алған келген араб миссионерлері сол кезеңдегі жаугершіліктерге байланысты Жаңақорған аймағында өздеріне қорғану мақсатымен қорған соққан. Бұл қорған кейінірек Сунаққорған атанып кеткен. Ғылыми әдебиеттер, жергілікті информанттар сунақ этимологиясына қатысты мынадай деректер береді: «Сунақ» сөзі Сунна жолын ұстаушы алғаш келген араб миссионерлерінің ислам дінін тарату кезіндегі ұран сөзінен шыққан; араб миссионерлері алғаш бір ұранмен келіп, бәрі бір ұрпақ болып саналған, қожа және сунақ болып бөлінбеген. Бөлінгеннен кейін де бір ұранды «Қожа Ахмет Ясауи» ұранын қолданады. Ислам дінінің халық арасына кеңінен кіруіне байланысты Сунаққорғанның айналасына отырықшылар көбейе бастаған [30, 122-128 бб.].

Төлеңгіттердің Сыр бойында қоныстануы жайында бір мәліметті Семей уезінде жүргізілген Ф.Щербина экспедициясының кітабының «Примечание к пообщинным таблицам» атты бөлімінен таптық. Онда: «Осы жерге (Семей уезі, Шаған болысын айтып отыр) 1813 жылы Абылай ханның немересі сұлтан Шалғымбай Бралин бауыры Жаманке төлеңгіттерімен бірге келіп қоныстанған. Шалғымбай Бралин өлгеннен соң 60 шаңырақ төлеңгіт Сырдария облысының Перовск уезіне табындар арасына көшіп кетті», - делінген [31, с.39]. Бұл мәлімет Сыр өңіріндегі төлеңгіттердің бір бөлігінің қазақ жерінің шығысынан қоныс аударғанын дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, осы өңірде қола дәуірінде арилер, темір дәуірінде сақ-массагеттер, қаңлылар, ертеорта ғасырларда ертетүркі тайпалары мекендеген. Сыр өңірін мекендеген прототүріктер түрлі саяси қақтығыстар, шапқыншылықтар, көрші елдермен саяси-экономикалық байланыстар әсерінен этностену, метисация, ассимиляция процестерінен өткен. V-VII ғасырларда Алтай өңірінен түркілер Жетісу арқылы қазақ жерінің батысына қоныс аударып тайпалардың бір бөлігі Сыр бойында қалып кеткен, бір бөлігі одан әрі батысқа жылжыған. XIII-X ғасырларда ислам дінін тарату мақсатында араб миссионерлері келіп, нәтижесінде қожалар мен сунақтар Сыр өңіріне шоғырланды. XIII ғасырда монғол шапқыншылығынан кейін ассимиляция процесі қарқынды жүрді, Шыңғыс ханның ұрпақтары қазақ төрелерді құрап, жергілікті билік солардың қолында болды. Сыр өңірлік тайпалар XIV-XV ғасырларда қазақ халқының қалыптасуына қатысқан. Сыр өңірлік ірі тайпалар XV-XVIII ғасырларда Дешті Қыпшақ пен Орта Азиядағы саяси, этникалық оқиғаларға белсене қатынасып, жазба дерек мәліметтерінде жиі кездесіп отырады.

Сыр өңірлік тайпалар тек қазақ халқының ғана емес, басқа да түркі тілдес халықтардың этногенезінде ерекше орын алады. Мысалы, оғыздар түріктердің қалыптасуына қатысса, башқұрт халқының ауызша және жазбаша деректерінде табындар туралы көп айтылады.

XVII-XVIII ғасырлардағы қалмақ-жоңғар шапқыншылығы Сыр өңіріндегі миграциялық ағымдарды қарқындатты, нәтижесінде «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» ұшырап, ата мекенінен үдере көшіп, мәжбүрліктен көрші елдерге қоныс аударды. Жалайыр, дулат, ошақты, қоңырат, найман, арғын, тарақтылардың бір бөлігі

Сырдария бойына қарай ағылып, жергілікті ру-тайпалардың қатарын толықтырса, осы жердегі Кіші жүз тайпаларының бір бөлігі Жайық бойына қарай көшіп, ішкі миграциялық ағымдар қарқынды жүрді. Ал, миграциялық ағымның теріс сальдосы Сыр өңіріне жүргізілген Қоқан, Хиуа хандығының әмірі кезінде жүзеге асты. Өзбек жерінде «құрама» халқын құраған қазақтар қатары Сыр өңірлік тайпалармен толықса, Ташкент әміршісінің қысымы қоныраттардың бір бөлігін Сыр өңіріне алып келді.

Қазақ халқының ежелгі замандардан бері келе жатқан көшпелі, жартылай көшпелі тұрмыс-тіршілігі қазақ жерінде маусымдық көші-қонның, яғни мерзімдік миграцияның дамығандығын көрсетеді. Байұлының бірқатар рулары қыста Сырға келіп қалып кетсе, Сыр өңірлік әлімдер, жетірулар жазда солтүстік-батысқа жайлауға барып қалып кетіп отырды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жиі орын алған жұт та ішкі миграцияның туындауына әсер етті.

Жоғарыда келтірілген деректерден шығаратын қорытындымыз, біз зерттеп отырған Сырдария аңғарында ру-тайпалар топталып орналасқан. Егер қазіргі кездегі әкімшілік бөлінісіне қарай айтатын болсақ Жаңақорғанда – қоңырат, сунақ, қожалар; Шиеліде – қыпшақ, арғын, наймандар; Сұлутөбеде – қыпшақтар, Тасбөгет, Сырдарияда – шөмекей, қожа; Қызылордада – жаппас, есентемір; Тереңөзекте – табын, ошақты; Шағанда – шеркеш; Жаланашта – табын, тама, керейт, шөмекей; Қармақшыда – шөмекей, кете, телеу, алтын; Қазалыда – шөмекей, шекті, қожа, төртқара, қарасақал, таз; Аралда – төртқара, қарасақал, шектілер шоғырланған. Саны аз рулардан жағалбайлылар – Шиеліде, рамадандар – Қармақшыда, сұлтан, төрелер – Қызылорда, Қармақшы, Қазалыда кездеседі. Сыр өңірі қазақтарының ру-тайпалық құрылымның негізгі денін Кіші жүз рулары құрайды, Ұлы жүз, Орта жүз, жүзге кірмейтін рулардың да тоғысқан жері. XIX ғасыр – XX ғасырдың бас кезіндегі деректерде көрсетілген ру-тайпалардың қоныстануы мен қазіргі кездегі қоныстануында айырмашылық жоқ деуге болады. Яғни Сыр қазақтары әлі күнге дейін атақоныстарын сақтап қалған.

Қорыта айтқанда Сыр өңірі қазақтарының этникалық тарихы аса күрделі процесс, әрі этникалық құрамының қалыптасуы бірнеше тарихи сатылардан өткен. Жоғарыда келтірілген материалдар Сыр өңірінің миграциялық орталық болғандығын нақтылайды.

### **Әдебиеттер:**

- 1 Маллицкий Н. Аральская экспедиция // ТВ. 1900. – №56, 83-84; 1901, №99.
- 2 Кляшторный С.Г. Яксарт-Сыр-Дарья // СЭ. 1953. №3. – С.189-190.
- 3 Залесский Б. Қазақ сахарасына саяхат. – Алматы: «Өнер» баспасы, 1991. – 132 б.
- 4 Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. 2-ое изд. – Оренбург: Типография В.Бреслина, 1887. – 405 с.
- 5 Татищев В.Н. Избранные труды по географии России. – М.: Гос. издательство географической литературы, 1950. – 248 с.
- 6 Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – М. Восточной литературы, 1962. – 322 с.
- 7 Вишневская О.А. Культура сакских племен низовьев Сырдарьи в VII-V вв. до н.э. по материалам Уйгарака. - М.: Наука, 1973. – 160 с.
- 8 Исмагулов О. Населения Казахстана от бронзы до современности – Алма-Ата: Наука, 1970. - 239 с.
- 9 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Алматы: Жалын, 1998-1999. Т.1. – LLXII + 390 с.; Т.2. 352 с.; Т.3. 352 с.
- 10 Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. - Сочинения. Общие работы по истории Средней Азии. / Редкол. Б.Г.Гафурова. - М.: Издательство восточной литературы, Т. II. Ч.1. 1963. – 1020 с.
- 11 Толстов С.П. По следам древнехорезмской цивилизации. - М.: 1948.
- 12 Бернштам А.Н. Археологические работы в Южном Казахстане // Краткое сообщение института истории материальной культуры им. Н.Я.Марра АН СССР. Вып

XXVI. 1949, - С. 131-133.

13 Жолдасбаев С. Сығанақтың сырын ашалық // Алаш: тарихи-этнологиялық журналы. №3 (6) 2006, - 40-49 бб.

14 Левина Л.М. Керамика нижней и средней Сырдарьи в I тысячелетии н.э. – М.: Наука, 1971. – 251 с.

15 Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. – Ашхабад: Ылым, 1969. – 295 с.

16 Ажигали С.Е. Очерк этнической истории аридной зоны Арало-Каспия (в свете проблем этногенеза // История и культура Арало-Каспия. Сборник статей. Вып.1. – Алматы: Құс жолы, 2001. – С.7-37. (228 с.)

17 Қоңыратбаев Ә. Оғыз-қыпшақ ұлысы және шамандық культі. // Қазақ эпосы және туркология. – Алматы. 1987. – Б. 115-121.

18 Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк. Перевод и предисловие З.А.М.Ауезовой. Индексы Р.Эрмерса. – Алматы: Дайк-пресс, 2005. – 1288 + 2 с. вкл.

19 Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. (Отд оттиск из “Живой старины” 1896. Вып III.IV.) - СПб.: Типография С.Н.Худекова, 1897. – 182 с.

20 Радлов В. Этнографический обзор тюркских племен Южной Сибири и Джунгарии. – Томск: 1887. -26 с.

21 Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. – Ташкент: Восточное отделение киргизского государственного издательства, 1925. - 63 с.+ - С. 64 – 75 вкл. приложения.

22 Кердері. 3 том. – Алматы, «Алаш» тарихи-зерттеулер орталығы. 2006. – 464 б.

23 Мейер Л. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Ч.1. Киргизская степь. Оренбургского ведомства.– СПб.: 1865. – 288 с.+ 12 л карта + табл.

24 Макшеев А.И. Путешествие по киргизским степям и Туркестанскому краю – СПб., 1896 – 257 с

25 Хорошкин А. Кызыл-кум (историко-этнографический очерк) // ТВ. 1873. №18. – С.70-71.

26 Ханыков Н. Описание Бухарского ханства. - СПб.: В типографии Импер.АН., 1843.- 279 с. + 3 вкл.карта.

27 Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Қайта басылымы: - Алматы:Санат, 1996. – 656 с.

28 Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). Сборник документов и материалов. - Алма-Ата: Издательство Наука, 1964. - 572 с.

29 Материалы по киргизскому землепользованию. Сыр-Дарьинская область. Перовский уезд. Главное управление землеустройства и земледелия Переселенческого управления. – Ташкент: Типо-литография В.М.Ильина, 1912. -190 с + приложения 32 с+ табл 127 с + 45 с + карта 3 лист. (394 с). (Далее МКЗ)

30 Ержанов Ж.Е. Сунақтар және Сунақ қаласы. – Алматы: Ғылым, 1996. – 206 б.

31 МКЗ, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинский область, Семипалатинский уезд. Т.Х. – СПб. 1909. 707 с.